

Әпенәв С. М.

**ҚЫЛМЫСҚА
ҚАТЫСУШЫЛЫҚ**

теория және практика мәселелері

**Алматы
2006**

ББК 67.408
Ә 67

*Қазақ гуманитарлық Заң Университетінің
Алматы заң Академиясының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

*заң ғылымдарының докторы, профессор – Нұртаев Р. Т.
заң ғылымдарының докторы, профессор – Жекебаев Ү. С.*

Ә 67 Әпенев С.М.

Қылмысқа қатысушылық. Теория және практика мәселелері.
Алматы: – «Нұр-пресс», 2006. – 173 бет.

ISBN 9965-620-98-9

Бұл кітапта қылмысқа қатысушылықтың түсінігіне, формаларына, қылмысқа қатысушылардың жауаптылығына қатысты мәселелерге қылмыстық-құқықтық зерттеу жасалған және практикалық қызметті жетілдірудің амалдары қарастырылған.

Жұмыс жоғарғы заң оқу орындарындағы қылмыстық құқық пәні, ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес мәселелері атты арнайы курстары бойынша студенттер мен аспиранттарға, оқытушыларға, сонымен қатар сот-тергеу органдарының қызметкерлеріне пайдалылық танытады.

ББК 67.408

Ә 1203021100
00(05)-06

ISBN 9965-620-98-9

© Әпенев С.М., 2006.

© Нұр-пресс, 2006.

КІРІСПЕ

Елімізде жүргізіліп жатқан реформаны іске асыру және барлық заңды мүдделері қорғау үшін қылмыстылықпен күрес шараларын күшейтуді қажет етеді.

1995-ші жылы 30 сәуірде бүкілхалықтық референдуммен қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы 1-ші бабында “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары” дей отырып қоғамға, адамзатқа қарсы іс-әрекеттерді жасауға тікелей тыйым салады [1. 1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту мәселесі жөніндегі мәжілісте қылмыстылықпен күресудің және құқық тәртібін нығайтудың ауқымды, әрі тиімді бағдарламасын ұсынды. Сонымен қатар Президент өзінің мазмұнды баяндамасында “еліміз әлеуметтік қайта құру және демократиялық мемлекетті құру жолында ең күрделі түрде қарқынды дамыған қылмыстылықпен қақтығысудың шегіне жетті. Бұл шын мәнінде реформа саясатына, қоғамның тұрақтығына, азаматтардың өмірі мен игіліктеріне қауіп тудырады”,-деді [2. 3].

Бұл бір жағынан заңды құбылыс ретінде бағаланды. Себебі қоғамның даму бағытын өзгертуі, ол елде алғашқы уақыттарда экономикалық-саяси дағдарыстың орын алуына соқтыра алды. Бұл мәселе туралы профессор Ү.С.Жекебаев “жаңа, әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайға бейімделудің күрделілігі, барлық күшіндегі заңдардың өзгертілуін талап етті. Бірақ 1994 жылғы сот-құқық реформасы айтарлықтай нәтиже бере алмады, оның объективтік және субъективтік себептері де болды”- деді [3. 9].

Профессор Е.І. Қайыржанов “Социалистік қағидадан аяқ астынан бас тарту және елде нарықтық экономиканы жариялау сөзсіз, қалыптасып қалған құқықтық жүйені түпкілікті реформалауды талап етеді” деген болатын [4. 42-45]. Соның бір көрінісі ретінде қылмыстық заңда 1997 жылдан бастап үнемі қазіргі әлеуметтік-қоғамдық, экономикалық жағдайларға сәйкестікке келтірілуде.

Ж.А. Тұяқбаев “нарықтық қатынастардың басталуы қоғамның келбетін, азаматтардың психологиясын түпкілікті өзгертіп жіберді. Бұл қатынастарды реттейтін заң толық жасалмай, ол заңдар күш алмай ұйымдасқан қылмыстылықпен жемқорлықты басу туралы айтып та керегі жоқ”,- деді [5. 4].

Елімізде қылмыстылықпен күресуді күшейту, оның бағдарлама-сын жасау, құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Республика Президентінің бірнеше Жарлықтары мен Қаулылары шықты. Мемлекет басшысының осындай Жарлықтары мен қаулыларының ішінен атап айтар болсақ: “Коррупциямен және ұйымдасқан түрдегі қылмыстылықпен күресуді күшейтудің шаралары жөніндегі” 1992 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы, “Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі Кеңес құру туралы” 1994 жылғы 11 ақпандағы Президенттің Жарлығы, “Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы” 1994 ж. 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Президентінің Қаулысы, “Заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы” 1994 ж. 9 маусымындағы Қазақстан Республикасының Президентінің Қаулысы, “Сыбайлас жемқорлықпен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі Республикалық комиссия құру туралы” 1994 ж. 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы, “Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы” 1995 ж. 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының Президентінің Қаулысы, сонымен қатар “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 1995 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы бойынша қылмысқа қатысушылық нысандары анықталып және алғашқы рет арнайы жеке бапта көрсетілді [6. 1.]. Сондай-ақ көрнекті ғалымдар мен құқық қорғау органдарының жетекшілері ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу туралы арнайы заң қабылдау туралы ұсыныстар да білдіруде [7.49 .]. Бұған заңды негіз туындады. Себебі елдің нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты ұйымдасқан қылмыстылықтың әртүрлі көріністері пайда болып, қарқын ала бастады. Н.М. Әбдіров осы мәселе туралы “соңғы кезде ұйымдасқан және маманданған қылмыстылықтың нашақорлық және наркобизнес саласында өзінің бақылау жүргізуге тырысуы күшейгенін байқауға болады” деген болатын [8. 19 .].

1997 ж. 5-қарашадағы ҚР Президентінің “Ұлттық қауіпсіздікті күшейту, ұйымдасқан қылмыстылықпен және нашакорлықпен күресті әрі қарай күшейту шаралары туралы” Жарлығында бұл қауіпті құбылыспен күресті қарқындатудың алғашқы кезектегі шаралары анықталған [9.].

Қылмысты бірлесіп жасаушылық немесе қылмысқа қатысушылық қоғамдық өмірде ғана күрделі мәселе болып саналмай, сонымен бірге бұл мәселе теория жүзінде күрделі, толық шешілмеген мәселе ретінде 1940 жылдардан бері даулы болып келе жатыр. Сондықтан қылмысқа қатысушылықтың теориялық мәселелеріне осы күнге дейін көптеген ғалымдардың арнайы монографиялық еңбектерінде зерттеу жасалынды.

Әйтсе де осы мәселені зерттеген ғалымдар бір тектес шешімдерден гөрі, әр түрлі немесе кейде бір-біріне қарама-қарсы пікірлерді көптеп келтіреді. Қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеушілер қанша ой, тіл шешендіктерімен қарастырса да қылмысқа қатысушылықтың түсінігі, қоғамға қауіптілік дәрежесі, формалары, түрлері, қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы тәрізді мәселелері әлі де даулы болып қалып бара жатыр. Қылмыстық құқық теориясында қалыптасқан даулылықты қарастыру және оларға шешім табу үшін осы жұмыстың келесі беттерінде қылмысқа қатысушылықтың даулы деп танылатын мәселелеріне зерттеу жасалады.

1 тарау

ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ

1.1 Қылмысқа қатысушылықтың түсінігі

Соңғы жылдары елімізде қылмыстылықтың, оның ішінде ұйымдасқан түрде жасалатын қылмыстардың өсуі байқалады. Сот практикасы материалдарына сүйенсек, қазіргі кезде қоғамның даму бағытының өзгеруіне байланысты бұрын жасалынбаған, жаңа қылмыстар түрлері орын алуда. Ұйымдасқан түрде қылмыс жасаушылардың әрекеттері, әсіресе меншікке, экономикалық қатынастарға, қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарда жиі кездеседі. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу Комитетінің статистикалық мәліметтері бойынша Республикада 1998 ж – 142100; 1999 ж – 139431; 2000 ж – 150790; 2001ж – 152168; 2002 ж – 135151; 2003ж – 118485; 2004ж – 143550 қылмыс тіркелген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мәліметтері бойынша, бүкіл Республика көлемінде соңғы 7 жылда 1998ж-18529; 1999ж-19798; 2000ж-20528; 2001ж-21129; 2002ж-18741; 2003ж-15790; 2004ж-13808 топ адамдардың жасаған қылмыстары тіркелген. Егер, осы топ адамдар қылмыстарының жалпы қылмыстылықтың ішіндегі үлес салмағын анықтасақ, онда 1998 жылы тіркелген қылмыстарда топ адамдардың қылмыс жасауы 13,0%; 1999 ж-14,1%; 2000 ж-13,6%; 2001 ж-13,8% 2002ж-13,8%; 2003ж-13,3%; 2004ж-9,6% алады.

Ал, топ түрінде жасалған қылмыстарға қатысқан адамдардың саны мынандай түрде байқалған. 1998ж-26735; 1999ж-26825; 2000ж-26833; 2001ж-28097; 2002ж-22825; 2003ж-19080; 2004ж-17296.

Бұл мәліметтер бойынша жалпы қылмыстылықтың динамикасы 2002 жылға дейін өсіп, кейінгі жылдары қарқыны сәл төмендеген. Топ адамдардың қылмыс жасауы да 2002-ші жылға дейін өсіп, одан кейінгі жылдары азайыпқыраған.

Қылмысты бірнеше адамдардың бірлесіп жасауы және оларға жауапкершілік қолдану мәселесі, тарихта қазақ елінің заңдарында ғана емес, өзге де елдердің заңдарында қарастырылған қылмыстық құқықтық институттың бірі болып табылады. Ежелгі және орта ғасырларда қолданылған әр түрлі мемлекеттердің заңдарында қылмысқа қатысушылар және оларға жаза белгілеу қарастырылған. Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығының бұл мәселені толық қамти алмағандығы байқалады. “Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмысқа қатысушылар қылмысты жасаған адаммен бірдей дәрежеде жауапкершілікке тартылған [10. 171]. Мұны қазақтардың мынандай қағидалық мақалымен дәлелдеуге болады: “Ұры серігімен, жортуыл жолдасымен” дейді. Кейінгі уақыттарда қылмысқа қатысушылардың жауапкершілігі кінәнің дәрежесіне қарай біршама жекешеленеді. Негізінен жауапкершілікке жекешелей қарау, XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Ресей қылмыстық заңдарының әсерінің нәтижесінде аяқталған. XIX ғасырдың екінші жартысында Г.Загряжскийдің жарияланған қазақ әдеттік заңдарының жинағында: “Егер қылмыс жасауда бірнеше адам қатысса, онда тағылған айып қатысушылардың қылмысқа қатысу дәрежесіне қарай бөлінеді” делінген [10. 171].

Қазақ әдет-ғұрып құқығы туралы барлық материалдарда қылмысқа көмектесушілер мен жасалған қылмысты жасырушылар оны орындаған адаммен бірдей дәрежеде қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын келтірген. Бірақ билер сотында көмектесушілер мен қылмысты жасырушыларды жазалау сирек кездескен. Оның бір себебі қылмыстың ұйымдастырушысы, азғырушысы немесе көмексесушісі ру басылар тәрізді беделді адамдар болуына байланысты болуы мүмкін.

Күлтелеев М.Т. қазақ заңдарында қылмысқа қатысудың түсінігі қарастырылмаған, сол сияқты қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыс деген ұғым да болмаған. Оның орнына “жаман қылық” деген ұғым қолданылған. Бұл жаман қылықтардың түрлері қазіргіше ұғыммен алғанда қылмыстарды білдірген. Қазақ әдет-ғұрып заңдарында қылмысты, яғни жаман қылықты бірнеше санатқа бөлу болған тәрізді. Себебі “өте жаман қылық” деген ұғым қолданылып, ол жеке адамға, хан, сұлтан, би, ру басылардың жеке басына, оның ішінде ар-намысқа, сонымен қатар отбасы иесі болып табылатын адамға қарсы әрекеттерді білдірген [10. 172].

Т.М.Күлтелеев қазақтардағы қазіргі “қылмыс” термині “қылық, жаман қылық” деген сөзден шыққан тәрізді дейді [10. 154]. Біздіңше, қылмыс терминінің шығу себебі басқаша да болуы мүмкін. “Қылмыс” сөзінің төркіні “жаман қылық қылма” деген сөздегі “қылма” сөзіне байланысты болуы мүмкін. Яғни жаман қылық қылма сөз қылмас әрекеттер немесе қылмас жасамас деген мағынаға көшіп, бірақ қазақ тілінің айтылуы икемділігіне қарай “қылмыс” болып кетуі де мүмкін.

Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмысқа қатысушылықтың әртүрлі көріністеріне ұқсас іс-әрекеттер кездеседі. Мысалы, қылмысты хабарламау, өзге біреудің жұбайы немесе зайыбымен жыныстық қатынаста болу т.б. Ал жасалған қылмыс туралы үндемеу (умолчание) қылмыс деп есептелмеген [10. 172]. Бұл “үндемеу” қылмысты хабарламауға ұқсас әрекет тәрізді, үндемеу ретінде қылмысқа жол берушілік айтылып отыруы мүмкін. Жалпы қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша қылмысты топ адамдар болып жасау, жауапкершілікті ауырлататын жағдай ретінде бағаланған [10. 207].

Қазақ елінің аумағында қылмысқа қатысушылық туралы алғашқы заңдар Ресей заңдарының күшімен 1845 жылғы орыс заңдарының Уложениясі негізінде пайда бола бастады. Бұл Уложение сол кездердегі Ресейдің көрнекті ғалымдарының бағытына келетіндей нұсқада қылмысқа қатысушылықты екі түрге бөліп келтіреді.

Алдын ала келісімсіз қылмысқа қатысушылық.

Алдын ала келісіммен қылмысқа қатысушылық.

Бұл қылмысқа қатысу түрлерінің негізгі мағынасы осы ұғымдардың өз атауынан көрініп тұрғандай қылмыс жасалар алдындағы келісімнің болу немесе болмауына қарай ажыратылады. Сонымен қатар бұл заңның 15 бабы қылмысқа қатысушылардың да түрлерін келтіріп, оларды 1) қылмыстың қоздырушысы (зачинщик), 2) сыбайлас немесе қатысушы (сообщник), 3) үгіттеуші немесе азғырушы, 4) көмектесуші деп бөлген. Мұнымен қатар қылмысқа қатысушылардың бір түрі ретінде алдын ала келісім берген қылмысты жасырушылық келтірілген [11.43] Ал алдын ала келісіммен немесе келісімсіз түрде қылмысты хабарламау және қылмысқа қатысушылықтың нысандары немесе қылмысқа қатысушылықтың белгілері туралы бұл заңда айтылмаған. Дегенмен бұл ережелердің қазіргі қылмыстық заңмен ұқсастығын байқауға болады және бұл ұқсастыққа қарай отырып, қазіргі қылмысқа қатысу институтының пайда болуының алғашқы кезеңі болып табылады деп шамалауға болады.

Патшалы Ресейдің 1903 жылғы Қылмыстық Уложениясі қылмысқа қатысушылардың жауапкершілігін қылмыстың түріне сәйкес белгілеген болатын.

Кеңес билігінің 1917-1918 жылдардағы декреттерінде қылмысқа қатысушылықтың анықтамасы берілмеді. Ол декреттер контрреволюциялық ұйым, банда, сөз байласу, шайка сияқты қылмыстардың жоғары қауіптілігін ерекше атап көрсетіп, оларға жауаптылық қарастырды. Бірлескен қылмыстылық іс-әрекеттер үшін жауаптылыққа тартылатын адамдар ретінде қылмыстағы басты кінәлілер, яғни, ұйымдастырушылар мен орындаушылар, сонымен қатар айдап салушылар мен көмектесушілер жатқызылды. Қылмысқа қатысушылармен қатар қылмысқа қандай да бір қатысы болған адамдар да қылмысқа қатысушылар ретінде бағаланды және олардың нақты түрлерінің сипаттамасы көрсетілмеді [12.446]. Сол уақыттардағы нормативтік актілерде қылмысқа қатысушылар мен басқа да осы қылмысқа қатысы бар адамдардың қылмыс жасаудағы немесе оны жасырудағы ролін ескере отырып, жауапкершілігін даралау идеясы келтірілді. Сонымен бірге кейбір аса қауіпті қылмыстар үшін олардың тең дәрежеде жазалануы белгіленді. Себебі бірлескен қылмыстық әрекеттер жаңа пайда болған кеңестік мемлекеттің өмір сүруі үшін жоғары қауіпті қылмыстар деп бағаланды.

Қылмысқа қатысушылықтың заң жүзінде қарастырылуын мұнан кейінгі де Кеңес үкіметі заңдарынан кездестіруге болады. 1918 жылғы 30 шілдедегі «О набатном звоне» деп аталатын СНК декретінің 2 тармағында «халықты қозғалысқа ауызша, жазбаша немесе басылым құралдары арқылы шақырған әрекеттерді жасаған қатысушылар, азғырушылар немесе көмектесушілер, тіпті байланыста болған адамдар революциялық трибунал алдында негізгі кінәлі адамдармен бірдей жауаптылыққа тартылады» делінген. Бірақ бұл заңда қылмысқа қатысушылықтың түсінігі немесе қатысушылар түрлерінің ұғымы келтірілмеген [12.447].

1919 жылы 12 желтоқсанда қабылданған «Руководящая начала» деп аталатын РСФСР қылмыстық құқығының 5 тарауы «Қылмысқа қатысу туралы» деп аталып, оның 27 бабының 4-уі қылмысқа қатысушылыққа арналған еді. Мұнда қылмысқа қатысудың, қатысушылар түрлерінің, яғни орындаушы, айдап салушы, көмектесушінің әрекеттеріне анықтама берілді, сонымен қатар олардың жауапкершілігі қылмысқа қатысу дәрежесімен емес, қылмыскер мен оның әрекетінің

қауіптілік дәрежесімен анықталды. Қылмысқа қатысу дәрежесі ескерілмей, тек қылмыс жасаған адамның қауіптілігі ескерілетін қылмысқа қатысушылар анықтамасына осы тұрғыдан қарау Кеңестік қылмыстық құқықтық доктринада, сот-тергеу практикасымен қылмыстық заңның тіпті 50-ші жылдар аяғына дейін қылмысқа қатысу деп алдын ала уәде берілмеген қатысушылықты санауына әкеп соқтырды. Сондай-ақ, көп жағдайларда қылмыскердің жанұясының мүшелерін олардың жасалған қылмыс жайында хабардар еместігіне қарамастан, тек қылмыскермен бірге тұрғанына негізделіп жазалау дұрыс деп санаған.

Қылмысқа қатысудың бірқатар мәселелеріне байланысты бұл Рукководящая началонның шешімдерін сөзсіз дұрыс деп айта алмаймыз. Бұлай деуіміздің себебі, қылмысқа қатысушылықтың анықтамасы анық берілмеді, айдап салушылықтың түсінігі тым кең айқындалды, өйткені айдап салушы болып, басқа адамды қылмысқа азғырмақшы болып, бірақ азғыра алмаған адам да саналған. Көмектесушілікті алдын ала уәде берілмеген қылмысты жасырушылықтан нақты айырып қараған жоқ еді.

РСФСР –дің 1922 жылғы Қылмыстық кодексі бойынша қылмысқа қатысудың белгілері одан әрі шектелді. Айдап салушылықтың анықтамасы тарылды, бірақ іске аспаған қылмысқа айдап салу алынып тасталды. Қылмысқа қатысушылар жауапкершілігін даралау идеясы нақты қалыптаса бастады. Жазаға тарту үшін тек қылмыс қауіптілігінің дәрежесі мен кінәлі адамның жеке басын ғана емес, бірлескен қылмысқа қатысу деңгейін де ескеру талап етілді. 1922 жылғы РСФСР ҚК 15 бабында «әр қылмысқа қатысушыға жаза оның қылмысқа қатысу көлеміне, қылмыскердің қауіптілігіне, жасаған қылмысты әрекеттеріне қарай белгіленеді» деп көрсетілген. Бұл қылмыстық заңның 15, 16 баптарында қылмысқа қатысушылардың үш түрі келтірілген, яғни қылмыстың ұйымдастырушысынан басқа қылмысқа азғырушы, көмектесуші және орындаушылардың рольдеріне анықтама берілді және мағынасына қарағанда қалған қатысушылар орындаушымен бірдей жауаптылыққа тартылған [13].

1924 жылғы «Основное начало» деген атаумен қолданылған қылмыстық заңда мұнан бұрынғы заңдардағыдай қылмысқа қатысушылықтың анықтамасы берілмеген және 1922 жылғы ҚК тәрізді қылмыстың азғырушысы, көмектесушісі тәрізді қатысушылар түрлерінің түсінігін берумен, оларға жауаптылық белгілеу мәселелерін шешу-

мен ғана шектелген [12. 451]. Кеңес үкіметінің бұл 1922-1926 жылдардағы қылмыстық заңдарының қылмысқа қатысушылыққа қатысты мәселелерді қарастырудағы негізгі жетістігі ретінде үш критерииге басым көңіл бөлгенін айтуға болады. Бұлар әр бір қылмысқа қатысушының қауіптілік дәрежесі

- қылмысқа қатысу дәрежесі
- жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесі

Жаза белгілеу мәселесінде негізінен осы белгілерге басым көңіл аударылған.

Қылмысқа қатысушылықтың анықтамасын алғаш рет 1938 жылғы қылмыстық құқық оқулығынан кездестіруге болады. Бұл оқулықта «Кеңестік қылмыстық құқық бойынша қылмысқа қатысушылық – бұл екі немесе одан көп адамдардың қасақана түрде қасақана қылмыстарды жасауы болып табылады» дей отырып анықталған. Бұл анықтаманың қазіргі қолданыстағы ҚК 27 бабындағы түсінікпен сәйкес белгілерін де және айырмашылықтарын да байқауға болады. Айырмашылығы және негізгі кемшілігі, сол кездердегі заңдардың қылмысқа қатысудың жалпы анықтамасын бермеуіне байланысты «іс-әрекеттерді бірлескен түрде орындау» белгісі бұл анықтамада келтірілмеді, яғни қылмысқа қатысушылардың арасындағы объективтік және субъективтік байланыстар ескерілмеді.

1922-1958 жылдар аралығындағы Кеңес республикаларының қылмыстық заңдарында қылмысқа қатысу шектері бірдей анықталған жоқ. РСФСР мен басқа көпшілік Кеңестік республикалардың Қылмыстық кодекстерінде қылмысқа қатысушыларға орындаушы, айдап салушы, көмектесушімен қатар, қылмысты жасырушылықтың кез-келген түрлері де жатқызылды. Ал Украина және Грузия республикаларының Қылмыстық кодекстері бойынша алдын ала уәде берілмеген жасырушылық әрекет қылмысқа қатысушылар деп саналған жоқ.

КСР Одағы республикаларының қылмыстық заңдарының негіздері және одақтас республикалардың заңдары қылмысқа қатысу институтына көптеген өзгерістер енгізді. Сондай-ақ, барлық Кеңес республикалары үшін қатысушылардың жауапкершілігінің бірдей негіздері мен шектерін белгіленді. Бұл қылмыстық заңның негізінде қылмысқа қатысу анықтамасы берілді және қатысушылықтың тек қасақана түрде ғана орын алатындығы көрсетілді, қылмысты ұйымдастырушының рөлі ерекше аталған және қатысушылар қатарынан күні бұрын уәде бермеген жасырушылық әрекет қылмысқа қатысушылар қатарынан алынып тасталды.

Кеңестік қылмысқа қатысу жайындағы нормативтік ережелерінің елу жылдан астам даму процесі келесі тенденцияларды қамтыды. Біртіндеп қатысушылар шеңбері мен олардың заңдағы сипаттамасы нақтыланды. Барлық Кеңестік республикалардың заңдары бойынша қылмысқа қатысу ұғымы мен қатысушылар түрлерін анықтаудың бірдей ортақ негіздері дамытылды. Біртіндеп анти-кеңестік ұйымдардың анықтамалары нақтыланды. Контрреволюциялық көтерілістер, сөз байласулар, аса қауіпті мемлекеттік қылмыстарды жасау арнайы мақсаты болып табылатын әр текті анти-кеңестік ұйымдар сияқты салыстырмалы кең ұғымдар жетілдірілді. Бандитизмнің түсінігі мен анықтамасы белгіленді.

Заңда қатысушыларға жаза тағайындаудың ерекше тәртіптері толықтырылып, бекітілді. Қылмысқа қатысудың ұйымдасқан нысандары бойынша қатысушының тек тікелей өзі дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін жауапкершілігі бекітілді.

Қаз КСР 1959 жылғы Қылмыстық кодексінің 17-бабы қылмысқа қатысуға арналды және онда қылмысқа қатысудың анықтамасы берілді онда, «Екі немесе одан да көп адамдардың қасақана қылмыс жасауға бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады» - делінген. Бұл кодексте де қылмысқа қатысушылардың төрт түрі анықталып, орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесушінің анықтамалары берілді. Бірақ бұл кодексте қылмысқа қатысушылардың қылмыстық жауаптылығына арналған арнайы бап болмады, тек 17-бапта «Сот жаза тағайындау кезінде әр қатысушының қылмыс жасауға қатысу дәрежесі мен сипатын ескеруі қажет» деп қана белгіленді.

Қылмыстық құқықта «қылмысқа қатысу» ұғымы қылмыстық әрекеттің ерекше нысаны ретінде қарастырылады. Өйткені қылмысты бұл нысанда істеудің жеке дара қылмыс жасаумен салыстырғанда қауіптілік дәрежесі, келтіретін залалы анағұрлым зор, сондай-ақ қылмысқа қатысушылықтың негізгі мәселесі әдеттегідей қылмысты бір адам жасаумен және бір адамға жауаптылық белгілеумен салыстырғанда өзгеше қарастыруды қажет ететіндігіне немесе жеке адамның әрекеттеріне талдау жасағанға қарағанда бір неше адамның жасаған бір қылмыс уақиғасындағы қатысу сипаты мен дәрежесіне қарай өзгешелік орын алатындығына байланысты болып табылады.

1958 жылғы қылмыстық заңның 17 бабында заң жүзінде алғаш рет берілген қылмысқа қатысушылықтың анықтамасын жоғарыда

аталған 1938 жылғы оқулықпен салыстырғанда бұл анықтымада екі немесе одан көп адамдардың бірлескен түрде әрекеттер жасау белгісі келтірілді және бұл белгі тек объективтік белгі ретінде ғана емес, субъективтік белгі түрінде де бағаланды.

Қылмыстық құқықта қылмысқа қатысушылық мәселесіне қатысты туындаған даулы мәселелердің бірі, бірлескен түрдегі қылмыстық әрекеттердегі кінә нысаны болып табылады. ҚР ҚК 27 бабы бойынша қылмысқа қатысу тек қасақана түрде қасақаналықпен жасалатын қылмыстарда ғана орын алады. Бірақ зерттеу әдебиеттеріне және оқулықтарға көңіл аударсақ, онда қылмысқа қатысу тек қасақана түрде ғана емес, абайсыздықпен де жасалуы мүмкін екендігін кездестіруге болады. Бұл даулы пікір алғаш рет А.Н. Трайниннің «Екі немесе одан көп адамдардың арасында кінәлілік бір формада болмаса қылмысқа қатысу болмайды. Сондықтан қылмысқа қатысушылық қасақана немесе абайсыздықта бірлесіп әрекет жасаған адамдарда ғана бола алады» деген пікірінен басталды. Ол абайсыздықтың үш жағдайын келтіреді: 1) абайсыздықпен жасалған қылмысқа қасақана азғыру; 2) қасақаналықпен жасалатын қылмысқа абайсыздықпен азғыру немесе көмектесу; 3) абайсыздықпен жасалатын қылмысқа абайсыздықта азғыру немесе көмектесу [11.68]. А.Н. Трайнин осы жағдайлардың әр қайсысы үшін мысалдар келтіреді. Мысалы, абайсыздықпен жасалған қылмысқа қасақана азғыру ретінде, басқа біреудің қолымен кісі өлтіруді көздеген біреу түн уақытында мылтығын сынату үшін басқа біреуге атып көруін сұрайды. Осының алдында ғана жауласып жүрген адамы қараңғы жаққа қарай кеткенін пайдаланып, мылтықты атуға келіскен адам қай жаққа қарап атайын деп сұрағанда, өлуін тілеген адамның кеткен жағын нұсқайды. Екінші жағдайдың мысалы ретінде, топ адамдардың ортасында отырып біреу қылмыс жасаудың жолын және қалай осы қылмыстың ашылмайтын әдісін жай әңгіме ретінде айтады. Осы әңгімені тыңдап отырған бір адамда осы жоспар бойынша қылмыс жасау туралы қасақаналық, тілек пайда болады. Үшінші жағдайдағы мысалда үш аңшының аңнан қайтып келе жатып, ауылына таяғанда бір ауылдасының қақпа алдында трубкамен темекі тартып тұрғанын көріп, бірінің екіншісіне «сен мергенсің ғой ананың трубкасына тигізіп бере аласың ба» дейді. Үшінші аңшы оқ мүлт кетпесін деп иығын қойып көмектесушілік әрекетті орындайды. Мылтықты атуға келіскен адам атқанмен оқ трубкаға емес, адамға тиеді.

Мұндай бағытты ұстанушылар қылмысқа қатысуға ұқсас абайсыздықтағы әрекеттерді мысалға келтіре отырып, қылмысқа қатысушылардың араларындағы себепті байланыстардың ролін ескермей, олардың тек туындаған зардаппен байланыста болуын жеткілікті деп түсінген [14.118]. Сонымен қатар М.Д. Шаргородский «абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылық әрекет қасақана жасалып, ал зардабы абайсыздықта туындаған қылмыстарда болады, себебі мұндай жағдайларда қатысушылар орындаушының іс-әрекеттерінің сипатын біледі» деген пікір келтіріп, мысал ретінде үй төбесінен темір сынықтарын лақтырып жатқан екі жұмысшының бірінің лақтырған темірі, төменде өтіп бара жатқан адамның басына тиіп, денсаулыққа немесе адам өміріне зардап келтіруін алады [15.84-97].

Бұл зерттеушілер қылмысқа қатысушылықтың абайсыздықта да кездесу мүмкіндігін 40-60 жылдарда келтірген. Мұнан кейінгі кезеңдерде қылмысқа қатысушылық мәселелерін арнайы зерттеген ғалымдар «абайсыздықта қылмысқа қатысу орын алуы мүмкін емес. Себебі біріншіден, абайсыздықта туындаған зардаптарда бір неше адамдардың қылмысты ниетті бірлесіп іске асыруы, оның нәтижесіне бірлесе отырып жету деген ой жоқ» дейді [16.253]. Екіншіден, қылмысқа қатысушылардың әрекеттері екі жақты субъективтік байланыстың негізінде ғана бірлескен әрекеттер деп бағаланады және бірлескен түрдегі екі немесе одан көп адамдардың әрекеттерінде орындалатын әрекет ғана емес, оның нәтижесі де екі жақты байланыстар негізінде орын алуы керек немесе өз ара түсіністікте болуы керек. Егер өз ара түсіністік болмаса, онда қылмысқа қатысушылық жоқ [17.50]. Үшіншіден, бұл зерттеушілердің ортақ пікірі «абайсыздықта жасалған қылмыстар бойынша тек сол әрекетті орындаған немесе зардаптың туындауын көре білуге міндетті немесе көре білуге мүмкіндігі болған адам жауап береді» дегенге келеді. Зерттеушілердің негізгі дені қылмысқа қатысушылықтың тек қасақана кінә нысанымен жасалатынын келтіреді. Осыған байланысты 1958 жығы Қылмыстық кодекс Негізінің 17 бабында «қылмысқа қатысу дегеніміз екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлескен түрде қылмыс жасауы болып табылады» деген анықтама беріп, заң жүзінде абайсыздықпен бірлескен адамдардың қылмысты әрекеттерін мойындауға тиым салды. Алайда бұл кездерде де кейбір зерттеушілер тарапынан «17 баптағы қылмысқа қатысу түсінігі қылмысқа қатысушылықтың абайсыздықтағы түріне шектеу қойып отырған жоқ» деген пікір келтірді.

Мысалы М.Д. Шаргородский «қазіргі ҚК 17 бабындағы екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлескен түрде қылмыс жасауы деген анықтамасы бір неше адамдардың әрекеттерді қасақана жасап, бірақ зардабының абайсыздықта туындауына кедергі жасап отырған жоқ, сондықтан осы анықтаманың өзі де абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылықты заң жүзінде тануға кедергі жасамайды» деген ұсыныс келтірді. Бірақ бұл ұсыныс жай пікір ретінде бағаланып қала берді, өйткені 1990 жылдардың аяғына дейін өмір сүрген қылмыстық заң бойынша қылмысқа қатысушылық үшін жауаптылық тек қасақаналықпен жасалатын қылмыс түрлері бойынша ғана мүмкін болды. М.Д. Шаргородскийдің осы пікіріне тосқауыл қою мақсатына байланысты болар, жаңа Ресей, сондай-ақ Қазақстан қылмыстық заңдары «Екі немесе одан көп адамның қасақана бірлескен түрде қасақана қылмыстарды жасауы қылмысқа қатысу деп танылады» деп қасақаналық белгісін екі рет көрсете отырып анықтаған.

Біз М.Д. Шаргородскийдің ұсынысын және қолданыстағы қылмыстық заңның 27 бабындағы түсінікті талдаудан өткізгенді жөн көріп отырмыз.

Қылмыстық құқық кінә нысандарының және оның түрлерінің түсінігін қылмысқа қатысуға ғана қатысты емес, жалпы қылмыстылыққа ортақ түрдегі ереже ретінде келтіреді. Кінәнің түрлері жасалған әрекеттің қасақаналығына байланысты емес, негізінен зардапқа қатысты психикалық қатынаспен анықталады деуге болады. Формальдық құрамға жататын қылмыстарда әрекетке деген психикалық қатынасты анықтау жеткілікті болса, ал материалдық құрамға жататын қылмыстарда әрекетке және оның нәтижесіне қатысты психикалық қатынасты анықтау қажетті болып табылады. Негізінде материалдық құрамдарда қылмыстың қандай кінәмен жасалғандығы зардапқа деген шешімімен сипатталады деуге болады. Мұндай құрамдарда қылмыс қасақаналықпен жасалды деп түсіну үшін «зардапты тілеу» немесе «саналы түрде жол беру» орын алуы керек. Ал абайсыздықтағы қылмыстарда, мысалы қылмысты менмендікте адам қоғамға қауіпті әрекеттің жасалуын тілгенмен, туындауы мүмкін зардаптың болуын тілемейді немесе саналы түрде жол бермейді. Сондықтан қылмысқа қатысушылықтың түсінігінде «қасақана түрде» деген белгі көрсетілуінің өзі М.Д. Шаргородский айтқандай әрекеттің қасақана, ал зардаптардың абайсыздықта туындауын білдірмейді. Қылмыстық құқықта кінә мәселесінде интеллектуалдық белгілер қылмыстың қандай кінә ныса-

нымен жасалғанын білдіретін шешуші ұғымдарды білдіре алмайды, интеллектуалдық белгілер мағынасы, роль бойынша кінәнің, оның түрлерінің түсінігін толықтырушы сипатта қолданылады деуге болады. Мысалы қылмысты менмендікте әрекет қашанда қасақана түрде жасалады және зардаптың туындауы мүмкін екендігін көре отырып осындай қауіпті әрекет жасалады, бірақ адамның мұндай әрекеттерін абайсыздыққа жатқызушы белгі, ол басқа нәтижеге жету үшін мұндай зардапты болдыртпаймын деп жеңіл ойлылықпен немесе жеткілікті негіздерсіз есеп жасауы болып табылады. Демек, менмендікті абайсыздықтағы кінә түріне жатқызушы белгі, шешім жасау кезінде адамның ойында болған психикалық қатынастың түрі болады. Сондықтан ҚК Жалпы және Ерекше бөлімнің баптарында «қасақана» деген белгі кездескенде біз әрекеттің ғана емес, зардаптың да қасақаналықпен туындайтын жағдайларын ескереміз. Интеллектуалдық белгілер формальдық құрамдарға жататын қылмыстарда ғана айтарлықтай рол атқарады деуге болады. Себебі формальдық құрамдарда зардапқа қатысты психикалық қатынас қолданылмайтындықтан, адамның іс-әрекетке деген психикалық қатынасы «тілеу» немесе «саналы түрде жол беру» түрінде болса, онда қылмыс қасақаналықпен жасалады деп қорытынды жасауға негіз береді. Ал абайсыздықпен сипатталатын қылмыстардың көпшілігі материалдық құрамдарға жатады, сондықтан қылмысқа қатысудың абайсыздықтағы түрін мойындаған күннің өзінде де әрекетке деген қасақаналық барлық кезде мәселені шешпейді, мұнда негізінен зардапқа деген ішкі қатынасты ескеруіміз керек болады. Осы айтылғандарды дұрыс деп бағалайтын болсақ, онда қазіргі ҚК 27 бабындағы «қасақана бірлескен түрде қасақана қылмыстарды жасау» деген түсініктегі «қасақана қылмыстарды жасауға қатысу» деген белгіні алып тастаған жөн сияқты. Заң бабында «қасақана» деген белгі қолданылғанда біздің түсінігімізше әрекетке деген қасақаналық емес, немесе зардапқа деген қасақаналық емес, жалпы осындай қылмысқа қатысу сияқты қылмыс жасаудың ерекше бір тәсілі немесе бұл белгі Ерекше бөлімнің баптарында тікелей көрсетілгенде осы қылмыс қасақаналықпен сипатталады дегенді білдіреді. Ал қолданыстағы ҚК 27 бабында қасақаналық белгісін екі рет көрсеткенмен, бір сөзді немесе бір белгіні екі рет қолданып отырған сияқты.

Соңғы кездерде абайсыздықпен қылмысқа қатысудың мүмкіндігін жанама түрде мойындайтын бағыт кездеседі. Бұл бағыт бойынша абайсыздықтағы бір неше адамдардың зардаптарға соқтырған әрекеттері

қылмысқа қатысушылық емес, «абайсыздықпен бірге зардап келтіру» (неосторожное сопричинение) деп аталу керек және мұндай бағытты ұсынушылар «ғылым мен техника дамыған заманда, адамдардың өз-ара араласуы жиілеген кезде бір неше адамдардың салақтығы, жеңіл ойлылығы салдарынан ауыр зардаптар келтіруінің ықтималдығы жоғары және мұндай абайсыздықпен бірге зардап келтірудің қоғамға қауіптілігі де жоғары болады, сонымен қатар осындай әрекеттер қылмысты саралауда басқаша бағытты қажет етеді» дейді [18.394-396].

Бұл жерде біріншіден, абайсыздықта бірге зардап келтірудің болуы мүмкін бе және екіншіден, абайсыздықта бірге зардап келтірудің қылмысқа қатысушылықтан айырмашылығы қаншалықты деген сұрақ туындайды.

Өндірістерде немесе өзге де шаруашылық салаларында апатты жағдайлардың орын алуы жиі кездеседі десе болады және мұндай өндірістік апаттарда қауіпсіздік ережелерін сақтауға бір ғана адам емес, бір неше адамдар жауапты болуы мүмкін. Мекеме қаншалықты үлкен және қауіпті зардаптар келтіруге ықтималдығы жоғары болса, соншалықты ол мекемеде жауапты адамдар көп болуы мүмкін. Осындай мекемелерде, құрылыс саласында зардаптар туындағанда, осы апатты жағдайдың алдын алуға қызметі бойынша міндетті адамдар бір нешеу болғанда, олардың әр қайсысы өз қызметінің түріне қарай жауапты болады. Мысалы үлкен өндіріс орындарында техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша жұмыс істейтін арнайы бөлім, инженерлер жұмыс істегенде, олардың әр қайсысы бір басшылыққа бағына отырып, осы зардаптың алдын алу жұмыстары бойынша міндетті бола алады. Бір неше адамдардың жауаптылығын өндіріс салаларындағы арнайы мамандардың қызметі бойынша ғана емес, қарапайым мысалдармен де келтіруге болады. М.Д. Шаргородскийдің жоғарыда келтірілген мысалын, яғни екі жұмысшының үй төбесінен металл сынықтарын төменге лақтырып жатқанда, біреуінің лақтырған металы төменде өтіп бара жатқан адамның үсітіне түсіп, адамның өміріне немесе денсаулығына зардаптар келтіруін алайық. Кейінгі зерттеулерде осы тәріздес жағдайларда зардап келтіргендік үшін бір неше адам емес, тікелей зардап келтірген адамның әрекеті анықтылуы керек және сол адам жауаптылыққа тартылады деген шешім қалыптасты. Біз осы мысалды сәл өзгертейік. Мысалы екі жұмысшы үлкен темірді екі жағынан ұстап тұрып лақтыру арқылы зардап келтірді дейік. Мұндай жағдайда екі жұмысшының қызметі бірдей дәрежеде, яғни олардың арасында

біреуі зардапты көре білуге міндетті болмағанда, олардың екеуі де қоғамға қауіпті зардаптың туындауы мүмкін екендігін көре білуге мүмкіндігі болды деп саналады. Демек бұл екі адамның тек біреуі емес екеуі де кінәлі деп танылады. Осы тұрғыдан алғанда бір неше адамдардың абайсыздықта зардап келтіруі мүмкін жағдай болып табылады. Бірақ екі немесе одан көп адамдардың абайсыздықпен келтірген зардаптары бірлескен түрде келтірілген деп бағалауға болмайды. Себебі бір неше адамдардың бірлесуі-бұл орындалатын әрекеттер туралы өз ара хабардар болуын, нақты бір мақсатқа жету жолындағы күш біріктірген және бір-бірінің әрекеттерімен саналы түрдегі байланыста болған әрекеттің сипатын білдіреді.

Абайсыздықта бірге зардап келтірудің мүмкіндігін мойындайтын болсақ, онда бұл ұғым абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылықты білдіре ме немесе одан айырмашылығы бар бөтен ұғым ба деген сұрақ туындайды. Сырттай алып қарағанда абайсыздықта бірге зардап келтіру дегеніміз, абайсыздықпен жасалған қылмысқа қатысушылық болып табылатын сияқты. Өйткені ҚК 27 бабының атауы «қасақана қылмысқа қатысушылық» деп аталып тұрған жоқ, ол жай «қылмысқа қатысушылық» деп ғана аталған. Яғни кінә нысанынан басқа айырмашылығы байқалмайды. Егер осы тұрғыдан танитын болсақ, онда қылмысқа қатысушылықтың тек қасақаналықпен ғана емес, абайсыздықпен де жасалуына жол беруге болады. Абайсыздықта бірге зардап келтіру мен қылмысқа қатысушылықты бір қылмыстық құқықтық ұғым деп бағалау үшін кінә нысанынан басқа, қылмыстың бірлескен түрде жасалуын да табуымыз керек. Біздің ойымызша, екі немесе одан көп адамдардың абайсыздықта зардап келтірген іс-әрекеттерінде «бірлестік» белгісі, яғни саналы түрде белгілі бір қоғамға қауіпті деп танылған әрекеттерді жасауға және нақты бір зардаптардың туындауына бағытталған күш біріктіруі және бір-бірінің іс-әрекеттерімен себепті байланыста болуы орын алмайды. Абайсыздықпен бірге зардап келтіруде зардаптың алдын алуға міндетті немесе мүмкіндігі бар адамдардың барлығы да бірдей енжарлық немесе жалқаулық, сонымен қатар жеткілікті негіздерсіз зардап бола қоймас деп әрекетсіздік танытқанда, олардың арасында бірлесу белгісін білдіретін күш біріктіру және қылмыстың жасалуы үшін әр қатысушының өз үлесін қосуы деген тәрізді белгілер болмайды. Демек, абайсыздықта бірге зардап келтіруде «бірлесу» белгісі болмайды және осы себептен қылмысқа қатысу деген ұғымға да сай келмейді, сондықтан абайсыздық-

та бірге зардап келтіру қылмыстық құқықтың арнайы ережелерінің бірі ретінде танылғанда да жеке құқықтық институт ретінде енгізілуі керек. Қылмысқа қатысу мен абайсыздықта бірге зардап келтіру ұғымдарының ара қатынасы міне осындай.

Қылмысқа қатысушылықта екі немесе одан көп адамдардың қатысуы міндетті белгі болып саналатындықтан, қылмысты ниетті қанағаттандырудың мұндай тәсілінде әдетте бір адаммен жасалған қылмыстарға қарағанда күрделі, шешімін табу қиын жағдайлар кездесіп жатады. Соның бірі қылмысқа қатысушылық және топ адам болып қылмыс жасау ұғымдарының ара қатынасы болып табылады. Мұндай мәселені қозғау себебіміз, ол топ адам болып қылмыс жасауды қылмысқа қатысушылыққа жатқызбайтын көз-қарас кездеседі. Біздің қарастырған деректеріміз бойынша мұндай бағытты М.Д. Шаргородский келтірген. Оның пікірінше қылмысты бірге орындаушылықтың немесе қылмыстық топ әрекеттерінің қылмысқа қатысушылыққа қатысы жоқ. ҚК Жалпы және Ерекше бөлімінің баптарында қылмысқа қатысушылықты құрамайтын, тек нақты бір жағдайларда бір неше адаммен жасалатын, топ адамдардың әрекеттері жөнінде айтылады [15]. Кейіннен осы пікірді Ф.Г. Бурчакта ұстанып, ҚК 17 бабын қылмысқа қатысушылық ретінде тек роль бөліп қылмыс жасайтын жағдайларға қатысты пайдалануды ұсынады [19.34-38]. Егер қолданыстағы қылмыстық заңның қылмысқа қатысу нысандарының түсінігін қарастыратын 31 бабына сүйенсек, онда топ адамдардың алдын ала немесе алдын ала келісімсіз түрде жасаған қылмысты әрекеттері қылмысқа қатысушылықтың жеке нысандары ретінде бағаланғанын байқауға болады.

Бұл мәселенің шешімін табу үшін топ адам болып қылмыс жасау және қылмысқа қатысушылық ұғымдарының араларында қаншалықты жақындық, қаншалықты айырмашылық бар екендігін анықтау керек тәрізді. Бұл ұғымдардың айырмашылығы ретінде бір ғана белгіні келтіруге болады, ол топ адамдардың жасаған қылмысы ретінде қылмыстың объективтік белгілерін орындауға әр бір адамның қатысуы болып табылады. Ал қылмысқа қатысушылық- екі немесе одан көп адамның қасақана бірлескен түрдегі кез-келген қылмысты әрекеттері түрінде анықталады. Қылмысқа қатысушылық ретінде бір неше адамдардың қасақана бірлесіп нақты бір қылмысты немесе қылмыстарды жасауы алынатындықтан топ адам болып қылмысты жасау да осы түсініктің құрамына барлық белгілері бойынша сәйкес келеді. Қыл-

мысты топ адамдар нысанында орындау ретінде ҚК Ерекше бөлімінің баптарында қарастырылған қылмыстары бір неше адамдардың бірге орындауы болып табылады. Басқаша айтқанда қылмысты топ адам болып орындау дегеніміз, қылмыстың объективтік жағының белгілерін толық немесе ішін-ара орындау болып табылады. Осы түсінікпен қылмысқа қатысушылықтың анықтамасын салыстыра қарағанда қылмысты топ адам болып орындаудың ерекше белгісі, ол қылмысты бірге орындау немесе қылмыстың объективтік белгілерін тікелей орындауға қатысу болып саналады. Ал жалпы қылмысқа қатысу түсінігімен топ адам болып қылмысты орындаудың ортақ белгілері тіптен көп десе болады. Бұл ұғымдардың ортақ белгілері ретінде екі немесе одан көп адамның болуы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің бірлескен түрде орындалуы, қатысушы адамдардың да қылмысты ой-ниеттерінің бірлескен түрде болуы және кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталуы, сондай-ақ қылмыстық зардаппен немесе қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынасқа келтірілген нұқсанмен әр бір топ мүшесінің немесе қатысушының себепті байланыста болуы алынады.

Топ адамдардың жасаған қылмыстарын арнайы зерттеумен айналысқан Р.Р. Галиакбаров алдын ала келісіммен жасалған топ адамдардың қылмыстары белгілерінің көлемі туралы «топ адамдар жасаған қылмыс деп саралау үшін мыналарды анықтау керек: а) орындаушылардың көп болуы, б) әр қайсысының қылмыстың объективтік жағының белгілерін орындауға толық немесе ішін ара қатысуы, в) қылмысты бірлесіп жасауы, г) бірлесіп қылмыс жасаудағы әр қатысушының қасақаналығы, д) бірлесіп қылмыс жасау жөніндегі түсіністікті құрайтын, топ мүшесінің әрекеттерінің келісімділігі, е) топ болып қылмыс жасаудағы алдын ала келісім»[20.6-8].

Мұндай үнемі болатын белгілерден басқа, топ адамдар қылмыстарында кей кездерде қосымша белгілерде бола алады. Мысалы алдын-ала келісім, тұрақтылық. Мұндай белгілер болған кездерде, топ адамдардың бірлескен әрекеттері басқа қылмыстық-құқықтық сапаға айналып, қылмыс басқаша сараланады. Яғни қосымша белгілердің нәтижесінде ұйымдасқан топ, қауымдастық тәрізді нысандарға айнала алады.

Р.Р. Галиакбаров өз зерттеулерінің денін топ адамдардың жасаған қылмыстарына арнағанмен, топ болып қылмыс жасаудың қылмысқа қатысушылықпен жақындығына күмән келтірмейді. Ол «құқықтық табиғаты тұрғысынан алғанда топ адамдардың қылмыстары – бұл қыл-

мысқа қатысушылықтың бір көрінісі болып табылады» дей отырып, топ адамдардың қылмыстарына роль бөліп қылмысқа қатысудан басқа барлық қылмысқа қатысушылықтың нысандарын жатқызады.

Біз де осы пікірге қосылғанды жөн санаймыз, себебі топ адамдар жасаған қылмыстарды сипаттайтын немесе оның түсінігін ашатын белгі «объективтік жақ белгілерін орындауға толық немесе ішін ара қатысу» екендігін байқауға болады. Ал өзге белгілері бойынша толығымен қылмысқа қатысушылықтың түсінігіне, оның белгілеріне дәлмедәл келеді. Біздің ойымызша топ адамдар қылмыстылығы қылмысқа қатысушылықтың бір көрінісі немесе оның жеке бір нысаны болып табылады, мұның дәлелі ретінде ҚК 31 бабының 1 және 2 бөліктерінде топ адамдардың қылмысты әрекеттері қылмысқа қатысудың жеке-леген нысандары ретінде бейнеленуімен де дәлелдеуге болады. Қылмысқа қатысудың нысандарының негізгі мағынасы да бір неше адамдардың қасақана бірлескен қылмысты әрекеттері барлық кездерде бірдей бола бермей, оларда кейде объективтік және субъективтік белгілеріне қарай айырмашылықтары болатынын, соған сәйкес іс-әрекетті саралауда, жауаптылық белгілеуде ерекшеліктер болатынын білдіреді. Яғни екі немесе одан көп адамдар бірлесіп қасақана қылмыстарды жасағанда олар барлық кездерде роль бөліп қатыспай, кейде бірге орындау түрінде, ал кейде тұрақты түрде қылмысты әрекеттермен айналысуы мүмкін.

Топ адамдардың қылмысты әрекеттері мен қылмысқа қатысушылық ұғымдарын ажырата қарастыратын зерттеушілер «қылмысқа қатысу» ұғымын тар мағынада түсінетін және осындай мағынада қолдануды ұсынатын тәрізді. Тар мағынада қылмысқа қатысу ретінде орындаушыдан басқа қатысушылардың тек көмектесу, ұйымдастыру сияқты рольдерді орындап, осы рольдер арқылы қатысуын түсінуге болады. Бірақ практиканың кең мүмкіндіктерін ескерсек, біз тек сол ақиқат болмысын танумен ғана айналысатынымызды мойындасақ, онда «қатысу» терминінің мағынасына болған оқиғаның басы- қасында бірге болуды, әрекеттерді бірге орындауды да жатқызуға болады, яғни қылмысқа қатысу ұғымы топ адамдардың жасаған қылмысы деген ұғыммен салыстырғанда кең ұғым болып саналады.

Қорыта айтқанда, топ адамдардың жасаған қылмыстары барлық объективтік, субъективтік белгілері бойынша қылмысқа қатысушылықтың жалпы белгілеріне сәйкес келеді және мағынасы бойынша қылмысты бірлесіп жасау арқылы қылмысты ниеттерін қанағаттандырудың жеке нысанын білдіреді деп түсінеміз.

1.2 Қылмысқа қатысушылықтың объективтік және субъективтік белгілері

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері ретінде жасалған қылмысқа кем дегенде екі адамның қатысуы, іс-әрекеттердің бірлескен түрде орындалуы немесе бұл іс-әрекеттердің бір-бірімен себепті байланыста болуы алынады.

Қылмысқа қатысушылықтың негізгі белгілерінің бірі екі немесе одан көп адамдардың әрекет етуі болып табылады. Жасалған қылмысты әрекеттерді қылмысқа қатысушылыққа жатқызу үшін кем дегенде екі адамның арасында бірлесіп қылмыс жасау туралы ой болуы шарт. Ал үшінші, төртінші адамдар кәметке толмағандар, абайсыздықта қылмыс жасаушылар болғанымен, әдепкі екі адамның әрекеті қылмысқа қатысушылыққа дәл келуі керек. Демек, кем дегенде екі адам қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс және абайсыздықта емес, қасақаналықпен бірлесіп қылмыс жасау туралы ойда болуы керек.

Қылмысқа қатысушылардың арасында «бірлесу» белгісінің болуын зерттеу әдебиеттерінде әр көлемде қарастырады. Бірлесіп қатысу белгісінің сипатын анықтағанда, кінәлілердің қоғамға қауіпті іс-әрекетті өзара байланыста жасауын және қылмыстың зардабына да әр бір қатысушының байланысы болуын анықтауымыз керек. Қылмысқа қатысушылықтағы «бірлесу» белгісі қылмыс жасаудың бастапқы кезеңінен соңғы кезеңіне дейін түгел орын алады және бұл белгі мынандай элементтерден құралады:

а) әрбір қылмысқа қатысушының әрекеті басқа қатысушылардың нақты жағдайларда әрекеттер жасауының қажетті шарты болып табылады. Яғни бірінің белгілі бір әрекеттерді жасауы, басқаларының да алдыңғы әрекетке байланысты нақты бір әрекеттерді іске асыруына себеп болады;

ә) қылмыстың салдары немесе қылмыс уақиғасы әр қатысушының әрекеттерімен себепті байланыста болады;

б) қылмыстың нәтижесі барлығына ортақ болады.

Қылмысқа қатысушылардың бірінің нақты бір қылмысты әрекеттерді орындауына байланысты (айдап салушылық, көмектесушілік әрекеттер), екінші адамның сол әрекетке сәйкес келесі әрекеттерді орындауы, бұл барлық қылмысқа қатысушылық нысандарына дәл келмейді. Мұндай кезекті түрдегі әрекеттерді орындау, қылмысқа

қатысушылардың арасында роль бөліп қатысу тәрізді нысанда орын алады. Ал қылмысты топ адам болып жасағанда, қатысушылар әрекеттерінің бірлескен түрде орындалуы белгісі, олардың бір тектес қылмыстық әрекеттерді жасау арқылы қылмыстың салдарына күш біріктірудің нәтижесінде жетуін білдіреді. Мысалы бір топ адам болып бөтен адамның өміріне немесе денсаулығына зардап келтіру. Мұндай жағдайларда «бірлесу» белгісі топ мүшелерінің ортақ ниетпен бір тектес әрекеттерді жасауымен көрінеді.

Жалпы, қылмысты бір неше адамдардың бірлесіп жасауы қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілігін барлық жағдайларда болмағанмен, негізінен ауырлатады.

Екі немесе одан көп адамдардың қоғамға қауіпті әрекеттерін, қылмысқа қатысушылыққа жатқызатын белгі – «себептілік» белгісі болып табылады. Егер қылмыстың салдары немесе қылмыстың болу уақиғасы, адамның әрекеттерімен себепті байланыста болмаса, онда себепті байланыста әрекет жасамаған адамға қылмыстық жауаптылық туындамайды немесе абайсыздықта қылмыс жасаған болып саналуы мүмкін. Себебі бұл әрекеттердің арасындағы немесе қылмыстың зардабына деген себепті байланыстар қасақана әрекеттерден туындаған болуы керек. Яғни қасақана түрде көмектесушілік әрекеттерді орындау, қасақана түрде қылмыстың жасалуына жол ашады. Қылмысқа қатысушылықтағы себепті байланысты жасалған қылмыс мазмұнының екі жерінде ескеру керек. Біріншісі, қылмысқа қатысушылардың араларындағы байланыс, ал екіншісі, қылмысқа қатысқан әрбір адам әрекетінің туындаған зардаппен байланысы. Бірінші келтіріліп отырған себепті байланыс туралы жоғарыда айтылды, ал әрбір қылмысты әрекеттің зардаппен себепті байланыста болуын, қатысушылардың әрекеттерінің мазмұны мен сипатынан көруге болады. Бұл көрініс, әрбір қылмысқа қатысушының қоғамға қауіпті әрекетінің бағытымен анықталады. Қылмысқа қатысушылар бір мүддеге бағытталған әрекеттерді орындауы арқылы күш біріктірген болып есептеліп, қылмыстың зардабын туындатады. Демек, қылмысты ұйымдастырған, қылмысқа азғырған, көмектескен және орындаған адамдардың әрекеттерінің барлығы да қылмысқа қатысушылық болуы үшін, туындаған зардаппен себепті байланыста болуы керек. Бұл себепті байланыс мысалы, айдап салушының біреуді қылмыс жасауға азғыруымен, көмектесушінің қылмыстың орындалуы үшін кеңес, құрал-сайман, қылмыстың ізін жасыру әрекеттерін мойнына алуымен, орында-

ушының қылмыстың объективтік белгілерін орындауымен анықталады. Осы әрекеттердің орындалуы арқылы ғана қылмыс толық жасалады немесе бөтен жақтың мүддесіне зардап келтіреді. Қылмысқа қатысушылықта туындаған зардап бірлесіп әрекет еткен адамдардың күштерінің жиынтығы ретінде алынады. Кездейсоқ себептен туындаған әрекеттер немесе зардаптар қылмысқа қатысушылықты құрамайды. Зардаптың туындауына себепті байланыс кездейсоқ болғанда, кінә түрі қасақана болмайды. Кездейсоқ себептерден туындаған әрекеттерден зардап болғанда, ол абайсыздықта келтіріледі немесе кездейсоқ әрекетті жасаған адамда кінәнің белгілері болмауы да мүмкін. Мысалы көшеде кетіп бара жатырған екі адам жол жиегінде мастықтан құлап жатқан адамды тұрғызып, үстін қағып кетіп қалады. Мас адам тәлтіректесп барып жолға құлап машинаға қағылады. Мас адамға көмектескен адамдардың әрекеттері мен туындаған зардаптың арасында байланыс бар, бірақ бұл байланыс кездейсоқ байланыс болып табылады.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері, оның субъективтік белгілерімен тығыз байланысты. Өйткені, қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілері қылмысқа қатысушылардың ішкі ойын немесе психикалық бағытын білдіреді.

Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілері

Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілері ретінде қатысушыларда қасақаналықтың, қылмыс жасауға деген ой бірлестігінің болуы және алдын ала келісімнен құралады.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері тәрізді бұл белгілерде қылмысты бірлесіп жасаудың бастапқы сағыларынан бастап қылмыс салдары туындағанға дейін орын алады.

Жоғарыда айтылғандай, қылмысқа қатысушылықтың кінә түрі туралы бұрынғы зерттеу әдебиеттерінде абайсыздықтағы қылмысқа қатысушылықтың болуына жол берілген. Бірақ кейінгі уақыттарда осы тақырыпты арнайы зерттеген ғалымдар қылмысқа қатысушылықтың тек қасақана түрде жасалғанда бір неше адамдардың бірлескен әрекеттерін құрап, жауапкершілікті жүктеуге болатынын дәлелдеді. Ал кінәнің абайсыздық түрімен де қылмысқа қатысушылықтың болу мүмкіндігін ұсынушылардың бағытын қылмысқа қатысудың акцессорлық теориясына жатқызды. Қылмысқа қатысушылықтың акцессорлығы дегеніміз, азғырушылық, көмектесушілік әрекеттердің қылмысты

орындаушының әрекеттеріне тәуелді болуын білдіреді. Нәтижесінде орындаушы бар болса, онда қылмысқа қатысуда бар, ал орындаушы жоқ болса немесе ол қылмысты орындаудан бас тартса, онда қылмысқа қатысушылықта жоқ болып есептеледі. Мұнда абайсыздықта қылмыстық зардапқа әкелген әрекетпен басқа адамдардың да іс-әрекеттері қандай да бір байланыста болса, осы әрекеттен туындаған зардап басқалардың да кінәсіне жатады. Қылмысқа қатысушылықтағы кінәнің абайсыздық түрін Ұлыбритания, АҚШ, Франция мемлекеттерінің қылмыстық құқықтарынан кездестіруге болады.

Қылмысқа қатысушылықтағы қасақаналықтың интеллектуалдық белгілерін былай анықтауға болады:

- а) жасалатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін білуі;
- ә) басқа қатысушылардың да әрекеттерінің қоғамға қауіпті екендігін білуі;
- б) бірлескен әрекеттен туындайтын зардаптың болуын білу мүмкіндігі.

Еріктілік кезеңді қылмыстың жасалуын, оның зардабын тілеу немесе саналы түрде жол беру құрайды. Қылмысқа қатысушылыққа негізінен тікелей қасақаналық тән, бірақ кейде қылмысқа қатысушылардың арасындағы бірлестік белгісі әлсіз болғанда немесе барлық қатысушылар қылмыстың жасалуына мүдделі болып қатыспағанда жанама қасақаналықта орын алуы мүмкін. Себебі олардың қылмыс жасауға деген ойы белсенді болмаған жағдайларда қылмыстың нәтижесіне деген психикалық қатынасы бір келкі түрде бола бермейді. Мұндай жағдайлар алдын ала келісімсіз қылмыс жасауда және алдын ала келісіммен көмектесушілік әрекеттерді орындағанда ғана орын алуы мүмкін. Алдын ала келісімсіз түрде, аяқ астынан басталған төбелесте немесе біреуді кенеттен пайда болған себеппен алдын ала келісімсіз жабылып ұруда әрбір қатысушының қылмыстың зардабына деген психикалық қатынасы әр түрлі болуы мүмкін. Сондай-ақ алдын ала келісіммен көмектесушілік тәрізді ролді орындғанымен қылмыстың зардабының орын алуына тілектес болмаса, жанама қасақаналық орын алуы мүмкін. Мысалы А. досы Б.-дан жүк машинасын бір жерден мал ұрлап алып келу үшін бере тұруын сұрайды. Б. машинасын тек досының көңілін қалдырмау үшін ғана береді. Ал мал ұрлана ма, ұрланбай ма оған бәрібір болған. Бұл да жанама қасақаналық, себебі қасақаналықтың түрі материалдық құрамдар бойынша тек әрекетке емес, сонымен қатар қылмыс зардабына қатысты психи-

калық қатынасымен де анықталады. Қылмысқа қатысушылықтағы мұндай психикалық қатынастарды анықтау маңызды. Бірлесіп әрекет еткен адамдардың қылмыстарындағы психикалық қатынастың түрін анықтау- олардың қылмысқа қосқан үлесін, қатысушының кінәсін жекешелеуге әсерін тигізеді. Қылмысқа қатысушылардың қасақана түрде әрекет жасауы, олардың қылмыстың жасалуына деген ой-ниет бірлестігін білдіретін себеп болып табылады. Сондықтан қылмысқа қатысушылардың қасақаналығын анықтағанда мыналарды есепке алу керек:

а) қылмысқа қатысушылардың түрлерінде тікелей және жанама қасақаналықтың болу мүмкіндігін;

ә) кейбір қылмысқа қатысушылық нысанданында тек тікелей қасақаналық ғана болатындығын және қай нысандағы қылмысқа қатысуда жанама қасақаналық та орын алатындығын.

Қылмысқа қатысушылардың ой-ниет бірлестігінде болуы сырттай қарағанда, олардағы алдын ала келісіммен бірінің әрекетін екіншісінің қостауымен және бірінің қылмысты ниетіндегі әрекеті екіншілерінің келесі әрекеттерді жасауға деген ойын оятуымен анықталады. Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік жағы үшін бірлесіп қылмысты іс-әрекет жасауға ең кемінде екі адамның өзара түсінушілігі, келісімде болуы міндетті. Ал қылмысқа қатысушылардың қылмысты ой-ниеттерінің бірлестігін анығырақ қарастырғанда, олардағы екі жақты субъективтік байланысты анықтау керек. Қылмысқа қатысушылық мәселесін арнайы зерттеген ғалымдар бір жақты субъективтік байланысқа да жол береді [19.43]. Мұнда мысалы қылмысқа азғырушы немесе басқа да қатысушылар құпия түрде орындаушыға қылмыс жасатады.

Екі жақты субъективтік байланыс қылмыстың ішкі мазмұнын ашады және екі немесе одан да көп адамдардың қолымен жасалған әрекеттер қылмысқа қатысушылыққа жататындығын немесе жатпайтындығын білдіреді. Бір неше адамдардың жасаған қылмысының уақыты, орны, тәсілі, заты бірдей болғанымен, онда екі жақты субъективтік байланыс болмаса, онда қылмысты бірлескен түрде орындаушылық болып табылмайды. Екі жақты субъективтік байланыс дегеніміз, бірнеше адамдардың қылмыс жасау алдында немесе жасау уақытында алдын ала келісіммен немесе алдын ала келісімсіз болғанның өзінде бір-бірінің әрекеттерін түсіністікпен қабылдауы, болып табылады. Екі жақты жақты субъективтік байланыста бір қылмыстың жасалуы үшін

қылмысқа қатысушылардың арасында ортақ ниеттен туындайтын әрекеттер жасалып, барлығы үшін ортақ бір қылмыс жасалады. Басқаша айтқанда, бірінің ойын сол қалпында екіншісі түсіністікпен, келісімділікпен жалғастырады. Қылмыстың жасалу орны, уақыты, заты бірдей болғанмен, екі жақты келісімді әрекеттер болмаса, онда байланыс бір жақты болып есептеледі. Мысалы, А. түнде қойманың есігін бұзып, қоймадағы заттарды қабына сала бастайды. Осы арадан өтіп бара жатқан Б. жасалып жатырған ұрлықты көріп, оның да осы қоймадағы мүліктен үлес алғысы келіп, А.-ның әрекетіне қосылады. А. ұрлық жасауға жалғыз келді. Өтіп бара жатырған Б.-ның ұрлық жасауға қосылу себебі, ол бірінші келген адамның ұрлық жасап жатқандығы. Демек өтіп бара жатырған екінші адамнан бірінші адамға бір жақты субъективтік байланыс бар. Ол жасалып жатқан ұрлықты көрмегенде ол жерден ойына еш нәрсе келмей өтіп кетер еді. Ал бірінші келген ұры, екінші адам келуінсіз ұрлықты жалғыз жасады. Оған екінші адам ұрлыққа қосыла ма, қосылмай ма бәрібір еді. Міне бұл мысалда осы бірінші ұрыдан екінші ұрыға кері субъективтік байланыс жоқ. Сондықтан мұндай жағдайда қылмыс жасау бірлескен түрде қылмыс жасауға жатпайды. Олар жасаған ұрлығы үшін жеке-жеке жауап беруі керек.

Қылмысқа қатысушылықта ішкі тұтастықтың немесе бірлесіп қылмыс жасау туралы ой-ниеттің пайда болуы кезеңін анықтау туралы зерттеу әдебиеттерінде аса алшақ пікірлер кездеспейді. Қылмысқа қатысушылардың ішкі бір тұтастығын олардың арасында алдын ала келісім болғанда анық байқауға болады. Алдын ала келісіммен жасалған қылмыстар жоспарлы, тыңғылықты түрде жасалады. Себебі алдын ала келісімнің мазмұнына бірлесіп қылмыс жасау туралы келісім ғана емес, сонымен бірге жасалатын қылмыстың түрі, орны, уақыты, тәсілі тәрізді белгілер енеді. Қылмысқа қатысушылардың арасындағы келісім жазбаша, ауызша әрекеттермен жасалады. Әдебиеттерде алдын ала келісімді әрекет түрінде анықтайды, ал әрекетсіздік арқылы келісім жасауға үндемей келісім беруді жатқызады.

Қылмысқа қатысушылардың араларында алдын ала келісім болмай қылмысқа қатысушылықтың болуын қалай түсінуге болады? Мұндай жағдайларда жасалған қылмыстың ішкі мазмұнына зер салсақ, онда келісімнің элементтерін табуға болады. Барлық қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің бір тұтастығының негізгі белгісі, қылмыстық құрамның субъективтік жағының бір тұтастығы болып табыла-

ды. Анығырақ айтқанда, қылмыс жасау туралы тілектерінде бір тұтастық болады. Бұл бір тұтастық қылмыс жасалар қарсаңындағы немесе қылмыс басталар кездердегі әрқайсысының жағдайды түсінуімен, әрі қарай ортақ қылмысты ниет қалыптасуымен байқалады. Қылмыс орындалып болғаннан кейін орындаушыға ниеттес болып жасалған әрекеттер, қылмысқа қатысушылыққа жатпайды. Себебі қылмыс аяқталды, ал аяқталғаннан кейінгі ниеттес әрекеттер, алдын ала келісімсіз түрде қылмысты хабарламау немесе жасыру тәрізді жеке қылмыстарға жатады. Алдын ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықта да келісім бар деп түсіну керек, бірақ бұл келісім аяқ астынан пайда болған келісімді білдіреді немесе қатысушылар іштей келісімде болады. Соған орай қатысушылар бірінің қылмысты әрекетін екіншісі басқа мағынада емес, сол бірінші қылмысты әрекеттерді бастаған адамның әрекетінің мағынасында түсінуі арқылы іштей келісімде болады. Әдебиеттерде мұндай алдын ала келісім болмаған келісімді «элементарное соглашение» деп атайды. Қылмысқа қатысушылықтағы алдын ала келісім мен алдын ала келісім болмау жағдайының шекарасы міне осылай ажыратылады

2 тарау

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ ТҮСІНІГІНІҢ ДАМУЫ

2.1 Қылмысқа қатысушылық формасының түсінігі

Қылмысқа қатысушылықтың формалары қылмыстық құқықта кеш айтылып, ал Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында арнайы қарастыру 1995 ж. 17-ші наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мне толықтырулар енгізу туралы” Жарлығы арқылы мүмкін болды. Яғни, сол кездегі қылмыстық кодекске 17-1-ші бабы қосымша түрде енгізіліп, ол бап қылмысқа қатысудың формаларына арналды.

Қылмысқа қатысушылық мәселесі қылмыстық құқықтың жеке институты ретінде, ерте ғасырлардан бастау алып, соған қарамай қылмысқа қатысушылық мәселесін арнайы зерттеген заңгерлердің арасында дау тудырып, осы күнге дейін жалғасуда. Осы теорияны бекітуде және дамытуда заңгер ғалымдардың көптеген ойлары мен шешендіктері көрінуде. Вербовая О.В. “жеке адаммен қылмыс жасау әлдеқашан топ болып қылмыс жасауға айналды, ал топ күйінде қылмыс жасау тез ұйымдасқан сипатқа айналуға” дейді [21. 92]. Қылмысқа қатысушылық тақырыбындағы жете зерттелмеген, әлі де өз шешімін толық таппаған жеке мәселелердің бірі қылмысқа қатысушылық формаларының түсінігі болып табылады. Жұмыста негізінен қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру мәселесі қаралатындықтан қылмысқа қатысушылық формасы ретінде нені ұғатынымызды білу – жұмыстың өзектілігінің бірі болып саналады. Осы тақырыпты зерттеген ғалым-криминалистердің еңбектерінде қылмысқа қатысушылық формаларына жалпы, ортақ түсінік берген адамдар кемде-кем. Солардың ішінде осы мәселеге берген түсінігінде П.Ф.Тельнов: “Қылмысқа қатысушылық формасы – бұл екі және одан көп адамдардың қасақана әрекеттері қандай жолдармен біртұтас қылмысқа қосылатынын көрсететін, кінәлілердің өзара әрекеттері әдістерінің

сыртқы жағы”, - дейді [17. 107]. Ал Н.Г. Иванов қылымстық заңда қылмысқа қатысушылық формасының түсінігін бекіту қажеттігін айта келіп: “Қылмысқа қатысушылық формасы-алдын-ала келісіммен және алдын-ала келісімсіз құрылған топ, банда, ұйым ретінде көрінетін топ болып табылады”, - дейді [22. 122]. Қазіргі Ресейден шыққан оқулық әдебиеттерден мынадай да анықтама кездестіруге болады. Қылмысқа қатысу формасы – бұл өзара әрекеттерінің тәсілдері және келісім дәрежесі бойынша ажыратылатын бірнеше адамдардың қылмыс жасау кезіндегі бірлескен әрекеттерінің түрлері [23. 197].

Осы үш анықтама дұрыс па немесе басқаша берілуі керек пе? Көрсетіліп отырған анықтамалар мағынасы жағынан бір-бірінен алшақ жатыр. Н.Г.Ивановтың берген анықтамасы әділетті сынға келеді, себебі мұнда қылмысқа қатысушылық формасының түсінігі жоқ. Ол қылмысқа қатысушылық формалары мен қылмысқа қатысудың қылмыстары түрлерін (аталған еңбектің басқада бөліктерінде) топ ретінде көрсетіп, форма осылай көріне береді дегенге келтіреді. Осы мәселені шешуде дұрыс бағыт болар еді, егер Н.Г.Иванов осы қылмысқа қатысушылық түрлерін көрсетпей, белгілер қолдану арқылы анықтама берген болса және бұл анықтаманың тағы бір күмәнді жері оның барлық қылмысқа қатысушылық формаларын топқа айналдыруы. Егер қылмысқа қатысудың формалары мен түрлері бүгінгі біз білетін түрлерден де көп болған болса, соның бәрін қылмысқа қатысушылық формасының түсінігін беру үшін тізіп көрсете беру керек пе еді? Сондықтан біз бұл анықтамамен келісе алмаймыз. А.А. Герцензон қылмысқа жанасушылықтың анықтамасын беру жайында былай дейді – “Біздің пікірімізше қылмысқа жанасушылықтың түсінігінің анықтамасын бергенде оның түрлерін түгелдеуге апаруға болмайды” [24. 377]. Анықтама беру жайында Ф.Ы.Баймурзин көңілге қонымды мынадай пікір келтірген. “Әрине, оның түрлерін көрсете отырып, біз қандай да бір деңгейде зерттеп отырған түсініктің мазмұнын ашамыз, бірақ түсініктің анықтамасы әрі қарай жалғасып, оған барынша елеулі жақтарымен, құрамдарын, түрлері мен формаларына ортақ барлық белгілерін, оларды біртұтас етіп біріктіретін барлық ішкі байланыстарын қосу керек”, – дейді [25. 19].

П.Ф.Тельновтың берген анықтамасымен ішінара келісуге болады, себебі, оның жасаған анықтамасындағы екі немесе одан көп адамдардың қатысуы, қасақаналық болуы, іс-әрекет және әдістердің сыртқы көрінісі деген белгілер, осы мәселе үшін айтарлықтай жат белгілер

емес. П.Ф. Тельновтың анықтамасының күмәнді тұсы, ол “екі және одан көп адамдар әрекеттерінің қандай жолдарымен біртұтас қылмысқа келіп қосылатынын көрсететін” - деп келтірген сөзі. Егер осы анықтамадағы қойылған сұраққа жауап қойып көрсек, онда қылмысқа қатысушылықтың түсінігінің кеңейтілген анықтамасы шығар еді. Дәлелдей түсейік, мұндағы қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің белгілі бір жолдармен біртұтас қылмысқа қосылуы – бұл қылмысқа қатысушылық формаларының не екенін түсіндіріп, бейнелеуі емес, нақты қылмыстың жасалып шығуы жөніндегі жауапқа сай келіп тұр. “Белгілі бір жолдардың” жауабы-қасақаналық, бірлескен іс-әрекеттің болуы, ал «біртұтас қылмысқа келіп қосылу», - қылмысқа қатысушылар іс-әрекеттерінің объективтік және субъективтік байланыста болуымен анықталады. Осы анықтаманың жалғасы “кінәлілердің бірлескен әрекеттерінің әдістерін ашатын сыртқы көрінісі”, - деген бөлігіндегі “бірлескен әрекеттері” деген белгі біздіңше күмәнді, себебі нысандарды жинақтап жалпы түсінік бергенде “әрекеттер” түрінде емес қылмыстар түрінде, тіпті одан да кең мағынада алу қисынды.

Әрекеттер деген ұғым қылмыс жасау кезіндегі қылмыс құрамының бір ғана элементі және ондағы әрекеттердің әдістері немесе әрекеттердің түрлері “форма” түсінігін беру үшін емес, жеке қылмыс түсінігін бергенде қолданылып жүрген белгі, сондықтан әрекет белгісінің, формаларға түсінік бергенде қажеттілігі көрінбейді. Бұл анықтамадағы “әдістерді ашатын сыртқы көрінісі” деген тұсы қылмысқа қатысушылықтың формаларының түсінігін бергенге жақын келеді. Әдістер және белгілі бір объектінің ішкі немесе сыртқы көрінісі, форма ұғымына жақын келеді. Бұлар объективтік белгілерге жатады және “форма” деген ұғым да философияның объективтік категориясы болып табылады. Ал үшінші келтірген анықтамада авторлар қылмысқа қатысу формаларының бөлу негізін алған. Бұл оқулықтарда қылмысқа қатысушылық формаларын келісімге және қылмысқа қатысушылардың бірлескен әрекеттерінің тәсілдеріне қарай бөледі. Егер осы бөлу негіздерін мойындасақ онда бұл анықтамамен келісуге болар еді.

Философияда “форма” – мазмұнның (біздіңше қылмыстың) өмір сүру және көріну қабілеті. Мұнда ішкі формамен жұмыс істелінеді. Ішкі форма объектінің сапалық белгілерімен байланысты. Бұл философиядағы форманың бір мағынасы, екінші мағынасы “басқа затардан оның бүтіндей айырмашылығын көрсететін шекара, яғни мұнда

объектінің сыртқы формасы айтылады” [26. 237]. “Сыртқы түрлер мен ішкі мазмұндық түрлер шын мәнісінде бір нәрсенің екі жағы”, - дейді Кішібеков “Философия” деген еңбегінде [27. 114]. Яғни форма ішкі және сыртқы мағынаға, қасиетке ие. П.Ф. Тельнов неге сыртқы көріністі алғанын осы анықтаманы бергенде айтпаған. Жалпы бір объектіні елестеткенде оның белгілерін есепке аламыз және соған қарай бір форманы екіншісінен ажырата аламыз, яғни белгілер жиынтығы туралы ой келеді.

Ал осы нақты бүгінгі заңдылықтағы көрсетілген қылмысқа қатысушылық формаларына жалпы ортақ түсінік беру таза теориялық жұмыс болып саналады. Яғни басқа болмыстардан айырмашылығы бар, сонымен қатар қылмысқа қатысушылық формаларының бір-бірінен айырмашылығында білдіретін өмірде кездесетін, құбылысқа түсінік беру.

Қылмысқа қатысушылық формаларының жалпы түсінігін бергенде, осы белгілерді тікелей анықтамада көрсетпей, негіз ретінде алғанымыз дұрыс. Себебі, бұл белгілер талқылау кезінде ғана түгелденеді.

Қылмыстық Кодекстің 27-нші бабына сәйкес, қылмысқа қатысушылық дегеніміз екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлесіп, қасақана жасалатын қылмыстарға қатысуы болып табылады. Осы анықтамаға сай келетін, бірақ бір-бірінен субъективтік және объективтік белгілеріне қарай ерекшеліктері бар әртүрлі қылмысқа қатысушылықтар, жекелеген формаларды құрайды. Қылмысқа қатысушылық формаларының бір ерекшелігі, бірнеше адамдардың бірлесіп жасаған қылмысты іс-әрекеттерін саралауда және оларға жауапкершілік белгілеуде атқаратын маңызы зор. Себебі қылмысқа қатысушылықтың формаларына қарай осы атқарылуға тиісті мәселелер, әр форма бойынша жеке-жеке ереже ретінде шешіліп отырады.

Сонымен, формалар ішкі және сыртқы мағынаға немесе мазмұнға ие дедік. Ішкі мазмұнды жоғарыда объектінің сапалық белгілерімен байланысты дегенмен, қылмысқа қатысушылық формаларының ішкі мазмұны субъективтік белгілердің жиынтығымен анықталады. Формалардың екінші мағынасы ретінде, оның басқа өзіне ұқсас құбылыстардан айырмашылығын көрсететін шекара, яғни сыртқы мазмұн ретінде қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілерінің жиынтығы ескеріледі. Қылмысқа қатысушылық формалары бір-бірінен субъективтік белгілерге қарай емес, негізінен объективтік белгілерге

қарай ажыратылады. Себебі қасақана жасалатын қылмыстарды қасақана жасау, келісімнің көпшілік жағдайларда болуы, қылмысқа қатысушылықтың формаларына тән белгі екендігін білдіреді. Қылмысқа қатысушылық формалары бір-бірінен негізінде объективтік белгілер бойынша ажыратылады. Мысалы, қылмысқа қатысушылардың арасында рольдердің болуы, тұрақтылық, құрылымдық бірлестіктің болуы тәрізді белгілер.

Қылмысқа қатысушылық формаларының бір-бірінен субъективтік және объективтік белгілер көлеміне байланысты да айырмашылығы бар. Мысалы қылмыстық ұйымдасқан топтың қылмысты топ болып орындаушылықтан көлемінің үлкендігі, мұнда тұрақтылық белгісінің қосылуы болып табылады. Яғни қылмысқа қатысушылық формаларының белгілеріне қарай көлемі де әртүрлі болып келеді. Бұл да қылмысқа қатысушылық формаларының негізінен сыртқы мағынаға ие екендігін дәлелдей түседі. Форманың сыртқы көрінісі ретінде, біріншіден шекара, яғни қылмысқа қатысушылықтарды бір-бірінен ажырататын объективтік белгілер, екіншіден көлем, яғни формаларды бір-бірінен объективтік және субъективтік белгілерінің көптігіне қарай ажыратылуын алып отырмыз. Қылмысқа қатысушылық формаларының белгілеріне қарай көлемнің де әртүрлі болуы, бізде қылмысқа қатысушылық түрі бар ма, әлде қылмысқа қатысушылықтың формалары бар ма деген сұраққа қолданатын бірден-бір жауап болып табылады. Бұл мәселені осы жұмыстың тиісті бөлігінде қарастырамыз.

Сонымен қылмысқа қатысушылықтың формалары оның мазмұнының сыртқы жағымен немесе көрінісімен анықталады. Осы жерде М.И. Ковалевтің “Барлық құбылыстарда ішкі жақ мазмұнды, құбылыстың мағынасын, ал сыртқы жақ оның формасын анықтайды” [28. 98] деген сөзіне өз ойымызды салыстыра кетейік. Біз қылмысқа қатысушылық формаларын негізінен объективтік белгілерге қарай ажыратуды ұсынып отырмыз. Субъективтік белгілер бұл мәселеде тек келісімнің болуы немесе болмауы бойынша қылмысқа қатысушылықтарды бөлуде ғана қолданылады. Ал, объективтік белгілерге қарай әр форманың мағынасы анықталары сөзсіз. М.И. Ковалев “мағына, мазмұн ішкі жақты анықтайды”, - дейді. Сонда мазмұн мен мағына ішкі жақты анықтағанда, форманың сыртқы жағын анықтайтын не бар, не қалды? Ол жағын айтпаған. Біздің жасап отырған зерттеуімізше ішкі мазмұн немесе субъективтік белгілер қылмысқа қатысушылықтың көпшілік формаларында бірдей. Мысалы, қылмысты бірге

орындаушылық яғни топ болып қылмысқа қатысу келісімсіз де болуы мүмкін, ал қалған формаларға келісім тән болып келеді. Сондықтан субъективтік белгілермен, яғни ішкі жағымен қылмысқа қатысушылық формалары толық бір-бірінен ажыратыла алмайды. Формалар 27-ші баптағы объективтік белгілер (екі немесе көп адамның қатысуы, бірлестіктің болуы) бойынша емес, 31-ші баптағы әр форманы анықтайтын белгілер бойынша ажыратылады. 31-ші баптағы объективтік белгілер бойынша ғана қылмысқа қатысушылық формаларының не екендігін елестетуге болады.

Ал П.Ф. Тельновтың берген анықтамасындағы “Кінәлілердің өзара әрекеттер әдістерінің сыртқы жағы” деген тұсындағы түсінуге қиын сөз “әрекеттер әдістері” ретінде емес, кеңірек әрі түсініктірек мағынада, яғни 27-ші бапқа сай келетін, бірақ бір-бірінен объективтік белгілеріне қарай ерекшеленетін мағынада алу дұрыс тәрізді. Объективтік белгілер форманың сыртқы жағын бейнелейді дегендіктен, келтіретін анықтамамызда арнайы “сыртқы жағы” деп арнайы атап көрсетпеуде болады.

Ендігі қарастыратын мәселе, қылмысқа қатысушылық формасының түсінігінде 27-ші бапта көрсетілген қылмысқа қатысушылықтың белгілері қолданылу керек пе, әлде керек емес пе екендігін анықтау. Жоғарыда біз қылмысқа қатысушылық формалары 27-ші баптағы анықтамаға сай келетінін немесе содан таралатынын айттық. Қылмысқа қатысушылық белгілерін тікелей қолданбай формаларға түсінік беру қиынға соғады және мағынасы жағынан күнгірт анықтамаға әкеледі. Жалпы берілген анықтама түсінігі оңай берілуі керек. Сондықтан қылмысқа қатысушылықтың түсінігіндегі субъективтік және объективтік белгілерді қолдана отырып түсінік беру, берген анықтамамызды сапалы ете түседі. Ондағы, екі немесе одан көп адамдардың қатысуын, бірлесудің, қасақаналықтың болуын қолдану, сонымен қатар қылмысқа қатысу формаларын топтастыру негізі ретінде қолданылатын критерийді пайдалану келтірген анықтамамызды толық, сапалы етеді деп ойлаймын.

Сонымен қылмысқа қатысушылықтың формалары дегеніміз, екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлескен әрекеттеріне сай келетін, бірақ қылмыстық ниетін іске асыру тәсілі бойынша және өзара субъективтік және объективтік белгілеріне қарай ерекшеліктері бар қылмысқа қатысушылықтардың сыртқы көрінісі болып табылады. Бұл анықтамадағы “қыл-

мыстық ниетін іске асыру тәсіліне қарай” деген негіздемені немесе критерийді былай түсіну керек. Қылмысқа қатысушылар бірлесіп қылмыс жасағанда, оны іске асыру тәсілі ретінде, бір жағдайларда топ түрінде қылмыс жасауды қолданса, ал келесі бір жағдайларда әртүрлі рөлдерді орындау түрінде жасауы мүмкін, сол сияқты бірлесіп қылмыс жасаудың тағы бір тәсілдері ретінде ұйымдасқан тұрақты топты немесе қылмыстық қауымдастықты құру және сол арқылы өздерінің қылмыстық ниетіне жетуді көздеуі мүмкін.

Қылмысқа қатысушылықтың формаларын топтастыру критерийі ретінде алған белгі, яғни “қатысушылардың қылмыстық ниетін іске асыру тәсілі” деген ұғым қажеттілігіне қарай осы білімде қолданылғанмен, оның қайдан шығатындығы және бұл жұмыстағы ролі келесі бөлімде айтылады.

2.2 Қылмысқа қатысушылық формалары жөніндегі теориялық негізгі ағымдар

Қылмысқа қатысушылық формалары жөніндегі мәселе әлі күнге дейін шешімін таппаған даулы мәселе болып келеді. Зерттеуші ғалым-криминалистердің қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру және оларды бөлу критерийі бойынша жасаған қорытындыларында ұқсастық байқалғанымен айырмашылықтар да жетіп жатыр.

Қылмысқа қатысушылықтың формаларын біркелкі және дұрыс шешудің теориялық қана емес, сонымен бірге практикалық мәні зор. Бұл мәселенің Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің арнайы бабында бейнеленуіне ұзақ уақыт өтпесе де, қысқа уақыт ішінде әр алуан бейнеленіп үлгерді. Мысалы, «Қазақстан Республикасы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 17-ші наурыздағы Жарлығы мен алғашқы рет заңға енгенде бір топ адамның алдын-ала уәделесуі бойынша істелетін қылмыстар, ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық формалары көрсетілсе [6. 1], қазіргі қылмыстық кодекстің 31-ші бабында алдын-ала келісімсіз топ адамдарың жасаған қылмысы, алдын ала келісіммен топ адамдардың жасаған қылмысы, ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) болып анықталған.

Мұның бәрі тергеу және сот органдарының қылмысқа қатысушылар әрекеттерін тұрақты квалификация жүргізуіне және олардың жауапкершілік шегін анықтауына кедергі жасары сөзсіз.

Бұл зерттеудің басты мақсатының бірі, ол қылмысқа қатысушылық формаларын анықтау және қылмысқа қатысушылық формаларының бөлу критерийін анықтау болып табылады. Осы мәселені терең зерттеген ғалымдардың қылмысқа қатысушылық формаларын бөлу критерийіне және топтастыруларына шолу жасап өтейік. Ескі әдебиеттердің ішінде Д.А. Дриль қылмысқа қатысушылық формаларын «түрлер» ретінде атап, әр түрлі белгілер бойынша бөледі. Оның бөлуі бойынша 1. Қылмыстың өзі қылмысқа қатысуды қажет ететін жағдайлар, мысалы, Дуэль; 2. Факультативтік қылмысқа қатысушылықтар, мысалы, кісі өлтіру қылмысында өлім болуы немесе болмауы да мүмкін жағдайлар; 3. Қылмыс жасау үшін ой бекітетін және қылмыс жасау құралдарын дайындап қылмысқа қатысушылыққа әкелетін жағдайлар; 4. Бірге қылмыс жасауға әкелетін қылмысқа қатысушылықтар, яғни қылмыс жасау кезінде пайда болған әр түрлі достастықтың нысандары; 5. Қасақаналықпен, абайсыздықпен және кездейсоқта жасалатын қылмысқа қатысушылықтар; 6. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылық; 7. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықтар немесе скоп деп, алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысушылықтан заговорды, шайканы және банданы шығарып бөледі [29. 153].

Осы келтірілген қылмысқа қатысушылықтарды бөлуде Д.А. Дриль форма ұғымының орнына “түрлер” деген философиялық тұрғыдан сай келмейтін және әр алуан жағдайларда қолданыла беретін ұғымды алуы және осы түрлерді бөлу критерийлерінің әр түрлі болуы бұл мәселені шешуде қойылатын талаптарға сай келмейді.

Мұнан кейінгі кезеңдерде бұл мәселені қарастырушылардың бірі А.Н. Трайнин қылмысқа қатысушылықтың 4 формасын ұсынады: 1. Жай қылмысқа қатысушылық, 2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылық, 3. Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтар яғни шайка, банда, 4. Қылмыстық қауымдастық. А.Н. Трайнин бұл формалардың бөлу критерийіне қылмысқа қатысушылардың субъективтік байланысының сипаты мен дәрежесін, яғни субъективтік белгіні алады [11.79].

П.И.Гришаев және Г.А.Кригерде осы негізде қылмысқа қатысушылық формаларын топтастырады. Бұл авторлар формаларымен бірге, қылмысқа қатысудың түрлерін де бөлген. П. И. Гришаев және Г.А.Кригер қылмысқа қатысушылық формалары ретінде: 1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықты; 2. Алдын-ала келісіммен

қылмысқа қатысушылықты; 3. Ұйымдасқан топты; 4. Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықты – қылмыстық ұйымды атайды. Ал қылмысқа қатысушылық түрлеріне олар, жай яғни барлық қылмысқа қатысушылардың әрекеттері бір тектес болатын, қылмысты орындауда тікелей қатысумен бейнелетін қылмысты бірге орындаушылықты және күрделі, яғни қылмысқа қатысушылар арасында роль бөлу орын алатын, түптеп келгенде әрқайсысы сипатына қарай әр түрлі әрекеттерді орындайтын жағдайларды енгізеді [30.63]. Кейінгі шыққан оқулықтардан байқайтынымыз Г.А.Кригер қылмысқа қатысушылық түрлерінен бас тартып, әдепкі төрт форманы мойындап, тек төртінші формадағы қылмыстық ұйымды қылмыстық қауымдастықпен ауыстырады [16. 256-259].

Субъективтік белгіні қолдану негізінде А.А.Пионтковский қылмысқа қатысушылықтың екі формасын ғана бөлуді ұсынады: 1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылық; 2. Алдын-ала келісіммен болатын жай қылмысқа қатысушылықты, ұйымдастырылған топты және қылмыстық ұйымды немесе банданы келтіреді [31. 563]. А.А. Пионтковскийдің топтастыруының П.И. Гришаевпен Г.А. Кригердің топтастыруынан айырмашылығы, ол ұйымдасқан топпен қылмыстық ұйым алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысушылықтың формалары ретінде көрсетілген. А.А. Пионтковский қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыра отырып, бір-біріне қайшы келмейтін формалар сатыларын құруға тырысады. Ол алдын-ала келісіммен таратқан формаларын, қылмысқа қатысушылықтың жекелеген формалары ретінде ұсынады.

Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда П.Ф. Тельнов объективтік критерий бойынша топтастыруды келтіреді. Ол қылмысқа қатысушылардың арасындағы өзара әрекеттерінің әдісін негізгі алып, қылмысқа қатысушылықтың төрт формасын келтіреді: 1) Қылмысты бірге орындаушылық, 2) Әр түрлі рольдер орындаумен анықталатын қылмысқа қатысушылық, 3) Қылмыстық топ, 4) Қылмыстық ұйым [17. 111-112].

Осыған ұқсас, қылмысқа қатысушылардың бірлескен әрекеттерінің сипаты деген критериймен М.И. Ковалев қылмысқа қатысушылықтың екі формасына тоқталуды ұсынады. 1. Бірдей кінәлілік (совиновничество) және 2. роль бөліп қылмысқа қатысушылық (соучастие в тесном смысле слова). Сонымен қатар, М.И. Ковалев қылмысқа қатысушылық түрлерін жеке қарастырып, түрлер ретінде алдын-ала келісім

болатын және алдын-ала келісім болмауын алады. Алдын-ала келісімді өз кезегінде, ол жай қылмысқа қатысушылыққа және қылмыстық ұйым сипатындағы қылмысқа қатысушылыққа бөледі [28. 199-200].

А.А. Пионтковскийдің топтастыруынан негізгі айырмашылығы, М.И. Ковалев келісімнің болуын және болмауын қылмысқа қатысушылықтың түрлері деп алады да келісім жағдайының өзін бөліп, одан тараған формаларды басқаша атауда бөледі.

В.С. Прохоров та өзінің қылмысқа қатысушылық формаларын М.И. Ковалевқа ұқсас негізде топтастырады. Ол “қылмысқа қатысушылық формалары адамдардың арасындағы байланыс сипатын емес оның құрылысында емес, субъективтік байланыстағы адамдардың бірлескен әрекеттер құрылысының ерекшеліктерін бейнелейді, яғни қылмысқа қатысушылар арасындағы байланыс емес, әрекеттер арасындағы байланыс алынады”, - дейді [32.602-603]. В.С. Прохоровтың М.И. Ковалевтан айырмашылығы ол тағы бір форма – қылмыстық ұйымды қосқан. В.С. Прохоровтың топтастыруы бойынша “адамдардың бірлескен қылмыстық әрекеттері үш формада ғана бейнелене алады: жай қылмысқа қатысушылық, күрделі қылмысқа қатысушылық және қылмыстық ұйым” [32. 604].

Таяу арада осы мәселені зерттеушілердің бірі, У.Лыхмус формаларды қылмысқа қатысушылықтың түрлері деп атап, бөлу критерийі ретінде қылмысқа қатысушылардың арасындағы байланыстың құрылыс ерекшеліктерін алады. Қылмысқа қатысушылардың арасындағы қылмыстық байланыстың пайда болу сәтіне байланысты 1. алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылық, 2. алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылықты атап, өз кезегінде алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысуды байланыстың мықтылық (прочность) дәрежесіне қарай үш түрге бөледі. 1. Топ адамдардың алдын-ала келісіммен жасалатын әдеттегі жай қылмысқа қатысушылығы, 2. Ұйымдастырылған топ түріндегі қылмысқа қатысушылық, 3. Қылмыстық қауымдастық түріндегі қылмысқа қатысушылық [33.17]. У. Лыхмустың қылмысқа қатысушылық формаларын “түрлері” деп атағаны болмаса А.А. Пионтковскийдің жасаған топтастыруына ұқсайды. Ол “нақты жағдайлардағы қылмысқа қатысушылық, қылмысқа қатысушылардың ұйымдастырылуының әртүрлі дәрежесімен сипатталады”, - деп қосымша және бір бөлу критерийін ұсынады [33. 17]. А.А. Пионтковскийдің және У.Лыхмустың қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруына

ұқсайтын топтастыруды осы мәселені қазіргі зерттеушілердің бірі, Ю.А.Красиков келтіреді. Ол “қылмысқа қатысушылар әрекеттеріндегі келісімнің әртүрлі дәрежесіне қарай екі формаға бөлуге болады: алдын-ала келісімсіз және ҚК Ерекше бөлігінде әртүрлі көріністерде көрсетілген алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысушылықтар” деп, “мұндай әр түрлі көріністер, алдын-ала келісім бойынша жай қылмысқа қатысушылық, ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық болып табылады”, - дейді [34. 13]. Сонымен бірге ол жекелеген қылмысқа қатысушылықтардың сипаты мен дәрежесіне қарай, қылмысты бірге орындаушылыққа және тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылыққа (соучастие в тесном смысле слова) бөлген [34. 13]. Оның топтастыруында келісім болу немесе болмау жағдайы “форма” ретінде алынып, нысандар “түрлер” және “әр түрлі көріністер” деген атауда аталып отыр. Ю.А. Красиков қылмысты бірге орындаушылықпен роль бөліп қылмысқа қатысушылықтың бөлу критерийіне қылмысқа қатысу сипатымен дәрежесін алады. А.Н. Трайниннің ұсынған бөлу критерийіне ұқсайды. А.Н. Трайнин “қылмысқа қатысушылардың субъективтік байланысының сипаты мен дәрежесін” алған болатын, ал Ю.А.Красиков бұл критерийді объективтік бөлу критерийі ретінде келтіреді.

Осы зерттеушілердің ешқайсысына ұқсамайтын бағытты Ф.Г. Бурчак келтіреді. Оның жоғарыда келтірген ғалымдардың зерттеуіне ұқсамайтын жері, ол қылмысқа қатысушылық мәселесін объективтік белгілер критерийінде бөледі. Ф.Г. Бурчак “Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру, қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы мен олардың қоғамға қауіптілігіне қарай жүргізілмейді. Бұл мәселе, бірлесіп жасалатын қылмыстардың қоғамға қауіптілігіне қарай қылмыстық құқық тарапынан қойылған шектеу (запрет) түрінде жүргізіледі” дей келіп “формаларды топтастырудың критерийі қылмыс құрамдарының конструкциясы болуы керек”, - дейді. Ф.Г. Бурчак қылмыс құрамдарының конструкциясына қарай үш формаға бөледі: 1. тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық, 2. Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылық (delictum sui denetis), 3. қылмысты бірге орындаушылық [35. 124]. Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылыққа Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөліміндегі топ болып жасалатын қылмыстарды қоспай, тек Ерекше бөлімдегі қылмысты бірге орындаушылардың қылмысты толық немесе жартылай орындайтын жағдайларын және жауапкершілігі Ерекше бөлімде қарастырылған басқа да

қылмысқа қатысушылықтарды қосуды ұсынады. Қысқаша нұсқасын айтқанда, Ф.Г. Бурчак ерекше топтағы қылмыстарын, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде арнайы баптар ретінде бөлуді ұсынған [35.119].

Жоғарыда келтірілген осы мәселені зерттеуші ғалымдардың қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруынан байқайтынымыз, ол нысандардың біркелкі анықталмауы және кей ғалымдардың ұқсас ретте нысандарды топтастырғанымен, нысандарды бөлу критерийінің әр түрлі болуында. Бұл мәселені аталған ғалымдардан басқа да ғалымдар, мысалы, М.Д. Шаргородский, М.А. Шнейдер, А.Ф. Зелинский т.б. зерттеді. Бірақ біз осы мәселені зерттеуде әр түрлі бағыттар ұстанған, яғни бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар топтастыруларды алып отырмыз. Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру және бөлу критерийі мәселесі көкейтестілігі – бұл мәселенің XX ғасыр басынан басталып әлі күнге дейін бір тоқтамға келетіндей шешілмеуінде болып табылады. Аталған авторлардың қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруын талдауға ыңғай үшін анық көрсетейік.

А.Н.Траинин

1. Жәй қылмысқа қатысушылық.
2. Алдын-ала келісіммен
3. Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықты. –шайка, банда.
4. Ұйымдасқан топ.

И.П.Гришаев, Г.А.Кригер

1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу.
3. Ұйымдасқан топ.
4. Қылмыстық ұйым.

П.Ф.Тельнов

1. Қылмысты бірге орындаушылық.
2. Әртүрлі рольдер орындаумен қылмысқа қатысушылық.
3. Қылмыстық топ.
4. Қылмыстық ұйым.

У. Лыхмус

1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылық
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылық
 - а) Жәй қылмысқа қатысушылық
 - ә) Ұйымдасқан топ
 - б) қылмыстық қауымдастық

А.А.Пионтковский

1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу
 - а) жәй қылмысқа қатысу
 - ә) ұйымдасқан топ
 - б) қылмыстық ұйым немесе банда

В.С.Прохоров

1. Жәй қылмысқа қатысу
2. Күрделі қылмысқа қатысу
3. Қылмыстық ұйым

М.И.Ковалев

1. Бірдей кінәлілік
2. Тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысу

Ф.Г.Бурчак

1. Тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысу
2. Ерекше топтағы қылмысқа қатысу
3. Қылмысты бірге орындаушылық

Ю.А. Красиков

1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу
 - а) жәй қылмысқа қатысу

ә) ұйымдасқан топ

б) қылмыстық қауымдастық

Қылмысқа қатысу сипаты мен дәрежесіне қарай:

Қылмысты бірге орындаушылық

Тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық.

Біздің бір байқағанымыз, П.И.Гришаев және Г.А.Кригер тәрізді субъективтік критериймен қылмысқа қатысушылықты топтастырудың сәтсіздікке әкелетіндігі. Мұның себебін біз қылмысқа қатысушылық формаларының жалпы түсінігін және формалар мен қылмысқа қатысушылық түрлерін зерттеуде біршама дәлелдедік. Форма-объективтік категорияға жатады және осы себепті барлық зерттеуімізде осы бағытта қарастыруымыз керек. Субъективтік белгілермен бірнеше адамдардың бірлескен қылмысты іс-әрекеттеріне, ғылыми негізді құрылған формаларды келтіру мүмкін емес. Өйткені қылмысқа қатысушылардағы әр алуан жағдайлар сансыз көп психикалық кездерді тудыра береді, осыған байланысты немесе қылмысқа қатысушының психикасының белсенділігінің мөлшеріне қарай жаңа бірдеңені ойлап шығаруға итермелейді. Әрине мұндай жағдайлар заңда ешқашан бейнеленуге жатпайды, сол сияқты теориялық зерттеу мағынасына да жат нәрсе болып табылады.

Біздің жоғарыда келтірген шолудан байқайтынымыз, кейбір қылмысқа қатысу формаларының мағынасы бір болғанымен (мысалы, бірдей кінәлілік, қылмысты бірге орындаушылық, жай қылмысқа қатысу т.б.) атауларының әр түрлі болуы. Келесі, олардың қылмысқа қатысушылықтарды топтастыру кезіндегі біздіңше бір толық емес жері, ол басқа ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасағанымен, өз топтастыруын олармен салыстырмауында. Яғни неліктен басқа формаларды келтіріп отырғанын, оны түсіндіру үшін салыстыру, сынау тәсілдерін қолданбауы болып табылады. Әр автордың өз формаларын түзгенде, бөлу критерийін атауы, зерттеуінің тұрақтылығы үшін жеткіліксіз.

Біздің осы жұмыстағы мақсатымыздың бірі, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру мәселесімен айналысқан ғалымдардың келтірген ұсыныстарының даулылығын анықтау, оны талдау арқылы ашуға ұмтылу. Бірінші кезекте А.Н.Трайнин жай қылмысқа қатысушылықты бөліп шығарады. П.И. Гришаевпен Г.А.Кригер “қылмысты бірге орындаушылыққа А.Н.Трайнин жеткілікті көңіл бөлмеді”

десе де, ол қылмысты бірге орындаушылықтың тек қана жай қылмысқа қатысушылық көлемінде ғана мүмкін екендігіне күмәнданған жоқ [30. 55]. А.Н.Трайнин жай қылмысқа қатысу ретінде алдын-ала келісімсіз жасалған қылмысқа қатысушылықтарды алды. Осыған ұқсас қылмысқа қатысу формасын А.А.Пионтковский, П.И. Гришаев, Г.А. Кригерде келтірген. Оларда алдын-ала келісімсіз түрдегі қылмысқа қатысушылыққа тек қылмысты бірге орындаушылық ғана тән деп есептеді. Осы мәселе жайында П.И. Гришаев және Г.А.Кригер “бірнеше адамдардың бірлесіп алдын-ала келісімсіз қылмыс жасауында, барлық қылмысқа қатысушылардың арасында тек бір тектес қылмысты іс-әрекет болады, яғни көрінеу қылмысты бірге орындаушылық болады”, - дейді [30. 61].

Формаларды топтастыруда бірінші орынға қылмысты бірге орындаушылықты қойған авторлар, қылмысты бірге орындау көбінесе алдын-ала келісімсіз жасалады деп ортақ пікір келтіреді. П.Ф.Тельновта “қылмысты бірге орындаушылықтың көпшілігі, 66,2 % алдын-ала келісімсіз жасалады”, - дейді [17. 115].

Сонымен алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылыққа қылмысты бірге орындаушылық тән болды, керісінше қылмысты бірге орындаушылық алдын-ала келісімсіз түрде де жасала алады. Яғни бұл екі атаудың бір - біріне бірдей шамада маңызы да, саны да келеді. Бірақ қылмысты бірге орындаушылыққа қарағанда алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу ұғымының маңызы тар келеді. Себебі, қылмысты бірге орындаушылықтың алдын-ала келісіммен де жасалуы жиі кездеседі. Субъективтік негізде қылмысқа қатысушылықтарды топтастырушылардың ешқайсысы, қылмысқа қатысушылыққа алдын-ала келісім табиғатын тән екеніне күмән келтірмейді. Субъективтік бағытпен осы мәселені топтастырған авторлар алдын-ала келісімге қарай бөлгенде ұйымдасқан топты, қылмыстық қауымдастықты осы келісімнен таратса, ал кейбіреулері бұл формаларды қылмысқа қатысушылықтың жеке формалары деп атайды [12. 464]. Ондай көзқарас сол кездегі оқулықтардан да кездеседі [36. 233-237]. Екінші көзқарасты жақтайтын авторлар қылмысқа қатысушылықтың формалары деп, бірдей кінәлілікті, тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылықты (әртүрлі рольдер орындаумен анықталатын қылмысқа қатысушылық) және қылмыстық қауымдастықты атайды [37. 33-34], [38. 200-220]. Мұндай бағытты оқулық әдебиеттерде кездеседі [32. 600-604].

Бірінші бағытпен формаларды топтастырушы ғалымдар ұқсас, бірақ айырмашылығы да бар (субъективтік байланыстың дәрежесіне, келісімге, ой беріктігіне қарай) бөлу критерийлерін алғанмен, түптеп келгенде ортақ шешімге келеді, яғни қылмысқа қатысушылардың арасында алдын-ала келісімнің болуына немесе болмауына қарай бөледі. Ал екінші көзқарасты жақтайтындар келісімнің болуы немесе болмауына қарай екі бағытқа бөлгенмен, келісімнен таратқан формаларын объективтік белгілер негізінде бөледі. Екінші топтағы, яғни объективтік белгілер негізінде қылмысқа қатысу формаларын топтастырушылар келісімнің болуы немесе болмауына қарай да бөлінетіндігіне күмән келтірмесе де, өз формаларын келтіру кезінде келісімнің болу немесе болмау сәттерін көрсетпейді. Бұл бір есептен дұрыс та. Олар форма ұғымының өзі объективтік мағынаға, мазмұнға ие екендіктерін келтіреді. Бұл бірінші себебі, екінші себебі қылмысқа қатысушылыққа негізінен алдын-ала келісім тән екендігін келтіреді. Бізде қылмысқа қатысушылық формалары мен түрлерін анықтағанда осы екінші бағыттың, яғни қылмысқа қатысу формалары негізінен объективтік белгілерді қамтитынын ескеруіміз керек. Меніңше қылмыстық құқықта субъективтік белгілерге қарай, кінәлінің қылмысты іс-әрекетіне және қылмыстың зардабына деген психикалық көзқарасы немесе қатынасы анықталатыны болмаса, әр қылмыстың табиғаты, бір-бірінен негізінен объективтік ерекшеліктеріне қарай ажыратылады ғой. Мысалы, қасақана кісі өлтіру мен абайсыздықта қаза келтіруде, жалпы “өлтіру” ұғымын зерттегенде субъективтік қатынастар емес объективтік белгі біреудің өмірін заңсыз жою яғни “жою” ұғымы алынады. А.Н.Трайнин, А.А.Пионтковский, П.И.Гришаев және Г.А.Кригердің ұсынған бағыттарының мағынасы бірдей деп айтуға болады. Себебі бұл авторлар қылмысқа қатысушылықтың формаларын түзгенде қылмысқа қатысушылық формаларындағы объективтік белгілердің ерекшеліктерін ескермеген тәрізді.

Келесі қарастыратын мәселе, әдебиеттерде қылмысқа қатысушылықтың формалары ретінде қылмыстық бірлестікті, ұйымдасқан топты, қылмыстық ұйым немесе банданы келтіргенмен, оларды бөлу критерийіне келгенде авторлардың пікірлері бір-бірінен ажырайды. Зерттеулерде қылмыстық топтан ұйым немесе бірлестік тұрақтылық дәрежесі бойынша ажыратылады. Бұл жағдайдағы бөлу критерийі, аз немесе көп шамадағы субъективтік байланыс болып табылады. Бірақ барлық авторлар осы мәселені шешудегі өз топтастыруларында осы

бөлу критерийін сақтамайды. Мысалы, П.Ф.Тельнов қылмыстық топпен қылмыстық ұйымды ажыратуға бөлу критерийі ретінде қылмысқа қатысушылардың субъективтік беріктігін (сплоченность) ала отырып, тұрақтылық дәрежесіне қарай ажыратады. Сонымен бірге ол ұсынып отырған тағы екі формасын, қылмысты бірге орындаушылықпен әр түрлі рольдер орындалатын қылмысқа қатысушылықты әрекеттердің келісімдік дәрежесіне қарай ажыратады. Сөйтіп екі бөлу белгісін келтіріп, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда ортақ критерийде бөлу тәртібін бұзады.

Осы арада ұйымдасқан топта, қылмыстық ұйымда және қылмыстық қауымдастықта келтірілетін “тұрақтылық” және “беріктік” ұғымдарын қарастыра кеткен жөн. Т.В. Шутелова “беріктік” қылмыстық қауымдастықтың ішкі жағын, ал “тұрақтылық” сыртқы жағын сипаттайды, -дейді [39. 10].

Н.Ф. Кузнецова “Қылмыстық қауымдастықтың беріктігі, ол ұйымның қылмысты тапсырмаларды орындайтын топтардың, бөлімшелердің, нақты бір қатысушылардың өзара әрекеттерінің нақтылығын және біріктірілгендігін сипаттайды”, -дейді [40. 208]. Ресейдің Қылмыстық кодексіне түсіндірмесінде мынандай анықтама берілген: “Беріктік – бұл қылмыстық қауымдастықтың әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы, ол қылмыстың мақсатын іске асыруда қатысушылардың қауымдылығын бейнелейді” [41. 71].

В.С. Комиссаров “Беріктік белгісі ұйымдасқан топпен салыстырғанда қылмысты іс-әрекеттердің жоғарғы дәрежедегі келісімділігін бейнелейді және қауымдастықтың әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан біріктірілгендігін көрсетеді” , - дейді [18. 424].

Л.Д. Гаухман және С.В. Максимов “беріктік - өзіне тән тұрақтылық белгісінен басқа өзге белгілермен, атап айтқанда, “барлығының қол алысуы”, “құпияны сақтау (конспирация)”, арнайы техникалық құралдардың болуы және т.б.”, - дейді [42. 10].

Н.П.Водько тұрақтылық және беріктік белгілеріне берілген түсініктерді салыстыра отырып, жеткілікті деңгейде анықталмаған, соттергеу қызметкерлерін қателіктен құтқара алмайтын түсініктер дей келіп, ұйымдасқан топ тәрізді мәселелерді қарастырғанда тұрақтылық пен беріктік белгілерін синоним ретінде қолдануды ұсынады [43. 23].

Бұл көзқарас қате тәрізді. Біздіңше, “беріктік” белгісі ұйымдасқан топтар мүшелерінің арасындағы байланыстың ең жоғарғы деңгей-

де екендігін білдірсе, ал “тұрақтылық” белгісі сол топтың өміршендігін анықтауда қолданылатын ұғым тәрізді.

Әдебиеттерде келтірілген топтастыру тарихын талдауға кеңірек тоқталайық. Аяғынан бастайық. Қылмыстық бірлестік және қылмыстық топ, ұйымдасқан топ және қылмыстық ұйым немесе банда, қылмыстық топ және қылмыстық ұйым бір-бірінен тұрақтылық дәрежесіне қарай ажыратылады. “Тұрақтылық дәрежесін” не деп ұғу керек дейтін болсақ, онда әдебиеттерде мынадай түсініктемелер берілген.

А.И. Гуров “тұрақтылық” белгісін ұйымдасқандықтың жалпы белгілерінің құрамына жатқызады, яғни ұйымдасқан топтың барлығында бұл белгі болуы керек [44. 193].

“Тұрақтылық дегеніміз – қылмыстық байланыстың ұзақтығын, берік сипатын (стойкий характер) білдіреді. Бұл белгі олардың ойға алған қылмыстық әрекеттері үшін қажетті, аз немесе ұзақ уақытқа ұйымдасқанын білдіреді” [17. 133]. Тұрақтылықтың ұғымы жайында мынадай да пікір кездеседі. В.Быков “Тұрақтылық деген ең алдымен қылмыстық топ құрамының үнемі әрекеттер жасауын білдіреді”- дейді [45. 4].

“Топтың тұрақтылығы, оның қатысушылары қылмыс жасағаннан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатуын қажет ететін жеке бір қылмыс жасаумен ғана емес, бірнеше қылмыстар жасауға есептелініп, үнемі немесе уақытша қылмыстар жасауын білдіреді” [32. 606]. Мұндай пікірмен өз зерттеуінде А.Н.Ағыбаев та келіседі [46. 83], сондай-ақ мұндай бағытты талан-тараж қылмыстары бойынша ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы 2003 жылға дейін қостап, кейіннен бұл мәселе туралы өз бағытын арнайы көрсетуден бас тартты. [47].

Демек, тұрақтылық ұғымының негізіне, топтың ұзақ уақыттар бойы өмір сүруі, қылмыстық байланыстың беріктігі және бір қылмысты жасаумен шектелмейтін әрекеттер енеді. Бұл жерде дереу сұрақ туындайды. Қылмыстық байланыстың аз немесе ұзақ уақыттылығы, үлкен немесе кіші тұрақтылығы т.б. бөлу критерийлерінің өлшемдері неде? Топтың уақытша немесе ұзақ уақыттар бойы өмір сүруі дегеніміз не? Кейбір авторлар “тұрақтылық” белгісін түсіндіру үшін сандық (топтың уақытқа қарай өмір сүруі) және сапалық (беріктік, адамдардың өзара байланысы) критерийлерін қолдануды ұсынады [48. 129]. Бұл екі сағат па, екі ай ма, екі жыл ма? Алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысушылықтарда тұрақтылық белгісі бар ма? Жоғарыдағыдай емес, бұл сұраққа иә деп жауап беруге болады. Себебі қыл-

мыстық топқа да, қылмыстық ұйымға да және тағы басқа тұрақты түрде қылмыс жасайтын топ немесе ұйымдарға алдын-ала келісім тән. Ал алдыңғы сұрақ, үлкен немесе кіші тұрақтылық дәрежесі деген бөлу критерийі түсініксіз, бұл бөлу негізіне ғылыми негізді жауап табу қиын. Зерттеушілер айтқан пікірлерін түсіндіру үшін сот практикасының материалдарына сілтеме жасап, оны ғылыми түрде талқылау арқылы негіздеуге ұмтылады. Сөзіміз құрғақ, дәлелсіз болмау үшін кейінгі уақыттарда жарыққа шыққан қылмысқа қатысушылық тарауының авторы Г.А.Кригер болған қылмыстық құқық оқулықтарының біріне көңіл бөлейік. Ол қылмыстық қауымдастық жайында былай деп жазады. “Қылмыстық қауымдастық – бұл бірлесіп қылмыс жасау жөнінде бірнеше адамдардың келісімі ғана бар бірлестік емес, сонымен бірге мұнда, қылмыскерлердің байланысының күшті ұйымдас-тырылған формалары қалыптасады, қылмысты әрекеттердің арнаулы әдістері ойластырылады, мақсаттары қылмыстар жасау болып табылатын мықты ұйым құрылады” – дейді [16. 259]. Бұл жағдайлардың көрінісін беру үшін, топ құрып бірнеше жылдар бойы валюта алып сатарлығымен айналысқан Рокотов, Файшибенко т.б. істері аталған. Сол сияқты бұл оқулықта “қылмыстық қауымдастықта әдетте ұзақ уақыттар бойы қылмыстық әрекеттер жасау есепке алынады және ол жалпы ереже бойынша ауыр қылмыстар жасау үшін құрылады”, - дейді [16. 269]. Ал қылмыстық қауымдастықтан беріктік дәрежесіне қарай ажыратылатын ұйымдасқан топ, мұнда былай бейнеленген. “Ұйымдасқан топта алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысушылықтың бір көрінісі. Ұйымдасқан топ-дегеніміз екі немесе одан көп адамдардың бір немесе одан көп қылмыстар жасау үшін алдын-ала ұйымдастырылуы болып табылады” [16. 259]. Осы анықтамадан қылмыстық қауымдастықтан ұйымдасқан топтың айырмашылығын көрсету мүмкін емес, себебі мұнда ұйымдасқан топтың да, қауымдастықтың да бірнеше қылмыстар жасау үшін алдын-ала ұйымдастырылуы бірдей сипатталған. Г.А.Кригердің ойынша “ұйымдасқан топ, алдын-ала келісім кезінде аз немесе көп дәрежедегі мықты байланыстар байқалатын берік топ болып табылады” [16. 259].

Түгелге жуық субъективтік бөлу критерийін жақтайтындар қылмыстық қауымдастықты сипаттағанда “аз немесе ұзақ уақыттар бойына қылмыстық әрекеттермен айналысуы”, ұйымдасқан топты сипаттағанда “аз немесе көп мықты байланыстар” (более или менее прочные связи) деген сөздерді пайдаланатыны көңіл аудартады. Қызық, егер

бұл байланыстар көп болса, онда ұйымдасқан топ басқа формаға, мысалы қылмыстық қауымдастыққа айналуына ықпал жасай ма? Соған кейін: бұл аз немесе көп деген ұғымдарға өлшем кәні? Қылмысқа қатысушылардың ұйымшылдығының мықтылығы ұйымдасқан топтарға да тән болып келеді. Тағы да бұл жерде, қылмыстық қауымдастыққа да ұйымдасқан топқа да ортақ болып келетін байланыс мықтылығының ара жігін, екі форма үшін қалай ажырату керек деген сұрақ туындайды. Бұл келтіріліп жүрген ажырату белгісі де шын мәнінде қолдануға келмейтін, себебі өлшейтін өлшемі жоқ белгі болып есептеледі. Демек, бұл да бір форманы екінші формадан, яғни ұйымдасқан топтан қылмыстық қауымдастықты ажыратуға келмейтін белгі болып қала береді.

Ұйымдасқан қылмыстық топта, қылмыстық қауымдастықта да қылмысқа қатысушылар өздерінің қылмыстық ортасы жайында хабардар болады. Бірақ жасалған қылмыстың субъективтік жағы, бәрібір өмірде сыртқы көрінісімен немесе жасаған қылмыстарымен, құрылымдылығымен анықталады. Қылмысқа қатысушылық формаларын субъективтік бағытқа қарай жай қылмысқа қатысуға, ұйымдасқан топқа, қылмыстық ұйымға немесе қауымдастыққа бөлгенде, авторлар осындай формаларда немесе осындай қылмысты ниетін қанағаттандыру тәсілінде қылмыскерлердің қылмыс жасап отырғанын білуін ескерген. Басқаша айтқанда қылмысқа қатысушылардың хабардар болуын алған. Бұл айтып отырғанымыз қылмысқа қатысушылық формаларын субъективтік белгілерге қарай топтастырудың қателікке ұшырататын бір себебі. Келесі себебі, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда адам ойының көлемімен қылмысқа қатысушылық формаларын анықтаудан гөрі, қылмысқа қатысу дәрежесін анықтау мүмкіндігі болып табылады. Біз қылмысқа қатысудағы қатысу дәрежесін бағалағанда, қылмыскердің қылмыстың зардабына деген және қылмысқа қатысушылардың арасындағы беделін, қауіптілік белсенділігін аламыз. Қылмысқа қатысушыларға жаза тағайындағанда қылмыскердің қауіптілік дәрежесі ескеріледі деп барлық авторлар ортақ пікір келтіреді. Қылмыскердің белсенділігі және қауіптілік дәрежесі қылмысқа қатысушылықтың әр формасында әртүрлі дәрежеде болуы да мүмкін. Бірақ қауіптілік дәрежесімен де қылмысқа қатысушылық формалары топтастырылмайды. Себебі әрбір қылмысқа қатысушының қауіптілік дәрежесіне, қылмыскердің қоғамға жат мінезіне қарай әр түрлі жоғарылы–төменді мөлшерде қылмыскердің сансыз

жеке басының қауіптілігін дәрежелейтін, өлшейтін ұғым жоқ. Бұл мәселені практикада соттар өз көзқарасына қарай шешіп, жаза мөлшерінде солай тағайындап келе жатыр.

У.Лыхмустың қылмысқа қатысушылар байланысының мықтылық (прочность) дәрежесіне қарай үш формаға бөлуі, тіпті теория жүзінде де, практика жүзінде де анықталуы мүмкін емес жағдай тәрізді [33. 17]. Меніңше қылмысқа қатысушылар байланысының “мықтылық” дәрежесінің артында үлкен жұмбақ жатыр. У.Лыхмустың ұсынған бөлу критерийі “мықтылықты” анықтау үшін, біз қылмысқа қатысушылардың арасынан ауызша немесе жазбаша келісім түрлерін немесе басқа бір байланыс мықтылығын көрсететін дәлел іздеуіміз керек пе? Біз бұл ойды, қылмысқа қатысу формаларын субъективтік байланыстардың дәрежесімен сипатына, қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің келісушілік дәрежесіне қарай топтастырған авторларға бағыттап айтып отырмыз. Келісімнің сипаты мен дәрежесінің ролі мен маңызын айта отырып, П.И.Гришаевпен Г.А.Кригердің айтқанына тоқталайық. Олар “алдын-ала келісіммен жасалтын қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі, қылмысқа қатысушылардың арасындағы келісімнің дәрежесімен тікелей байланысты”, - дейді [30. 57]. Бұл пікірде осы авторлардың ұшқыр ойларынан шыққан болар. Көңіл бөлейік. Біздіңше қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесінің қылмыстың құрамы үшінде, оны квалификациялау үшін де маңызы бар. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау үшін қылмыстың әдісін, тәсілін, қылмыс зардабы көлемін, қылмыс түрін есепке алуымыз керек. Қылмысқа қатысушылықтың да қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтағанда осы жағдайлар ескерілуі керек. Ал қылмысқа қатысушылардың арасындағы келісім дәрежесін, келісімнің мықтылығын өлшеудің мүмкін емес екенін, оған қажеттілік жоқ екенінде жоғарыда айттық.

Қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесімен келісім дәрежесі емес, келісім мазмұны байланысты болар. Келісім мазмұнына көп белгілер енеді. М.И. Ковалев дұрыс айтады, ол “келісім-қылмыстың әр жағдайларына әсер ете алады: Жоспарланған алынған қылмыстың сипатына, жасалу орнына, уақытына, әрекеттердің әдісіне, қылмысты жасау құралдарына”, -дейді [28. 215]. Қылмысқа қатысушылардың арасында келісім болғанда осы мән-жайлар анықталады, бұл әрине келісім мазмұны емес пе? Сонымен қылмысқа қатысушылық формаларын субъективтік байланыстардың дәре-

жесі мен сипатына, қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің келісушілік дәрежесіне, олардың байланыстарының мықтылығына қарай топтастырушылар өздері дәлелдеп, көрсетіп бөлмегеннен кейін, бізге де келісушілік дәрежесіне, байланыстар дәрежесіне қарай бір форманы екінші формадан ажырату қиынға түсіп отыр. Өйткені қылмыстық құқықта мұндай мәселені дәрежелеп шешетін белгілер жоқ. Бір форма екінші формадан ажыратылғанда келісім дәрежесі, байланыстар дәрежесі, байланыстар мықтылығына қарай емес, қылмысқа қатысудың нақты формаларын сипаттайтын негізгі белгілерге қарай ажыратылады. Міне осындай себептермен де қылмысқа қатысушылық формаларын субъективтік бағытта топтастыруды негізсіз деп тануға болады.

Зерттеушілердің субъективтік критериймен келтірген қылмысқа қатысушылық формаларын түгендесек, мынадай формалар шығады:


1. Жай қылмысқа қатысушылық
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылық
3. Қылмыстық топ
4. Қылмыстық бірлестік
5. Қылмыстық ұйым немесе банда
6. Ұйымдасқан топ
7. Қылмыстық қауымдастық

Жоғарыда келтірген зерттеулердің пайымдауынша, мұндағы соңғы бес форма қылмысқа қатысушылардың беріктік дәрежелерімен бөлінеді. Субъективтік бағыттағы қылмысқа қатысушылық формаларын топтастырушыларға қосылсақ, онда осы жұмыста қылмысқа қатысушылықтың басқа да формаларын ойлап таба беруге болады немесе жоғарыдағы жеті формаға әрі қарай тағы да жаңадан ойлап шығарып қоса берсек, оларда бұлардың арасынан айырмашылығын тауып кете береді. Бірақ бұл формалар осы авторлардың көзқарасына тәуелді емес нақты анықталған, түсінікті болуы керек емес пе? Ұйымдасқан топ бір жыл өмір сүре алмайды, асып кетсе ол қылмыстық ұйымға айналып кетеді немесе қылмыстық ұйым бірнеше қылмыстар жасауға жоспарлануы керек, ал қылмыстық топ тек бір ғана қылмыс жасауы керек деп олардың мүмкіншіліктерін шектеуге болмайды ғой. Жоғарыда келтірілген топтастыруларды талдаудан тек осындай қорытынды ғана шығады.

Қылмысқа қатысушылық формаларын бұлайша топтастыру негізсіз болатындығын кейбір авторлар түсініп, басқа бағытта шешуге ұмтыла-

ды. Қылмысқа қатысушылықтарды топтастыруда басқаша бағыттың қажет екендігі жайында алғашқы пікір келтірген П.И. Гришаевпен Г.А.Кригер болды. Олар алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылықтың бірдей мөлшерде ұйымдасқан топқа, қылмыстық ұйымға сонымен қатар қылмысты бірге орындаушылыққа да тән екендігін келтіріп, қылмысқа қатысушылық формаларын одан әрі түрлерге бөлуді ұсынды. Сонымен алдын-ала келісімсіз және алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылықтармен бірге, зертеушілер қылмысты бірге орындаушылықты және роль бөліп қылмысқа қатысушылықты бөліп шығарады. Олар роль бөліп қылмысқа қатысушылыққа кез келген топ адамдардың қылмысты әрекеттерін (топты, ұйымдарды, бірлестіктерді), яғни қылмысқа қатысушылардың арасында роль бөлу орын алатын барлық жағдайларын енгізу керек пе деп түсінеді. Мұндай бағыт біздіңше күмәнді, себебі бұл жағдайда қылмысқа қатысушылық формаларын бір-бірінен ажыратуда тұрақтылық белгісі қолданылмайды. Қылмысты бірге орындаушылықпен роль бөліп қылмысқа қатысушылық бір-бірінен қылмысқа қатысу сипатына қарай бөлінеді. Бізге бұл бағытты қолдануға келмейді, себебі П.И. Гришаевпен Г.А.Кригер бір-бірімен келіспейтін екі нәрсені бір мәселені шешу үшін қолданып отыр. Мәселе мынада, форма мен түр бір категорияға жатпайтын түсініктер болып есептеледі. Бұл біріншіден, екіншіден роль бөліп қылмысқа қатысушылыққа, қылмысқа қатысушылардың арасында роль бөлу бола алатын барлық топ адамдардың әрекеттері қатысты десек, онда топтастырудағы үшінші және төртінші формалар, яғни ұйымдасқан топпен қылмыстық ұйым барлық маңызын жоғалтады. Егер осы үш ұғымды қоссақ, онда роль бөліп қылмысқа қатысушылық барлық қылмысқа қатысушылық формаларына ортақ болуы тиіс. Бірақ осыдан басқа бұл ғалымдар еш нәрсе айтпаған. Егер П.И. Гришаевпен Г.А. Кригердің қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруын схема түрінде бейнелесек, ол былай келеді.

Алдын-ала келісімсіз



Бұл мәселені басқаша түрде, философиялық көзқарасқа сай келетін түрде А.А. Пионтовский де қарастырды. Ол схемадан көрініп тұрғандай топтық ұғымды (алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылықты) және оның үш түрін келтіреді - алдын-ала келісімнің қарапайым формасын (бұл қылмысты бірге орындаушылық), ұйымдасқан топты, қылмыстық ұйымды. Шамамен осыған ұқсас қылмысқа қатысушылықты формаларын топтастыруды М.И.Ковалевте келтірген. Біздің көңілімізге қонбайтыны, олардың осы мәселені топтастырудағы пікірлері. Мысалы, А.А.Пионтовский жоғарыда атаған екі форманы бөле отырып былай дейді, “қылмысқа қатысушылықтың бір формасы ретінде, алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылық өз кезегінде әр түрлі формаларда көріне алады”, - дейді [31. 563]. Сөйтіп, осы форма көлемінде ұйымдасқан топты, қылмыстық ұйымды немесе банданы атай отырып, бұларды қылмысқа қатысушылықтың жекелеген формалары ретінде атап, тағы да беріктік (сплоченность) дәрежесіне қарай бөлуді ұсынады.

Қылмысқа қатысушылық формаларын зерттеудің бұл ағымынан шығаратын жалпы қорытынды, бұл келтірілген топтастырулар іштей бір-бірімен қарама-қайшылықта болуы, сонымен бірге бір форманы екінші формадан ажыратуда бөлу критерийінің көмескілігі болып табылады. Сондықтан біз қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеудің бұл бағытына қосыла алмаймыз.

Қылмысқа қатысушылық формаларын зерттеудің келесі ағымын Ф.Г.Бурчак келтірді. Ф.Г.Бурчак қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруды субъективтік бағытта қарастырған ғалымдарды сынай келіп, қылмысқа қатысушылық формаларын бөлу критерийіне “жекелеген қылмысқа қатысушылардың жауаптылығын анықтайтын, ерекше қылмыстық-құқықтық бөлу критерийі болып табылатын, қылмыстық құрамдардың конструкциясын” алуды ұсынады [35. 124]. Ол осы ұсынысымен бұл мәселені шешуде объективтік белгі түріндегі бөлу критерийін қолдануды ұсынды. Ф.Г.Бурчак осы бөлу критерийімен қылмысқа қатысушылықтың үш формасын ұсынады, қылмыстық құқықтың Жалпы бөлім институтын құрайтын осы мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылықты (соучастие в собственном смысле этого слова), күрделі қылмысқа қатысушылық: қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында тікелей көрсетілген ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықты және уәделескен адамдардың әрқайсысы тікелей өз әрекеттерімен

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көрсетілген қылмыстарды толық немесе ішінара орындайтын, бірақ топ адамдармен жасалатын қылмыстардың белгілерін қоспайтын қылмысты бірге орындаушылықты келтіреді [35. 124].

Мәселені шешудің бұл бағыты да алғашқы топтастырулар тәрізді айнымалылық, тиянақсыздық, іштей қарама-қайшылық байқататын тәрізді. Бір айта кететін нәрсе, біздіңше мұндағы қылмысқа қатысушылық формаларын бөлуге пайдаланылған объективтік бөлу критерийі, форманың философиялық ұғымына толығымен сәйкес келеді. Енді Ф.Г. Бурчактың осы мәселені шешу жолына зер салайық. Ф.Г. Бурчак, ҚК Жалпы бөлімі институты ретіндегі қылмысқа қатысушылықпен қылмысты бірге орындаушылықтың бір-бірінен ажыратылатынын дәлелдеуге тырысады. Ф.Г.Бурчактың зерттеуін талдаудан бұрын оның келтірген қылмысқа қатысушылық формаларына көңіл аударайық.

“Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімі институтын құрайтын қылмысқа қатысушылық” деген атауына көңіл аударайықшы. Бұл атаудың артында тағы бір атау тұрған тәрізді. Түсінуге қиын және атынан заты білінетіндей атауға келмейді. Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің институтын құрайтын қылмысқа қатысушылық деп аталатын форманы бөлу қажеттігін дәлелдей отырып, Ф.Г. Бурчак былай деп жазады, - “Жалпы бөлім нормасын белгілеудің мағынасы, Кодекстің Ерекше бөлімінде арнайы тыйым салынбаған, бірақ қылмысты орындаушының қоғамға қауіпті іс-әрекетімен себепті байланыста болатын, оған немесе оларға көмектесетінін ескертетін әрекеттерге жаза белгілеу және тыйым салуды тарату болып табылады” [35. 124]. Ф.Г. Бурчак осы алғы шарт негізінде қылмысқа қатысушылық жөніндегі Жалпы бөлім нормасы ретінде мынандай заңның конструкциясын көрсетеді, “Барлық қылмыстарда біркелкі болып келетін ұйымдастырушылық, азғырушылық және көмектесушілік тәрізді әрекеттер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген қылмыс құрамдарының объективтік жағын анықтауда балама белгі ретінде қосылмайды, ол тек қылмысқа қатысушылықтың ерекше формасын құрай отырып, қылмысқа қатысушылардың арасында роль бөлумен байланысты осы мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылықтың жалпы түрінде реттеледі” [35. 124], - деп қорытынды жасайды.

Ф.Г. Бурчактың ұйымдастырушы, азғырушы, көмектесуші тәрізді әрекеттер қылмыстарда кездескенде, роль бөлу жайында айтуы дұрыс,

бірақ, егер роль бөлу болған жағдайлар қылмысқа қатысушылықтың ерекше формасын құрайтын болса, онда бұл форма осы мәселені субъективтік бағытта зерттеушілердің ұсынған роль бөліп қылмысқа қатысушылығынан несімен айырмашылығы болады. Меніңше еште- несімен. Ф.Г. Бурчактың осы ұсыныстарын қабылдасақ, біріншіден оның ұсынған нормалары заңды қолдану техникасы тарапынан жетіл- меген, екіншіден қылмысқа қатысушылықтың бір формалары ҚК Жалпы бөлігінде көрсетілуі керек те, ал қалғандары бөлініп көрсеті- лмеуі керек. Ал қылмысқа қатысушылықтың басқа формалары ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілген, соған сілтеме жасау керек деген ұсы- нысы көңілге қонымсыз, себеі кез-келген құбылыс алғашқы тұтас- тығымен сипатталады (бұл жерде әңгіме құқықтық институт жөнінде болып отыр) және оның жартысын жалпы ортақ түсінікпен ҚК Жал- пы бөлімінде көрсету, ал қалған бөлігін Ерекше бөлімде көрсету көңілге қонымсыз және ҚК Жалпы және Ерекше бөлімдерінің бір- біріне деген байланыс тәртібін бұзады.

Ф.Г. Бурчак қылмысқа қатысушылықтың жеке формасы ретінде ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтар деген форманы келтіреді. Оның пікірі бойынша бұл формаға ҚК Ерекше бөлімінің баптарында көрсетілген әртүрлі қылмысқа қатысушылықтар енеді. Сөйтіп, ол ҚК көрсетілген үш түрлі топты келтіреді. Бұл «уәделесіп (сообща) жа- сайтын адамдар тобы, алдын-ала келісіммен әрекет ететін адамдар тобы, қылмыстық қауымдастық құрған адамдар тобы». “Жалпы осы бар- лық бірлескен әрекеттер үшін”, - деп жазады Ф.Г.Бурчак, - “жеке қылмыстар ретінде Ерекше бөлімнің баптарында бұлар үшін тікелей жауаптылық көрсетілген” [35. 124-126]. Мұнан кейін автор осы ба- ғытын дәлелдейтін, УССР ҚК Ерекше бөлімінен мысалдар келтіреді. Мысалдар ретінде алдын-ала келісім міндетті белгі болып табылмай- тын топ адамдардың қылмыстары жайындағы нормаларды ғана, яғни алдын-ала келісім кінәні және қылмыстың мән-жайын ауырлататын белгі болып табылатын қылмыс түрлерін алады (ҚК УССР 81, 84-ші бб 2 бөлімі, 86-ншы баптар). Ол қылмыстық қауымдастықты жоға- рыдағыдай мысалмен сипаттауды келтірмейді. Бұл түсінікті жағдай әрине, себебі қылмыстық қауымдастық өзіне бірнеше топ түрлерін мысалы, банда немесе ұйымдарды қосатын топтық түсінік болып та- былады. Сонымен қатар, алдын-ала келісіммен құрылған топ, алдын- ала келісімсіз бірлескен топтар тәрізді Қылмыстық кодекстің нақты баптарында көрсетілген топ түрлерін бөле отырып, зерттеуші оларды

заң беттерінен түгендеп шығуды ұнатып, бұларда топтық, ортақ белгілер болу мүмкіндігін келтірді. Осымен бірге, ҚК Ерекше бөліміндегі бірлескен қылмысты әрекеттерге қарай форма ретінде ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықты бөлгенімен, ол осы еңбегінде аяғына дейін бұл критерийді сақтамайды. «Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің нормаларында жеті түрлі топ адамдардың бірлескен қылмысты іс-әрекеттері қарастырылған. Бұлар заговор, ұйым, банда, қылмыстық топтар, жай топтар, ұйымдасқан топтар, алдын-ала келісіммен пайда болатын топтар. Мұндай бірлескен қылмыстар түрлері УР ҚК Ерекше бөлімінде орын алған», дейді. Сонда қалай, қылмысқа қатысушылық формаларына келетін қылмыстар ҚК Ерекше бөлімнің жекелеген баптарында, олардың бөлімдерінде көрсетілген болса, формаларды Ерекше бөлімдегі қатысушылықпен жасалатын қылмыстарды формаларға бөлетін болсақ, онда жеке баптарды оның бөлімдерін тізіп көрсете беруіміз керек бе? Онда қылмысқа қатысушылық формаларының мазмұны Ерекше бөлімдегі бірлескен түрде жасалатын қылмыстардың көрсетілуіне тәуелді болып қалады. Мұндай жағдайда бұл форманың құрамы үнемі анықталу үстінде, анықтау жағдайында болады. Себебі заң шығарушылар ұйымдасқан қылмыстылық мәселенің өзектілігіне байланысты тағы да жаңадан Ерекше бөлімге нормалар қосса, оның өзі Жалпы бөлімдегі қылмысқа қатысу формаларының мазмұнына, құрамына әсер етіп жататын болып шығады. Бұрын болған ғой “шайка” тәрізді, онда да ертерек уақыттарда “скоп”-(тобыр) деген қылмысқа қатысушылықтың түрлері. Мұндай жағдайды ескерсек қылмысқа қатысушылық формалары іштей тұрақсыз және бірлескен қылмысты әрекеттердің жаңадан түрінің шығуына немесе қылмыстық сипатын өзгертуіне байланысты әрқашанда мазмұны өзгеріп отырады. Біздіңше мұндай бағыттағы көзқарас заң қолдану қызметінде қолданылмауы керек, шындықта келгенде қылмысқа қатысушылық формалары туралы мәселе осы ойлардың ұсыныстардың тұрақсыздығына байланысты осы күнге дейін даулы болып келе жатыр.

Ф.Г. Бурчактың қылмысқа қатысушылық формаларын бөлу критерийін қолдануына тоқталайық, ол ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтарды бірлесіп әрекет жасаушы адамдардың үлкен немесе кіші дәрежелі беріктігі, мықтылығы негізінде бөлуді ұсынады. Бұл бөлу критерийінің күңгірттігі, анық еместігі жоғарыда айтылды, сондықтан қайталап отырудың керегі жоқ.

Сонымен қатар, Ф.Г. Бурчак ерекше топтағы қылмысқа қатысушылыққа Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде жеке қылмыстар ретінде көрсетілген ұйымдастырушылық, азғырушылық және көмектесушілік әрекеттері орын алатын жағдайларды да қосады [35. 124]. Ол мұндай қылмыстарға УССР ҚК 169 бабын “парақорлыққа делдалдық жасау”, 208 бабын “жасөспірімдерді қылмыстық жолға тарту” және т.б., нормаларды жатқызады. Оның пайымдауынша әр түрлі рольдер орындау арқылы жасалатын екі форма, яғни ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтағы рольдер түрі ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілгенде, ал осы мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық Жалпы бөлімде көрсетілген. Біздің бір байқайтынымыз, мұндай жағдайдан рольдер өз мазмұнын, қасиетін өзгертіп тұрған жоқ. Қылмысқа қатысушылықта рольдердің болуына қарай қатысу формасы пайда болады. Біз ондай жағдайларды бір қылмысқа қатысушылықтың екінші қылмысқа қатысушылықтардан ерекше немесе ажыратушы белгісі ретінде аламыз. Бұл мәселе келесі бөлімдерде айтылады.

Біздіңше, осы объективтік және субъективтік бағыттар деп саналатын екі бағыттағы қылмысқа қатысушылық формаларын топтастырудағы ортақ қателік-бір форманы екінші формадан ажыратуда анық бір белгінің қолданылмауы және қылмысқа қатысу формаларын бір тұтас топтастырушы немесе ажыратушы белгінің анық болмауы болып табылады. Ф.Г. Бурчактың формаларды топтастыруда негізге алған қылмысқа қатысу рольдері, яғни «Жалпы бөлімге қатысты қылмысқа қатысушылықтың» мазмұнымен “Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылық» мазмұны бойынша, яғни қатысу рольдері өте ұқсас”. Мұнан кейін, қылмысқа қатысушылықтың түрлерін бөлуде де, елеулі белгілері анықталмаған. Осы арада айта кететін бір жайт, беріктік, тұрақтылық дәрежелерінің қылмысқа қатысу формаларын бөлу критерийі болып санаулы күмәнді, себебі бұл белгілер қылмысқа қатысушылықтың көпшілік формаларына бірдей болып келеді. Бірақ бұл мәселені субъективтік бағытта зерттеушілерде де, Ф.Г. Бурчакта да “тұрақтылық дәрежесі” формаларды бөлуші белгілі болып аталып жүр. Бұл ғалымдардың қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда қолданылған критерийлерін немесе белгілерін біз толығымен жоққа шығармаймыз. Қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің келісу дәрежесі, ұйымдастырылу дәрежесі, қатысушылардың әрекеттерінің әдістері, қылмысқа қатысушылардың байланыстарының мықтылық дәрежесі, тұрақтылық дәрежесі, беріктік дәрежесі тәрізді белгілер

шындығында қылмысқа қатысушылық формаларында бар. Бұған ешкімде дау айта алмас еді. Бірақ осы бөлу критерийі ретінде қолданылып жүрген белгілер, барлық нысандарды, барлық демей-ақ қойайық, бірақ кем дегенде қылмысқа қатысудың екі формасын анық ажыратушы белгі бола ала ма? Міне мәселе осында. Егер жоғарыда келтіріп отырған қылмысқа қатысушылықтың бір формасынан басқа форманы өз-ара нақты ажырату талабын қоймасақ, онда осы критерийлердің кез-келгенін қолдана беруге болар еді. Бөлу критерийі ретінде қолданылып жүрген осы белгілермен формаларды ажыратып көтерейік. Бізге бұл талдау ісін жүргізуде критерийге алған “белгілер дәрежесін” қолданбау керек. Оның себебі, дәреже анықтаушы “аз немесе ұзақ уақыттар”, “үлкен немесе кіші тұрақтылық дәрежесі” ұғымдары шын мәнінде нысандарды бір-бірінен нақты ажырата алмайды. Үлкен немесе кіші тұрақтылық дәрежесі деген критерийде уақыт өлшемін белгілеуге итермелеп тұр. Бұл критерийлерді қолдану үшін белгілі бір уақыттарды, байланыстар түрлерін келтіру, сенімсіз, негізсіз жағдайға соқтырады. Жалпы қылмыстық құқықта “дәреже” ұғымы қолданылады, мысалы, қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінә дәрежесі дерген тәріздес ұғымдар. Бұл дәрежелердің қылмыстық құқықта күмән тудырмайтындай анықтаушы белгілері бар. Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда қолданып жүрген дәрежелердің пайдасыздығынан оны алып тастап, сол бөлу критерий ретінде ұсынылған белгілермен формаларды ажыратып көрейік. Қылмысты бірге орындаушылықтан роль бөліп қылмысқа қатысу негізінен қылмысқа қатысу сипатына қарай ажыратылады. Қылмысты бірге орындаушылықта қатысу сипатына қарай бәрі де орындаушылық, ал роль бөліп қылмысқа қатысуда қатысу сипатына қарай кейбіреулер көмектесушілік, азғырушылық тәрізді ролдерді орындайды. Қатысу сипаты деген қылмысқа қатысушылар түрлерін анықтаушы белгі болып табылады. Бұл белгі қылмысты бірге орындаушылықпен роль бөліп қылмысқа қатысушылықты ұйымдасқан топтан бөлуші белгі бола алмайды. Ұйымдасқан топтың да барлық қатысушылары бірге орындаушылар деп бағаланғанымен, онда қосалқы қылмысқа қатысушыларда болуы мүмкін, мысалы азғырушы, көмектесуші. Бұлар бір қылмысты жасауға ғана қатысуы немесе үнемі бір ғана рольді атқарып отыруы мүмкін. Бірақ ұйымдасқан топтың негізгі белгісі оның тұрақтылығы болып саналады. Қылмысқа қатысушылық формаларын бір-бірінен ажыратқанда тек қана әр форманың негізгі анықтаушы

белгілері ғана алынуы керек. Роль бөліп қылмысқа қатысушылықтан ұйымдасқан топ тұрақтылықтың болуы немесе болмауына қарай ажыратылады.

Ұйымдасқан топпен топ адамдардың қылмыс жасауы да осы тұрақтылық белгісіне қарай ажыратылады. Ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық бір-бірінен құрылымы және жасаған қылмыстарының санаттары, яғни ауыр қылмыстарды жасауы немесе жасамауы бойынша ажыратылады. Ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық тұрақтылық белгісіне қарай бөлінбейтін себебі, бұл екі формаға да тұрақтылық тән болып келеді. Ұйымдасқан топта бір ғана құрылым немесе бір топ болса, ал қауымдастықта осындай құрылымдар немесе топтардың бірнешеуі қауымдастықты құрайды. Ал қылмысты топ болып орындаумен роль бөліп қылмысқа қатысудың қылмыстық қауымдастықтан ажыратушы белгілері, тіпті көбейіп кетеді. Қылмыстық қауымдастықпен бұл екі форма негізінен тұрақтылық белгісіне қарай және қосымша түрде құрылымның болуы немесе болмауына қарай ажыратылады. Қылмыстық қауымдастықта тұрақты топтар қауымдастықты құраса, қылмысты бірге орындаушылықта және роль бөліп қатысуда құрылым болмайды. Себебі қылмыстық қауымдастықты тек қана тұрақты топтардың бірлесуі ғана құрай алады. Сонымен қатар, авторлар “қылмыстық ұйым” деген форманы да айтады. Қылмыстық ұйым сырттай қарағанда ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастықтың арасындағы бір форма тәрізді. Бұрынғы әдебиеттерде келтірілген түсініктемелерде, қылмыстық ұйым ретінде еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салу мақсатында сонымен қатар контрабандамен айналысу үшін басқа да кейбір қылмыстарды жасау мақсатында құрылған топтарды және банданы айтады. [32. 606-607], [12. 146].

П.Ф. Тельнов қылмыстық ұйымның мынандай белгілерін атайды. а) екі немесе одан көп адамның қатысуы, ә) ұйымдастырылуы, б) тұрақтылығы, в) арнайы мақсаттың болуы.

Бұрынғы қылмыстық заңда да антисоветтік ұйым, мемлекетті басып алу мақсатымен заговор ұйымдастыру т.б. осы тәріздес ұйым түрлері келтірілген [49. 72]. Қалай болғанда да “ұйым” деген форманы ұсынушылардың пікірі, заңда ұйымның арнайы көрсетілу жағдайына, арнайы мақсатқа немесе қылмыс түріне қарай құрылуына саяды. П.Ф. Тельнов “ұйымдастырылу және тұрақтылық қылмыстық ұйымды басқа қылмысқа қатысу нысандарынан ажыратушы негізгі белгі”, - дейді [17. 132].

Ұйымдастырылғандық, тұрақтылық белгілері қылмыстық қауымдастыққа да, ұйымдасқан топқа да және қылмыстық ұйымға да тән белгі болып отыр. П.Ф. Тельновтың жоғарыдағыдай берген түсініктемесімен келісуге болмайды. Ұйымдастырылу, тұрақтылық белгілері бұл формаларға ортақ екендігін мойындай отырып, формаларды осы белгілерге қарай бөлу, ажыратылуы мүмкін емес, күнгірт “дәреже” деген ұғымды тағы да қолдануға итермелейді. Қылмыстық қауымдастықтан ұйымдасқан топтан қылмыстық ұйым заңда көрсетілген мақсатына және авторлардың “бірігудің арнайы мақсаты” деген дұрыс пікіріне сәйкес, өзге қылмысқа қатысушылықтардан ажыратылады. Яғни ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілген, табиғатының екі немесе одан көп адамдардың қатысуын талап ететін, бірнеше адамдардың қатысуынсыз жасалуы мүмкін емес қылмысқа қатысушылық түрлерінен ажыратылады.

Аталған авторлардың түсінігі бойынша, ұйым тек ҚК Ерекше бөлігінде тікелей көрсетілген кей қылмысқа қатысушылықтардан ғана тұрады. Қылмыстық ұйым басқа формалардан ұйымның арнайы мақсатына қарай да ажыратылады. Ұйымға, ұйымдасқан топқа және қылмыстық қауымдастыққа көпшілік белгілер ортақ болып табылады. Мысалы, тұрақтылық, ұйымдастырылуы және қылмыстарды үнемі жасайтындықтан қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғары болуы.

Осы арада қарастыра кететін бір мәселе, егер қылмыстық ұйымның анықтамасы, оның белгілері ұйымдасқан топқа сай келсе, онда мұндай форманы бөлудің не қажеті бар? Бұған қосымша себеп ретінде айта кететін бір жәйт, қазіргі Қылмыстық кодексте қылмыстық ұйыммен қылмыстық қауымдастық екеуі бір форма ретінде қарастырылған. Егер бұл екеуі бір йформа болып есептелсе, онда синоним ретінде жақшаның ішінде қылмыстық ұйымды көрсетпей алып тастағанда жөн.

Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда қолданылып жүрген бөлу критерийінің басқа бір түрі, “қылмысқа қатысушылардың өзара әрекеттерінің әдістері” болып табылады [17. 112], [50. 194].

П.Ф. Тельнов бұл критерийді былай деп түсіндіреді. Қылмысқа қатысушылардың арасында ортақ қылмыстық ниеттің таралуы кезінде әрекеттердің әдістері әртүрлі болады екен, осыған байланысты қылмысқа қатысушылықтың әртүрлі формалары пайда болады”. Сөйтіп ұсынысының дәлелдемесі ретінде, қылмысқа қатысушылықтың жеке келеген формаларының ерекшеліктерін көрсететін қылмыстық ко-

декстің Жалпы және Ерекше бөлімдері баптарындағы кінәлілердің бірлескен әрекеттері мен әдістерінің құралуын көрсетеді [17. 111]. “ҚК 17 бабының 1 және 3 бөлімдері, қылмысқа қатысушылардың әрқайсысының тікелей қылмысты жасауын бейнелейтін формалардың болу мүмкіндігін көрсетіп тұр. Сол баптың 1- 6 бөлімдерінен кінәлілердің бірлесіп қылмыс жасауда әртүрлі рольдер орындайтын (ұйымдастырушы, азғырушы т.б.) қылмысқа қатысушылық формасының болуы мүмкін екендігі көрінеді. Демек, қылмысқа қатысушылықтың екі формасы қылмысты бірге орындаушылық және роль бөліп қылмысты орындау ҚК 17-ші бабында қарастырылған. 89-93, 144-147, 156-ншы баптарда және тағы басқаларда қылмыстық топтың әдеттегі белгілері көрсетілген. 64, 72-ші баптар қылмыстық ұйымдағы іс-әрекеттердің сыртқы көрінісін анықтайтын ерекшеліктерін бөледі”, - дейді. П.Ф. Тельновтың қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда қылмыстық заңның мазмұнынан формаға сәйкес келетін қылмыстардың түрлерін теріп алып отырғаны белгілі. Бұл дұрыс та өйткені ол формаларды өзінше ойлап таппай, өмірде бар деп, қылмыстық заңда көрсетілген қылмысқа қатысушылық түрлерінен формаларды құрауы қисынды. Бұл мәселеге бұлай топтастыру жүргізгенде “қылмысқа қатысушылардың өзара әрекеттерінің әдістері” деген бөлу критерийін келтіруі де қисынды. Бұл топтастыру және бөлу критерийі туралы анықтайтын мәселе, ол қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстар бойынша қылмысқа қатысушылық орын алғанда, қылмыскерлер әрекеттерінің әдістерімен әр түрлі формалардың пайда болуы.

Біз жоғарыда қылмысқа қатысушылық формаларын бір-бірінен бөлгенде, олардың негізгі белгілеріне қарай бөлдік. Және негізгі белгілер бойынша қылмысқа қатысушылық формалары топтастырылуы мүмкін еместігін білдік. Субъективтік және объективтік бағытпен бөлуді ұсынушылардың бөлу критерийі шын мәнінде бір форманы екіншісінен бөлгенде нақты ажыратушы белгі бола алмайтынын да анықтадық. Тұрақтылық, беріктік, субъективтік байланыстар дәрежелерінің анықтаушысы ретінде аз немесе көп, үлкен немесе кіші деген анықтау түрлерімен формаларды бүтіндей ажырата алмайтынымызды білдік. Қылмысқа қатысушылық формаларының бұл өлшеу қоюды қажет ететін жағдайға бағынбайтынын да дәлелдедік. Себебі осы тұрақтылық, беріктік, мықтылық дәрежелері деген критерийлерді мойын-

дасақ, онда қылмысқа қатысушылықтың тағы бірнеше нысандары пайда болса, соның бәрі бұл критерийлерге сыйып кете берер еді. Тұрақтылық т.б. белгілер дәрежелерін біз тіптен жоқ деп кесіп айта алмаймыз. Бұлар әрине бар белгілер, бірақ бірнеше адамдардың бірлескен қылмыстарының әр жағдайларында әртүрлі болып кездесіп жатуы мүмкін. Анығырақ айтқанда, ұйымдасқан топта қылмыстық қауымдастыққа қарағанда тұрақтылық, беріктік дәрежелері асып кетуі де мүмкін. Себебі, бұл жағдайлар қылмысқа қатысушылардың қылмыстық байланыстарына, қылмыс жасауға деген белсенділігінің психикалық қатынасынан туындайтын әрекеттер түріне жатады.


Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру жайында, кейінгі шыққан оқулықтарда, арнайы әдебиеттерде жаңа бір ұсыныс байқалады. Бұл ұсыныс бойынша қылмысқа қатысу формалары “қылмысқа қатысушылықтың әртүрлі көріністері” деп аталып жүр. Біздің ойымызша мұндай “қылмысқа қатысушылықтың әртүрлі көріністері” деген пікірге итермелеуші себеп, әдебиеттерде ұсынылған қылмысқа қатысу формаларын бөлу туралы критерийлердің оларды қанағаттандырмауы болар деп ойлаймыз. Солай болуы керек. Себебі осы мәселе жайында кейінгі шыққан арнайы әдебиеттерде мұндай ұсыныстың себебі келтіріледі. Ал оқулық әдебиеттерде кең талқылау жүргізілмейтіндіктен тек “қылмысқа қатысушылықтың әртүрлі көріністері” деп аталып жүр. Мысалы, профессор Н.Г. Иванов қылмысқа қатысушылық формаларына қатысты мәселелерді зерттей келіп мынандай қорытынды жасайды. “Сонымен, қылмысқа қатысушылықтың жалғыз ғана болуы мүмкін формасы, бұл мазмұны бойынша толығымен қылмысқа қатысудың түсінігіне сай келетін “топ” (группа) ғана болуы мүмкін. Қылмысқа қатысушылық формалары сияқты топ ұғымы да ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілген қылмысқа қатысушылықтың әртүрлі көріністеріне немесе түрлеріне ортақ түсінік болып табылады”, - дейді [22. 127]. Осыған ұқсас пікірді Ю.А. Красиков те келтіреді. Ол “қылмысқа қатысушылардың әрекеттеріндегі келісімнің әртүрлі дәрежелеріне қарай екі формаға бөлуге болады: Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде әртүрлі көріністерде көрсетілген алдын-ала келісімсіз және алдын-ала келісіммен жасалған қылмысқа қатысушылық. Мұндай әртүрлі көріністер алдын-ала келісімде жай қылмысқа қатысушылық, ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық болып табылады”, - дейді [34. 139]. В. Быковте қылмысқа қатысушылықтың нысандарын

түрлері” деп атайды [51. 19-20]. Біз бұл бағыттағы ұсыныстармен де келісе алмаймыз. Өйткені, біз қылмысқа қатысушылық түрлерімен формаларын анықтау жайлы бөлімде, бүгінгі біз «қылмысқа қатысу формалары» деп атап жүрген ұғымдардың шын мәнінде түрлер немесе әртүрлі көріністер емес формалар екеніне көз жеткіздік. Бұл бір себебі, екінші себебі “әртүрлі көріністер” деген атаудың өзі, нақты құбылысты бөлу немесе топтастыру бағытын білдірмейтін, ғылыми атау түріне сай келмейтін ұғым тәрізді. Егер біз қылмысқа қатысушылық формаларын бір критерийге қарай топтастыратын болсақ, онда “әртүрлі көріністер” деген атау бізге бөтен болып табылады. Бұл дұрыс тәрізді, себебі әртүрлі көріністер деген ұғымды келтірушілерде, қылмысқа қатысушылық формаларының бір критерийде топтастырылмайтынын мойындаушылар.


Егер жұмыстың осы бөлігінің бастапқы беттеріндегі зерттеушілердің ұсынған қылмысқа қатысушылық формаларын осы Н.Г. Иванов, Ю.А. Красиковтердің ұсыныстарымен қоса отырып, оларды салыстырсақ, онда кейбір зерттеушілердің қылмысқа қатысушылық формаларын “форма”, ал кейбіреулерінің «қылмысқа қатысушылықтың түрлері» ретінде атайтынын аңғаруға болады. Оның үстіне қылмысқа қатысушылық формаларын “топ түріндегі қылмыс жасаудың әр түрлі көріністері” деген атауды да кездестіріп отырмыз. Мысалы А.П. Трайнин, П.И. Гришаев, Г.А. Кригер, А.А. Пионтковский, П.Ф. Тельнов, В.С. Прохоров, Ф.Г. Бурчак тәрізді зерттеушілер қылмысты бірге орындаушылық, әр түрлі рольдер орындау арқылы қатысу, ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым немесе қылмыстық қауымдасқтық қылмысқа қатысушылықтың формалары деп атаса, ал бұл ұғымдарды У. Лыхмус, В. Быков тәрізді зерттеушілер қылмысқа қатысушылықтың түрлері деп таниды. Ал Ю.А. Красиков, Н.Г. Иванов тәрізді ғалымдар аталған формаларды “топ түрінде қылмыс жасаудың әр түрлі көріністері” деп атаған. Сонымен қатар қатысушылардың орындайтын әрекеттерінің сипатына қарай бөлінетін жай және күрделі қылмысқа қатысушылықтарды П.И. Гришаевпен Г.А. Кригер қылмысқа қатысудың түрлері деп атаса, ал М.И. Ковалев қылмысқа қатысудың формалары ретінде бағалайды. Мұнымен қатар келісімнің пайда болу моментіне қарай ажыратылатын алдын ала келісімсіз және алдын ала келісіммен қылмысқа қатысушылықтарды А.А. Пионтковский, Ю.А. Красиков “формалар” деп таныса, ал М.И. Ковалев “қылмысқа қатысудың түрлері” деп келтіреді. Егер осы келтірілген талдауды көзге

анық байқалуы үшін схема түрінде келтірсек, онда былай көрінер еді.


Жай қылмысқа қатысушылық, күрделі қылмысқа қатысушылық, ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қауымдастық кейбір зерттеушілерде аталады:



Алдын ала келісіммен немесе алдын ала келісімсіз қылмысқа қатысуды



Жай және күрделі қылмысқа қатысушылықты



Көріп отырғанымыздай, зерттеушілер қылмысқа қатысушылықтың белгілі бір формасын “түрі” деп атаса, ал кейбір зерттеушілер “форма” деп бағалаған, яғни ғалымдардың арасында бұл мәселені категорияның бір түріне жатқызуда біркелкілік жоқ. Қылмысқа қатысушылық формаларына қатысты мәселелердің бұл жағынан да даулы болуының басты себебі, ол ғалымдардың қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттей отырып, неге “формалар” немесе “түрлер” ретінде бағалап отырғанын зерттеу барысында дәлелдей отырып айтпағандығынан деп ойлаймыз. Егер зерттеушілер қылмысқа қатысудың белгілі бір формаларын топтастыру немесе ұсыну барысында неге «форма» немесе «түрі» деп атап отырғанын дәлелдей отырып келтірсе, онда кейінгі зерттеушілер алдыңғы негізді ұсынысқа бағынуға, оны мойындауға мәжбүр болар еді және мұндай үлкен қарама-қайшылық та болмас еді. Жұмыстың осы атауының бірінші бөлімінде біздің қылмысқа қатысушылық формаларының жалпы ұғымына арнайы тоқтауымыздың басты себептерінің бірі де осы қарама-қайшылықтың ортасынан өз бағытымызды алдын ала анықтап алу болып табылады. Мәселенің ғылымда даулы болуы оның практикасына да әсер ететіні белгілі жәйт. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31 бапты қылмысқа қатысушылық формалары (нысандары) деп атағанымен, бұл жағдай бұрынғы Кеңес Одағында болған елдердің кейбіреулерінде біздегідей нұсқада шешілмеген. Мысалы Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 35 бабы қылмысқа қатысушылықтың формалары немесе түрлері деп аталмайды. Оларда теория жүзінде “форма, түр, әр түрлі көріністер” деген ұсыныстардың көптеп кездесуіне байланысты осы мәселені қарастыратын 35 бабы алдын ала келісімсіз түрде топ адамдардың қылмыс жасауы, алдын ала келісіммен жасалған топ адамдардың қылмыстары, ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) деп аталып, аталған баптың бөлімдерінде осы атаулардың (біздіңше формалардың) әр қайсысына түсінік беріледі.

Заң нормасына мұндай арнайы атау бермеу-заң шығарушылық жұмысында өте сирек кездесетін құбылыс деуге болады. Ресей Қылмыстық кодексінің 35 бабына жалпы ортақ атау берілмеуінің бірден-бір себебі осы мәселені зерттеуде бір келкі пікірдің әлі қалыптаспауынан деп ойлаймыз. Бұл мәселе оларда да бәрібір түбінде ерте ме, кеш пе шешілуді қажет ететін сұрақтардың бірі болып табылады.

Бізде қылмысқа қатысушылық формаларының әр қайсысын олардың негізгі белгілеріне қарай ажыратқанда бірде-бір белгі тұрақты ажыратушы белгі бола алмайтынына көз жеткіздік. Біздің бұл талқылаудан жасайтын қорытындымыз, зерттеушілердің ұсынған қылмысқа қатысушылық формалары мазмұны жағынан бір-біріне ұқсас, бірақ бөлу критерийі әртүрлі. Әртүрлі болу себебі, осы мәселені зерттеген ғалымдар бір-бірінің ұсынысына қанағаттанбайды. Сөйтіп басқа бөлу критерийін қарастыруға ұмтылады. Бізде талдауда келтірілген бөлу критерийлеріне қанағаттанбағаннан кейін, бұл мәселені басқа бағытпен зерттеуді жөн көріп отырмыз.

2.3 Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру

Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру мәселесін қарастыруда, бірінші формаларды анықтау керекпе немесе оларды бөлу критерийін атау керекпе-бұл да ойландыратын жәйт. Бізге дейінгі зерттеушілер қылмысқа қатысу формаларын қарастырғанда бөлу критерийін алдымен ұсынады. Бұл дұрыс. Бірақ келтірілген критерийге анықталаған формалардың сай келмеуі-бұл екі мәселенің арасындағы байланысты дұрыс аша алмауды білдіреді. Формаларды топтастырудан бастау үшін топтастыру негізіне жарамды бір белгіні қойып соған қарай бөлу керек сияқты. Біз қылмысқа қатысу формалары олардың түсінігін ашатын белгілеріне қарай ажыратылады дедік. Бірақ ондай бір тұтас ажыратушы белгіні қылмысқа қатысушылық формаларының белгілерінен таппадық. Бөлу критерийін бірінші атап, осы негізде топтастыру үшін қылмысқа қатысушылық формаларының ішінен бір немесе бірнеше белгі ерекшеленіп тұруы керек. Қылмыстық кодекстің 27 бабында көрсетілген анықтамадағы белгілерді ала алмаймыз. Себебі барлық формаларға ортақ белгіні алу, тағы да көмескі, нақты ажырату сапасына келмейтін “дәреже” деген ұғымды алуға итермелейді. Әр форманың өзіне немесе олардың бірнешеуіне ортақ белгілердің ешқайсысы барлық формаларды бөле алмайды (мысалы тұрақтылық).

Бұл айтылғандар жұмыстың осы мәселе жөніндегі бірінші мақсаты, екінші мақсаты келтіретін бөлу критерийіміз анық, түсінікті түрде аталуы қажет. Біздің алдағы жүргізетін зерттеуімізге қоятын талаптарымыз осындай. Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру үшін ұсынатын бөлу критерийіміз, қылмысқа қатысушылық мәселе-

сіне тікелей байланысты маңызды жәйттар болса, анығырақ айтқанда бірлескен түрде жасалатын қылмыстарды саралауға, жауапкершілік көлемін анықтауға немесе қоғамға қауіптілік дәрежелерін т.б. жағдайларына әсер етер белгілер болса маңыздырақ бола түсер еді. Демек бұл жағын барынша ескеруіміз керек. Біз жоғарыда бір форма басқаларынан бір емес, бірнеше белгілер бойынша ажыратылуы да мүмкін екендігін айттық. Әлем тану ғылымында формалар бір-бірінен түсіне, салмағына, көлеміне т.б. белгілеріне қарай ажыратылу мүмкінділігіне ие. Сонымен қатар, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруға да қоятын талаптар жеткілікті. Біріншіден, авторлардың осы мәселе жөнінде келтірген алуан түрлі атаудағы, формаларды анықтауға арналған ұғымдарын анықтап, іріктеу керек. Екіншіден, ҚК Ерекше бөліміндегі табиғатынан қылмысқа қатысушылықпен жасалатын қылмысқа қатысу түрлерін қай формаларға жататынын анықтау керек. Баяндалған жағдайларды ескерсек, бізге сырттан бөлуші критерий іздеуге тура келеді. Яғни ҚК 27-ші және 31-ші баптарында көрсетілмеген бөлу белгісін табуға мәжбүрлік туып отыр. Егер қылмысқа қатысушылық формаларын бөлуге сырттан белгі таба алатын болсақ, онда бізге алдымен бөлу критерийін емес, формаларды бірінші қарастыруға мүмкіндігіміз бар. Керісінше, қылмысқа қатысушылық формаларын анықтаудан, топтастырудан емес, бөлу критерийінен бірінші қарастыруға мүмкіндігіміз бар, егер біз осы мәселені зерттеушілердің ұсынған формаларымен өзіміз келтіретін формаларда елеулі айырмашылықтар байқалмаса. Шынын айтқанда бұл мәселені зерттеген ғалымдардың ұсынған формаларында елеулі айырмашылықтар жоқ. Сонымен, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру немесе бөлу критерийін қарастыру жоғарыда айтылған себептер бар болғанда, бұл екеуінің де бірінші болып зерттеуге алынуға мүмкіндігі бар екен. Негізінде қылмысқа қатысушылық формалары мен оларды бөлу критерийі, өзара тығыз байланыста қарастырылатын мәселе болып есептеледі. Бірақ басын ашып алатын бір мәселе, егер қылмысқа қатысушылық формаларын бөлу критерийі ретінде сырттан тапқан белгі мойындалмайтын болса, онда бізде “қылмысқа қатысудың әртүлі көріністері” деп атауға мәжбүрміз. Оған Н.Г. Иванов, Ю.А. Красиков айтқандай бөлу критерийі керек емес. Біз сырт белгілер ретінде ҚК 27-ші және 31-ші баптарындағы анықтамаларға көрсетілмеген, яғни заңда және заң теориясында келтірілмеген, бірақ қылмысқа қатысушылық формала-

рына міндетті түрде қатысты белгілерді алуды айтып отырамыз. Тура-сын айтқанда, қылмысқа қатысу формаларының бөлу критерийін алдымен келтіріп, сол бөлу критерийі бойынша формаларды топтастыруда қиындыққа соқтырады. Себебі, келтірілген бөлу критерийіне толық жауап беретін немесе сол критерийден тікелей тарайтындай формаларды анықтауды жүргізсек, онда біз бұрынғы зерттеушілер келтірген формалардан тым алшақ кетіп қалуымыз мүмкін. Мысалы тұрақтылық белгісіне қарай бөлетін болсақ, тұрақты ұйымдасқан топпен және тұрақсыз роль бөліп қылмысқа қатысу тәрізді екі ғана қатысушылықты келтіре аламыз да, ал қалған алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықтармен қылмыстық қауымдастықты келтіре алмаймыз. Өйткені тұрақсыз жасалатын қылмысқа қатысушылықтар өзара басқа белгілерге қарай бөлінеді. Қылмыстық қауымдастықпен ұйымдасқан топ екеуі де тұрақты жасалатындықтан орларда басқа белгілерге қарай бөлінеді. Сондықтан біз алдымен қылмысқа қатысушылық формаларына көңіл аударуымыз керек.

Бір айта кететін мәселе, бізге дейінде осы мәселені зерттеген авторлар қылмысқа қатысушылықтың алуан түрлі атаудағы формаларын келтіреді:

1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу.
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу.
3. Жай қылмысқа қатысушылық.
4. Қылмысты бірге орындаушылық.
5. Бірдей кінәлілік.
6. Топ болып қылмысқа қатысушылық.
7. Роль бөліп қылмысқа қатысу.
8. Күрделі қылмысқа қатысу.
9. Тығыз мағыналы сөздегі қылмысқа қатысу.
10. Осы мағыналы сөздегі қылмысқа қатысу.
11. Ерекше топтағы қылмысқа қатысу.
12. Ұйымдасқан топ.
13. Қылмыстық топ.
14. Қылмыстық бірлестік.
15. Қылмыстық топтастық.
16. Қылмыстық ұйым.
17. Қылмыстық қауымдастық.

Осыншама көп атаудағы қылмысқа қатысушылық формалары шын мәнінде барма деген сұрақ туындайды. Осы 17 түрлі атаудағы қыл-

мысқа қатысушылық формалары бар ма, жоқ па осыны анықтап көрейік. Ең алдымен алдын-ала келісімнің болуына немесе болмауына қарай қылмысқа қатысу формаларын атау күңгірт жағдайларға соқтырады. Өйткені, алдын-ала келісіммен жасалған қылмысқа қатысушылықтың артында бір-бірінен объективтік белгілеріне қарай айырмашылықтары бар формалар бар. Бұл, келісімге қарай қылмысқа қатысу формаларын келтірмеудің бірінші себебі, екінші себебі қылмысты бірге орындаушылық және қылмысты роль бөліп орындау тәрізді формалар алдын-ала келісіммен де, алдын-ала келісімсіз де жасалуы мүмкін. Алдын-ала келісімнің болуы немесе болмауы қылмысқа қатысушылықты келісімге қарай бөлудің бір түрі болып саналады. Бірақ біздің ойымызша ұйымдасқан қылмыстық топ және қылмыстық қауымдастықтан басқа формалар алдын-ала келісіммен де келісімсіз де жасала алады. Бұл мәселеге кейінірек толық тоқталамыз. Үшіншіден, қылмысқа қатысушылардың арасында алдын-ала келісімнің болуы немесе болмауының қылмысты квалификациялау үшін елеулі маңызы жоқ. Бірнеше адамдардың бірлесіп істеген бұзақылығында, кісі өлтірушілігінде және басқа да қылмысты әрекеттерінде алдын-ала келісім болды ма, әлде болмады ма одан қылмысты квалификациялау өзгермейді. Сондықтан қылмыстық заңда алдын-ала келісімнің болуы немесе болмауы кейбір қылмыстар бойынша мүмкін екенін ескеріп, тек жауаптылықты ауырлататын құрам ретінде “егер топ адам жасаса” деп қана келтіреді. Мысалы, ҚК 120 бабының 2 бөлімінің “а” тармақшасында, 275-ші баптың 2-ші бөлігінің “б” тармақшасы т.б. Сондықтан да алдын-ала келісімнің болуы немесе болмауы қылмысқа қатысушылықтың қарапайым, ортақ белгісі ретінде көрініп, бірақ форма болып саналмайды.

Келесі жәйт қылмысқа қатысушылардың қылмыстық объективтік жағын толық немесе ішін-ара орындайтын жағдайы жөнінде. Зерттеушілердің монографиялық және оқулық әдебиеттерінде қылмысты бірге орындаушылық, бірдей кінәлілік, топ адамдардың қылмыс жасауы, жай қылмысқа қатысушылық деген атаулар жиі кездеседі. Бұлар бір форманы білдіре ме әлде бір-бірінен айырмашылықтары бар атаулар ма? Бұл атаулардың мағынасын анықтау тәсілі ретінде, бірнеше зерттеушілердің берген түсініктерін салыстырып көрейік. Жай қылмысқа қатысушылық ретінде А.Н. Трайнин алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысуды келтіреді [11. 80]. Осыған ұқсас қылмысқа қатысушылық формаларын А.А. Пионтковский, П.И. Гришаев, Г.А. Кри-

гер ұсынады. Бұл аталған авторлар алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылыққа тек қылмысты бірге орындаушылық тән деп санайды. Бұл мәселе жайында П.И. Гришаев пен Г.А. Кригер “алдын-ала келісімсіз бірнеше адамның бірлесіп қылмыс жасауында көбінесе олардың арасында біртектес қылмыстық әрекеттер орын алады, яғни көрінеу қылмысты бірге орындаушылық болады”, -дейді [30. 55]. Бұл пікірлерден әзірге байқағанымыз алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықта тек қана қылмысты бірге орындайтын немесе қылмыстың объективтік жағы белгілерін тікелей орындайтын жағдайлар ғана бола алады. Бұл авторлар формаларды топтастыру кезінде қылмысты бірге орындауға қатысатын жәйтті “жәй қылмысқа қатысушылық” деп атап отыр. Сонымен қатар зерттеуші ғалымдардың “бірдей кінәлілік” деген ұғымды да қолданатыны байқалады. Мысалы, М.И. Ковалев осы мәселені қарастыру барысында былай дейді, - “Бірнеше адамнан құралған қылмыстық топ роль бөлмей-ақ әрекет ете алады. Яғни осы топтың қатысушылары қылмысты бірге орындаушылар болады, онда бұл топ бірдей кінәлілік формасында да бола алады. Керісінше егер өзара роль бөлсе тығыз мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық болады” [28. 200].

Сонда М.И. Ковалевтың бұл келтірген түсіндірмесі бойынша қылмыстық топта, қылмысты бірге орындаушылықта, бірдей кінәлік те бір форма болып, қылмысты орындауға тікелей қатысатын жәйт болып есептелуі керек. Ол осы үш атауды да бір мағынаға әкеліп тірей отырып, осы еңбегінің келесі беттерінде қылмысты бірге орындаушылықпен бірдей кінәліліктің айырмашылығын келтіреді. Оның пікірінше “қылмысты бірге орындаушылық дегеніміз қазіргі бізде қолданылып жүргендей қылмысты орындауға тікелей қатысу да (қылмыстық объективтік белгілерін ішінара орындау ол кездерде айтылмаған), ал бірдей кінәлік-бірнеше адамның бір немесе бірнеше қылмыстарды жасаудағы қасақана бірлескен әрекеттері, яғни қылмысты тікелей жасайтын әрбір қылмысқа қатысқан адам орындаушы болып табылады” [28. 200]. Негізгі айырмашылығы ретінде қылмыстың объективтік жағындағы әртүрлі әрекеттерді орындаушыларды келтіреді. Мысалы, бірдей кінәлілікте бірінші қылмыскер ұрлайды, екіншісі сатады.

Біздіңше бірдей кінәлілікпен қылмысты бірге орындаушылықтың арасынан айырмашылық іздеп жату негізсіз. М.И. Ковалевтың қылмыстық топқа, бірдей кінәлілікке, қылмысты бірге орындаушылыққа

алғашқы берген сипаттамасы, яғни үш ұғымды да бір мағынаға, қылмыстың объективтік жағын орындауын қажет ететін жағдайға тіреуі көңілге қонымды. Себебі М.И. Ковалевтің бірдей кінәлілікке келтірген жоғарыдағы мысалының өзі, алдын-ала келісіммен топ адамдардың қатысуымен бейнеленетін ұрлыққа (біздің ҚК 175-ші бабының 2-ші бөлімінің “а” тармақшасы) сай келеді. Мұндай жағдайларда бәрібір қылмыстың объективтік жағы белгілерін орындау орын алады. Сонымен М.И. Ковалевтің да “бірдей кінәлілік” деген ұғымына берген анықтамасы П.И. Гришаевпен Г.А. Кригердің, А.А. Пионтовскийдің жай қылмысқа қатысушылық немесе қылмысты бірге орындаушылыққа берген анықтамасымен мағынасы сай келеді.

Келесі қарастыратын мәселе “топ адамдар” (группа лиц) деген ұғымының мағынасы. Қылмысқа қатысушылық туралы монографиялық әдебиеттерде “топ адамдар” деген ұғым жиі кездеседі. Осы мәселені арнайы зерттеген ғалымдардың бірі Р.Р. Галиакбаров былай дейді. “әрбір қылмысқа қатысушы қасақана басқалармен бірлесіп келісімді түрде, барлығына ортақ қылмысты толық немесе жартылай көлемде орындалуын іске асырған жағдайды топ адамдар қылмысы деп танимыз” [20. 6]. Бұл анықтаманың жоғарыда аталған жай қылмысқа қатысушылық, бірдей кінәлілік тәрізді ұғымдарға дәл келетінін Р.Р. Галиакбаровтың мынандай сөзінен аңғаруға болады. Ол топ адамдардың алдын-ала келісіммен жасаған қылмысы деп квалификациялау үшін мыналарды анықтауды керек етеді. “а) орындаушылардың көп болуы, б) әрқайсысының қылмыстың объективтік жақ белгілеріндегі әрекеттерді толық немесе ішін-ара орындауға қатысуы, в) қылмысты бірлесіп жасауы, г) бірлесіп қылмыс жасау кезінде әр қатысушыда қасақаналықтың болуы, д) бірлесіп қылмыс жасау жөнінде өзара хабардарлығын құрайтын, топқа қатысушылардың әрекеттерінің келісімді болуы, е) топ болып қылмыс жасау үшін алдын-ала келісім” [20 . 8].

Сонымен қатар, алдын-ала келісімсіз топ адамдардың қылмыс жасауын анықтайтын белгілер ретінде мына белгілерді атайды. “а) екі немесе одан көп адамдардың қатысуы, б) қылмыс құрамының объективтік жағы белгілерін орндауға әрбір адамның қатысуы, в) қылмысты бірлескен түрде жасау, г) әрбір қылмысқа қатысушыда қасақаналықтың болуы, д) бірлесіп қылмыс жасау жөнінде, топ мүшелерінің арасында келісімді әрекеттерінің екі жақты байланыста болуы” [20. 34].

Осылардың қай белгісі қылмысты бірге орындаушылыққа немесе бірдей кінәлілікке сай келмейді? Бәрі де келеді. Р.Р. Галиакбаров қылмыстық топтың келісімге қарай екі түрін келтіреді. Қылмысты бірге орындаушылықтың немесе жай қылмысқа қатысушылықтың алдына ала келісіммен де, алдын-ала келісімсіз де жасалуы мүмкін екендігі даусыз нәрсе. Р.Р. Галиакбаровтың “тобымен” қылмысты бірге орындаушылықтың арасындағы бір айырмашылық-бұл Галиакбаровтың топ адамдар қылмысын күрделі немесе роль бөліп қылмысқа қатысушылықтан басқа барлық формаларға жатқызуы [20. 6]. Топ адамдар түрінде қылмыс жасаудың белгілері роль бөліп қылмысқа қатысушылықтан басқа формаларда кездесе алатын болса, қылмысты бірге орындаушылықтың белгілері роль бөліп қылмысқа қатысушылықтан басқа формаларда кездесе алады деп айтқан авторларда аз емес. Зерттеушілер ұйымдасқан топты қарастырғанда, қылмыстың объективтік жағы белгілерін толық немесе ішін-ара орындайтын жағдайдан басқа “тұрақтылық” деген белгіні қосады. Мысалы, П.Ф. Тельнов “ұйымдасқан топ-көптеген қатысушылардың бір адамның басқаруымен іске асырылатын жетекшілігінің болуымен, ұйымдастырушының қызметімен, сонымен қатар кем дегенде екі адамның ұйымдасқан әрекеттеріне есептелінген, бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау мақсатында біріктірілуімен сипатталады”, -дейді [17. 121]. Бұл анықтамада бір немесе бірнеше қылмыстарды алдын-ала ұйымдастырылған түрде жүзеге асыру мақсаты тұрақтылықты бейнелейді. Ұйымдасқан топта ұйымдастырушы немесе жетекші сол топтың арасынан да немесе арнайы ұйымдастырушылық әрекетпен айналысатын адамнан да шығуы мүмкін. Қылмысты бірге орындаушылықта да осылай бола алады. Егер топ және қылмысты бірге орындаушылық қылмысты орындаумен айқындалатын болса, онда мұндай топтар тұрақты түрде қылмыстылықпен айналысқан жағдайда екеуі де ұйымдасқан топқа айналады. Сонда, топтың немесе қылмысты бірге орындаушылықтың ұйымдасқан топтан негізгі елеулі айырмашылықтары-бұл ұйымдасқан топта “тұрақтылық” және қосымша белгі ретінде ұйымдастырушы, жетекшінің болуы болып есептеледі.

Ендігі жәйт кей зерттеушілердің еңбектерінде жеке форма болып аталып жүрген және басқа зерттеушілерде анықтаушы, түсіндіруші белгі ретінде қолданылып жүрген “қылмысты бірге орындаушылық” жайында. Қылмысты бірге орындаушылықты жеке форма ретінде бөлген П.Ф. Тельновтың пікірінше “барлық бірлесіп әрекет еткен

адамдардың қылмыстың объективтік жағын тікелей орындауы қылмысты бірге орындаушылық болып табылады. Қылмысты әрекеттерінің көлемі шамамен бірдей немесе әртүрлі болуы мүмкін” [17. 113]. Тап осындай анықтаманы Ф.Г. Бурчак келтіреді. Ол қылмысты бірге орындаушылық-бұл объективтік белгілерді бірге орындау дей отырып мынандай анықтама береді. “Заңда топтың жасауы ретінде көрсетілмесе де, қылмыстың объективтік жағын бірлесіп орындау қылмысты бірге орындаушылық деп танылады”, -дейді [35. 130].

Біздің осыншама зерттеуші ғалымдардың анықтамаларын түгендегенімізде бір байқағанымыз мынау, жай қылмысқа қатысу, бірдей кінәлілік, топ адамдардың қылмыс жасауы, алдын-ала келісімсіз қылмыс жасау деген ұғымдарды ұсынушылар, мұны түсіндіргенде бәрі бір ауыздан қылмысты тікелей орындауға қатысу дейді. Ал қылмысты бірге орындаушылық деген ұғымды келтірушілер түсіндіргенде “қылмыстың объективтік жағы белгілерін орындауға қатысу”, -дейді.

Бұл жерде туындайтын бір мәселе біз осы ұғымдардың қайсысын форма ретінде тануымыз керек. Біздіңше қылмысқа қатысу формалары да атынан заты көрінетіндей түсінікті атауымен аталуы керек. Бірдей кінәлілікте де, жай қылмысқа қатысуда т.б. қазбалап анықтағанда біз бәрібір бұлардың түптеп келгенде қылмыстың объективтік белгілерін түгел немесе ішін-ара орындаумен анықталатынын біліп отырмыз. Сондықтан біз атауының өзінен заты да көрінетіндей, жеңіл ұғым ретінде “қылмысты бірге орындаушылықты” немесе “топ адамдардың қылмыс жасауын” аламыз. ҚР ҚК Ерекше бөлімінде қылмысты бірге орындаушылық барлық баптарда (мысалы, меншікке қарсы қылмыстарда, басқару тәртібіне қарсы қылмыстарда) “топ адамдар” деп аталып жүр. Осы жайтты ескергенде, ҚК Жалпы бөлімінің 31бабында қылмысты бірге орындаушылық деп, ал Ерекше бөлімде топ деп көрсетуге болмайды. Сондықтан, ҚК Жалпы бөлімінде де, Ерекше бөлімінде де “топ” ретінде атау мәселенің бір ыңғайлы шешілуіне септігі тиері даусыз. Қылмысқа қатысушылықтың бұл нысаны қазіргі Қылмыстық кодексте де осы атаумен “топ” деп аталып жүргені зерттеуімізге сай келеді.

Келесі мәселе қылмысқа қатысушылардың арасындағы ҚР ҚК 28 бабының 2,3,4,5, бөлімдерінде көрсетілген роль бөлу жайында. Мағынасы осы роль бөлуге сай келетін әртүрлі атаулар зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде жиі кездеседі. Мысалы, тығыз мағыналы сөздегі

қылмысқа қатысу, осы мағыналы сөздегі қылмысқа қатысу, күрделі қылмысқа қатысу, роль бөліп қатысу тәрізді атаулар.

“Тығыз мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық” деген атауды ұсынушылар М.И. Ковалев, Ф.Г. Бурчактардың пікірлері “қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі жекелеген қылмыстардың объективтік белгісі ретінде көрсетілмегенмен, барлық қылмыстарда бір тектес ретте ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші ретінде кездесе алатын әрекеттер немесе қылмысқа қатысушылардың арасында роль бөлу мен байланысты жағдайлар, тығыз мағыналы сөздегі қылмысқа қатысуды немесе күрделі қылмысқа қатысушылықты бейнелейді”, - деген ортақ пікірлерге саяды [52. 121], [35. 125-126]. Күрделі қылмысқа қатысу, роль бөліп қылмысқа қатысу деген атаудағы формаларды ұсынушылардың пікірі де жоғарыдағы анықтамаға дәлме-дәл келеді. Олар “қылмысқа қатысушылардың кейбіреулері толық немесе ішін-ара қылмыстың объективтік белгілерін орындап, ал қалған қатысушылардың Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі қылмыстардың шегінен тысқары келетін, ҚК 17-нші бабындағы ұйымдастыру, айдап салу, көмектесу тәрізді әрекеттерді орындауын” ұсынады [15. 88]. Осы тәріздес пікір оқулық-әдебиеттерде кездеседі [53. 141]. П.Ф. Тельнов та осындай түсінік берген [17. 117].

Біздіңше “роль бөліп қылмысқа қатысу” деген атауды қолдану дұрыс тәрізді. Себебі, жоғарыдағы зерттеушілердің келтіріп жүрген анықтамасына қарағанда бұл форманың негізгі мағынасы қылмысқа қатысушылардың қылмысты роль бөліп орындауымен анықталады. Тағы бір себебі “роль бөліп қылмысқа қатысу” деген атаудың өзінен оның не жайындағы форма екендігі, қылмысқа қатысудың қандай жағдайларына арналғандығы білініп тұр. Негізінде “тар мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық, тығыз мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылық” деген тәрізді атаудағы формалар авторлардың өз еркінен шығарған атаулары. Заңды халық оқиды, ол заңның тілі халыққа түсінетіндей жеңіл болуы керек.

Осы арада басын аша кететін жайт, біздің осы келтіріп отырған формаларымыздың бүгінгі ҚР қылмыстық заңның 31 бабындағы қылмысқа қатысу формаларымен арақатынасы жайында. 31 баптың 1 бөлімінде “егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады”. Осы баптың 2 бөлімінде “егер қылмысты бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол

адамдар тобының алдын-ала сөз байласып жасаған қылмысы деп танылады”-делінген.

Қылмысқа қатысушылардың арасында субъективтік байланыстардың болуы немесе болмауына қарай формаларға бөлу, біздің жоғарыда келтірген зерттеу бағытымыздан өзгеше. Өйткені біз қылмысқа қатысушылықтың формаларын объективтік категория ретінде танып, объективтік белгілерге қарай бөлудеміз. Мұндай бағытпен зерттеуде қылмысқа қатысушылардағы келісім, яғни субъективтік байланыс қылмысқа қатысушылықтың қарапайым жиі кездесетін белгісі болып саналады. Алдын-ала келісімнің болуына немесе болмауына қарай қылмысқа қатысушылық бірден екіге бөлінетіндігі күмәнсіз. Бірақ бүгінгі Қылмыстық кодекстегідей алдын-ала келісімді жеке форма ретінде қоятын болсақ, онда бұл форманы бірнеше пунктке бөлуге тура келетін тәрізді. Себебі, ұйымдасқан топта, қылмыстық қауымдастықта алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысудың формалары емес пе. Осы көрініп тұрған жайтты мойындап А.А. Пионтовский, У. Лыхмус, Ю.А. Красиков тәрізді ғалымдар бұл мәселені шешуде өз формаларын осылай топтастырды.

Мысалы:

1. Алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу.
2. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу.
 - а) жай қылмысқа қатысу.
 - ә) ұйымдасқан топ.
 - б) қылмыстық қауымдастық.

Біздің бұл бағыттағы зерттеу түрімен келісе алмайтын себебіміз, біріншіден кей қылмысқа қатысу формаларының келісіммен де, келісімсіз де жасалуы мүмкін бола отырып екі формада да көрсетілуі. Себебі олар алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылық ретінде, қылмысқа қатысушылардың қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішін-ара орындауға тікелей қатысуын ғана ұсынған болатын. Ал біздің зерттеуімізше алдын-ала келісімсіз түрде қылмысты бірге тікелей орындауымен қатар, роль бөліп қылмысқа қатысуда жасала алады.

Мысалы, түнде Шәмшиев Мұрат және Мусин Әлішер жаңа жылды мерекелеп, Копылованың үйінде арақ ішіп отырған. Түнгі сағат екілерде осы үйге осы ауданда тұратын Ахриев келген. Иығынан Ахриевтің қағып кетуін сылтау етіп Шәмшиев Мұрат Ахриевті көшеге шақырып алып, бұзақылық ниетпен ұра бастайды. Ахриев те Шәмши-

евке қарсы төбелесіп, Шәмшиевке жеңістік бермейді. Досының төбелесте жеңілетінін білген Мусин Әлішер Шәмшиев Мұратқа қалтасынан пышағын алып береді. Шәмшиев пышақты Ахриевтің іш құрылысына салып алады. Ахриев ұзамай қайтыс болады.

Мусиннің әрекеті Қылмыстық кодекстің 88 бабы 1 бөлімінің “б” тармақшасымен және 17-ші баппен көмектесуші ретінде квалификацияланған [54].

Уақиғаның мазмұнынан байқайтынымыз қылмыскерлердің арасында кісі өлтіру туралы алдын ала келісім болмаған. Бірақ Мусиннің әрекеті кісі өлтіруге көмектесушілік ретінде тергеу органдарымен дұрыс бағаланған. Бұл мысалдан шығатын қорытынды, көмектесушілік тәрізді роль бөліп қылмысқа қатысу алдын-ала келісімсіз де болуы мүмкін екендігін дәлелдеу. Осыған қарап ҚК 28-ші бабындағы қылмысқа қатысушылар түрлерінің алдын-ала келісімсіз бірлескен адмдар қылмыстарында да кездесе алатындығын дәлелдеуге болады және бұл жайтты да қылмысқа қатысу формаларын анықтағанда ескеру керек.

Егер осы алдын-ала келісімсіз түрде де қылмысқа көмектесу тәрізді әрекеттер орын ала алатынын ескеріп формаларды топтастырсақ, онда біз мынадай қылмысқа қатысу нысандары шығарамыз.

1. алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысу
 - а) топ болып қылмысқа қатысу (қылмысты бірге орындаушылық)
 - ә) әртүрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық.
2. алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу.
 - а) топ болып қылмысқа қатысу.
 - ә) әртүрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық.
 - б) ұймдасқан топ.
 - в) қылмыстық қауымдастық.

Соңғы екі форма алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылықта болуы мүмкін емес. Себебі, ұймдасқан топ, қылмыстық қауымдастық тәрізді қылмысқа қатысушылықтар “тұрақтылық” белгісіне ие. Тұрақтылық белгісі алдын-ала келісімсіз қылмыстарда кездесе алмайтындығы даусыз жағдай. Біз қылмысқа қатысу формаларын топтастыру мәселесін, жоғарыдағыдай топтастыру түрімен қорыта алмаймыз. Бірақ осы мәселені шешу бағытындағы жұмысымызда, осы топтастыру түрінің құрылысын, ерекшелігін ескеріп отыруымыз керек. Зерттеуімізді бұл топтастыру түрімен қорыта алмайтын себебіміз, біріншіден, бастапқы екі форманы, яғни топ болып және әртүрлі роль-

дер орындаумен қылмысқа қатысуды келісімге қарай заңда екі реттен көрсетуге болмайды, екіншіден осы бастапқы екі форманы келісімге қарай екі жерде көрсете бермей жүйелендіру қажет, үшіншіден келісім белгісіне қарай бір атаудағы форманы екі жерде көрсету, қылмыстық заң нормаларын пайдалану, құрастыру тәртібін бұзады. Топ болып және роль бөліп қылмысқа қатысуды, келісім болуына немесе болмауына қарай екі жерде көрсеткенде олардың бір-бірінен қаншалықты айырмашылығы бар? Меніңше келісімнен басқа ешқандайда.

Зерттеуші ғалымдар алдын-ала келісіммен жасалған қылмыстар қауіпті болады дегенмен, барлық жағдайда бұл пікір сақтала бермейді. Мысалы, алдын-ала келісімсіз түрде бірлесіп кісі өлтіру мүмкін екеніне мысал келтірдік, сонымен қатар алдын-ала келісіммен ұрлық тәрізді меншікке қарсы қылмыстарда жасалып жатады. Яғни алдын-ала келісімсіз түрде кісі өлтірілді, келісіммен ұрлық жасалды. Алдын-ала келісімсіз жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілігі келісіммен жасалған қылмыстан жоғары болып тұр. Осы жағдайларды ескере отырып, топ болып және рольдер орындаумен қылмысқа қатысудың келісіммен де жасала алатын жағдайын пайдаланудан да бас тартамыз. М.А. Шнейдер де көңілге қонымды пікір келтірген. Ол “бір формадан екінші форманы айыру үшін келісім жасау уақытының қатысы жоқ” дей келіп, “келісім моментінің қылмыстың құрамы үшін де, оны квалификациялау үшін де арнайы маңызы жоқ”, -дейді [37. 34-36]. Біз осы пікірімізбен ҚК 31 бабының 1 және 2 бөлімдеріндегі қылмысқа қатысу формаларын салыстырайық. ҚР ҚК 31 бабында келтірілгендей “егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады” сонымен қатар осы баптың екінші бөліміндегі “егер қылмысты бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын-ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады” делінген.

Бұл баптың 1 бөлімінен аңғаратынымыз, алдын ала ол келісімсіз түрде ғана бірнеше орындаушылардың қылмыс жасауы. Өйткені, “орындаушы” деп арнайы көрсетіп, бұл формада тек орындаушылардың ғана қатысуын міндеттеп отыр.

Ал алдын-ала келісім түріндегі орындаушылықпен қылмыс жасалса, онда 31 баптың 2 бөліміндегі нысынға сай келеді. Мұнан басқа, әртүрлі рольдер яғни ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші орын алған жайттар болса, олар қай формаға сай келеді? Бұл

баптың үшінші бөлігінде ұймдасқан топты көрсетіп, оған тұрақтылық белгісі енгізілген. Ал, әртүрлі рольдер орындаумен жасалатын қылмыстар әрқашанда тұрақты түрде жасала бермейтіні даусыз. Оның дәлелі жоғарыда келтірілген алдын-ала келісімсіз түрді кісі өлтірушілікте көмектесушінің қылмысты орындаушыға алдын-ала сөз бермей, келіспей пышақ беруі. Бұл мысалдағы қылмысқа қатысушылық 31 баптағы ешқандай нысынға сай келмейді. Бірінші бөлімдегі, алдын-ала келісімсіз топ болып қылмыс жасауға сай келмейді, себебі бұл мысалда орындаушы ғана емес көмектесуші де бар. Екінші бөлімде көрсетілген алдын-ала сөз байласып жасаған адамдар тобына сай келмейді, себебі бұл мысалда келісім жоқ, сонымен қатар топ та жоқ. Біздің ойымызша бұл жағдай 31-нші баптағы көрсетілген формалардың сапасыздығын байқатады. С.М.Рахметов “ұймдасқан қылмыстылықпен күресудің әртүрлі бағыттары бар, соның бірі әлі де кемшіліктері жетіп жатқан қылмыстық заңды жетілдіру”, - деп көңілге қонымыды пікір келтіреді [55. 242].

Келесі айта кететін бір жағдай, осы 31 баптың барлық нысында-рында қылмысқа қатысушылар топқа айналған немесе топ күйінде жасалатын қылмыстар ретінде көрсетілген. Мысалы, 1 бөлімінде алдын-ала келісімсіз түрдегі адамдар тобы, 2 бөлімде алдын-ала келісім түріндегі адамдар тобы, 3 бөлімінде адамдардың тұрақты тобы-ұймдасқан топ, 4 бөлімінде ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған ұймдасқан топ немесе ұймдасқан топтардың бірлестігі – қылмыстық қауымдастық аталған. Яғни қылмысқа қатысушылар, топ мүшелері ретінде алынған.

Келесі айта кететін тағы бір жағдай, 31 баптың 2 бөлімінде, алдын-ала келісіммен жасалған қылмысқа қатысу жеке форма ретінде көрсетілген. Алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстар бірнеше нысынға бөлінеді ғой. Айталық ұймдасқан топ. 31 бапта ұймдасқан топқа арнайы белгі ретінде “тұрақтылық” белгісі тікелей көрсетілген. Ал тұрақтылық тек алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстарға ғана тән белгі. Яғни ұймдасқан топта, қылмыстық қауымдастықта алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстардың түрлері болып табылады. Бұл жерде негізгі айтайын деген ойымыз, 31 баптың 2 бөліміндегі, яғни алдын ала келісіммен адамдар тобы жасаған қылмыс деп аталатын қылмысқа қатысу формасы, осы атаумен жалпы түсінік ғана беріп отыр. Бұл бөлімнің басқа қылмысқа қатысушылық формаларынан ерекшеленетін өзіне тән белгілері көрінбейді.

2003 жылғы 11-ші шілдедегі талан-тараж қылмыстары бойынша сот тәжірибиесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 8 нормативтік қаулысының 8-ші тармақшасында «алдын ала келісім бойынша топ адамдардың бөтеннің меншігіне талан-тараж әрекеттерін жасау деп саралау кезінде екі немесе одан көп адамдардың талан-тараж жасау туралы алдын ала келісімі болды ма, кем дегенде бір орындаушының қылмыс жасалғанға дейін бөтеннің меншігіне қарсы бағытталған басқалармен келісімі орын алғандығын анықтау керек», - деп түсінік береді [47]. Біздің ойымызша, екі немесе одан көп адам алдын-ала келісіммен ұрлық жасаса-ол бір топ адамдар жасаған қылмыс болмауы да мүмкін.

Р. және Б. алдын ала келісіммен ұрлық жасайды. Ұрлықты Р. жасаған, ал Б. ұрлықтың жасалуына көмектескен.

Ақмола облысының Жанқайың аудандық сотымен Р. 175 2 бөлімінің “а”, “в” тармақшаларымен, Б. 28 баптың 5 бөлімімен, 175 баптың 2 бөлімінің “а,в” тармақшаларымен жазаланған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы Р. мен Б.ны айыптау туралы үкімнен 175 баптың 2 бөлімінің “а” тармақшасын алып тастаған, яғни бір адам орындаушы, екінші қылмысқа көмектесуші болғанда олардың әрекеттері алдын ала келісім бойынша топ адамдардың қылмысы ретінде бағаланбайды дейді. [56. 10-11].

Сот алқасының шешімі дұрыс, ол зерттеу әдебиеттеріндегі және біздің пікірімізбен де сәйкес келеді. Бұл жағдай қылмыстық құқықтағы қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін квалификациялау талабына қойылатын, яғни ҚК баптарының бөлімдеріне қойылған талаптың сақталмағанын айқындап тұр.

Егер Р. орындаушы ретінде жалғыз болмай, кем дегенде екі орындаушы болғанда, онда Р.дің әрекетін 2 бөлімнің “а” тармақшасымен квалификациялауға болар еді. Негізінде бұл да аса дұрыс шешім емес. Бір қылмыс жасалып, ол бірден қылмысқа қатысудың екі формасына сәйкес келмеуі керек. Ал қазіргі оқулық әдебиеттер, оның ішінде 2000 жылы жарық көрген ҚР Қылмыстық кодексіне түсіндірмесі роль бөліп қылмысқа қатысушылықты алдын ала келісіммен топ адамдардың қылмыс жасауы ретінде таниды [57. 78]. Бұл оқулық “топ” деген ұғымның мәнін ескерусіз қалдырып, алдын ала сөз байласу негізінен роль бөліп қылмысқа қатысуға тән келетінін пайдаланып, осындай түсіндірме беріп тұрған тәрізді.

Бірақ бұл түсіндірме жоғарығы келтірген ҚР Жоғарғы сотының шешіміне қарсы келіп тұр.

Жоғарыда келтірілген түсініктемеге ұйымдасқан топтың да қылмыстық қауымдастықтың да ұрлық жасаулары ене алады. Бұл түсініктемедегідей ұйымдасқан топта да қылмыстық қауымдастықта да екі немесе одан көп адамдардың арасында алдын-ала келісім міндетті түрде болады. Ал Жоғарғы Соттың бұл қаулысында басқа белгілер айтылмаған. Сондықтан Жоғарғы Сот Пленумының осы қаулысы анығырақ болуы үшін объективтік белгілерді қолдану арқылы тағы да жетілдіруді қажет етеді.

Бүгінгі ҚР ҚК 31 бабындағы қылмысқа қатысу формалары жайында тағы бір айта кететін ой, мұнда барлық қылмысқа қатысушылық формалары “топ” ретінде алынған немесе топ адамдардың жасаған қылмыстары көрсетілген. Қылмысқа қатысушылықтың мәселелері жайындағы монографиялық әдебиеттерде, “топ” болып қылмыс жасауды зерттеушілердің ешқайсысы барлық қылмысқа қатысушылық формаларына таңбайды. Мынандай сұрақ туындайды. “Топ” деген ұғыммен “қылмысқа қатысу” деген бір ұғым ба әлде айырмашылығы бар ма? Біздіңше қылмысқа қатысушылық деген ұғым өз атауын ертеден алады. Осы қылмыстың жасалуына тағы кімдердің қатысы, кімдердің үлесі бар деген сұрақтар қойылып, “қылмысқа қатысушылық” ұғымы пайда болған болар. Ал “топ” ұғымын шешу аса қиын емес. “Топ” деген ұғымды көзге елестетіп көруге де болады. Топты бір жерге шоғырланған, ортақ мақсаттағы біртектес әрекеттерді орындаушылар ретінде ұғуға да болады. Әдебиеттерден топ ұғымының мынадай толық анықтамасын кездестіруге болады. “Топ ретінде белгілі бір ортақ белгілеріне, әр түрлі қызметтерінің бірлесе атқарылуына қарай біріккен немесе жеке бір жағдайға қарай адамдардың бірге жиналған және осы құрылымға өзінің қосылып отырғанын сезініп нақты өмір сүріп отырған құрылым”, - дейді [58. 176]. Демек, қылмысқа қатысушылықпен топтың айырмашылығы бар. Атауын 27 бапта “қылмысқа қатысушылық” деп, бірақ жекелеген формаларын 31 бапта тек “топ” деп ала беруге болмайды.

Біз бүгінгі 31 баптағы формалар арқылы роль бөліп қылмысқа қатысушылықты жоққа шығардық деуге болады. Себебі осы мәселені зерттеген ешбір ғалым роль бөліп қылмысқа қатысуды топ адамдар қылмысына жатқызбаған. Бізде солармен келісеміз. Мысалы, бірден-бір адамдар тобының қылмыс жасауын зерттеген ғалым

Р.Р. Галиакбаров топ адамдардың қылмыстарына, күрделі қылмысқа қатысушылықтан басқа барлық формаларды жатқызады [59. 21]. Ол топ адамдардың жасаған қылмысына мынандай анықтама береді. “Әрбір қатысушының алдын-ала келісімді, бірлескен түрде, қасақана, барлық қатысушыға ортақ қылмысты толық немесе ішінара көлемде орындалуын іске асыру, топ адамдардың жасаған қылмысы болып танылады”, -деп негізгі белгісі ретінде “әрқайсысының қылмыстың объективтік жақ белгілеріндегі әрекеттерді орындауға толық немесе ішінара қатысуын” келтіреді [59. 21].

Р.Р. Галиакбаров кейінгі шыққан бір еңбегінде топ адамдардың жасаған қылмысынан күрделі қылмысқа қатысушылықтың айырмашылығы жайында былай дейді. “Топ адамдардың қылмысының күрделі қылмысқа қатысушылықтан айырмашылығы, күрделі қылмысқа қатысушылықта екі немесе одан көп адам қатысса, ал топ адамдар қылмысында олар қылмысты бірге орындайды” [60. 4]. Ал П.Ф. Тельнов өз зерттеуінде қылмысқа қатысушылықтың формаларын топтастыра отырып, қылмысты бірге орындаушылықтан қылмыстық топты бөліп, әрқайсысын жеке форма ретінде көрсеткен. Ол қылмысты бірге орындаушылық жайында “бірлесіп әрекет етуші адамдардың қылмыстың объективтік жағын тікелей орындауы болып табылады” дей келіп “қылмысты тікелей орындауды құрамайтын бірлескен әрекеттер бұл формаға жатпайды”, -дейді [17. 113]. Ол қылмыстық топтың негізгі белгілері ретінде мыналарды алған: а) объектіге зардап тигізерден бұрын пайда болған қылмыс жасау жөніндегі келісімнің болуы; б) өзара келісімді түрде қызметтерін бөлісуі (П.Ф. Тельнов бұл белгіні қылмыстық топтың негізгі, басты белгісі ретінде алған. Мысалы, А жақсы киінген адамды келісілген жерге алдап алып келеді, Б ол адамды тонайды, яғни қылмыстың объективтік жағы белгілерін бөлісіп орындайды); в) кінәлі өзінің қылмыстық топқа қатысып отырғанын біледі [17. 130].

П.Ф. Тельновтың қылмысты бірге орындаушылық, қылмыстық топ деген атаудағы жеке формалары Р.Р. Галиакбаровтың зерттеуінде “топ адамдар” ретінде аталған. Кейінгі шыққан әдебиеттерде де Р.Р. Галиакбаровтың осы бағыты қолданылып жүр. Мәселен Ю.А. Красиков “топ адамдардың алдын-ала келісімсіз қылмысқа қатысушылық формасы ретінде, роль бөлініп жасалынуы да мүмкін қылмысты бірге орындаушылық ғана танылады” деген пікір келтіреді [34. 15-16]. Мұнда Ю.А. Красиков роль бөлу бола алады дегенмен, күрделі қыл-

мысқа қатысушылықты емес, объективтік жақ белгілерін бөліп орындауды айтып отырған болуы керек. Осы ғалымдардың пікірлерімен бізде келісе отырып, ҚР ҚК 31 бабындағы барлық формаларда топ адамдардың қылмыс жасауы ғана орын алып, роль бөліп қылмысқа қатысу, осы топ адамдар қылмысына еніп кеткен дейміз.

Біздің пікірімізше әртүрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысу, жеке форма ретінде көрінісін сақтауы керек. Мұның бір қосымша себебі, қылмысқа қатысушылық мәселесінде “негізгі және қосымша қылмысқа қатысушылар” деген ұғым бар. Топ адамдар қылмысынан қосымша қылмысқа қатысушыларды (второстепенные соучастники) айқындау теория жүзінде де практика жүзінде де қиынға соғады.

Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру мәселесіне байланысты, зерттеуші ғалымдардың арасында “ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтар” (соучастие особого рода) деген форманы А.Н Трайнин, Ф.Г.Бурчак келтіреді [11. 126], [19. 189]. А.Н. Трайнин ерекше топтағы қылмысқа қатысушылыққа қоғамға қауіптілік деңгейі жоғары қылмыстарды жатқызады. Ол қоғамға қауіптілігі жоғары қылмыстар есебіне тұрақты, ұйымдасқан түрде жасалатын, банда, қылмыстық қауымдастық, сонымен қатар, 30-40 жылдардағы ұйымдасқан қылмыстық топтың бір түрі шайканы жатқызады. Біздіңше “ерекше топтағы қылмысқа қатысушылық” деген атау жалпы жүйелік атау болып есептеліп, ол қылмысқа қатысушылықтың бір формасы болып есептелмейді. Себебі, осы ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтардың түрлері банда, қылмыстық қауымдастық бір-бірінен объективтік белгілеріне қарай айырмашылығы бар, жеке формалардың қылмысқа қатысушылықтағы түрлері болып есептеледі.

Егер ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтардың түрлері өзара объективтік белгілерге қарай бөліне алмайтын болса, онда біз бұл ұғымды форма ретінде мойындаған және қолданған болар едік. Ал біздің зерттеуімізше қылмысқа қатысушылық формалары ҚР ҚК 27-нші бабындағы ұғымға сай келе отырып, бір-бірінен объективтік белгілерге қарай ажыратылады. Бұл біріншіден, екіншіден Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі кез-келген екі немесе одан көп адам бірлесіп жасайтын қылмыстар, міндетті түрде 31 баптағы формалардың біріне сәйкес келуі керек. Осындай себептермен “Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтар” деген ұғымның жеке форма ретіндегі қасиеті жоқ деп ойлаймыз. Ф.Г. Бурчактың “Ерекше топтағы қыл-

мысқа қатысушылықтар” деген ұғымы форманың құрылым талаптарын бұзатынын жоғарыда келтірдік. Оның пікірінше ерекше топтағы қылмысқа қатысушылық Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көрсетіліп әр түрлі кездеседі. Сөйтіп үш түрлі топты келтіреді, уәделесіп әрекет ететін адамдар тобы, алдын-ала келісіммен әрекет ететін адамдар тобы, қылмыстық қауымдастық құрған адамдар тобы. Жалпы Ф.Г. Бурчактың “Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтар” деген форманы пайдалануына және бұл формаға қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі үш түрлі алдын-ала келісіммен қылмыс жасайтын адамдар тобын енгізуіне, қылмысқа қатысу формаларын топтастыру критерийі ретінде қылмыс құрамдарының конструкциясын алуы себеп болған болатын.

Біз жоғарыда алдын-ала уәделескен топ адамдардың қылмыс жасауы форма бола алмайтынын дәлелдеген болатынбыз. Ф.Г. Бурчакта да А.Н. Трайниндағыдай жеке форма болып есептелетін қылмыстық қауымдастық ерекше топтағы қылмысқа қатысушылыққа енген. Сонымен қатар Ф.Г. Бурчак ерекше топтағы қылмысқа қатысушылыққа ҚК Ерекше бөлімінде жеке қылмыс ретінде жауаптылығы тікелей көрсетілген ұйымдастырушылық, айдап салушылық немесе көмектесушілік әрекеттерді жатқызады. Мұндай жағдайлардың мысалы ретінде УР ҚК 169 (парақорлыққа делдалдық), 208 баптарды (жасөспірімдерді қылмыстық жолға тарту) алады. Бұған себеп ретінде Ф.Г. Бурчак рольдердің ерекше бөлімде көрсетілетін жағдайларын алады. Қылмысқа қатысушылықтағы рольдер Жалпы бөлімде көрсетілсе де, Ерекше бөлімде көрсетілсе де мазмұнын өзгертпейді деп бұдан бұрын да айттық. Ол осы мағыналы сөздегі қылмысқа қатысушылығының негізіне Жалпы бөлімде көрсетілген әртүрлі рольдерді орындаушылықты алған болатын.

Біз осындай себептерге байланысты “Ерекше топтағы қылмысқа қатысушылықтар” деген ұғымды форма ретінде пайдаланбаймыз.

Қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеуші ғалымдар бір-бірінен ажыратылуы қиын ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қауымдастық деген формаларды келтіреді. Бір-бірінен ажыратылуы қиын дейтін себебіміз, бұл мәселені зертеген ғалымдар бірінің пікіріне бірі сай келмейтін анықтамалар келтіреді. Осы себептен бұл ұғымдардың түсінігі қылмыстық құқық теориясында даулы мәселелердің бірі болып табылады. Мысалы “ұйымдасқан топ” деген форманы зерттеушілер жиі қолданады. Солардың бірнешеуін салыстырып

көрейік. Кейбір монографиялық әдебиеттерде “ұйымдасқан топты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін алдын-ала ұйымдастырылған екі немесе одан көп адамдардың тобы”, -деп келтіреді [30. 84], [16. 258], [20. 130].

Ұйымдасқан топқа қатысты мынандай да түсінік бар. “Егер бір немесе бірнеше қылмыстарды күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады” [ҚР ҚК 31 бап], [61. 12]. Қылмыстық құқық теориясынан және жергілікті нормативтік актілерден ұйымдасқан топқа қатысты мынандай да ұғымды кездестіруге болады. “Бірнеше қылмыс жасау мақсатымен алдын-ала біріккен екі немесе одан да көп адамнан тұратын тұрақты топ, ұйымдасқан топ болып саналады” [47].

Осындай бағытты О.В.Вербовая да ұстанады. Ол банданың тұрақтылық белгісін бандитизм қылмысында кездесе алатын бірнеше белгілермен негіздей отырып, соның бірі ретінде “топтың бірігу мақсаты ретіндегі үнемі қылмыстар жасау”, -дейді [62. 17].

Осы келтіріп отырған үш анықтаманың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Екінші анықтаманың бірінші анықтамадан айырмашылығы мұнда “тұрақтылық” белгісі көрсетілген. Бірінші анықтамада яғни Г.А. Кригер, П.И. Гришаевтың пікірлерінде тұрақтылық белгісі көрсетілмейді. Ал бұл екі анықтаманың ұқсастығы “бір немесе бірнеше қылмыстар” жасау белгісі болып табылады. Бүгінгі біздің Қылмыстық кодексте де осы екінші келтіріп отырған анықтама қолданылған. Соңғы келтіріп отырған анықтама бойынша қылмыстық ұйымдасқан топқа “тұрақтылық” белгісі және “бірнеше қылмыстар жасау” тән болып саналады. Екіншіден үшінші анықтаманың айырмашылығы, мұнда “бір немесе бірнеше қылмыстардың” орнына “бірнеше қылмыстарды жасау” мақсаты болуы қажет.

Бұл жерде бізге анықтауды қажет ететін жағдай, ұйымдасқан топ тек бірнеше қылмыстар жасау үшін құрылуы керек пе, әлде бір қылмысты жасау үшін де құрылуы мүмкін бе? Келесі мәселе “тұрақтылық” міндетті белгі болып табыла ма?

Г.А. Кригер “ұйымдасқан топтан қылмыстық қауымдастықтың негізгі айырмашылығы беріктік, тұрақтылық белгілері болып саналады”, -дейді [16. 260]. Яғни Г.А. Кригер ұйымдасқан топ үшін тұрақтылық белгісін қажет етпейді. Оның пікірінше ұйымдасқан топтың негізгі көрінісі “мүшелерінің ұйымшылдығы, қылмыс жоспарын жасауы, қылмыскерлердің арасында рольдерді бөлу, қылмыстың ор-

нын, уақытын, әдісін белгілеумен анықталады” [16. 258]. Бұл пікірлермен келісуге болады. Себебі ұйымдасқан топта қылмысқа қатысушылардың арасында жасалатын қылмыстың түрі, оның барлық жасалу жоспарлары анықталып, басқаша айтқанда бұл формада қылмыс жасау туралы келісім ғана емес, арнайы ұйымдастырылған түрде іске асырылады.

Біздің зерттеуімізше ұйымдасқан топта “тұрақтылық” белгісінің болуын, ұйымдасқан түрде ұзақ уақыттар бойы жасалатын жалғаспалы қылмыстармен дәлелдеуге болады. Біздің пікірімізше ұйымдасқан топ екі түрлі бағытпен қылмыс жасауда кездеседі. Біріншісі кәсіп ретінде немесе қызмет бабын пайдаланып ұйымдасқан түрде ұзақ уақытқа жалғаспалы қылмыстар жасауы, екіншісі қылмыс жасау мақсатында адамдардың тобы құрылып, біртектес немесе әртүрлі қылмыстарды үнемі жасауы. Мұндай пікірге келген себебіміз, біз қараған сот практикасы материалдарында тұрақты түрде ұзақ мерзімдерде жасалған қылмыстар, тек осындай қылмыс түрлерінде кездеседі. Мысалы, Славер кіші жекеменшік кәсіпорынның директоры Ш. және оның орынбасары С. келісімді түрде қызмет бабын пайдаланып бірнеше рет заңсыз валюталық операциялар жасаған. Олар мұнан басқа, бірнеше рет қызметтік жалған мәлімет жасау қылмыстарын жасау арқылы мемлекетке салық төлеуден жалтару үшін кәсіпорындарына түскен кіріс ақшаны жасырған [63].

Сол сияқты қазіргі қылмыстық заң бойынша қылмыстық қауымдастыққа жататын бір мысал келтіріп көрейік. Бенделани Д.М., Габлиани Г.О., Нишнианидзе З.Я., Липартеляни Г.О., Бенделиани О.М., Бенделиани Н.М., Шавршиани В.Р., Попова Е.В. барлығы Алматы қаласында пайдақорлық ниетпен адамдарға шабуыл жасау мақсатымен қарулы бандалық топ құрады. Құралдары: кесілген аңшы мылтық, газды тапанша, қол қаптар, маскалар, жіптер болған. Банда мүшелері өз жоспар, рольдерін белгілеген. Мысалы Попова есікті алдап “көршіңмін” деп үй егесіне есікті аштыртқанда қалғандары қарумен үйге кіріп, қорқытып мүлік, ақша талап еткен. Үйлерге шабуыл жасалғанда Нишнианидзе барлық кезде, бандаларды әкеліп, алып кететін машинада қалып отырған. Олар осындай тәсілмен 11 қаңтар 1995 жылы Гиталиеваның үйіне, 13 қаңтарда Кочерговтың, 3 наурызда Евграфовтардың, 28 маусымда Горобченконың үйлеріне бандалық шабуыл жасап, көп ақша мүлік алған [64].

Бұл екі қылмыстың түрі, жасалу әдісі, қоғамға қауіптілік дәре-

жесі әр түрлі болғанымен, ортақ белгілерін де байқауға болады. Ортақ белгілері: алдын-ала келісім, дайындық жоспар және бірнеше рет біркелкі қылмыстарды жасау. Кез-келген ұйымдасқан топ бірнеше қылмыстарды жасағанда, сөзсіз тұрақтылық бар деп айтуға болады. Себебі ұйымдасқан топтарда тұрақтылық болғанда ғана, сол қылмыскерлермен бірнеше қылмыстар жасалады. Ал бір қылмыс жасау үшін құрылған топты ұйымдасқан топ тануға бола ма? Қазіргі ҚР ҚК 31 бабында “егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады” делінген. Ұйымдасқан топ жайындағы пікірлерінде, зерттеушілер тұрақтылықтың негізіне жоғарыда келтірілгендей, алдын-ала келісімді, ұйымдастырушылықты құрайтын қылмыстың жасалу жоспарын, орнын, рольдерін, әдісін т.б. белгілерді жатқызады. Олар, бір қылмыстың орындалуы үшін ұйымдасқан топтың болуы мүмкіндігіне, ұзақ дайындықты қажет ететін немесе қазір құрылған топтың ұзақ уақыттан кейін нақты ғана бір қылмыс түрін жасауға міндеттенуін алуы да мүмкін. Мұндай қылмысқа қатысушылықтар сот практикасында да жеткілікті. Бізде осы мәселенің зерттелуінің тұрақтылығы үшін сот практикасынан барынша ұйымдастырылған, қылмыстың жоспары, әдісі, орны, т.б. белгіленген қылмыстардан мысалдар келтірейік: 1995 жылы сәуір айының бас кезінде К. қылмыс жасау үшін топ құрған. Ол осы қылмыстық топқа қатысушыларды ұйымдастырып, олармен болашақ қылмыстың жасалатын жеріне барлау жасайды. Сонымен бірге қылмыстың жоспарын жасауға қатысып, рольдерді бөліскен. 1995 жылы 19 маусымда К. тапаншамен басқалары да атылатын қарулармен КРАМДС банкке келіп, инкасатор машинасына шабуыл жасайды. Қылмыстың аяқталу кезеңінде К. басқарған топ құқық қорғау қызметкерлерімен ұсталған [65].

Бұл мысалда қылмыстық топ арнайы қылмыс жасалардан бұрын бірнеше ай бұрын құрылып, дайындық істері жүргізілген. Анықтайтын нәрсеміз қылмыстың жасалуының сәттілігі үшін арнайы дайындық істері ұзақ мерзім бойы жүргізілсе ұйымдасқан топ бола ма? Енді мынандай мысал келтірейік.

Еш жерде жұмыс істемейтін С. бұрын қылмыс жасап қашып жүрген К.-мен танысқан. К.-ға аты-жөні белгісіз бір кісі “Экспорт-хлеб” фирмасының директоры Г.-ны 20000 АҚШ долларына өлтіруді ұсынады. К. қылмысты бірге орындау үшін бұл ұсынысты С.-қа айтады, С. келіседі. Қылмысты жүзеге асыру мақсатымен С. және К. 20 оғы бар

АКМ автоматын, 8 оғы бар “ТТ” тапаншасын тауып сақтаған. Қаруланған К. мен С. парик, күн өтпейтін көзілдірік, кепка, резина қолқап киіп, таңғы сағат 7-лерде Алматы қаласы Розабакиев көшесіндегі 95 үйге келген. Олар осы жердегі “Экспорт-хлеб” офисі маңындағы шөп арасына жасырынып Г.-ның жұмысқа келуін күтеді. Сағат 8.50 де Г. келіп есікке таяғанда К. автоматпен оған қарай қарай сегіз рет оқ атқан. Оқтар Г.-ға тимеген. С. Г.-ның артынан коридорда қуып жетіп, тапаншасымен екі рет атқан. Бірінші оқ кеудесіне тиіп екіншісі тимей кеткен. Осы кезде жүгіріп жеткен фирманың күзетшісі П.-ны көріп, С. оған қарай оқ атып, оқ жанама тиіп күзетші жеңіл жарақат алған. Г. ауыр жарақаттанады. С. далаға жүгіргенде, ол аулада ұсталған. Ал К. қашып үлгерген [66]. Бұл мысалда да алдын-ала келісім, жоспар және дайындық жүргізумен қылмысты орындау кезеңінің арасында ұзақ мерзім орын алған.

Біздің пікірімізше ұзақ мерзімдер бойы қылмыскерлердің жүргізген дайындығы, т.б. қылмыстың жасалу сәттілігі үшін орындалған жұмыстар ұйымдасқан топтың белгісі бола бермейді. Себебі, ұйымдасқан топқа байланысты берілген жоғарыда келтірілген зерттеуші ғалымдардың анықтамаларында қылмыстың орындалу жоспары, уақыты, тәсілі, келісімі, тәрізді белгілер көрсетілмеген. Бұл әрине дұрыс, себебі бұл белгілер кез-келген алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстарда кездесе алады. Егер осы белгілерді тұрақтылықты анықтаушы белгілерге жатқызсақ, онда кез-келген күні бұрын келісіммен пайда болған топ, ұйымдасқан топ болып шығады. Яғни бұл белгілермен ұйымдасқан топтың ерекшелігі ашылмайды. Ал қылмысқа қатысушылардың жүргізген дайындық істерімен қылмыстың орындалуы арасындағы ұзақ мерзімдердің болуына қарай іс-әрекетті ұйымдасқан топқа жатқызу дұрыс болмайтын болар. Дұрыс болмайтын себебі, біріншіден алдын-ала келісімді түрде жасалатын қылмыстарда қылмыстың орындалу уақыты кез-келген мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онымен ешқандай қылмысқа қатысушылық формаларының ерекшеліктері ашылып тұрған жоқ. Екіншіден, бұл ұзақ мерзімдік дайындыққа қылмыстың болатын уақыты алыс болған жағдайларға қарай әр формаға уақыт шекарасын қоя алмаймыз. Мұның себебі қылмыстың түрі, оның қоғамға қауіптілігі, ұйымдастырылушылығы біздің қойған уақыттық шекараға бағына бермейді. Мысалы, күз мезгілінде астық ұрлау жөнінде көктемде келісім болғанымен, ол қылмыс күзде жасалынбады. Немесе астық ұрлау жасалын-

ды, бірақ көлемі азғантай астық ұрланды. Уақыт жеткілікті, бірақ аз көлемдегі астық үшін ұйымдасқан топ құрылды деп қылмыстық жауаптылыққа тартпаймыз ғой. Бұл жағынан келгенде бір қылмысты жасау үшін келісімнің болуы немесе оның жасалуы ұйымдасқан топқа сәйкес келмейді. Жоғарыда келтірген екі мысалда, ұйымдасқан топтан гөрі басқа формаларға сай келеді.

Бұл мәселені қорыта айтқанда, біздің пікірімізше ұйымдасқан топтағы “тұрақтылық” белгісі екі немесе одан көп қылмыстардың жасалуымен немесе оқталуымен анықталуы керек. Сонымен қатар “тұрақтылық” белгісін жалғаспалы (продолжаемое) қылмыстарға жатқызуға болады. Біздің бұл мәселеде бір қылмыс жасау үшін ұйымдасқан топтың болуын шектемеу себебіміздің бірі, ол қылмысқа қатысушылықтың басқа формаларынан ұйымдасқан топты нақты ажырату. Алдын-ала келісіммен жасалатын топ адамдар қылмыстары да, роль бөлетін қылмысқа қатысушылықтар да бір қылмысты жасау үшін құрылып жатады. Ұйымдасқан топты бұл қылмысқа қатысушылықтардан ажырату мұндай жағдайда қиындай түседі. Сонымен біздің зерттеуімізше де ҚК 31 бабының 4 бөліміндегідей ұйымдасқан топ дегеніміз бір немесе бірнеше қылмыстар жасау мақсатымен біріккен екі немесе одан көп адамдардың тұрақты тобы болып табылады.

Кейінгі жылдардағы зерттеу әдебиеттерінен “қылмыстық топтастық” деген қылмысқа қатысушылық формаларына қатысты ұғымды кездестіруге болады. Б.М. Нұрғалиев ұйымдасып қылмыс жасау туралы соңғы екі жылдағы қаралған істерді талдауда (81 қылмыстық іс), бұл бірлестіктердің көпшілігі (71%) – ұйымдасқан топтар, ал қалған бөлігі көпшілік шет елдерде мойындалғанымен, ұйымдасқан топпен салыстырғанда қауіптілігі ауырырақ болып саналатын, бірақ біздің республиканың қылмыстық заңымен қылмыстандырылмаған қылмыстық топтастықтар болып келеді”, - дейді [67. 54-55]. Ол бұл форманы ұйымдасқан топпен қылмыстық ұйым немесе қауымдастықтың арасындағы форма ретінде бағалап, былай дейді, “ұйымдасқан топтан бір айырмашылығы, топтастық ретінде ірі бірлестік, адамдардың жиынтығы емес, топтардың жиынтығы алынады” деп ұйымдасқан қылмыстық топтың осы тобын қылмыстық ұйымға жақындастырады, бірақ қылмыстық ұйыммен бір деп танылмай жоғарыда айтқанымыздай жеке форма ретінде ұсынады [67. 55].

Ресей криминологтары “қылмыстық топтастық” деген ұғымды келтіргенімен, олар бірлескен қылмыс жасаудың бұл көрінісін қыл-

мысқа қатысудың жеке формасы емес, тек ұйымдасқан қылмыстық топтың бір көрінісі ретінде қарастырады және былай деп сипаттама береді: «Қылмыстық топтастық-ұйымдасқан қылмыстылықтың ішінде жай қарапайым деңгейді білдіреді және ұйымдасқан қылмыстық топтың бір көрінісін білдіреді»,- дейді [68. 597-598].

Біз Б.М.Нұрғалиевтің “қылмыстық топтастық” деген атаумен ұсынылған формасын қылмысқа қатысушылықтың жеке формасы ретінде қабылдай алмаймыз. Себебі Б.М.Нұрғалиев қылмыстық топтастықтың өзге тұрақты қылмысқа қатысушылық формаларынан айырмашылығын анық, дәл көрсетпеген. Яғни, ол топтастықты басқа қылмысқа қатысу формаларынан қылмысқа қатысу ұғымының объективтік немесе субъективтік белгілері негізінде ажыратпаса немесе қылмыстық топтастықты ұйымдасқан топтан, қылмыстық ұйым мен қауымдастықтан нақты бір белгілері бойынша анық ажыратпаса, онда біз мұндай кішігірім топтардың бірлестігін жеке форма ретінде емес, қылмыстық қауымдастықтың өзі ретінде тануымыз.

Қылмыстық қатысушылық мәселесін арнайы зерттеушілердің бірі, Қазақстандық ғалым Р.Н.Судакова да “қылмыстық топтастық” деген Б.М.Нұрғалиевтің ұсынысын талдай келіп, қылмыстық топтастықты криминологиялық мағынадағы ұйымдасқан қылмыстылықтың бір көрінісі ретінде бағалайды. Сонымен қатар Р.Н.Судакова ұйымдасқан топқа үлкен мән беріп, «ұйымдасқан топтардың басқа формалар сияқты әралуандылығы, олардың өсіңкілігі, оның қылмыстық ұйымға айналу мүмкіншілігін шектемейді»,- дейді [69. 345].

Жалпы “қылмыстық топтастық” деген ұғымды Қазақстанда келтіріп жүрген тек Б.М. Нұрғалиев ғана емес, мұндай ұғымды Р.Т.Тлеуханов та “ұйымдасқан топтастық” деген атаумен келтіреді [70.169].

Келесі басы ашылуға тиісті мәселенің бірі, қылмыстық заңда және зерттеушілердің еңбектерінде кездесетін қылмыстық ұйыммен қылмыстық қауымдастық болып табылады. Ғалымдар бұл мәселені зерттегенде кейбіреулері қылмыстық ұйымды [30. 56-63], [17.132], [12. 466] келтірсе, ал екіншілері оның орнына қылмыстық қауымдастықты келтіріп жатады [53. 151], [11. 79], [35. 126-128]. Бұл қылмысқа қатысу формаларына арналған екі ұғым жеке формалар ма, әлде бір форма болып табыла ма деген сұрақ туындайды? Бұл мәселені қарастыруда үшінші бағытта байқалады. Олар қылмыстық ұйыммен қылмыстық қауымдастықты қылмысқа қатысу формаларын топтастыруда қоспағанмен жеке-жеке қарастырып түсінік береді [28. 227-237]. Ал

бүгінгі ҚР ҚК 31 бабының 4 бөлімінде қылмыстық қауымдастықпен қылмыстық ұйымға (қылмыстық ұйымды жақшада көрсетеді) ортақ түсінік беріліп, бұларды синоним ретінде алған.

Осы мәселені арнайы зерттеген ғалымдардың пікіріне шолу жаса-сақ, қылмыстық ұйымды ұйымдасқан топтан және қылмыстық қауым-дастықтан ажырату қиындай түседі. Қиындық туғызатын жайттар фор-маларды бір-бірінен ажырату негіздерінде ғана емес, сонымен бірге қылмыстық ұйымға немесе қылмыстық қауымдастыққа таңған белгі-лерінде болып табылады. Мысалы, кейбір авторлар қылмыстық ұйым-ның белгілеріне беріктікті қосып, қылмыстық ұйымның бір қылмыс-ты жасау мақсатында құрылуы мүмкіндігін келтіреді [30. 11]. Осы тәріздес анықтаманы М.И. Ковалев та келтіреді. Ол “қылмыстық ұйым-қылмыстық әрекеттермен айналысу мақсатында бір немесе бірнеше қылмыстар жасау үшін алдын-ала құрылған екі немесе одан көп адам-дардың тобы”, -дейді [28. 231]. Г.А. Кригер мен П.И. Гришаев ұйым-дасқан топқа да жоғарыдағыдай, яғни “бір немесе бірнеше қылмыс-тар жасау үшін” деген белгісі бар анықтама берген болатын. Біздің байқауымызша бұл екі ұғымның анықтамасына сырттай қарағанда еш-қандай айырмашылық жоқ. Бір ғана айырмашылығы қылмыстық ұйы-мға “беріктік” белгісін қосады. Біз ұйымдасқан топта тұрақтылық, беріктіктің болуына ешқандай шек қоя алмаймыз. Оған жоғарыда келтірген сот практикасы материалдары да куә.

А.А. Пионтковский қылмыстық ұйымды ең қауіпті, күрделі фор-ма ретінде бағалай отырып, “мұндай ұйымдардың міндеттері болады. Бұған антисоветтік ұйымды, бандиттік ұйымдарды құру енеді. Ұйым-ды құрудың өзі аяқталған қылмыс болып саналады. Ал қалғандарын-да қылмыстық ұйымды құру дайындық кезеңі болып есептеледі”, - дейді [12. 466]. Ол қылмыстық ұйымды заңда көрсетілген реттерде атай отырып, басқа да жағдайларда құрылуы мүмкін екендігін дұрыс көре бөлген. А.А. Пионтковскийдің де берген анықтамасының Г.А. Кригердің анықтамасымен ұқсас келетін тұсы, бір ғана қылмыс жасау мақсатында ұйымның құрылу мүмкіндігі. Мұндай пікірге бізде қосыламыз. Себебі сол кездерде өмір сүрген осы қылмыс түрлерінің өзі, (мысалы, антисоветтік ұйым) атауымен-ақ өмірде бар екендігін білдіреді. Ол кездердегі арнайы әдебиеттерде қылмыстық ұйымның түрі ретінде банданы, еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына ірікті салатын әрекеттерді, сонымен қатар контрабандамен айналысуды және кейбір басқа қылмыстардың жасалуын келтірген [36. 247], [32. 606-607].

Бұл мәселе жайында П.Ф. Тельновта осы тәріздес пікір келтіре отырып “бірлесіп қылмыс жасау үшін ұйымдастырылған, екі немесе одан көп адамдардың тұрақты бірлестігі қылмыстық ұйым болып табылады”, -дейді [17. 132]. Осы анықтамамен П.Ф. Тельновтың қылмыстық тобының бір түрі (ол қылмыстық топты үш түрге бөлген болатын: ұйымдасқан топ, алдын-ала келісіммен құрылатын топ, алдын-ала келісім болуы қажет емес топтар) ұйымдасқан топтың айырмашылығын таба алмаймыз. Екеуі де бір немесе бірнеше қылмыстар жасай алатын болып отыр. Яғни екеуінде де тұрақтылық бар. Ол ұйымдасқан топтың негізгі белгісі ретінде топтың ұйымдастырылуымен қатар тұрақтылықты атайды [17. 133]. П.Ф. Тельнов ұйымдасқан топты қарастырғанда ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған топтарды келтірген болатын. Бұл жағынан келгенде де П.Ф. Тельновтың ұйымдасқан қылмыстық тобымен қылмыстық ұйымның арасында айырмашылық жоқ. Тек бір ғана айырмашылық, ол қылмыстық ұйым арнайы мақсатпен бірігуіне байланысты мемлекеттік құрылысқа қарсы қылмыстарда кездесуі ғана. Осыған ұқсас пікірді М.В. Елеськин келтіреді, ол қазіргі қылмыстық заң бойынша қылмысқа қатысушылық формаларын қарастыра отырып, “заң шығарушы шын мәнінде екі қылмыстық құрылымды араластырып жіберді: қылмыстық ұйымды (қызметі нақты қылмыс түрін жасауға бағытталған) және қылмыстық қауымдастықты (қызметі ең алдымен мемлекеттің қылмыстылықпен күресуіне бірлесе қарсы тұруды күшейтуге бағытталған)”, -дейді [71. 17]. Мұндай пікірге келісу, біздіңше қателікке ұшыратуы мүмкін. Себебі Қылмыстық кодекстегі қылмыстар түрімен қылмыстық ұйымды бөлу, қойылатын талаптарға да, біздің зерттеуімізге де сай келмейді. Қылмысқа қатысу нысандарын топтастырғанда, ҚР ҚК 27 бабындағы қылмысқа қатысу ұғымына сай келетін және сонымен қатар бір-бірінен объективтік белгілерге қарай ажыратылатын бір тектес қылмысқа қатысушылықтарды ескеруіміз қажет.

Біз қылмыстық ұйымды қылмысқа қатысушылықтың жеке формасы ретінде танудан және қазіргі Қылмыстық кодекстің 31 бабындағыдай қылмыстық қауымдастықтың синонимі ретінде бағалап жақшадан көрсетуден де бас тартамыз. Мұндай шешімге баруымыздың бір себебі, ол бұған дейінгі уақыттарда бұл мәселені зерттеген ғалымдардың арасында қатысушылықтың ең ауыр, күрделі формасы ретінде қылмыстық ұйым аталса, кейінгі уақыттардағы зерттеулерде қазіргі қылмыстық заңның 31 бабындағыдай қылмыстық ұйыммен қылмыс-

тық қауымдастықты бір форма ретінде бағалау кездеседі. Сонымен қатар қылмыстық ұйымды жеке форма ретінде ұсынбаған авторлар оның орнына қылмыстық қауымдастықты келтіреді. Яғни қылмыстық ұйым және қылмыстық қауымдастық ұғымдарының арақатынасын бізге дейінгі зерттеушілердің еңбектерінен дәл анықтау мүмкін болмай отыр. Бұл біріншіден, екіншіден біз қылмысқа қатысушылықтың жеке формалары ретінде ұсынатын ұғымдарды нақты өмірде бар, яғни сот-тергеу практикасында кездескен, сонымен қатар қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің баптарында кездесетін қылмысқа қатысушылық түрлерінен алуды жөн көріп отырмыз. 1998 жылға дейінгі қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің нормаларында “қылмыстық ұйым” деген атау кездесетін. Мысалы, антисоветтік ұйым құру тағы басқалар. Ал Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық заңының Ерекше бөлімінің баптарынан “ұйым” деген атаумен аталатын қылмысқа қатысушылық түрлерін кездестіре алмаймыз. Тек “ұйымдастыру” деген қылмысқа қатысушылардың әрекетінің сипатын білдіретін ұғымды ғана кездестіруге болады. Мұндай ұғымдарды халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстармен қоғамның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстарды қарастыратын тараулардан ғана кездестіруге болады. Мысалы, 236 бап. Заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру, 264 бап. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау. Қылмысқа қатысушылықтың құрылымы және қауіптілігі бойынша ауыр болып табылатын түрлері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында жоғарыда аталған қылмыс түрлері тәріздес атаулармен кездеседі. Бірақ олардың қандай қатысушылық нысанына жатқызылатыны бірден сол қылмыс түрлерінің атауларында барлық кезде айтыла бермейді.

Бұл бір жағынан дұрыс та. Өйткені заң шығарушы заңды дайындау кезінде ол әрекеттің қылмысқа қатысушылықтың қай формасына сәйкес келетінін анықтаудан бұрын, сол әрекеттің қылмыстылығын көрсетумен, яғни объективтік жағының белгілерін анықтауды мақсат тұтады. Ал ол қылмыстың, мысалы заңсыз әскери құраманы құру тәріздес қылмыстардың қылмысқа қатысушылықтың қандай формасына жататындығын анықтау үшін 31 баптың ережелеріне сүйену керек болып табылады, яғни қылмыстық құрамның белгілерінде тұрақтылық, құрылымдылық белгілері бар немесе жоқ екендігін ескере отырып өзіміз анықтауымыз керек. Егер біз қылмысқа қатысудың жеке формалары ретінде ұйымдасқан топты немесе қылмыстық қауым-

дастықты атасақ, онда Ерекше бөлімнің баптарындағы кез-келген тұрақты түрде жасалатын қылмысқа қатысушылық түрлері осы екі форманың біріне көлемі, белгілері, мағынасы бойынша сәйкес келуі керек. Жоғарыда аталған заңсыз әскерилендірілген құраманы құру деп аталатын қылмысқа қатысушылық түрі “бірлестік, отряд, жасақ немесе өзге де топ” деген белгілерді иеленетіндіктен, яғни құрылымдылық белгісі бар болғандықтан қылмысқа қатысушылықтың ең ауыр формасы қылмыстық қауымдастықтың бір көрінісі ретінде бағалануы керек.

Қылмыстық ұйым деген атаудан бас тартуымыздың үшінші себебі, ол қылмыстық ұйымға қарағанда қылмыстық қауымдастық ұғымы кең ұғым болуына байланысты. Қазіргі кездегі ұйымдасқан түрдегі қылмыстылықтың мемлекет, ұлт аралық байланыстар дәрежесіне дейін көтерілуі кезінде, біздің осындай қылмыстық қауымдастық ұғымын қолданғанымыз дұрыс. Өйткені есірткіге, қару-жарақпен жарылғыш заттарға байланысты, сондай-ақ экономика саласында кездесетін кейбір қылмыстар қазір халықаралық деңгейге көтерілгенін зерттеушілер айтып жатқанын бұған дейін де келтірдік. Ұйымдасқан қылмыстылықтың мұндай тенденциясын, халықаралық деңгейге көтерілуін қылмыстық ұйым деген атау қамти алмайды.

Қылмыстық ұйым бірнеше әкімшілік территориялық немесе мемлекеттер арасында жасалған қылмысты қамтуы мүмкін, бірақ ол бір орталықтандырылған немесе бір адамның басшылығымен іске асырылатын қылмыстық топтың қызметін ғана қамти алады. Ал бірнеше аймақтарда немесе мемлекеттер арасындағы өзара бір-біріне тәуелсіз, бірақ бір-бірімен қылмыстық әрекеттерімен айналысатын қылмыстық топтардың қызметін қамти алмайды. “Қауымдастық” ұғымы бірнеше қауымның бірлескенін немесе бірлесіп әрекет жасап жатқанын, сондай-ақ құрылған үлкен топтың бірнеше қауымға бөлінгенін білдіре алатын ұғым болып табылады. Ал мұндай дәрежеге жетпейтін, тұрақты түрде жүргізілетін екі немесе одан көп адамдардың бірлесіп қылмыстар жасаумен айналысуын ұйымдасқан топ ұғымы, белгілері бойынша қамти алады. Осындай себептерге байланысты ұйымдасқан топтан кейінгі форманы қылмыстық қауымдастық ретінде алуды жөн көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасының кейбір баптарында, оның ішінде 31 баптың 4 бөлімінде бұл форма «қылмыстық сыбайластық» деп аталған. “Сыбайластық” біздіңше заңды орысшадан қазақшаға аудару кез-

інде жіберілген қателік болып табылады. Себебі 239 бапта, яғни есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату қылмысын қарастыратын 4 бөлімінің “а” тармақшасында және 193 баптың 3 бөлімінің “в” тармақшасында заңсыз жолмен табылған мүлікті заңдастыру үшін ауырлататын құрам «қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым)» деп аталған. Ал ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастыққа арнайы қылмыстық жауаптылықты қарастыратын 235 бапта “қауымдастық” деген атау қолданылған. Бұл форманың сыбайластық, қоғамдастық, қауымдастық тәрізді әр түрлі атауларда кездесуі, ол қылмыстық заңды бірнеше аудармашының аударуынан деп түсіну керек. Өйткені орыс тілінде шығарылған кодекстерде бұл қылмысқа қатысушылық формасы осы аталған баптарда “преступные сообщества” деп аталып тұр.

А.И.Гуров “қауымдастық” деген кең мағынада және әлеуметтік сипаттағы ұғымға жақын деп, бұл терминді “қылмыстық ұйым” деген ұғыммен ауыстыруды ұсынады [44. 259].

Мұндай пікірге де келісу қиын, себебі ол қауымдастық немесе ұйым деген атауда болсын, бірақ бұл атаулардың алдында “қылмыстық” деген сөз қосылғаннан кейін, оның әдеттегі әлеуметтік-саяси мағынасы өзгеріп кетеді. Қауымдастық ғана емес ұйым деген ұғым да әлеуметтік-қоғамдық және саяси ұғым ретінде бағаланады. Мысалы қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар деген тәрізді. Ал адамдардың қылмыстылықпен айналысуы үшін тұрақты топты құруы, тек жай қарапайым мағынадағы топпен ғана емес, қауым формасында да іске асырылуы мүмкін. Сондықтан мұндай кездерде таза қылмыстылыққа тән ұғымдарды немесе түсініктерді қолдану міндетті емес. Ондай ұғымдарды қолдану тұрақты түрде қылмысты әрекеттермен айналысатын қылмысқа қатысушылық формаларының әлеуметтік мағынасын, құрылысын зерттеуде қолдануға және қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде қылмысқа қатысушылықтың кейбір түрлерін келтіруде ғана қолдануға болады. Бұған бандық, теңіз қарақшылығы, жаппай тәртіпсіздік, қарулы бүлік тәрізді қылмыстардың атаулары мысал бола алады.

Қылмысқа қатысушылық формаларын анықтағанда зерттеушілер қылмыстық қауымдастықты жиі атайды. Олар қауымдастықты басқа қылмысқа қатысу формасына қарағанда бірнеше деңгейдегі, бірнеше қылмыстық құрылымдардың бірлестігі ретінде бағалайды [72. 234]. Қылмысқа қатысудың бұл формасы жайында да олардың еңбектері-

нен әр түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Солардың бірнешеуін салыстырып көрелік. Мысалы М.И. Ковалевтің пікірінше “қылмыстық қауымдастық дегеніміз, екі немесе одан көп адамдардың қылмыспен айналысу үшін алдын-ала ұйымдастырылған және барлық қатысушылары орындаушылар болып табылатын, тұрақты ұйымдастырылған тобы” болып саналады. Ол қылмыстық қауымдастықтың сапалық негізі белгісіне тұрақтылықты жатқызып, оны қылмыстық топтың сансыз қылмыстарды жасау мақсатында құрылуымен анықтайды [28. 227-237].

Бұл пікірден өзгешелеу пікірді У.Лыхмус келтіреді. Ол “қылмыстық қауымдастықтың әр түрлі көріністері үкіметті басып алу мақсатында заговор жасау, антисоветтік ұйым, қарулы банда болып табылады, - дей келіп, қылмыстық қауымдастыққа қатысушылар көптеген қоғамға қауіпті әрекеттерді жасай алады, бірақ қылмыстық қауымдастық тек бір қылмыс жасау үшін де құрылуы мүмкін”, - дейді [33. 27].

Ал қазақстандық Б.М.Нұрғалиев тұрақты түрде қылмыс жасаумен айналысатын топтарды ұйымдасқан қылмыстық топтастық, қылмыстық ұйым және қылмыстық қауымдастық түрінде анықтап, олардың әрқайсысына жеке анықтама береді. Бірақ бұл анықтамалар бір-біріне өте ұқсас және өзара ажыратушы белгілер анықталмаған. Ол қылмыстық топтастықпен қылмыстық қауымдастықтың түсінігінде “Ерекше бөлімде қарастырылған қылмыстарды жасаса” деген сөзді қолданады. Жалпы бөлімде қарастырылған қылмыстар жоқ қой. Бәрі де ҚК Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстарды жасайтыны түсінікті. Б.М.Нұрғалиев “қылмыстық қауымдастық – қылмыстық іс-әрекеттер бойынша шараларды бірлесе қарастыратын, сонымен қатар ол қылмыстардың жасалуы үшін ыңғайлы жағдай жасайтын қылмыстық құрылымдар жетекшілерінің тұрақты бірлестігі” – дейді. Бұл анықтама, меніңше бағыты бойынша дұрыс берілген, бірақ “қылмыс жасау үшін ыңғайлы жағдай туғызу”, “қылмыс жасау шараларын іске асыру” деген сөздер қауымдастықтың ұғымын тікелей ашатын белгілер болып саналмайды [67. 83].

Осы екі анықтаманың негізгі айырмашылығы, У. Лыхмустың пікіріндегі қылмыстық қауымдастықтың бір қылмыс жасау мақсатында құрылу мүмкіндігі. Ал М.И. Ковалев қылмыстық қауымдастықты бірнеше қылмыстарды жасаумен айқындайды.

Біздің байқауымызша, бұл пікірлерден қылмыстық қауымдастықтың қылмыстық ұйымнан айырмашылығы байқалмайды. Себебі бұл анықтамаларды ұйымдасқан топқа берілген пікірлермен салыстырып көрсек, онда бұлар бірін-бірі қайталайды. Бірақ бұл авторлар “қылмыстық қауымдастық – алдын-ала келісіммен жасалатын қылмысқа қатысушылықтың ең тұрақты, ең берік, әрі қауіпті формасы болып саналады”, - деп дұрыс айтады. Сол себептен кей авторлар басқа формаларға таңбаған тұрақтылықты, беріктілікті қылмыстық қауымдастықта атап жатады [16. 260].

Сонымен қатар, көпшілік зерттеушілер, мысалы П.Ф. Тельнов, У.Лыхмус, Г.А. Кригер т.б. қылмыстық ұйыммен қылмыстық қауымдастықты бір форма ретінде қарастырады. Мұндай пікірді кейінгі зерттеушілерден Ж.Б.Оңғарбекова да “қылмыстық-құқықтық мағынада ҚР ҚК 31, 235 баптарына сәйкес, қылмыстық қауымдастық – бұл қылмыстық ұйымның өзі болып табылады”, - дейді [73. 401]. Және бірінің қылмыстық ұйымға берген пікірін, екіншісі қылмыстық қауымдастықты қарастырып отырып пайдалана береді [33. 28].

Қысқаша айтқанда, біздің бір байқағанымыз бұл кезеңдерде қылмысқа қатысу формаларын топтастыру мәселесімен айналысқан ғалымдарда бірыңғай пікір болмаған. Оның дәлелі бірінің қауымдастыққа берген анықтамасының екіншілерінің ұйымдасқан топқа немесе қылмыстық ұйымға берген анықтамасына сай келуінде деп есептейміз.

Қылмыстық қауымдастыққа соңғы кездерде басқа да белгілердің қосылуы байқалып жүр. Мысалы 1995 ж. 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында қылмыстық қауымдастық жайында, “қылмыстық әрекеттермен айналысу үшін құрылған тұрақты құрылымдық бірлестіктерге кіретін адамдардың істеген қылмысы-қылмыстық қауымдастық істеген қылмыс деп танылады” – делінген. Яғни бұл анықтама бойынша қылмыстық қауымдастықта тұрақтылық ғана емес, сонымен бірге құрылымдық бірлестік болуы керек. Біз құрылымдық бірлестікке, бірнеше ұйымдасқан топтардың жиынтығын немесе бірігуін, немесе бірілестіктің бірнеше топтарға бөлінуін жатқызуымыз керек. Тап осы анықтамаға ұқсас түсінікті 2003 жылы 11 шілдеден бастап күші жойылған 1995 ж. 25 шілдедегі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының “Бөтеннің мүлкін ұрлауды саралаудың кейбір мәселелері туралы” №9 қаулысының 8 тармағынан кездестіруге болады. Онда “Қыл-

мыстық қауымдастыққа бір басшылықпен қылмыстық әрекеттер жасаумен айналысу үшін құрылған құрылымдық бірігулер жатады. Оның ұйымдасқан қылмыстық топтан бір айырмашылығы сол, қылмыстық қауымдастық құрылымында екі немесе одан көп қылмыстық топтар (бөлімшелер) болады” делінген. Бізде көптеген ғалымдар банданы қылмыстық қауымдастыққа жатқызады. Осы анықтамамен банданы қауымдастыққа жатқызып көріңізші. Бұл түсініктің бір қосымшасы, қылмыстық қауымдастықтың бір басшылықпен жүзеге асырылуы болып есептеледі. Біздің пікірімізше, бірнеше ұйымдасқан қылмыстық топтың бірлескен қылмысты әрекеттерінде бір басшылықтың болуы да, болмауы да мүмкін. Бандитизммен және басқа да қылмысқа қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік туралы, заңдарды соттардың қолдануының кейбір мәселелері жөніндегі Қ.Р. Жоғарғы Сотының 21 маусым 2001 жылғы нормативтік қаулысы да осы мәселені қарастыра кетіп, “Ұйымдасқан топта және банда да жетекші (лидер) болмауы да мүмкін, яғни бәрі де қоса орындаушылар болуы мүмкін”, -деген ережесі біздің пікірімізге сәйкес келеді [74]. Бір басшылық болмаған жағдайда, өз-ара мүдделі бірнеше ұйымдасқан қылмыстық топтар, өз-ара келісілген жоспар бойынша қылмыстарды жасайды. Мұндай жәйттер экономикалық және есірткіге байланысты т.б. қылмыстарды жасауда жиі орын алады. Мысалы Алматы қаласында тұрақты қылмыстық топ құрылып, (тергеу органдары тұрақты қылмыстық топ деп атайды) оған “Волна кооперативінің төрағасы Н. “Казметаллопторг” көтерме делдалдық фирмасының бас директорының орынбасары Т., Алматымежоблопторг мекемесінің директоры Ф. Алматы тәжіібе-механикалық жөндеу зауыдының бұрынғы бастығы А. енеді. 60 томнан тұратын бұл қылмыстық істе, осы аталған басшылардың әр қайсысының қызметі бойынша және бағынышты адамдардың де жасаған қылмыстары келтірілген. Бұл қылмыстық топтар 1989-1990 жылдардың арасында металлопрокатқа көтерме және жеке баға арасындағы айырмашылық ретінде, аса ірі ақшалай ұрлықпен айналысады. Осы уақыт аралығында Н. пайда табу мақсатымен, металлопрокаттан металлошифер жасайтын кооперативтер құрады. Ол кооперативтер мыналар: “Экспресс”, “Өндірістік құрылыс орталығы”, “Өндіріс орталығы”, “Еңбек”, “Құрылыс материалдары және СКК”, “Қазақстан” өндірісіне қарайтын металл шифер цехтары.

Олар алдын-ала келісіммен С. және А. арқылы Теміртау қаласындағы “Карметтен” толқындалынып істелінген дайын өнім алып, оны

Алматыда әр қайсысын екі есе артық сатып пайда тапқан. Мұнан кейін Н. және т.б. қатысушылар қылмыстарын бүркемелеу мақсатымен ресми құжаттарын қасақана жойып жібереді. Сонымен қатар кооперативтерде ресми түрде жұмысшы болып аталғанымен, бірақ шын мәнінде ол жерде жұмыс істемейтін, еңбек ақысын аталған басшылар алатын (мертвые души) жұмысшылар болған [75].

Негізінде, зерттеушілердің пікірлерінде, нормативтік актілерде кездесетін “қылмыстық қауымдастықтағы бір басшылық” – деген белгі біздіңше міндетті белгі емес. Жоғарыда келтіріп отырған мысалда бір басшылық болмағанымен, қауымдастықтың негізгі белгісі болып саналатын, бірнеше ұйымдасқан қылмыстық топтардың бірігуі бар. Сондықтан, ұйымдасқан топтарда бір басшылық болмағанның өзінде, бір басшылықтың ролін атқаратындай факторлар бар. Олар ортақ мүдделер, яғни ортақ ниет, қылмыстың жеңіл іске асырылуы тәрізді әр түрлі жағдайлар бола алады.

Ал енді Қылмыстық кодекстің 31 бабы 4 бөліміндегі қылмыстық қауымдастықтың түсінігіне көңіл аударсақ, бұл анықтамадан басқа да белгілерді кездестіруге болады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының “Бөтеннің мүлкін ұрлауды саралаудың кейбір мәселелері туралы” қаулысындағы қылмыстық қауымдастықтың белгілері, бүгінгі қылмыстық заңдағы анықтамада жартылай сақталған. Қылмыстық заңның 31 бабында егер қылмысты ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін бірігіп құрылған ұйымдасқан топ, не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады” – делінген. Қылмыстық қауымдастыққа тап осындай анықтама Ресей қылмыстық заңының 35 бабының 4 бөлімінде де берілген [76]. Зер салып қарасақ, ҚР ҚК 31 бабындағы қылмыстық қауымдастықтың анықтамасы екі бөлімнен құралған. Біріншісі, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау үшін біріккен ұйымдасқан топтың қылмыстық қауымдастық болып танылуы. Екіншісі, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау мақсатымен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігінің қылмыстық қауымдастық болып танылуы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының “Бөтеннің мүлкін ұрлауды саралаудың кейбір мәселелері” туралы қаулысындағы қылмыстық қауымдастық түсінігіне (ол кезде қылмыстық қауымдастықтың анықтамасы қылмыстық кодексте солай берілген болатын) бандитизмді жатқыза алмап едік, енді бандитизм барлық белгісі бойынша қыл-

мыстық қауымдастыққа сай келеді. Бандитизм ауыр қылмыс болып табылады, соған орай бандитизм заң бойынша қылмыстық қауымдастықтың бір көрінісі болып есептеледі. Қазіргі қылмыстық қауымдастықтың 31 бапта көрсетілген анықтамасы, У. Лыхмустың пікірімен ұқсас келеді. Ол “үкімет басын басып алу үшін заговор жасау, қарулы банда, антисоветтік ұйым қылмыстық қауымдастықтың әр түрлі көріністері болып табылады” – деген болатын [33. 28]. Бұл пікірдің біздің заңдағы қауымдастық анықтамасынан айырмашылығы мынау болып тұр. У. Лыхмус аталған қылмыстарды бірден қылмыстық қауымдастыққа жатқызады. Ал біздің заң бойынша бұл қылмыстар алдымен ұйымдасқан топқа жатады, ал ауыр қылмыстар жасау мақсатында құрылса, мысалы банда, онда қылмыстық қауымдастыққа айналады. Бұл бір қарастыратын мәселе. Екінші қарастыратын мәселе, ұйымдасқан топтардың бірлестігінің ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасау мақсатында құрылуы. Ұйымдасқан топтардың бірлестігі ауыр қылмыстар жасау үшін құрылмаса, онда олар қылмыстық қауымдастық болып саналмай ма? Тағы бір сұрақ туындайды, қылмыстық кодексте ұйымдасқан топтың тұрақты түрде, бір немесе бірнеше қылмыстарды жасауын келтіреді. Біз жалғаспалы қылмыстардан басқа жағдайда, алдын-ала келісіммен бір ғана қылмыстың жасалуында, тұрақтылықтың болуына келіспейміз. Себебі алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстардың барлығы тұрақты түрде жасалған болып шығады. Біздің пікірімізше тұрақтылық деген екі немесе одан көп қылмыс жасаумен анықталады. Бір қылмыс жасау үшін ұйымдасқан топ құрылып, ол ауыр қылмыс жасаса қылмыстық қауымдастыққа айнала ма? Бұған келісу қиын. Себебі, біріншіден қылмысқа қатысушылықпен орындалуы қиын, көп адамдардың қатысуын қажет ететін күрделі, ал көпшілік жағдайларда ауыр қылмыстар жасалып жатады. Екіншіден, біз алдын-ала келісіммен бір қылмыс жасауда тұрақтылықты мойындамадық. Ал қылмыстық қауымдастыққа тұрақтылық үшін екі немесе одан көп қылмыстар жасалу қажет. Үшіншіден, қылмысқа қатысушылықтың кез-келген формасында ауыр қылмыстар жасала алатыны даусыз. Сонымен бірге жекелеген, адамдарда ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасай алады. Қазіргі криминологиялық оқулықтарда “ұйымдасқан топтың бір көрінісі болып есептелетін ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау мақсатында қауымдастықтың (ұйымның) заңда өмір сүруі бұларды топтастыруды қиындағанды” – дейді [77. 349].

Келесі басын ашатын мәселеміз, 31 баптың 4 бөліміндегі ұйымдасқан топтардың бірлестігінің ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасауда ғана, қылмыстық қауымдастық болып есептелуі. Мұндай бағытты криминологиялық энциклопедиядан да кездестіруге болады. Онда қауымдастыққа кең анықтама бере отырып, ауыр қылмысты жасау мақсатын көрсетеді [78. 568-569]. Ең алдымен анықтайтынымыз мынау, қылмыстық қауымдастыққа қандай белгі тән болып табылады? Ауыр қылмыстарды жасау ма, әлде ұйымдасқан топтардың бірлестігі, құрылымдылық па? Сот практикасынан мысал келтірмей-ақ елестетіп-ақ көрейік. Ұйымдасқан топтардың бірлестігімен бірнеше қылмыстар жасалады. Бірақ ауыр қылмыстар емес. Мұндай жағдайларда бірнеше қылмыстарды жасау уақиғаларының өзі қоғамға қауіптілікті жоғарылатады. Бұл қылмыстық қауымдастық емес деп айта аламыз ба? Меніңше бұлай айту негізсіз. Себебі ауыр қылмыс болсын, аса ауыр болсын, бұлар қауымдастықтың негізгі белгісі емес, ауыр қылмыстар қылмысқа қатысушылықпен ғана емес жекелеген адамдардың жасаған қылмыстарында да кездесе береді. Бұл жағдай жалпы қылмыстылыққа тән белгі. Біздің пікірімізше қылмыстық қауымдастықтың негізгі белгісі тұрақты қылмыстық топтардың бірлестігі немесе құрылымдылық болып табылады. Мұның дәлелі ретінде осы форманың “қауымдастық” деген атауын да алуға болады. Біз қауымдастық ретінде бір мақсатпен өте көп адамдардың немесе бірнеше топтардың бірігуін түсінеміз. Қауым бірігудің нәтижесінде ғана шығады. Яғни екі немесе одан да көп ұйымдардың немесе ұйымдасқан қылмыстық топтардың бірігуі қылмыстық қауымдастықты құрайды. Егер осы тұжырымдарға сүйенсек, қылмыстық қауымдастықтың тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау мақсатында құрылуы шарт емес. Негізгі белгісі бірнеше ұйымдасқан топтардың тұрақты бірлестігі немесе құрылымдылық болып табылады.

Банда, заговор тәрізді қылмысқа қатысушылықтарды қауымдастыққа жатқызуды А.Н. Трайнин, А.А. Пионтковский және т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Бұлар ертерек уақыттардағы пікірлер. Біздің байқауымызша ұйымдасқан топтардың ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау мақсатында құрылуы (31 баптың 4 бөлімі бойынша бұл жағдай қылмыстық қауымдастық болып табылады) қауымдастықпен ұйымдасқан топ формаларының арасында тұрған тәрізді. Бұл қылмыстық кодекстегі түсінікті қолданған кездегі пікір, яғни ұйымдасқан топтардың бірлестігінің ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды

жасаумен, тек бір ғана ұйымдасқан топтың ауыр қылмысты жасауы жақын келеді. Ауыр қылмыстарды жасағанда қылмыстық қауымдастық болып табылатын ұйымдасқан топпен, 31 баптың 3 бөліміндегі ұйымдасқан топ бірдей, тек “ауыр” қылмыстар деген белгіден басқа белгілерінің барлығы сәйкес келеді. Тек бір сәйкес келмеуі мүмкін белгі, ол 3 бөлімде ұйымдасқан топтың бір қылмысты жасау мақсатында құрылуы мүмкіндігі келтіріледі. Сәйкес келмеуі мүмкін дейтін себебіміз, 31 баптың 4 бөлімінде қылмыстық қауымдастыққа жататын ұйымдасқан топтың бірнеше ауыр қылмыстарды жасауын ашып көрсетпеген. Онда тұрақтылық емес беріктік (сплоченность) белгісі көрсетілген.

Жалпы, бұл жерде бізге тек өз пікірімізді айтуымызға тура келеді. Ұйымдасқан топтың ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасағанда қылмыстық қауымдастыққа айналуы, біздіңше күмәнді жәйт. Себебі біріншіден, қылмыстық кодекстегі қылмыстық қауымдастық ұғымы, бір-бірінен бөлек екі формадан құралып тұр. Біз ауыр қылмыстар тек қауымдастықта ғана емес, кез-келген жеке адамдар жасаған қылмыстарда да кездесе береді дедік. Ауыр қылмыстарды жасау қылмыстық қауымдастыққа тән белгі емес десек, онда ұйымдасқан топқа неге ауыр қылмыстарды жасаумен айналысу тән болуы керек? Мұнан шығатын қорытынды, ұйымдасқан тұрақты қылмыстық топ, ауыр қылмыс жасаса да, жасамаса да ұйымдасқан топ ретінде қала береді. Яғни 31 баптың 3 бөліміндегі ұйымдасқан топ ретінде қарастырылуы қажет. Біздің мұндай бағытымыз көңілге қонымды болуы керек, себебі ауыр қылмыстарды жасауды қылмыстық қауымдастыққа таңбағаннан, қылмыстық қауымдастық өз мән-мағынасын, ролін жоймайды. Бұл біріншіден, екіншіден жоғарыда атаған “Бандитизммен және басқа қатысушылықпен жасалған қылмыстар туралы” ҚР Жоғарғы Сотының 21 маусым 2001 жылғы нормативтік қаулысы” ұйымдасқан топ дегеніміз бұл тек қылмыстық кодекстің 235 бабының 1 бөліміндегі қарастырылған топ ғана емес, оған қарулы тұрақты топты (банданы) да жатқызуға болады”, - дейді [74]. Бұл жерде байқалатын келеңсіз бір жәйт, ол бұл қаулы ережесінің негізгі заң – қылмыстық заң ережесіне, дәлірек айтқанда Қ.К. 31 бабының 4 бөліміндегі қылмыстық қауымдастықтың түсінігінің мағынасына қайшы келуі болып табылады. Бірақ аталған Жоғарғы Сот қаулысының бұл түсінігі біздің зерттеуіміздің тұжырымымен сәйкес келеді. Тұжырымымыз дұрыс болу керек, себебі бандитизм қылмысына жуық арада арнайы

зерттеу жүргізген О.В.Вербовая да Қылмыстық кодекстің 31 бабымен 237 бабының арақатынасын қарастыра отырып, “банда мағынасы бойынша қосымша арнайы белгілерімен қамтылған ұйымдасқан топтың бір көрінісі болып есептеледі”, дейді [62. 16]. Ол қосымша белгі ретінде, банданың қару иеленуін және азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау мақсаты болуын атайды. Қылмыстық заңдағы жекелеген ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін жаза жоғары мөлшеріне дейін белгіленген. Біз қылмыстық қауымдастықтың түсінігіне ауыр немесе аса ауыр қылмыстардың жасалуын немесе сондай қылмыстар жасау мақсатында құрылуды қосқанмен, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көрсетілген жаза мөлшерінен асып кете алмаймыз.

Қылмыстық қауымдастықтың субъектілерін екі немесе көп адам ретінде ғана емес, екі немесе одан да көп ұйымдасқан қылмыстық топтардың бірігуі ретінде алуымыз қисынды.

Сонымен біздің зерттеу бағытымыз бойынша, қылмыстық қауымдастық дегеніміз қылмыстық әрекеттермен айналысу үшін екі немесе одан көп ұйымдасқан топтардан құрылған тұрақты құрылымдық бірлестік болып табылады.

Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру мәселесін зерттеген ғалымдардың келтірген көптеген атаудағы ұғымдарын талдап, біз бір бірінен негізін объективтік, ішін-ара субъективтік белгілеріне қарай айырмашылығы бар, төрт форманы танимыз. Яғни кез-келген қылмысқа қатысушылық, осы төрт форманың біреуіне сәйкес келуі керек. Олар: топ адамдардың қылмыс жасауы, әр түрлі ролдер орындау арқылы қылмысқа қатысу, ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық. Бұл формаларға 3 тарауда талдау жасалады.

2.4 Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру негіздері

Қылмысқа қатысушылық формаларын бөлу белгісі, қылмысқа қатысушылық формаларының түсінігін ашатын белгілерінің арасынан шықпайтынына көз жеткіздік. Зерттеушілердің аталған белгілерді бөлу критерийі ретінде қолдануы нәтижесінде, осы күнге дейін олардың арасында қызу дау тудырды. Яғни бұл формаларды бөлуші белгі – Қылмыстық кодекстің 27 бабындағы қылмысқа қатысушылықтың

түсінігін құрайтын белгілерінен және 31 баптағы әр қылмысқа қатысу формаларының түсінігін құрайтын белгілерден де шықпайды. Оның басты себебі, бөлу критерийін 27 баптағы қылмысқа қатысудың түсінігін құрайтын объективтік және субъективтік белгілерден алсақ, онда “дәреже” деген күңгірт, анық емес критерийді қолдануға итермелейді. Бұл біріншіден, екіншіден, егер Қылмыстық кодекстің 31 бабындағы формалардың түсінігін құрайтын белгілерді пайдалансақ (мысалы тұрақтылық), онда ісіміз сәтсіздікке ұшырайтынына көз жеткіздік. Өйткені 31 баптағы белгілерге қарай ол формалар бір-бірінен ажыратылады. Екі формада ол белгі бар, үшіншісінде жоқ. Әдепкі екі форма бір-бірінен тағы да басқа белгі бойынша ажыратылады. Біз осы есептен, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда сырт белгілерді бөлу негізі ретінде ұсынуға мәжбүрміз. Сырт белгілер ретінде, қылмысқа қатысушылықтың және оның формаларының түсінігінде көрсетілмеген мән-жайларды аламыз.

Біз қылмысқа қатысушылық формалары бір-бірінен негізінен объективтік белгілерге қарай бөлінеді дедік: Біздіңше қылмысқа қатысу формаларын бөлудің бір тәсілі, осы формалардың пайда болуының себептері бола алады. Яғни осындай формалар неліктен бар деген сұрақ қойып, соның шешімін қолдану қажет. Бұл жерде мәселені криминологиялық белгілермен шешуді ойлап отырған жоқпыз. Қылмысқа қатысудың төрт формасы неліктен бар дегенде, біз бірлесіп қылмыс жасау ниетін іске асырудың жолдарына немесе тәсілдеріне көңіл аударып отырмыз. Қылмысқа қатысушылықтың біз білетін төрт формасынан басқа, оның бесіншісінің болуының еш мүмкіндігі жоқ. Бұлай дейтін себебіміз, біз қылмысқа қатысушылықтың ең қарапайым, яғни жай түрінен бастап, оның ең күрделі, яғни барынша қауіпті, барынша кең ауқымды өмір сүре алатын қылмыстық қауымдастық формасына дейін алып отырмыз. Қылмыстық қауымдастықтан да асқан, одан да күрделі форма жоқ немесе топ болып алдын-ала келісіммен немесе келісімсіз түрде қылмысқа қатысудан да төмен, одан да қарапайым форманың болуы мүмкін емес. Өйткені ондай жағдайлардың болуын ой жүзінде келтіру мүмкін емес және практика жүзінде де бой алған жоқ. Демек, қылмысқа қатысушылықтың барлық формалары осы екі аралықтың ішінде ғана кездесе алады. Қылмысқа қатысушылардың бірлесіп, қасақана түрде қылмыстарды жүзеге асыруы немесе қатысушылық арқылы қылмыстық ниетін іске асырудың, орын-

даудың тәсілдері шектеулі. Осы тәсілдердің әр қайсысы жекелеген қылмысқа қатысушылықтың формаларын құрайды. Бұл тәсілдер, әрбір қылмысқа қатысу формасы түсінігінің ерекше белгілерін білдіреді. Біз жұмыстың бірінші бөлігінде қылмысқа қатысу формасы нені білдіреді деп сұрақ қойып, берген анықтамада формаларды ажыратушы негізді қолдандық. Себебі ұсынып отырған критерийіміз сол анықтаманың не жайында екендігін, оның негізгі ерекшелігін білдіреді. П.Ф. Тельновта қылмысқа қатысушылықтың формаларын бір-бірінен объективтік белгілер ретінде ажырата отырып, “Өзара әрекеттер әдістерін” түсіндіргенде, қылмысқа қатысушылықтың әр формасының ерекшеліктеріне немесе қылмысқа қатысушылардың әр формалардағы әрекеттерінің өзгешелігіне көңіл аударуды ұсынады. Бұл пікір салыстыра келгенде біздің де пікірімізбен ұқсас келеді. Ұқсастығы сол, қазіргі Ресейден шыққан оқулық әдебиеттерде, авторлар объективтік жақ тұрғыда бұл мәселені “бірлесіп қылмыс жасаудың тәсілдері” немесе жақшада “қылмысқа қатысушылардың өзара әрекеттерінің әдістері” деп көрсетеді [79. 194].

Біздің ойымызша қылмысқа қатысушылардың бірлесіп қылмыс жасауының тәсілдерін былай анықтауға болады, ол әрбір жеке қылмысқа қатысушылық осы форманы анықтайтын белгінің болуымен анықталады. Мысалы әртүрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысу формасының негізгі белгісі әртүрлі рольдер орындаушылықтың болуы десек, осы формада бірлесіп қылмыс жасаудың негізгі тәсілі, осы белгі болады немесе қылмысқа қатысушылар ұйымдасқан топ арқылы бірлесіп қылмыс жасағысы келсе, онда олардың бұл формада негізгі қолданатын тәсілі “тұрақты түрде әрекет жасау” болып табылады.

Қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеген ғалымдар, қылмысқа қатысушылық формаларын топтастырғанда бөлу негізі ретінде ұсынған белгіні объективтік те, субъективтік те белгіге жатуын ескереді. Біз субъективтік белгілер қылмысқа қатысушылықтың қарапайым белгісі болып табылады дедік, сондықтан бұл мәселені шешуде субъективтік белгілер айтарлықтай роль атқармайды.

Жоғарыда қылмысқа қатысушылық формаларының бір-бірінен әртүрлі негіздер бойынша ажыратылуы мүмкін екендігін айттық. Біздің ойымызша қылмысқа қатысушылық формаларын белгілерінің көлеміне қарайда бөлуге болады. Себебі, қылмысқа қатысушылық

формаларын анықтайтын белгілердің көлемі әр формада әр түрлі көлемде кездеседі. Олардың барлығында ҚК 27 бабындағы қылмысқа қатысушылықтың түсінігін құрайтын белгілер бірдей. Ал 31 баптағы әр формаға берілген түсініктерден және жекелеген формаларға жататын қылмысқа қатысушылық түрлеріне көңіл аударсақ, олардың белгілерінің әр түрлі көлемде екендігін аңғаруға болады. 31 бапта әр формаға берілген түсінікте, олардың негізгі белгілері аталады. Әйтседе, кейбір қылмысқа қатысушылық формаларында, басқа формалардың негізгі белгілері кездесіп отырады. Бірақ түбінде нақты, ерекшелігін білдіретін белгінің көрсетілуімен, осы форма анықталады. Мысалы, қылмысты топ болып орындауда, біз тек осы форманы анықтаушы белгі ретінде, қылмысқа қатысушылардың қылмыстың объективтік жағы белгілерін толық немесе ішін-ара орындайтын жағдайын аламыз. Ал әртүрлі ролдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылықта қылмысты тікелей орындайтын бірнеше қылмыскерлер болуы мүмкін, бірақ қылмысты тікелей орындауға қатыспаған бір қатысушының, яғни айдап салушының немесе көмектесушінің болуымен, мұндай жағдайлар топ емес, әр түрлі ролдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық болып саналады. Яғни бұл формада тағы бір белгі қосылады, ол әртүрлі ролдер атқарушылар. Ұйымдасқан топта әдепкі екі белгі, яғни топ адамдардың қылмысты орындауы және әр түрлі ролдерді орындайтын қатысушылар кездесе алады. Мұнда үшінші белгі – тұрақтылық қосылады. Ал қылмыстық қауымдастықта осы үш белгіде бола алады, тек төртінші белгі- топтың құрылымдылығы деген белгі қосылады. Демек қылмысқа қатысушылықтың әр формасы күрделіленген сайын, бір белгіден қосып отырады. Біз осы жағдайға сүйеніп, қылмысқа қатысушылық формаларын бөлу критерийлерінің бірі, “қылмысқа қатысушылық формалары белгілерінің көлемі” болып табылады деп ойымызды қорытындылаймыз. Бұл бөлу критерийін түсінуге жеңіл болу үшін мынандай схема келтіруге болады.

1. Топ адамдардың қылмыс жасауы

Қылмыстың объективтік жағы белгілерін толық немесе ішінара орындау (негізгі белгі)

2. Әр түрлі рольдер орындаумен қылмысқа қатысу

1. Бір немесе бірнеше адамдар объективтік жақ белгілерін толық немесе ішінара орындайды және
2. Әртүрлі ролдер орындаушыларда қатысады. (негізгі бел

3. Ұйымдасқан топ

1. Топ адамдар қатысады.
2. Қосымша қылмысқа қатысушылардың кездесуі де мүмкін.
3. Тұрақтылық. (негізгі белгі)

4. Қылмыстық қауымдастық

1. Топ адамдар қатысады.
2. Қосымша қылмысқа қатысушыларда кездесуі мүмкін мүмкін.
3. Тұрақтылық.
4. Құрылымдылық (негізгі белгі)

3 тарау

ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛЫҚ ФОРМАЛАРЫН ТАЛДАУ

3.1 Топ адамдардың қылмыс жасауы

Топ адамдар жасаған қылмыста алдын-ала келісім болуы да, болмауы да мүмкін.

Әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан алғанда қылмысты топ күйінде жасау кәмелетке толмағандардың және жастардың қылмыстылығына тән. М.М. Бабаев кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының екі тобын келтіреді. Біріншісі, тек кәмелетке толмағандардан тұратын және бірыңғай орындаушылар болатын топ, екіншісі ересек адамдар да араласатын топтар [80. 77].

С.Бимурзиннің зерттеуі бойынша қалалы жерде жас өспірімдермен жасалатын қылмыстардың 80% топ күйінде жасалады [81. 84]. Осыған ұқсас көрсеткішті А.С.Чокморова да келтіреді [82. 14-15].

Қылмысты “топ” формасында жасау, Қылмыстық кодексте бірнеше құрамдарда көрсетілген. Мысалы, 233,234,238,248 т.б. баптардың тиісті бөлімдерінде, тармақтарында кездеседі. Мұндай жағдайларда топ адамдардың қылмыс жасауы, осы қылмысты жасаушылардың қауіптілік сипатын көрсетеді. Ал қалған барлық жағдайларда, топ адамдардың әрекеттері қылмыстық заңның Жалпы бөлімі шеңберінде қоғамға қауіптілігі бағаланады. Олардың нәтижесі әрбір қылмысқа қатысушыға жазаны жеке-жеке тағайындау кезінде көрінеді. Топ адам болып қылмыс жасау-жалпы табиғатынан қылмысқа қатысушылықтың бір көрінісі немесе формасы болып есептеледі.

Р.Р.Галиакбаров, топ адамдардың жасаған қылмыстарына роль бөліп қылмысқа қатысушылықтан басқаларының барлығын жатқызады [20. 6]. Бұл форма басқа да объективтік белгілерді иеленуіне байланысты, ұйымдасқан топ тәрізді формаларға айналу мүмкіндігіне ие. Қ.К. 31 бабында топ адамдар қылмысына жеткіліксіз түсінік берілген. Қысқаша айтқанда ол бапта егер екі немесе одан көп орындаушы келісімсіз қатысса, ол топ адамдар жасаған қылмыс болып саналады. Келісімнің болуы немесе болмауымен, орындаушылық әрекеттердің

мағынасы мен мазмұны ашылмайды. Заңдағы “орындаушылар” деген сөздің өзі жеке түсіндіруді қажет етеді.

Біздің ойымызша топ адамдар қылмысының белгілері мыналар болып табылады: а) қылмысқа қатысушылардың бірнешеу болуы (екі немесе одан да көп адам), ә) әрбір қатысушының қылмыстық құрамның объективтік жағын құрайтын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) орындауға толық немесе ішін-ара қатысуы, б) қылмысқа қатысушылардың қылмыстың нәтижесіне бірлесіп, күш біріктірудің арқасында жетуі, немесе екі жақты субъективтік байланыс болуы, в) әр қатысушыда қасақаналықтың болуы. Мұндай үнемі болатын белгілерден басқа, топ адамдар қылмыстарында кей кездерде қосымша белгілерде бола алады. Мысалы алдын-ала келісім, тұрақтылық. Мұндай белгілер болған кездерде, топ адамдардың бірлескен әрекеттері басқа қылмыстық-құқықтық сапаға айналып, қылмыс басқаша квалификацияланады. Яғни қосымша белгілердің нәтижесінде ұйымдасқан топ, қауымдастық тәрізді нысандарға айнала алады.

Бірінші белгі, яғни екі немесе одан көп адамдардың қатысуы сандық белгі болып табылады. Топ адамдар қылмыстарына қатысушылар қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, есі дұрыс адамдар болуы керек. Алайда олардың ішінде абайсыздықта қылмыс жасағандар, кәмелетке толмаған немесе есі дұрыс емес адамдар да болуы ықтимал. Қылмыстың субъектісі болып табылмайтын адамдардың қолымен қылмыс жасалып, қалған қатысушылар ұйымдастырушы, айдап салушы тәрізді ролдерді атқарғанымен, топ адамдар жасаған қылмыс деп бағалануы керек. Себебі мұндай жағдайда, қылмыстың субъектісі болып саналмайтын адам, қылмыстың құралы ретінде пайдаланылады. Роль бөліп қылмысқа қатысуда бір адам екінші қылмыстың субъектісі бола алмайтын адамды қылмыс істеуге айдап салса, біз мұндай жағдайда қылмысқа қатысу жоқ деп танымыз. Яғни сол айдап салушы адамның өзі сол қылмыстың орындаушысы болып табылады. Дәлірек айтқанда ол қылмысты біреу арқылы орындайды. Ал есі дұрыс емес немесе жауаптылық жасына жетпеген бір адамды қылмыс жасауға бірнеше адамдар айдап салса ше? Мұндай жағдайда қылмыстың орындаушысы бір ғана адам емес, сол бір тектес айдап салушылық әрекеттер жасаған адамдардың барлығы да орындаушылар болып табылуы керек. Яғни мұндай жағдайлар да топ адамдардың қылмыс жасауы болып есептеледі.

Біз, әрбір қылмысқа қатысушының қылмысты тікелей немесе қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішін ара орындауға қатысуында, қылмыскерлердің бірлескен әрекеттерінің көлемін ескеруіміз керек. Қылмысқа қатысушылардың орындаушылық әрекеттері, көлемі бойынша бөліне алады: біріншісі, әрбір субъектінің қылмыстың объективтік белгілерін толық орындай алуы. Мұның мысалы, әрбір топ мүшесінің жасаған қылмыстық жыныстық қатынасы. Екінші түрінде, қылмысқа қатысушылардың бірлесіп жасаған қылмыстық әрекеттерін бір-бірінен бөліп алғанда, қылмыстық объективтік жағы белгілері құралмайды. Яғни мұндай жағдайда қылмысты бірге орындаушылар әрекеттерді бөліп орындайды. Топ адамдардың осы тәрізді қылмыс жасауына, қылмыстың түрінің күрделілігі, көлемділігі әсер етуі керек. Демек, қылмыстың толық орындалуы немесе аяқталуына дейін, топ болып қылмысты орындаушылар бірнеше кезеңнен құралатын әрекеттерді орындайды. Мұның мысалы, Қ.К. 206 бабында қарастырылған жасанды ақшаларды немесе бағалы қағаздарды дайындау немесе өткізу, 259 баптағы есірткі заттарды заңсыз дайындау, пайдалану, сақтау, тасу немесе өткізу тәрізді тағы басқа қылмыстар бола алады. Бірінші қылмыскер дайындайды, екінші қылмыскер өткізеді.

Топ адамдар қылмыс жасауының үшінші түрі, қылмысты орындаушылықтың түсінігінде тікелей көрсетілген. Яғни мұндай жағдайда топ болып қылмыс жасаушылардың біріншілері қылмыстың объективтік белгілерін түгел орындайды, ал екіншілері бір бөлігін ғана орындайды. Мысалы бірінші қылмыскер кісі өлтіру кезінде пышақ салса, екіншісі қолын ұстап тұрады. Сондықтан мынандай анықтамамен келісу қиын. Н.С. Гагарин “қылмыс жасау орнында қылмыстың нәтижесіне жету үшін орындаушыға жағдай жасаған (оказывало содействие соисполнителю) адам бірге орындаушы деп танылады” – дейді [83. 58].

Топ болып қылмыс жасауда, қылмысқа қатысушылардың әрекеттері бірлескен түрде болуы шартты. Қылмысқа қатысушылардың бірігуі, бұл қылмыскерлердің әрекеттерінің біріккен түрде орындалуы ғана емес, сонымен бірге олардың арасында қылмысқа деген ой немесе қасақаналығының бірігуімен де анықталады. Қылмыстық ой немесе қасақаналықтың бір тектес болуы ішкі екі жақты байланыспен негізделеді. Қылмысқа қатысушылардың арасындағы екі жақты байланыс, топтың жасайтын қылмыс түрін білуімен, жасайтын іс-әрекеттің сипатымен сезінуімен, осы әрекеттердің нәтижесінде туындайтын

қоғамға қауіпті зардапты көре білуімен анықталады. Сондықтан мынандай сұраққа бірден жауап беруге болады. Н.Гальперин “қарақшылық қылмысын жасау туралы келісімге кірген, бірақ қылмыс жасау кезінде белсенді әрекет жасамаған, күш қолданбаған адамның әрекетін қалай бағалау керек”- дейді [84. 19], мұны әрине, топ түрінде қылмыс жасау ретінде бағалау керек.

Келесі айта кететін жәйт, топ адамдардың қылмыс жасауы келісім белгісіне қарай екі түрде көріне алатындығы жайында. Біз қылмысқа қатысушылықтағы келісімнің маңызы жайында мұнан бұрынғы бөлімдерде айттық.

Алдын-ала келісімсіз түрде қылмыс жасау қылмысқа қатысу формаларының ішінде негізінен топ адамдар қылмысында жиі кездеседі. Алдын-ала келісімсіз топ болып қылмыс жасау бұзақылықта, жеке адамдардың басына бағытталған қылмыстарда, т.б. кездеседі.

Осы түрдегі топ адамдар қылмыстарының алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстармен ортақ және ажыратушы белгілері мыналар болып табылады; ортақ белгілері: а) екі немесе одан да көп адамдардың қатысуы, б) қылмыстың құрамының объективтік жағы белгілерін орындауға әрбір қылмыскердің қатысуы, в) қылмысты бірігіп, яғни күш біріктіріп жасауы, г) әрбір қатысушының қасақана түрде әрекет етуі, Ажыратушы белгісі: д) бірлесіп қылмыс жасау жөнінде күні бұрынғы немесе қылмыс орындалардан бұрын келісімінің болмауы.

Р.Р.Галиакбаровта алдын-ала келісімсіз жасалатын топ адамдар қылмысының белгілерін осы тәрізді анықтай келіп, соңғы белгіні яғни біздегі “д” пунктіннің орнына “бірлесіп қылмыс жасау жөніндегі топ мүшелерінің келісушілік әрекеттерінің екі жақты байланыста болуы” деген күмәнді белгі келтіреді [20. 45].

Біздіңше келісімнің болуында, сөзсіз қылмысқа қатысушылардың арасында екі жақты байланыс орын алады. Бірақ Р.Р.Галиакбаров айтқандай екі жақты байланыс алдын-ала келісімде ғана емес, алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмыстарда да болуы негізді. Р.Р.Галиакбаров, алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмысқа қатысушылықты қарастыра отырып, келісім туралы сөз қозғайды. А.Ф.Зелинский “Қатысушылардың арасында субъективтік байланыс бір жақты болғанда, келісімсіз қылмысты бірге орындаушылықтың болуы мүмкін емес. Қатысушылардың арасында келісім қылмыс жасау алдында немесе қылмыс жасау кезінде пайда болады” – деген көңілге қонымды пікір келтірген [85. 25].

Біз жоғарыда қылмысқа қатысушылардың арасындағы екі жақты байланыс алдын-ала келісім болмайтын қылмысқа қатысушылықта да бола алады дедік. Мысалы, Х. және Ф. түн уақытында көшеде отырып арақ ішеді. Бұлар таныс емес, көшеде кетіп бара жатқан Д. дегенді тоқтатып, Х. темекі сұрап тиіседі. Д. “темекі жоқ” дегенде Х. қолындағы бөтелкемен оның басынан ұрады. Жерге құлаған Д.-ны Х. және Ф. Екеуі қосылып тепкілейді. Екеуі мұнан кейін жәбірленушінің киімін шешіп алып, оны көшенің арығына сүйреп әкеліп тастайды. Д. сот-медициналық сараптамасы актісінің көрсетуі бойынша аса-ауыр дене жарақатынан қайтыс болған.

Тергеу органдары Х. және Ф. қылмысты әрекеттерін Қ.К. 96 бабы 2 бөлімінің “б,г” тармақшаларымен саралаған [86]. Немесе 1994 жылы 4 маусымда Б. және Л. деген азаматтар “Валюталық реттеу жөніндегі” 14 сәуір 1993 жылғы заңды бұза отырып, азаматша В.-дан, оның доллар сатумен айналысуға лицензиясы жоқ екенін біле тұрып, одан доллар сатып алу үшін үйіне бірге келеді. Б. мен Л. 80 000 теңгеге 1750 доллар алуға келіседі. В.-ның қолынан АҚШ-тың көп ақшасын көріп, Б.-да сол мезетте оны өлтіру ойы пайда болады. В.-ның ақша санап жатқанын пайдаланып, Б. темір зат алып В.-ның басынан ұрады. Л. бұл жағдайдағы Б.-ның әрекет мағынасын түсініп В.-ны бір жола өлтіру мақсатымен қалтасынан пышақ алып жәбірленушінің желкесіне салады. Мұнан кейін олар В.-ның 41 800 теңге және 20 000 АҚШ долларын алып, бірге қашып кетеді [87].

Бұл мысалдарда қылмыскерлерде аталған қылмыстарды жасау жайында алдын-ала ниет болмаған. Қылмыс жасау ойы аяқ астынан пайда болып, ол іске аса бастағанда, екінші қылмыскер қылмысты әрекеттің мағынасын түсініп, әрі қарай қылмыстың орындалуын жалғастырған. Қылмыскерлердің арасындағы екі жақты байланыс, мұндай алдын-ала келісімсіз түрде жасалған қылмыстарда қандай белгілермен анықталады? Бұл байланыстар, жоғарыдағы қылмысты уақиғалардың мазмұнында айтылғандай, бір қылмыскердің бастаған қылмысты әрекетінің мағынасын екіншісінің түсініп жалғастыруымен, бір тектес әрекеттердің жасалуымен, уақыттың, уақиға орнының бірдей болуымен және басталған қылмысты басқаша мағынада түсінбей, сол бірінші қылмыскердің әрекетін қостайтын мағынада түсінуімен анықталады. Осы белгілердің барлығы қосылып, алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмыстардың бірлесіп орындалуын анықтайды. Әрине

алдын-ала келісімсіз түрде жасалатын қылмыстарда қылмысқа қатысушылықтың түсінігіне толық сай келеді.

Р.Р.Галиакбаровтың мына пікірі қызық. Ол “алдын-ала келісім бермеген қылмысқа қатысушылар, қылмыстық топтың субъектілері бола алмайды”, -дейді. Сөйтіп мынандай жиі кездесетін мысал келтіреді. К және Н өздері жұмыс істейтін заводтан мүлік ұрлап, оны алдын-ала келісім бермеген дүкенші А-ға алып келеді. А осы заттардың ұрланған екенін біле тұрып дүкеніне салып сатады. А ұрлық үшін жауап бермейді және қылмыстық топтың қатысушысы емес. А тек өз қылмысы үшін жауап береді, -дейді [88. 12].

Р.Р.Галиакбаровтың бұл мысалға берген бағасы дұрыс және дүкенші А біздің қылмыстық кодекстегі 183 баптағы қылмыстық жолмен табылған мүлікті біле тұрып пайдалану және өткізу қылмысын жасаған болып табылады.

Бізге күмәнді тұсы Р.Р.Галиакбаровтың дүкенші А.-ны алдын-ала келісім бермеген қылмысқа қатысушыға жатқызуы. А. қылмысқа қатысушы емес, бұл екі себеппен дәлелденеді. Біріншісі, А. заводтан мүлік ұрлауға қатысқан жоқ. Қылмысқа қатысушы болуы үшін субъект белгілі бір қылмысты жасауға басқа адамдармен бірге қатысуы керек. Яғни осы мысал бойынша А. ұрлықтың жасалғанын күні бұрын білген жоқ. Ол ұрлыққа қылмысқа қатысудың түсінігіндегідей бірлесіп қасақана қатысқан жоқ. Екіншіден, К. және Н. ұрлық үшін жауапқа тартылса, А. қылмыстық жолмен табылған мүлікті біле тұрып қабылдап өткізгені үшін жауап береді. Яғни К. мен Н. ұрлық жасаса А. ұрлық емес, басқа қылмыс жасады.

Осы арада мынандай сұрақ туындайды. Егер дүкенші А алдын-ала ұрланған мүлікті өткізуге немесе қабылдауға келісімін күні бұрын берген болса ше? Мұндай жағдайда олардың әрекеттері Қ.К. 27 баптағы қылмысқа қатысудың түсінігіне сай келеді. Екі немесе одан көп адамның қатысуы, қасақаналықтың болуы, бірлесіп қатысу белгілері бар. Қылмысқа қатысушылардың бірлесуінің нәтижесінде ұрлық тек қана жасалынбайды, сонымен бірге ұрланған мүлікті өткізу де бірлесіп қарастырылады. Алдын-ала келісім берген жағдайда қылмыстық топтың мүшесі емес, қылмысқа қатысушылықтағы көмектесушілікті атқарған болып шығады. Себебі Қ.К. 28 баптың 5 бөлігінде көмектесушілік әрекеттерге “осындай мүліктерді өткізуге немесе ие болуға алдын-ала уәде беруді” жатқызады. Топ адамдардың қылмыс жасауын арнайы зерттеген Р.Р.Галиакбаровтың өзі, алдын-ала келісімсіз түрдегі

топ адамдардың қылмыс жасауы жөнінде ой қозғағанмен, ол туралы арнайы сот-тергеу материалдарын мысал ретінде келтірмеген. Сөйтіп аталған еңбегінің осы мәселені қарастырған бөлігінде (34 бетте) мұнан әрі тек есі дұрыс еместер мен жас өсіпірімдерді қатыстырып қылмыс жасау жөнінде айтып кетеді. Біз топ адамдардың алдын-ала келісімсіз қылмыс жасауын ғана емес, сонен бірге алдын-ала келісімсіз түрде роль бөліп қылмысқа қатысушылықтың болуы мүмкіндігін дәлелдеп ол туралы тиісті бөлімде айттық.

Алдын-ала келісімсіз түрде топ болып қылмысты орындаушылықтың субъективтік жағында бір шама күрделі мәселелер бар. Бұл әрине күш қолданумен тікелей немесе ұштастырыла жасалатын қылмыстарда, яғни бұзақылық, кісі өлтіру, денсаулыққа зардап келтіру тәрізді қылмыстарда жиі кездеседі. Ү.С.Жекебаев бір еңбегінде мынандай мысал келтіреді. Алматы обылысы Қаскелең ауданы “Красный Восток” поселкасында тұратын Таня деген қызға көрші “Жаңа Тұрмыс” поселкасының Аббас деген жігітті көңілін табуға жағымпазданып жүреді. Бірақ Таня онымен кездесуден бас тартады. Бір күні Аббас досы Рахметпен “Красный Восток” поселкасының шетінен осы қызды кездестіріп сөйлескісі келеді. Қызды осы поселканың тұрғыны Сергей қорғаштап қарсы тұрады. Аббаспен Рахмет Сергейді ұра бастайды. Таня поселкаға “Сергейді өлтіріп жатыр” деп айқайлап кіреді. Волейбол алаңында ойнап жатқан жігіттер Сергейге көмектесуге ұмтылып, Аббас пен Рахметті жабылып қатты ұрады. Төбелеске 15 адам қатысады [89. 26]. Ү.С.Жекебаев, бұл мысалды басқа мәселе үшін қолданған. Бізге керектісі, осы Аббаспен Рахмет 15 жігіттің тепкісінен қайтыс болды дейік. Кісі өлтіру немесе адамды жабылып ұру туралы алдын-ала келісім олардың арасында болған жоқ, сондықтан әр қайсысы бірінің әрекетін бірі қайталап тепкілей берді. Нәтижесінде 2 жігіт қайтыс болды. Бұларда қандай кінә түрі болуы мүмкін? Әрине қасақаналық. Бірақ қасақаналықтың қай түрі дегенде бір жақты жауап айту қиын. Әрекетті тікелей қасақаналықпен жасағанмен қылмыстың зардабына дегенде әр түрлі психикалық қатынас болуы мүмкін ғой. Кінә түрі қылмыстық құқықта материалдық құрамдар бойынша қылмыскердің зардапқа деген психикалық қатынасымен анықталады. Топ адамдардың алдын-ала келісімсіз зорлық-зомбылықпен ұштастырыла жасалатын қылмыстарында біреуі адамды өлтіру үшін ұрса, екіншісі әрекетіне мән бермей, яғни жанама қасақаналықпен ұруы да мүмкін. Ал үшіншілер тікелей қасақаналықпен ұрып, ал

қылмыстың зардабын тілемей де мүмкін. Яғни қасақана түрде басқалармен бірге ұрады, бірақ жәбірленушінің өлуін тілемейді. Демек кінәнің аралас түрі де кездесуі мүмкін. Егер кінәнің аралас түрінің мұндай қылмыстарда кездесуін мойындайтын болсақ, онда қылмысқа қатысушылардың әрекеттері қылмыстық заңның әр түрлі баптарымен сараланады. Яғни тікелей немесе жанама қасақаналықпен әрекет жасаған адамдардың әрекеттері Қ.К 96 баптың 2 бөлімінің “и” тармақшасымен, яғни бұзақылықпен кісі өлтіру деп бағаланса, үшіншілерінікі, кінәнің аралас түрімен қылмыс жасағандардың әрекеттері, 103 баптың 3бөліміне сай келеді.

Қылмысты топ болып орындаушылықты бұлай бағалау қылмысқа қатысушылықтың шеңберінен шығып кетеді. Себебі, қылмысты топ болып орындаушылық болсын, роль бөліп қатысу болсын, олардың қылмысы қылмыстық заңның бір бабымен саралануы керек.

Сонымен, екі немесе одан көп адамдардың қасақана, бірлескен түрде, қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішінара орындауы, топ адамдардың жасаған қылмысы болып танылады.

3.2 Әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысу

Мұндай қылмысқа қатысушылықта атынан көрініп тұрғандай қылмысқа қатысушылардың арасында әр түрлі ролдер орындау орын алады. Мұнда кей қатысушылар қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде көрсетілген қасақана қылмыстардың белгілерін толық немесе жартылай орындаса, ал кейбіреулері нақты қылмыстың белгілерін емес, қылмыстық кодекстің 28 бабында көрсетілген ұйымдастырушылық, айдап салушылық, көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындайды.

Осы формада әр түрлі ролдер орындалумен, қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің сипаты анықталады. Демек, бір-біріне ұқсамайтын, көмектесушілік, ұйымдастырушылық тәрізді тағы басқа әрекеттерді орындаудың нәтижесінде олардың қылмыстық ролі, жеке мағынада немесе сипатта көрінеді.

Әр түрлі ролдер орындау арқылы қылмысқа қатысуда алдын-ала келісіммен және алдын-ала келісімсіз түрде жасала алады. Әйтсе де бұл формаға негізінен алдын-ала келісім тән.

Роль бөліп қылмысқа қатысуда мынандай объективтік белгілер бола алады. Сандық белгі а) екі немесе одан көп адамның қатысуы, Сапа-

лық белгілері: ә) бір қылмыс жасаумен шектелуі, б) қылмыстық әрекеттерінің бірлескен түрде жасалуы, г) әр түрлі ролдер орындаудың кездесуі.

Сонымен қатар мынандай субъективтік белгілер кездеседі.

а) Қасақана түрде қасақана қылмыстарды жасауы, ә) қылмысқа қатысушылардың қылмысты әрекеттерді бірлескен түрде жасауы, б) алдын-ала келісімнің болуы (бірақ бұл белгінің болуы шарт емес).

Қылмысқа қатысушылықтың қай формасында болса да екі немесе одан көп адам жалпы қылмыстық заңның ережесіне сәйкес есі дұрыс, қылмыстық жауаптылық жасына жеткен адам болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, яғни қылмысты есі дұрыс емес адамға немесе жауаптылық жасына жетпегендерге және орындаушыны алдап абайсыздықпен қылмыс істеттіргенде, азғырған немесе айдап салған адам қылмыстың орындаушысы болып табылады. Мұндай жағдайда қылмыстың субъектісі бола алмайтын адамдар тек қылмыс жасаудың құралы ретінде пайдаланушылар қатарына жатқызылады.

Келесі белгі, әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысудың бір қылмыс жасаумен ғана шектелуі – бұл осы форма бойынша шартты белгі деп айтуға болады. Біз қарастырған ғылыми еңбектерде мұндай белгі кездеспейді. Біздің бұл белгіні қосу себебіміз, егер қылмысқа қатысушылар әр түрлі ролдер орындай отырып бірнеше қылмыстар жасаса, онда олардың әрекеттері тұрақты болып табылып басқа формаға айналады. Мұндай шешімге итермелеген тағы бір себеп, алдын-ала келісімсіз түрде роль бөліп қылмысқа қатысушылықтың да болу мүмкіндігі. Мұндай қылмысқа қатысушылықтың ҚК 31 бабындағы формалардың еш-қайсысына дәл келмейтінін біз мұнан бұрынғы бөлімде айттық. Бір ғана қылмысты жасау жолында әр түрлі рольдер орындап қылмысқа қатысу – бұл кең таралған, жиі кездесетін қылмысқа қатысушылық. Негізінде бір ғана қылмыс жасау мақсатында әр түрлі ролдер орындаумен қылмысқа қатысу, осы форманың негізгі белгісі болып табылады. Сонымен қатар, бұл белгі осы форманы басқаларынан ажыратушы негізгі белгілердің бірі болып табылады.

Қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің бірлескен түрде жүргізілуі жайында, топ адамдардың қылмысы туралы ой қозғағанда айттық. Дей тұрсақта, әр түрлі рольдер орындау жолымен қылмысқа қатысушылықта бұл белгі жеке ерекшеліктерге ие.

Бірлескен түрде қылмысқа қатысқанда, кінәлілер қоғамға – қауіпті іс әрекетті өзара байланыста жасайды және қылмыстың зардабына күш біріктірудің нәтижесінде жетеді. Қылмысқа қатысушылардың бірлестігін мынандай тұрғылардан қарастыруға болады.

Біріншіден, қылмысқа қатысушылардың қылмыстың түріне байланысты келісімді немесе шартты түрдегі әрекетерді жасауы.

Екіншіден, барлық қылмысқа қатысушылар үшін бірдей қылмыстық салдардың тууы.

Үшіншіден, қылмысқа қатысушылардың шартты әрекеттері мен салдар арасында себепті байланыстың болуы.

Қылмысқа қатысушылардың әр түрлі рольдерді орындауына негізгі себеп, келісім ғана емес, оған қылмыстың жасалар алдындағы әр түрлі мән-жайлары әсер ете алады. Ролдердің тууына келісімнің әсер етуі, біздің ойымызша алдын-ала келісіммен жасалатын қылмыстарда ғана бола алады.

Ал алдын-ала келісім болмаған жағдайдағы роль бөлушіліктің болуына негізгі әсер ететін жайт, бұл қылмыстың жасалар кезіндегі әр түрлі мән-жайлар болуынан. Ол мән-жайлар, қылмысқа қатысушылардың арасындағы таныстық, қылмыс жасауға аяқ астынан ойдың пайда болуы тәрізді жайттар. Мысалы түнгі мезетте О. мен оның досы М. Алматы қаласының Парковая көшесінде келе жатады. О. тұсынан өтіп бара жатқан Ә. деген жігітті танып қалып тоқтатады. О. бұрын Ә.-мен арада өткен төбелесті себеп етіп, сол арада тағы да төбелеседі. Ә. екі адамның өзіне жабылып кетуінен сескеніп жекпе-жекпен төбелесуін сұрайды. О. оған келісіп төбелесіп жатқанда М. оған пышақ береді. Ә.-ның ішіне О.-ның пышақ салуы салдарынан ол сол күні ауруханада қайтыс болады [90].

Міне бұл мысалда да алдын-ала келісімсіз түрдегі көмектесушілік орын алып отыр. М.-ның О.-ға көмектесу себебі жолдастығы, қалтасында пышақтың болуы. Біз осындай мысалдарға сүйеніп, қылмысқа қатысушылардың арасында мұндай жағдайда келісімділік емес, шартты әрекеттердің себепші болуын келтіріп отырмыз.

Роль бөліп қылмысқа қатысушылықтың келесі объективтік белгісі және бірлескен түрде қылмыстың жасалғандығын анықтаушы белгінің бірі ретінде бірдей қылмыстық нәтиженің тууын келтірдік. Бұл әрине, барлық қылмысқа қатысушылар Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі бір қылмыс түрі бойынша бірге жауапқа тартылады деген сөз.

Кейде нақты бір қылмыс жасалғанда, басқа да адамдардың осы қылмысқа байланысы болғанымен немесе осы қылмысқа қатысты белгілі бір әрекеттерді жасағанымен, қылмысқа қатысушылық болып табылмайды. Басқаша айтқанда, қылмысқа қатысушылар бір қылмыс жасаса, ал басқаларының әрекеттері қылмыстық заңның осы бабына емес, басқа баптарына сәйкес келуі мүмкін.

Мысалы Алматы қаласының барахолка базарында арба тасушы Серік және Талғат деген екі жігіт жол бойында тұрады. Бұлардың қастарына таяу жерде өздері тәрізді арба тасушылар Мұқан және Саматта арбаларымен тұрады. Осы кезде олардың тұсына жүк тиеген УАЗ машинасы келіп тоқтап, одан екі адам түсіп машинаның үстіндегі қаптардың біреуін ғана алып базарға қарай кетеді. Осы кезде Серік Талғатқа “машинаның үстіндегі бір қапты алып кет” – дейді. Талғат «басқаларға неге айтпайсың» деп ұрлықтан бас тартады. Осы кезде машинаның егелері келіп, қаптарын қайтадан орнына қойып жүре бергенде, Серік бір қапты тартып түсіріп алып қалады. Сөйтіп Талғат екеуі қапты арбаға салып алып кетеді. Мұны көрген Мұқан мен Самат осы қаптан үлес алғысы келіп оларды қуып жетіп, бөлісуді сұрайды. Самат осы базар маңында өзінің туысқаны бар екенін, соның үйіне барып ашып көріп бөлуді ұсынады. Олар келісіп аталған үйге барып қапты ашады. Қаптағы тауар қытай тондары болып, - оны өзара бөліседі [91].

Тергеу органдары Серік пен Талғаттың әрекетін ұрлық қылмысы бойынша бағалаған. Ал Мұқан мен Саматтың ұрланған мүлікті жасыруға қатысқанын, бөліскенін ескеріп ұрлыққа көмектесушілік деп таныған.

Біздің ойымызша тергеу органдары Мұқан мен Саматтың әрекеттерін дұрыс бағаламаған. Себебі бұлар ұрлықты құрайтын әрекеттерді, яғни қылмыстың объективтік жағы белгілерін орындауға қатысқан жоқ. Бұл біріншіден, екіншіден ұрлық қылмысына көмектесуші болуы үшін олар алдын-ала ұрланған мүлікті жасыруға тілегін, келісімін айтуы керек. Егер ұрланған мүлікті Самат пен Мұқан жасыруға көмектесіп, бірақ одан үлес алмаса, онда олардың әрекеттері алдын-ала уәде берілмеген қылмысты жасырушылық қылмысы болар еді. Ал мына жағдайдағы Самат пен Мұқанның әрекеттері Қ.К. 183 бабындағы қылмыстық жолмен табылған мүлікті біле тұрып алу немесе өткізу қылмысына сай келеді.

Самат пен Мұқанның әрекеттері ұрлық жасау қылмысына қатысушылыққа жатпайды. Мұның себептері, ұрлық жасауға олар бірлесіп қатысқан жоқ, ұрлықтың болуына қасақаналықпен әрекеттер де жасаған жоқ. Демек, қылмыс жасалғаннан кейінгі келісімсіз көмектесушілік әрекеттер – қылмысқа қатысушылыққа жатпайды деп сенімді түрде айтуға болады. Мұндай жайттер орын алғанда, алдын-ала уәде бермеген қылмысты жасыру, қылмыстық жолмен табылған мүлікті біле тұрып алу немесе өткізу тәрізді қылмыстар орын алады. Ал келісім болмаса да қылмыстың жасалуына дейін немесе қылмыстың орындалу кезінде берілген көмектесушілік, қылмысқа қатысушылық бола алатынын мұның алдындағы мысалмен дәлелдедік.

Қылмысқа қатысуда әр түрлі рольдердің кездесуіне тек келісімнің ғана әсері емес, әр түрлі шартты (таныстық, туыстық келісімді керек етпейтін жайлар болып табылады) жағдайлардың да әсер ететінін дәлелдеп отырмыз. Қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде бұл мәселені осылай зерттеу кездеспейді. Біздің ойымызша, әр түрлі рольдер орындаумен қылмысқа қатысушылыққа субъективтік белгілерден келісім әсер етсе, алдын-ала келісімсіз түрде әр түрлі рольдер орындалатын қылмысқа қатысушылықта объективтік белгі болып есептелетін шартты жағдайлар әсер етеді.

Негізінде қылмысқа қатысушылықта әр түрлі рольдердің орындалуы себебінен қылмыстың нәтижесі туындайтыны даусыз. Ұйымдастырушылық, азғырушылық, көмектесушілік тәрізді әрекеттердің орындалуы нәтижесінде ғана, бір әрекет екінші әрекеттің орындалуына себепші болып, қылмыстың мақсаты орындалады. Орындаушының әрекеттерімен қылмысқа қатысудың бұл формасында бірден қылмыс нәтижесі туындамайды. Азғырушының қылмысқа итермелеуі, көмектесушінің тиісті міндеттерін атқаруы, орындаушының қылмысты жасауына әкеледі. Сондықтан қылмысқа қатысушылықта себепті байланыстың бөлу қажеттілігін жоққа шығарған кейбір зерттеушілермен келісуге болмайды. Мысалы, А.Я.Вышинскийді “қылмысқа қатысудың түсінігі үшін себепті байланыс емес, адамның жасалған қылмыспен байланысы болуы қажет” деген пікірімен келісу қиын [14. 118].

Осы арада көмектесуші, айдап салушы, ұйымдастырушының әрекеттерінің қылмыстың салдарына қатынасы немесе себепті байланысы тікелей ме деген сұрақ туындайды. Орындаушының қылмысты әрекеттері қылмыстың зардабын тудыруға негізгі себепші екендігі белгілі. Біздіңше ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің

әрекеттері қылмыстың зардабына тікелей байланыста бола алмайды. Себебі, азғырушы орындаушыны қылмысқа итермелегенімен, орындаушы оған көнбесе қылмыс қайдан шығады? Яғни орындаушыны қылмысқа жеткізген көмектесушілік тәрізді әрекеттердің өзі қылмысты болуы керек. Сонда ғана кінә болады, сонда ғана қылмысқа қатысушылық орын алады. Абайсызда айдап салу әрекетінен қылмысқа қатысушылық шықпайтыны белгілі. Қылмысқа қатысушылықта “келісім” - негізгі субъективтік белгі болып табылады, себебі қылмыстық құқықта келісім, тек қылмысқа қатысушылық мәселесінде қарастырылады.

Әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылықта бірен-саран жағдайларда алдын-ала келісімсіз қылмыс жасалу кездескенімен, негізінен мұндай қылмысқа қатысу формасына алдын-ала келісім болуы тән. Алдын-ала келісім дегеніміз қылмысқа қатысушылардың қылмыс жасау жөнінде алдын-ала немесе қылмыс жасалуы алдында бір-біріне берген уәдесі болып табылады. Сонымен қатар келісім мазмұнына жасалатын қылмыстың түрі, орны, уақыты, әдісі тәрізді белгілер енеді.

Кейбір жағдайларда екі немесе одан көп амалдардың объектіге кетірілген зиянының уақыты, орны бір болғанымен, қылмысқа қатысушылық болып санала бермейді. Бұл мәселе жайында М.И.Ковалев мынандай дұрыс пікір келтірілген, “Объектіге келтірген зардаптың бір келкілігі, қылмыстың жасалу уақытының бір болуы қылмысқа қатысушылықтың негізгі белгісі болып табылмайды. Барлық қылмысқа қатысушылар әрекеттерінің бір тұтастығының ең негізгі белгісі, қылмыстық құрамның субъективтік жағының бір тұтастығы болып табылады, анығырақ айтқанда бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін тілегінің бір тұтастығы бола алады. Сондықтан келісімнің болуы, өзінен-өзі қылмыстың әр жақтарына әсер ете алады, ойға алынған қылмыстың сипатына, жасалу орнына, уақытына, әрекеттердің әдісіне, қылмысты жасау құралдарына” [28. 213-215]. Негізінде көпшілік зерттеушілермен біздің ойымыз дәл келеді. Бірақ біздің ойымызша жоғарыда түгелденген келісім мазмұнын құрайтын белгілер, қылмысқа қатысушылықта келісім болғанда ғана анықталмайды. Бұлай дейтін себебіміз алдын-ала келісімсіз жасалатын қылмысқа қатысуда да қылмыстың түрі, орны, уақыты тәрізді белгілер орын алады. Яғни бұл белгілерді қылмысқа қатысуға жатқызатын анықтаушы түйін немесе кілт келісім емес, қылмысты бірлесіп орындау бо-

лып табылады. Бұл пікірді дәлелдеуші екінші бағыт – бұл қылмысқа қатысушылықтың анықтамасында келісім емес, қылмысты бірлесіп орындау белгісі көрсетілгендігі. Яғни қылмыстың түрін, орнын, уақытын, әрекеттердің әдістерін қылмысқа қатысушылыққа жатқызытын белгі келісім емес, қылмысты бірлесіп атқару болып табылады. Демек алдын-ала келісіммен жасалған қылмыстарда қылмыстың түрі, уақыты, орны тәрізді белгілер келісіммен анықталса, ал алдын-ала келісімсіз жасалған қылмыстарда бұл белгілер қылмыс бірлесіп атқарылған да ғана қылмысқа қатысушылық болып табылады.

Ендігі мәселе, келісімнің түрі мен маңызына тоқталайық. Қылмысқа қатысушылықта келісімді екі түрге бөлуге болады. Біріншісі алдын-ала немесе күні бұрын пайда болған келісім. Екіншісі қылмыс жасалар алдында пайда болған келісім. Мұндай келісімді осы мәселені зерттеген ғалымдар жәй келісім (элементарное соглашение) деп те атайды [92. 123].

Келісімнің түрін, дәрежесін ғалымдар әр түрлі мәселелерді шешетін кілт ретінде пайдаланады. Мысалы, келісімнің сипаты мен маңызын айта отырып П.И.Гришаев, Г.А.Кригер “алдын-ала келісіммен жасалған қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі қылмысқа қатысушылардың арасындағы келісім дәрежесімен тікелей қатысты”, - дейді [30. 216].

Біздің пікірімізше қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейі келісімнің дәрежесімен емес, жасалған қылмыстың түрімен байланысты. Бұл мәселе жайында біз, қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілігі туралы арнайы бөлімде айтамыз.

Келісімнің сипаты жайында М.И.Ковалев “ұйымдастырушылық сипаттағы келісім, алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысушылықтан қылмысқа қатысушылықтың басқа түрлеріне қарай айналдырады, мысалы қылмыстық ұйымға айналдырады” – дейді [28. 218].

Егер мынандай пікір айтылса толық келісуге болады. Алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысудың формасы анықталады делінсе. Себебі, алдын-ала келісіммен қылмысқа қатысу формаларына сәйкес келетін, қылмысқа қатысушылық түріндегі қылмыстар жасала алады. Ал қылмыс жасалар алдында аяқ астынан пайда болған келісім, топ адамдар қылмысында кездесе алады. Сонымен бірге өте сирек жағдайда әр түрлі рольдер орындалатын қылмысқа қатысушылық кездеседі. Ал ұйымдасқан топ тәрізді қылмысқа қатысушылықтарға тек алдын-ала келісім тән. Олар ешқашан аяқ астынан немесе қылмыс

жасалар қарсаңда пайда болған келісіммен жасалынбайды. Біздіңше алдын-ала келісімнің маңызы осында.

Қылмысқа қатысушылардың қылмысты іске асыру туралы ойы немесе тілегі, қылмыстық ой бірлестігі субъективтік белгілер болып табылады. Әр түрлі ролдер орындау формасындағы қылмысқа қатысушылардың бірлестігі мынандай жағдайлармен анықталады.

а) Қылмыскердің өзінен басқа да адамдардың бұл қылмысқа қатысуы барын білуі, ә) олардың әрекеттерінің өзінің қылмысты ниетіне жетуіне жеңілдік жасайтынына, б) екі жақты субъективтік байланыстың болуы. Осы үш жағдайдың кез-келгені қылмысқа қатысушылықта болуы міндетті деп айтуға болады. Субъективтік белгілердің ішіндегі ең негізгісі, екі жақты субъективтік байланыс болып табылады. Себебі, екі жақты субъективтік байланыс, қылмысқа қатысушылардың ой бірлестігін, қасақаналығын анықтаушы белгіге жатады. Екі жақты байланыс дегеніміз, қылмысқа қатысушылардың бірінің әрекетінің маңызын, мағынасын екіншісінің түсінуі және соған қарай әрекет етуі болып табылады. Екі жақты субъективтік байланыс болмаған жағдайда қылмысқа қатысушылықта жоқ. Байланыс бір жақты болғанда, екінші адам абайсызда қылмыс жасағаны үшін жауапқа тартылады немесе жауаптылық туындамауы да мүмкін. Екі жақты байланыс қылмысқа қатысушылардың арасында қасақаналықты тудырады.

Келесі көңіл аударатын жайт, ол роль бөліп қылмысқа қатысушылықтағы қасақаналықтың түрлерімен, оның маңызы болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында, қылмысқа қатысудағы даулы мәселенің бірі, субъективтік тұрғыдағы кінә түрлері, яғни қылмысқа қатысуда жанама қасақаналықтың орын алуы туралы болып табылады.

Әдебиеттерде “қылмысқа қатысушылықта тек тікелей қасақаналық бола алады” деген көзқарас бар [19. 119-122]. Осындай бағытты ертерек уақыттарда қолданылған оқулықтардан да кездестіруге болады [93. 223].

Осы тақырыпта еңбек жазған ғалым криминалистер мәселен, Г.А. Кригер “қылмысқа қатысу субъективтік жағынан қасақана түрде жасалады, себебі қылмысқа қатысушылар өздерінің іс-әрекеттерін белгілі-бір мүддеге орай біріктіреді және алға қойған мақсатын орындау үшін қарсы жақтың мүддесіне зиян келуін тілейді”, - деген пікір айтады [16. 252]. Бұл жерде “тілейді” деген сөз қолданылғанымен, бірақ нақты қылмысты жасауда зардап келтіруді тілеуі шарт деп ешкім де кесіп айта алмайды. Бұлай шарт қоюға болмайды да, өйткені қылмы-

сқа қатысушылар кейбір формалар бойынша жанама қасақаналықпен де қатыса алады. Қылмысқа қатысуда жанама қасақаналықтың болу мүмкіндігін дәлелдеуші ғалымдар қылмысқа қатысушылар түрлерінің яғни, ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің, орындаушының кінә түрлерін анықтауға ұмтылады. Мысалы, П.Ф. Тельнов осы мәселені зерттей отырып, “Ұйымдастырушы мен айдап салушы әдеттегідей тікелей қасақаналықпен жетекшілік етеді, олар басқа адамдарды қылмысты жолға тартып, итермелеу арқылы өз мүддесін іске асырады, демек қылмыстың зардабын тілейді. Орындаушы мен көмектесуші де қылмысты әдетте тікелей қасақаналықпен жасайды, бірақ олар кейде ұйымдастырушымен айдап салушы тәрізді тілемеуі де мүмкін, тек қылмысты зардаптың болуына саналы түрде жол беріп, жанама қасақаналықпен әрекет етеді”, - дейді [17. 47].

Сонымен қатар П.Ф.Тельнов айдап салушының да жанама қасақаналықпен қылмыс жасауына шек келтірмейді, оған мынандай мысал келтіреді “мас екі кісінің бірі екіншісіне көшеде өздерін тәртіпке шақырған адамды ұруға азғырады. Айдап салушы ол кісінің өлімін, ауыр жарақат алуын тілемесе де оған саналы түрде жол береді. Сөйтіп жанама қасақаналықпен әрекет ете отырып, бұзақылық ниетпен кісі өлтіруге айдап салушы болып саналады”, – дейді [17. 93].

Қылмысқа қатысушылардың жанама қасақаналығын оқулық әдебиеттерде де келтірген [12. 460-479]. Сондай-ақ Украинаның бұрынғы қылмыстық заңына түсініктемелерде де кездеседі [94. 57].

Осы мәселені терең зерттеген тағы бір ғалым М.И. Ковалев қылмысқа қатысушылар түрлерін қылмыстық құрам элементтері бойынша жеке-жеке зерттей келіп, азғырушы жайында: “Объективтік факт ретінде қылмысқа азғырушыда жанама қасақаналық болуы мүмкін емес”, - дейді [28. 88]. Осы еңбегінде М.И.Ковалев қылмыстың орындаушысы мен көмектесушісінде жанама қасақаналықтың болуына күмән келтірмейді [28. 110].

Біздің негізгі мақсатымыз қылмысқа қатысушылардың қайсысы тікелей немесе жанама қасақаналықпен қылмыс жасайтындығын және қылмысқа қатысушылықтың қай формаларында қылмысқа қатысушылардың кінәсі жанама қасақана түрде кездесуі мүмкін екендігін анықтау. Бұл мәселеге үңілу таза теориялық жұмыс болып есептелінеді. Себебі, практикада қылмыстық іс жүргізу кезінде қылмыскердің қасақаналық түріне көңіл аударылмайды, ол туралы құжаттарда көрсетілмейді.

Жоғарыдағы мәселелерге жауап беру үшін, алдымен мынандай сұрақтарға жауап іздеу керек.

а) Қылмысқа қатысушылар барлық кезде қылмыс зардабын тілеуі керек пе?

ә) Тікелей немесе жанама қасақаналық қылмыскердің іс-әрекетімен анықтала ма немесе қылмыс зардабына деген ойымен анықтала ма?

б) Қылмысқа қатысушылардың арасындағы екі жақты келісімнің бұл мәселені анықтауда маңызы қанша?

Осы мәселелерді айқындауда қылмыскердің қылмыс зардабына деген психикалық қатынасын анықтау, негізгі шешуші кілт болып есептелінетіні күмән тудырмайды. Қылмысқа деген психикалық қатынас дегеніміз – кінәлінің қылмысты әрекет жасау кезіндегі ішкі ой – қатынасы болып табылады.

Қылмысқа қатысушылардың барлық кезде қылмыс зардабын тілеуі шартты белгі деу қате тұжырым болатынын жоғарыда айттық. Мысалы, екі кісі мас күйінде көшеде келе жатып, қарсы кездескен жүргіншіні ұстап алып тепкілей береді, соның нәтижесінде кісі өлімі болуы, ал қылмыскердің ұрып жатқанда ойында кісі өле ме, әлде тірі қала ма, оған бәрі бір болуы, әрине жанама қасақаналықты құрайды.

Қылмысқа қатысушылықта қылмыскердің барлығында қылмыс зардабына бірдей психикалық қатынаста болуы, ал кейде қылмыстың объективтік жағының белгілері оларда бірдей болғанымен психикалық қатынасы әр түрлі болуы да мүмкін. Мәселен, жоғарыда кетірген екі бұзақылық ниетпен кісі өлтірушінің біреуі кісі өлімін тілеп ұрса, ал екіншісі саналы түрде жол беруі, яғни кісі өле ме, өлмей ме оған бәрі бір болуы да мүмкін. Яғни әр қылмыскердің қылмыс зардабына деген көзқарасы әр түрлі болуы мүмкін. Бұл қылмысқа алдын-ала келісімсіз түрдегі қатысушылық жайында. Ал ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші жайына келгенде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 28 бабы объективтік белгілерді құрайтын іс-әрекеттерді келтіреді.

Қашанда қылмысқа қатысушы алдын-ала келісіммен белгілі-бір әрекетті орындауға міндеттенгенде осы әрекеттерді орындауға ықыласты болсын, болмасын орындағаннан кейін ол тікелей қасақаналықты құрайды. Сондықтан қылмысқа қатысушылардың кінә түрлері заңда кінәнің түрлеріне берілген анықтамамен ашылмайды. Біз қашанда қылмыскердің кінә түрін анықтағанда оның зардапқа деген психика-

лық қатынасын ескеруіміз керек. Яғни, қылмысқа қатысушылардың болуы мүмкін зардапты тілеуі немесе тілемеуі жайында ғана ой жүгіртеміз.

Көмектесушінің қасақаналық түріне тоқталайық. Көмектесуші әдетте қылмыстың зардабын тікелей қасақаналықпен тілейді. Бірақ мынандай мысал келтірейік. Бір кісі машинасы бар танысына келіп, олар басқа жақтан мал ұрлап алып келетінін, сол үшін машинасын бере тұруын сұрайды. Ал машина иесі олардың машинаны ұрлыққа пайдаланатынын біле тұрып машинасын береді. Бұл жағдайда машина иесі көмектесуші болып табылады, ал машинаны бергенде ұрлық болуын тілемеген, тек танысының көңілін қалдырмау үшін беріп отыр. Яғни оған мал ұрлығы болса да, болмаса да бәрі-бір.

Мұндай жайттер жиі кездеседі, яғни көмектесуші жанама қасақаналықпенде қылмысқа қатысуы мүмкін.

Қылмысқа айдап салушы да тікелей қасақаналықпен қатысады. Айдап салушының жанама қасақаналықпен қылмысқа қатысуын практика материалдарынан кездестіре алмаймыз. Ой жүзінде келтіруде мүмкін емес. Айдап салушы қашанда қылмысқа қатысушылардың ішіндегі белді, ой беруші, белсенді қатысушылардың бірі болып саналады. Айдап салушы қашанда орындаушыны қылмысқа итермелегенде қылмыстың зардабын орындауға бағыттайды. Бұл зардаптың болуын тілеуді құрайды. Ал П.Ф.Тельновтың жоғарыда келтірген мысалы: “мас екі кісінің өздерін тәртіпке шақырған азаматты бірінші бұзақының қасындағы адамға ұр дегенде, кісі өлімі немесе ауыр дене жарақатын келтіру қылмысына азғыруы жоқ”. Біз кінә түрі қылмыскердің зардапқа деген психикалық қатынасымен анықталады деп айттық. Мұнда бірінші бұзақы екіншісіне өлтір немесе ауыр жарақатта деген жоқ, ұр деді. Ал адам екінші біреуге үшінші біреуді “ұр” дегенде кісі өліміне селқос қарап айтпайды. Айдап салушының орындаушыны азғыруы нақты әрекетті орындауға итермелейді. Ал мына мысалда орындаушының эксцесі келтірілген.

Осы тәрізді, қылмысты қатысушылықта ұйымдастырушының да кінә түрі тікелей қасақаналықпен анықталады, себебі қылмыстың жасалуы, жасалмауы ұйымдастырушыға байланысты. Зерттеушілер ұйымдастырушының кінә түріне келгенде бәрі де бір пікірде, ол тікелей қасақаналық.

Қылмысқа қатысушылықта қатысушылардың арасында екі жақты байланыстың болуы міндетті белгі. Байланыс бір жақты болғанда

екіншісі жауапқа тартылмайды немесе абайсызда қылмыс жасағаны үшін жауапқа тартылады дедік. Бірақ екі жақты байланыстың болуы ол біріншіден субъективтік белгі, екіншіден кінә түрінің бір келкі болуына қанша дегенмен үлкен әсер етеді. Біздің осы зерттеуден бір байқайтынымыз, егер қылмысқа қатысушылар қылмыс зардабына барлығы тікелей мүдделі болса, жанама қасақаналық қатысушылардың ешқайсысында болуы мүмкін емес. Ал керісінше қылмысқа қатысушылардың ішінде тікелей мүдделілері болмаған жағдайда жанама қасақаналық болуы мүмкін. Мысалы, жоғарыда келтірген мал ұрлауға машина берген көмектесуші қылмыстың жасалуына тікелей мүдделі емес еді. Мұнда да екі жақты байланыс бар. Ұрлық жасалатынын білді, әрі машинасын берді. Демек **екі жақты байланыстың бұл мәселені зерттеудегі бір ерекшелігі, ол қылмысқа қатысушылар қылмыстың жасалуына тікелей мүдделі болғанда кінә түрі тек тікелей қасақаналық болады да, ал қатысушылар барлығы бірдей мүдделі болмаса жанама қасақаналық орын алады.**

Екі немесе одан көп адамдардың қасақана бірлескен әрекеттерінде орындаушымен қатар басқа да қатысушылар (ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші) қатысса, әр түрлі ролдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық деп табылады.

Бұл анықтамада “қылмысында” деген сөзді “қылмыстарында” деген сөзбен ауыстырып айтуға болмайды. Себебі ондай жағдайда қылмысқа қатысушылық тұрақты деп табылып, басқа формаға айналады.

3.3 Ұйымдасқан топ

Р.Н.Судакованың “Ұйымдасқан топ ұйымдасқан қылмыстылықтың бастапқы көрінісі болып табылады”, - деген бағалауы көңілге қонымды [95. 50].

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының мәліметтері бойынша 1998ж-1053; 1999ж-1684; 2000ж-1784; 2001ж-815; 2002ж-511; 2003ж-693; 2004ж-533 ұйымдасқан топпен жасалған қылмыстар тіркелген. Егер осы ұйымдасқан топ қылмыстарының жалпы топ адамдар жасаған қылмыстар ішіндегі үлес салмағын анықтасақ, онда 1998ж-5,6%; 1999ж-8,5%; 2000ж-8,6%; 2001ж-3,8%; 2002ж-2,7%; 2003ж-4,3%; 2004ж-3,8% құрайды.

Ұйымдасқан топта қылмысқа қатысушылықтың басқа формалары тәрізді, Қ.К. 27 бабындағы қылмысқа қатысудың түсінігіндегі белгілерден басқа, тек өзіне тән ерекше белгілерге ие бола алады. Ұйымдасқан топтың белгілері мыналар болып табылады. а) екі немесе одан көп адамның қатысуы; ә) қылмысты бірлескен түрде жүргізуі; б) қасақана қылмыстарды қасақана түрде жасауы; в) алдын-ала келісімнің болуы; г) тұрақтылығы. Ұйымдасқан топтың барлық қатысушыларын қылмысты бірге орындаушылар ретінде бағалайтын ғалымдар, “қылмысты бірге орындаушы ретінде қатысу” деген белгіні де қосады. Біз бұл белгіге кейін тоқталамыз.

Б.М.Нұрғалиев ұйымдасқан қылмыстық топтың міндетті және қосымша белгілерін келтіреді. Міндетті белгілерін 7 пункттен қараса, ал қосымша белгілерді 17 пункттен құрайды [67. 48]. Бұл пункттердің жартысына жуығы қылмыстық-құқықтық белгілерді білдірсе, ал қалғандары, яғни көпшілігі криминологиялық белгілерді білдіреді. Бірақ біздің жұмысымыз қылмыстық-құқықтық сипатқа ие болғандықтан, оған тоқталып жатпаймыз және ұйымдасқан топты қосымша сипаттайтын белгілерге көңіл бөлмей, тек негізгі белгілерімен шектелеміз. Себебі осы белгілердің өзі ұйымдасқан топтың қылмыстық-құқықтық сипатта түсінігін толық ашып бере алады. Сонымен қатар, ұйымдасқан қылмыстық топ мәселесіне ой жүгірткен кей зерттеушілер, мұндай топта кем дегенде үш адам болуы керек дейді [96. 10]. Мұндай көзқарасқа келісу қиын, себебі екі адамнан құралған топ та тұрақты сипатқа ие бола алатындығы сот-тергеу практикасынан мәлім.

Ұйымдасқан топта тұрақтылық және алдын-ала келісімнің болуын да міндетті белгіге жатқызуға болады. Ұйымдасқан топ барлық уақытта алдын-ала келісіммен ғана жасалатын қылмысқа қатысудың формасы болып табылады. Бұл формада қылмыс жасау жөнінде күні бұрын келісім ғана емес, сонымен бірге алдын-ала келісілген қылмыстық жоспар дайындалады. Мұнда әрбір қылмысқа қатысушы алдын-ала келісіммен, жоспармен рол бөлу арқылы басқа да қатысушылармен бірге өзара бірлескен қылмысты іске асыратынын және ұйымдасқан топқа кіргенін, өз-ара келіскен әрекеттердің бір немесе барлық бөлігін орындауға қатысатынын біледі. Алдын-ала келісілген жоспарда ұйымдасқан топтың жасайтын қылмысының толық мазмұны немесе бастан аяғына дейінгі барлық детальдарды анықталады.

Ұйымдасқан топта қашанда күні бұрын қылмыс жайы анықталатындықтан бұл формада аяқ астынан пайда болатын келісім бола алмайды.

Ұйымдасқан топтың атауынан да байқалып тұрғандай, мұнда алдын-ала келісім ғана емес, алдын-ала ұйымдастырылғандықта көрініс алады. Ұйымдастырылғандықпен алдын-ала қылмыстық жоспар ұқсас ұғымдар. Біздің ойымызша, ұйымдастырылғандықтың құрамына қылмысты жасау жоспарынан басқа, оны басқаратын, қылмыстың орындалуына жағдай, көмек жасайтын адамдардың, қылмысты тікелей орындайтын адамдардың болуы жатады. С.Никифоров “Алдын-ала ұйымдастырылғандық- екі немесе одан көп адамдардың қылмыс жасау жоспарын, ролдерді алдын-ала бөлу, қылмыс құралдарын пайдалану, кедергілерді жою, ұрланған заттарды жасыруға алдын-ала дайындалуын қамтиды”, [97. 82] – дейді. Демек, ұйымдастырылғандық тек алдын-ала келісіммен жасалған қылмыстарда кездесіп, оны басқаратын адамдары ғана емес, бүкіл қылмыстың жасалу жоспарында қамтиды. П.Ф.Тельновта “келісім ұйымдастырудың элементін құрайды” деп көкейге қонымды пікір келтірген [17. 120].

Ұйымдасқан топтың ерекшелігін көрсететін, айқындайтын белгі тұрақтылық болып табылады. Зерттеуші ғалымдардың тұрақтылықты қалай анықтағанын, басқа бөлімдерде қарастырдық. Біз тұрақтылықты негізінен объективтік, сонымен қатар қатысушылардың қылмысты ой-ниетінің тұрақтылығы түрінде субъективтік белгі ретінде ұйымдасқан топтың ұзақ уақытқа немесе бірнеше қылмыстар жасау үшін құрылуын түсінеміз. Ұйымдасқан топтар меншікке қарсы қылмыстарда, экономикалық қылмыстарда немесе есірткі заттарды дайындау, өткізу, тәрізді халықтың денсаулығына, қоғамның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстарда жиі кездеседі. Б.К. Төлебеков ұйымдасқан қылмыстылықты бірнеше топқа бөле отырып “оның бірі мафия тектес дәстүрлі қылмыстылық, ал екінші топтағылар дәстүрлі ұйымдасқан қылмыстылықтағыдай міндетті құрылымдылығы болмайтын құқыққа қайшы топтар деп бөледі. Бұл топтарды бір-бірінен ажырататын нақты шекара жоқ. Қылмыскерлердің ұйымдасқан қауымдастығының әрқайсысын көптеген белгілердің жиынтығынан құралатын топ деп бағалауға болады. Оның жаңа формалары жиі пайда болып жатады, мысалы қалалық, көшенің, оның ішінде жастардың бандалық топтары т.б.”- деп ұйымдасқан қылмыстық топтардың дамуын, көріністерін жеткілікті деңгейде сипаттайды [98. 67]. Негізінде ұйымдасқан топ-

тар көпшілік жағдайда заңсыз пайда табуды көздеп, жоғарыда аталған қылмыстарды орындаумен шұғылданады. Жалғаспалы қылмыстарда біртектес қылмысты әрекеттер ұзақ уақыт бойы немесе бірнеше рет жасалынғанда ғана қоғамға қауіптілігі ұлғайып, қоғамға елеулі зардап келтіретінін білеміз. Қылмысқа қатысушылықтағы жалғаспалы әрекеттер туралы 1972 ж. 11 шілдедегі КСРО Жоғарғы Соты Пленумының “мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұрлау істері бойынша сот тәжірибесі” туралы қаулысының 11пунктіінде “Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті заңсыз иеленуге ортақ мақсаттағы, кінәлілердің біркелкі қасақаналығымен анықталатын, мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті заңсыз қайтарусыз алатын, бірнеше ұқсас қылмыстық әрекеттерден құралатын және жиынтығында бір қылмысты құрайтын жағдайлар” ретінде түсінуді ұсынады [99].

Осы мәселе жайында В. Чернов “Жалғаспалы ұрлықты құрайтын қылмыстық әрекеттер, бірнеше уақыттарда жасалады, ол әрекеттердің әр қайсысын жекеше алғанда олар аяқталған құрамды көрсетеді. Бірақ оның толық аяқталуына дейін сансыз әрекеттер жасалынуы мүмкін” – дейді [100. 9-10]. Мысалы дүкен меңгерушісі қарамағындағы сатушыларды таразыдан өлшеуден алдауды ұйымдастырады. Мұндай ұйымдасқан топтардың қауіптілік деңгейі уақыт өткен сайын ұлғайып, тұтынушылар мүддесіне орасан зор зардаптар тигізеді. Ұйымдасқан топтың келесі нұсқасы мынадай бола алады. Мысалы топтың бір мүшесі үнемі қылмыстың затын даярласа, топтың екінші мүшесі ол заттарды үнемі өткізіп отырады. Мұндай әрекеттер үнемі болғанда немесе бірнеше рет қайталанғанда ғана ұйымдасқан топты құрайды. Үнемі болмағанда топ адамдардың қылмысының бір көрінісі болып саналады. Алдын-ала келісіммен Герцов С.М., Кобзев А.В., Мацюк И.Г. аса ірі мөлшерде ұрлық жасау қылмысымен айналысқан. Герцов, Кобзев алтыны бар шикізаттарды өңдеу участогында аппаратшы болып жұмыс істеп жүріп, өздері жұмыс істейтін “Целинный тау химиялық комбинатының қымбат бағалы металдар алу №2 цехынан заңсыз пайда табу ниетін көздейді. Олар контроллердің жұмысшылардың жұмыстан қайту кезінде аяқ-киімін тексермейтінін көздеп катодтық алтынның бір пластинасын ұрлайды. Осы мақсатпен және осы әдіспен Герцовпен Кобзев бірлесіп катодтық алтынның үш пластинасын және ұрлайды. Алғашқы төрт алтын пластинаның салмағы 282 грамм болады. Мацюк осы ұрланған алтындарды олардан сатып алып, Эстонияға апарып сатып отырады” [101]. Ұйымдасқан топтың

мұндай түрі жиі кездесіп отырады. Осы тәрізді мысалдарда, әр топтың мүшесі екі адамнан асқанда қылмыстық қауымдастыққа айнала алады. Жоғарыдағы мысалда Мацюк жалғыз болмай, бірнеше адам болып сатып алып отырса, онда біз екі қылмыстық топты кездестіреміз. Яғни алтын ұрлаушылар бір топ, оны сатып алушылар бір топ болып қылмыстық қауымдастықты құрайды. Ал мына мысалда Мацюк жалғыз болғандықтан топты құрай алмайды, тек алдын-ала келісіммен үнемі немесе тұрақты түрде қылмыс жасаумен айналысқандықтан ұйымдасқан топтың мүшесіне айналады.

Көріп отырғанымыздай, ұйымдасқан топтың мұндай түрі бір тектес немесе бірдей қылмыстарды бірнеше рет жасаумен анықталады. Немесе ұйымдасқан топ Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі әр түрлі қылмыстарды бірнеше рет жасай алады. Мұндай қылмысты әрекеттер тұрақты түрде жасалынған деп саналуы керек. Қазақстан Республикасы Президентінің 12.05.1995 ж. Жарлығын түсіндіріре отырып, И.Ш.Борчашвили “ұйымдасқан қылмыстық топ ретінде бірнеше қылмыстар жасау үшін алдын ала қасақаналықпен біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы” деп біздің бағытымызға сай келетін көзқарасты келтіреді [102. 47-48]. С. Бейсенов те осындай көзқарасты келтіреді [103. 154]. Тұрақтылық белгісін объективтік белгіге ғана емес, субъективтік белгілердің қатарына да жатқызуға болады. Ұйымдасқан топтың мүшелері, бірнеше қылмыстар жасайтынын, өздерінің осы топтың мүшелері екенін біледі. Яғни ұйымдасқан топтың мүшелерінің қылмыстық ой-ниеттері тұрақты бола алады. Субъективтік тұрғыдағы тұрақтылық белгісі қылмысқа қатысушылардың қылмыстар жасауымен айналысардан бұрын келісім жасау, ұйымдастырылу кезеңінде пайда болады.

Ұйымдасқан топ мүшелерінің кінә түрі тек қана тікелей қасақаналықпен анықталады. Ұйымдасқан қылмыстық топта, оның тұрақты мүшелері қылмыстың жасалуы немесе жасалынбауына саналы түрде жол бермейді, тілейді. Сондықтан да мұндай нысанның мүшелері тұрақты қылмыстық топта үнемі қылмыстар жасайды және қылмыстың зардабы тууына пайдақорлық немесе т.б. ниеттермен мүдделі болып қатысады. Яғни пайда табу үшін қылмыстың жасалуын тілейді және сол үшін әрекет етеді.

Сонымен, ұйымдасқан топ дегеніміз, бір немесе бірнеше қылмысты іс-әрекеттер жасау мақсатымен біріккен, екі немесе одан көп адамдардың тұрақты тобы болып табылады.

3.4. Қылмыстық қауымдастық

Қылмыстық қауымдастық дегеніміз қылмыстық әрекеттермен айналысу үшін екі немесе одан көп ұйымдасқан топтардан құрылған тұрақты құрылымдық бірлестік болып табылады.

Қылмыстық қауымдастық бірлесіп қылмыс жасаудың ең биік шыңы іспеттес. Осы түрдегі қылмысқа қатысудың формасында, қоғам үшін аса қауіпті, барынша ұйымдастырылған, тұрақты түрде қылмыстар жасалады. Қылмыстық қауымдастықтың әр түрлі көріністері ҚР. ҚК.156, 158, 169, 235, 236, 237, 240 т.б. баптарда кездеседі. Әрбір қылмыстың жасалатын жағдайы, себебі болады. Сол сияқты қылмыстық қауымдастық немесе қылмыстық ұйым меншікке қарсы қылмыстарды, экономикалық қылмыстарды, адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілікке қарсы қылмыстарды жасауда жиі кездеседі.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының мәліметтері бойынша 1998ж-63; 1999ж-123; 2000ж-44; 2001ж-40; 2002ж-90; 2003ж-8; 2004ж-19 қылмыстық қауымдастық анықталған. Егер бұл мәліметтерді жалпы топ түріндегі қылмыстардың ішіндегі алатын үлес салмағын анықтасақ, онда 1998ж-0,3%; 1999ж-0,6%; 2000ж-0,2%; 2001ж-0,1%; 2002ж-0,4%; 2003ж-0,05%; 2004ж-0,1% құрайды. Бұл көрсеткіштер қауымдастықпен жасалатын қылмыстардың әліде ашылуы төмен екендігін көрсетеді.

А.Р. Шайбеков “ұйымдасқан қылмыстылықтың, терроризмнің, басқа да Конституцияға қарсы әрекеттердің жақындасу тенденциясы байқалады. Олардың өзара байланыстары кем дегенде екі формада байқалады:

1) Ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтардың террористік әрекеттерді орындайтын немесе басқа террористік топтармен келісім жасайтын арнайы ұрыс топтары бар.

2) Олар қаржылық және өзге де мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, үкімет органдарына қарсы шығуға экстремистік құрылымдарды үгіттейді” – дейді [104. 56].

Қылмыстық қауымдастықты анықтайтын белгілер мыналар болады:

а) екі немесе одан көп топтардың бірігуі, ә) бұл топтардың қылмыстарды бірлесіп орындауы, б) қасақана жасалатын қылмыстарды тікелей қасақаналықпен жасауы, в) алдын-ала келісімнің болуы, г) тұрақтылық, д) құрымдылық.

Біз қылмысқа қатысушылықтың басқа формалдарында сандық белгі ретінде екі немесе одан көп адамдардың қатысуын алсақ, қылмыстық қауымдастықты кең көлемде, яғни екі немесе көп қылмыстық топтардың жиынтығы ретінде аламыз. Қылмыстық қауымдастықты құрайтын топтар, кең ауқымда бірлесіп қылмыстар жасау үшін, осы қауымдастық жүйелері ретінде бөлінуі мүмкін. Ал кей жағдайларда бірнеше қылмыстық топтардың бірігуінен пайда болуы мүмкін. Қылмыстық қауымдастықтың сандық белгісін, бірнеше топтардың бірігуі ретінде алуға тағы бір басты себеп, ол ұйымдасқан қылмыстылықтың ең кең көлемде жасалатын түрлерін, осы формаға жатқызу болып саналады.

Нарық экономикасы өріс алған елде, сонымен қатар бір қоғамнан оған қарсы келетін екінші қоғамға өту негізінде, мемлекеттік қадағалаудың немесе тәртіптің әлсіреуі кезінде қылмыстық қауымдастық тәрізді аса қауіпті қылмыстық топтардың кең етек алатынын басымыздан өткіздік. М.Мұздақбай “Әдеттегі жай қылмыстық топтар экономикалық қылмыстар тәрізді салаларға беріліп, соған бейімделіп, көбінесе маманданған ұйымдасқан аймақ аралық қауымдастыққа айналып кетіп жатыр”, - дейді [105. 76]. Негізінде бұл мәселе криминологиялық бағытта жеке зерттеуді қажет етеді. Қылмыстық қауымдастықтың бірлесіп қылмыстар жасауы, оның тұрақтылығымен, қауіптілігімен, құрылымдылығымен шекаралас қаралады. Басқаша айтқанда бұл аталған белгілер бір-бірімен өз-ара тығыз байланысты. Қауымдастықтың бірлесіп әрекет етуі, қауымдастыққа жататын топтардың өз-ара келісімді түрде қимылдар жасауымен, жасалатын қылмыстарды күні бұрын белгілеуімен, яғни бір топтың екінші топпен толық хабардар түрде қылмысты әрекеттер жасауымен анықталады. Бұл топтардың бірлесіп әрекет етуінің түрі немесе сипаты, оларда алғашқы кезде пайда болған алдын-ала келісімге байланысты деп айтуға болады.

Қылмыстық қауымдастықта ұйымдасқан топ сияқты тек алдын-ала келісім нәтижесінде пайда болады және алдын-ала келісіммен ғана қылмыстар жасайды. Бір байқалатын жайт, ол алдын-ала келісім барлық қылмысқа қатысушылық формасында бола алғанымен, кейбір формалар бойынша ерекшеліктерге ие. Қылмыстық қауымдастықтағы алдын-ала келісімнің негізгі ерекшелігі, бірлесіп қылмыс жасаудағы барынша ұйымдастырушылығымен, тұрақты түрде қылмыстар жасауымен, қауымдастықтың құрылымдылығымен анықталады. Яғни қауымдастықтың тұрақтылығы, бірлесіп әрекет етуі, қасақаналығы,

құрылымдылығы тәрізді белгілер алдын-ала келісім кезінде-ақ пайда болады. Басқаша айтқанда қылмыстық қауымдастықтағы алдын-ала келісімнің мазмұнына, қауымдастықтың қылмыстар жасау туралы барлық жоспары, сонымен бірге осы қауымдастықтың кейінгі бүкіл қимылдары енеді. Қылмыстық қауымдастықтың алдын-ала келісімі арқылы барлық субъективтік және объективтік белгілері анықталады деп айтуға болады.

Қылмыстық қауымдастықтың тұрақты түрде қимыл жасауы, оның үздіксіз немесе бірнеше қылмыстар жасау мақсатында құрылуымен анықталады. Демек, қауымдастықты анықтауда біз оның мақсатына да көңіл аударуымыз керек. Мұндай қылмысқа қатысушылық формасының мақсаты жоғарыда аталған қылмыстардың орындалуынан шығатын жетістікке тырысу болып саналады және сол мақсат үшін құрылады. Қылмыстық қауымдастықтың ұйымдасқан топпен бір ұқсастығы, ол қылмыстық қауымдастықта ұйымдасқан топтар сияқты бірдей қылмыстарды бірнеше рет жасайды және кейбір жағдайларда жалғаспалы қылмыстарды жасаумен айналыса алады. Мұндай қылмыстарға практика жүзінен мысалды, ұйымдасқан топты анықтаған бөлімде келтіріп дәлелдедік. Бұл тек өзіміздің пікіріміз және осы тәріздес пікірлер көптеген зерттеушілердің пікірлерінде де кездеседі. Тек бір өзгеше жайт, қазіргі ҚР ҚК 31 бабында қылмыстық қауымдастықты бір нұсқасы бойынша ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды ұйымдасқан топтың жасауымен анықтағаны. Қылмыстық қауымдастық қылмысты әрекеттермен айналысу мерзімі бойынша белгілі бір уақытқа, яғни өздері көздеген жетістікке жеткенге дейін немесе ұзақ уақытқа құрылуы да мүмкін.

Тұрақтылық белгісі объективтік белгілермен қатар қылмыстық қауымдастықтың субъективтік белгісіне де жатады. Субъективтік белгі ретінде, тұрақтылық - қылмысқа қатысушы адамдардың және қауымдастыққа кіретін топтардың бірлескен ойларының барлық уақытта үйлесімділігімен, яғни әрбір қауымдастық мүшесінің осындай қылмыстық ұйымға кіргенін сезінуімен, ұзақ уақыттар бойы басқалармен бірлесіп қылмыстар жасайтынын білуімен анықталады. Қылмыстық қауымдастықтың өз бастауын әдепкі келісімнен алатыны тәрізді, оның жалғасы ретінде, яғни келесі бастауын қауымдастық мүшелерінің қылмыстар жасау жөніндегі ой тұрақтылығынан да алады. Осы қылмысқа қатысушылық формасының ой тұрақтылығымен оның құрылымдылығы да байланысты деп айтуға болады. Себебі, қауымдастық

мүшелері, өздерінен басқа да қылмыстық топтардың осы қауымдастық мүддесіне байланысты қылмыстар жасап жақанын біледі. Қылмыстық қауымдастықтың құрылымдылығы немесе қауымдастықтың бірнеше ұйымдасқан топтардың бірлестігінен құрылатындығы, осы форманың негізгі белгісі, басқа қылмысқа қатысушылық формаларынан ажыратушы белгісі болып саналады. Осындай пікірді М.С. Нәрікбаев келтіре отырып, “қылмыстық қауымдастық ретінде бір басшылық арқылы қылмыстық іс-әрекеттермен айналысу үшін құрылған, құрылымдық бірлестік танылады”, - дейді [106. 23]. ҚР ҚК 31 бабында қылмыстық қауымдастықтың екінші варианты ретінде, қауымдастықтың ұйымдасқан топтардың бірлестігінен құрылатындығы айтылған. Қауымдастықтың топтардан құрылуы - бұл қылмысты әрекеттерді кең көлемде жүргізудің, оның қоғамға қауіптілігін күшейтудің негізгі амалы болып саналады. Демек, құрылымдылықты анықтағанда екі немесе одан көп ұйымдасқан қылмыстық топтардың бірлесіп қылмыстар жасауын ескеруіміз қажет. Осындай ұйымдасқан топтар бір қылмыс қана жасаумен шектелуі де мүмкін жағдай. Бірақ ұйымдасқан топтардың да тұрақты түрде қылмыстар жасаумен айналысатыны тәрізді, қауымдастық мүшелері бірлескенде немесе бір үлкен топ бірнеше кішігірім қылмыстық топтарға бөлінгенде сансыз қылмыстарды жасау үшін осындай тәсіл қолданатыны белгілі.

Қылмыстық қауымдастыққа қатысушылардың кінә түріне келгенде, оның мүшелері де, жетекші, ұйымдастырушылары да тек тікелей қасақаналықпен қылмыстар жасайды. Адам тұрақты түрде қылмыстар жасауға ниеттеніп, қылмыстық ұйымға кіргенде, әрі қарай қылмыстың зардабын тілеп әрекеттер жасайды. Қауымдастықта ұйымдастырушы, жетекші, азғырушы қылмыстың зардабына жанама қасақаналықпен қарай алмайды, мұның тағы бір себебі, олар белгілі бір зардаптың болуын ұйымдастырып, көмектесушіге көмек көрсетуін, орындаушыларға қылмысты іске асыру жайында нақты нұсқаулар береді. Бұл саналы түрде жол беру емес, тілеу болып табылады. Сондықтан да қауымдастықтың мүшелері үнемі қылмыстар жасайды және қылмыстық зардаптың тууына пайдақорлық немесе т.б. ниеттермен мүдделі болып қатысады.

Қылмыстық қауымдастықтың ұйымдасқан топпен ұқсастығы, оның мүшелерінің күрделілігі болып табылады. Мұндай қылмысқа қатысу

формасының мүшелері де екі топқа бөлінеді. Біріншілері, ұйымдастырушылары, жетекшілері, екіншілері қатардағы мүшелер немесе қатардағы қатысушылар болып есептеледі.

Біз жоғарыда қылмыстық қауымдастықтың, оның кездесетін жағдайларын ескеріп, оның алдын-ала келісіммен ғана жасала алатындығын, тұрақтылығын, құрылымдылығын ескеріп, кінәні және қоғамға қауіптілікті ауырлататын құрам қатарына жатқыздық. Қылмыстық қауымдастықтың, ұйымдасқан топтың немесе жалпы қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілігі барлық уақытта бірдей ме деген сұрақ туындайды.

Қылмысқа қатысушылық қоғамға қауіптілікті жоғарылата ма?

Қылмыстық заңның теориясында қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеуде ғалым-криминалистер нақты бір тұжырымға келетін жауаптан гөрі даулы мәселелердің санын көптеп келтіреді. Сол мәселелердің бірі қылмысқа қатысудың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауда кездеседі. Бірнеше адамдардың қасақана бірлесіп қылмыстар жасауы қоғамға қауіптілікті жоғарылатады деген көзқарасты ұстанатындар П.И.Гришаев, Г.А.Кригер “қылмысқа қатысу қоғамға қауіптілік дәрежесін жоғары көлемде сипаттайтын қылмыстардың ерекше формасы ретінде қарастырылады” [30. 3], - дейді. Ү.С.Жекебаев “Қылмысты бірлесіп жасаған кездерде үлкен зияндардың келу ықтималдығы жоғары. Қатысушылардың өзара бірін-бірі қолдауы қиын тәсілдерді қолдануға және қылмысты жасыруды жеңілдетеді”, - дейді [3. 209]. Ал Н.Г.Иванов “қылмысқа қатысушылық әрекеттердің қоғамға қауіптілігін барлық жағдайларда ауырлатады” – деп оның дәлелін алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдардың бірлесіп өмір сүргендігі жетістіктерін, яғни тамағын тауып жеу, төнген қауіпке бірлесіп қарсы тұрғандығы жетістіктерін келтіріп дәлелдейді [22. 49]. Бұл пікірді 21 маусым 2001 жылы шыққан “Бандитизммен және басқа да қатысушылықпен жасалатын қылмыстардың жауапкершілігі туралы” ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы қосап “қылмысқа қатысушылық қауіпті қылмыс”, - дейді [74]. Екінші көзқараста яғни қылмысқа қатысушылықтың барлық жағдайда қоғамға қауіптілікті ауырлатпауы жайында ой қозғаған, М.Д. Шаргородский “қылмысқа қатысушылық жауаптылықты жоғарылатпайды да, әлсіретпейді де және тіпті кінәні ауырлататын жағдай болып табылмайды” - дейді. [15. 8].

Ал үшінші бағыттағы осы күні жалпы қолданып жүрген көзқарасқа сәйкес келетін бағытта А.А. Пионтковский “қылмысқа қатысу-

шылық барлық жағдайларда болмағанымен қылмыстың қоғамға қауіптілігін жоғарылатады”, - дейді [31. 547]. Осыған ұқсас пікірді Л.Андреева да келтіреді. Ол “Заң кейде жауаптылықты ауырлататын жағдай ретінде келісімнің болу моментіне қарамай топ болып қылмыс жасауды келтіреді”, - дейді [107. 20-21].

Осы көрсетілген көз-қарастардың қайсысы негізді деп тануға болады деген мәселе туындайды.

Қылмыстық кодексте “егер осы әрекеттерді топ адам болып жасаса”, (мысалы әйел зорлау) немесе алдын-ала келісіммен жасаса (мысалы меншікке қарсы қылмыстарда) деген сөздер қылмыстың қоғамға қауіптілігін ауырлататын құрам ретінде көрсетіледі. Мұнан туындайтын сұрақ, егер қылмысқа қатысушылық немесе топ болып қылмыс жасау қылмыстың қоғамға қауіптілігін барлық жағдайларда ауырлататын болса, онда неге кей құрамдарда ауырлататын құрам ретінде кездеседі? Қылмысқа қатысушылық қоғамға-қауіптілікті жоғарылатады немесе жеке адам жасаған қылмыстарға қарағанда мүдделерге үлкен зардап келтіре алады деген бағыт ұстанатындар, қылмыскерлердің бірлесіп қылмыс жасау себебін, яғни бір ғана адам жасай алмайтын қылмыстарды бірнеше адамдардың іс-әрекеттері бірлессе, онда олардың қылмысты ниеттерін іске асыруы жеңілдейді деп түсіндіреді.

Бірақ бір адам өз күшімен-ақ аса ауыр қылмыс жасай алады. Мысалы қасақана кісі өлтіру. Керісінше бір неше адам бірлесіп бір кісіге әр дәрежедегі дене жарақатын келтірген қылмыстарды да жасайтын кездер болады. Яғни бір адамның жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігі екі немесе одан да көп адамдардың бірлесіп жасаған қылмысынан да қауіпті болатын кездер бола алатыны даусыз. Сонымен, қылмысқа қатысушылық әрдайым қоғамға қауіптілікті жоғарылатады деген көзқарасты теріс деп бағалауға болады.

Келесі мәселе, қылмысқа қатысушылықты қоғамға қауіптілікті немесе кінәні ауырлатпайтын да, жеңілдетпейтін де жағдайлар қатарына жатқызатын бағытыда, теріс көзқарастар қатарына жатқызуға болады. Себебі, біріншіден қылмысқа қатысушылықтың жәй және күрделі формаларының өзі кей баптарға кінәні ауырлататын құрам ретінде енгізіліп, олар қылмыстық заңның осы баптары бойынша ғана екі немесе одан көп адамдардың бірлесіп алдын-ала келісіммен немесе келісімсіз қылмыс жасауы қоғамға қауіптілікті жоғарылатады деп түсіндіріледі. Екіншіден, қылмысқа қатысушылықтың ұйымдастырылған тұрақты тобы немесе қылмыстық қауымдастық тәрізді фор-

малары барлық жағдайларда кінәні ауырлататын және қоғамға қауіптілікті жоғарылататын қылмыстар түрі ретінде анықталған. Оның себебі бірнешеу. Біріншіден мұндай формаларда қылмысқа қатысушылардың бірлескен ойы және іс-әрекеттері ең жоғары дәрежелі беріктікте болады. Екіншіден, қылмысқа қатысушылар мұнда басқа формаларға қарағанда көп болып кездеседі, олардың әрқайсысы қылмысты іс-әрекеттер жасап, бір уақытта бірнеше зардаптар келтіре алады. Үшіншіден, мұндай қылмысқа қатысушылық формалары орындалуы қиын және күрделі қылмыстар бойынша ұйымдастырылады (мысалы экономикалық қылмыстар). Төртіншіден, олардың тұрақты түрде қылмыстар жасау үшін ұйымдастырылуы арқылы қоғамға қауіптілігінің жоғарылығы анықталады. Бұл форманың қоғамға аса қауіпті болуының тағы басқа себептері болуы да мүмкін. Сондықтан ұйымдастырылған тұрақты топтың және қылмыстық қауымдастықтың аяқталған қылмыс болып саналуы, белгілі бір қылмыстардың жасалуымен емес, сол қылмыстық ұйымның пайда болуы, құрылуы кезеңімен анықталады. Осы қысқаша шолудан жасайтын қорытынды, ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық сияқты формалар сөзсіз қоғамға қауіптілікті жоғарылатады және ауыр қылмыстар қатарына жатқызылады. Ал қылмысты бірге орындау және роль бөліп орындау арқылы қылмысқа қатысу тәрізді қылмысқа қатысушылықтар нақты баптарда көрсетілген реттерде ғана қоғамға қауіптілікті жоғарылатады деп тұжырым жасауға болады. Мысалы ҚР ҚК 10 бабында көрсетілген ауыр қылмыстарды жасау және ҚК Ерекше бөліміндегі баптардың бөлімдерінде арнайы көрсетілген реттерде жауаптылықты ауырлатады. Сондықтан ҚК 54 бабынан қылмыстың қоғамға қауіптілігін ауырлататын мән-жайлардың ішінен топ немесе алдын ала келісіммен құрылған топ деген ауырлатушы белгіні алып тастаған жөн.

Осы мәселені қарап жасаған шешіміміз А.А. Пионтковскийдің “қылмысқа қатысушылық нақты бір жағдайларда ғана қоғамға қауіптілікті жоғарылатады” деген тұжырымына сай келеді.

4 тарау

ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ЖАУАПТЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1 Қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін қатысу формалары бойынша квалификациялау

Қылмыстық құқық теориясында, қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін квалификациялау жайында ғалымдардың арасында бір-біріне қарама-қарсы пікірлер кездеседі, солардың бірі ұйымдасқан топтың қатысушыларының қылмысқа қатысудағы ролі және олардың әрекеттерін бағалау жайында. Ұйымдасқан топқа қатысушылар, осы топтың мүшелері болып табыла ма, әлде қатысушылары болып табыла ма деген сұрақ туындайды.

Бұрынғы және қазіргі уақыттарда осы мәселені қарастырған ғалымдар ұйымдасқан топтың барлық мүшелері қылмысты бірге орындаушылар болып табылады және олардың пікірінше қылмыстық кодекстің 17-ші бабына сілтеме жасалынбауы керек [17. 144-145], [20. 31-32], [108. 234]. Бұған қарсы көзқарастар да бар. Мысалы Ушаков А.В. “ұйымдасқан топқа оған кірген адамдар қылмысты бірге орындаушылар емес, осындай топтың қатысушылары болып табылады” – дейді [109. 51]. А.В. Ушаковтың пікірінше ұйымдасқан топқа кірген адамдар қылмысқа қатысушылар болып есептеліп, ұйымдастырушылық, айдап салушылық, көмектесушілік әрекеттер жасаған жағдайда 17 баптың осындай ролдер қарастырылған тиісті бөлімдеріне сілтеме жасалануы керек. Осындай бағытты 2001 жылы қабылданылған «бандитизммен және басқа да қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңдарды соттардың қолдануының кейбір мәселелері жөніндегі» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы да келтіреді. Бұл қаулының 15 пунктінде «ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастықты құрған немесе ұйымдастырған адамдардың әрекеттері ҚК Ерекше бөлімінің тиісті баптарымен және қылмысты орындауға тікелей қатыспаған жағдайда 28 бапқа сілтеме жасай отырып квалификациялануы керек» деген [74].

Біздің пікірімізше бұл мәселе бір жақты шешілмеуі керек. Ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық туралы тікелей жауап-

кершілікті қарастыратын Қ.К. 235 баптың 3 бөлімінде ұйымдасқан қылмыстық топтың қылмыстық қауымдастықтың қатысушылары туралы жауапкершілікті қарастырған. Міне осыдан барып, қатысушылар кімдер бола алады немесе қатысушы болуы үшін ұйымдасқан топқа кіруі немесе мүше болуы шарт па және ұйымдасқан топқа мүше емес, қатысушылар да бола ма деген сұрақ туындайды.

Бір байқалатын жәйт ұйымдасқан топқа қатысушылар кей жағдайларда әр түрлі деңгейде қатысып, қылмыстың қосалқы қатысушылары ретінде көріне алады. Яғни біркелкі айдап салушылық, көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаумен шектеледі. Кейбір ауыр немесе аса ауыр қылмыстар болып саналатын ұйымдасқан топтар және қылмыстық қауымдастық түрлері, (мысалы бандитизм, т.б.) ұйымдастырушылық, жетекшілік етумен қатар қатысушылықты да тиісті баптың өзінде тікелей көрсетеді. Сот тәжірибесі материалдарына жүгінсек қылмысқа қатысушылар әр түрлі әрекеттер орындау түрімен кездесе береді. Кейбір қатысушылар қылмыстың объективтік белгілерін толық немесе ішінара орындап отырса, ал кейбір қатысушылар үнемі көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаумен ғана шектеледі. Мысалы Абдрахманов бастаған бес жігіт Омскіден Алматыға қылмыстар жасау мақсатымен келген. Олардың бандиттік шабуылына жергілікті Поцелуева деген қыз үнемі тонауға болатын үйлерді көрсетіп отырады [110]. Тергеу органдары Поцелуеваның әрекеттерін (бұл бұрынғы заңның кезінде болған қылмыс) ҚК 17 бабының көмектесушілікті қарастырған бөлімімен және 63 (бандитизм) бабымен саралаған. Адам үнемі көмектесу, айдап салу тәрізді әрекеттерді орындаса, олардың әрекеттері ҚК 28 бабына сәйкес келіп, сол бап арқылы сараланатыны белгілі жайт. Практикада мұндай жағдайлар кездескенде тергеу органдары ол қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін 28 бапқа сілтеме арқылы бағалап жатады.

Заң кей қылмыстарда қатысушылықты тікелей сол бапта көрсеткенде, оларды қылмыстың орындаушылары ретінде ұғынуды немесе бағалауды ұсынады. Ұйымдастырушы мен жетекшіден басқалар, яғни қатардағы мүшелері қатысушылар болып табылады. Ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастықта қылмыскер үнемі азғырушылық, көмектесушілік тәрізді ролдер орындағанда біз ҚК Жалпы бөліміне сілтеме жасауды дұрыс көрмейміз. Себебі ұзақ уақыттар бойы қылмыстар жасаумен немесе алдын-ала келісім негізінде, мұндай ролдерді орындаушылар осы топтың мүшелеріне немесе орындаушыларына айналады.

Демек, қылмыстық заңның өзінде қатысушылық тікелей көрсетілген жағдайда үнемі болса да біркелкі көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаушылар қылмысты қатысу арқылы орындайды. Бұларды орындаушылардың бір түріне жатқызу себебіміз, біріншіден қатысу белгісі нақты қылмыстарда кездесіп отырады, екіншіден, әдепкі келісім бойынша біркелкі әрекеттерді орындап отыруға міндеттенуі мүмкін. Мұндай жағдайда оларды осы топтың мүшелері ретінде бағалау керек. Біздің пайымдауымызша “қатысушылар” деген ұғымға қарағанда “мүшелер” деген ұғымның көлемі кең. Ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың мүшелеріне қатардағы қатысушылардан басқа, осы топтың ұйымдастырушылары, жетекшілері түгел жатады. Осы себептерден ұйымдасқан топқа, қауымдастыққа қатысушылардың кейбіреулері қылмысты қатысу түрінде орындауы мүмкін. Мұндай жағдайда ол қатысушылар осы топтың мүшелері болып табылады. Мынадай жағдайлар болады. Мысалы кейбір адамдар ұйымдасқан топтың немесе қауымдастықтың жасаған бір қылмысына ғана қатысуы мүмкін. Бір немесе екі рет ғана көмектесушілік тәрізді қызмет көрсетіп, одан кейін бұл топтың қылмысына араласпауы мүмкін. Мұндай қылмысқа қатысушыларды қалай қауымдастықтың, ұйымдасқан топтың мүшесіне жатқызасыз? Біздің пікірімізше, егер ұйымдасқан топтың мүшесі болмай, белгілі-бір қылмыстың эпизодтарына ғана көмектесушілік тәрізді әрекеттерді орындаумен қатысса, онда олардың әрекеттері қылмысқа көмектесуші түріндегі қатысушылық деп бағаланып, Қ.К. 28 бабына сілтеме жасалынуы керек.

Ойымызды қорыта айтқанда, ұйымдасқан топқа қатысушылықтың мүшелері екі түрге бөлінеді. Біріншілері қылмыстың объективтік жағын тікелей орындаушылар. Екіншілері қылмысты тікелей орындамай, үнемі азғырушылық, көмектесушілік тәрізді ролдер атқару арқылы қылмысқа қатысу түріндегі орындаушылар. Бұлардың әрекеттерін Қ.К. 28 бабына сілтеме жасамай квалификациялаған дұрыс, өйткені тұрақты түрде қылмыстылықпен айналысатын топтың мүшесі болуына байланысты олардың қоғамға қауіптілігі қылмысты тікелей орындаған адамдардан төмен болмайды. Осы пікірімізді Ресей қылмыстық кодексінің түсіндірмесімен салыстырсақ, олардың түсіндіруімен сай келеді [111. 323].

Айдап салушы, көмектесуші осындай ролдерді орындаумен шектелмей, басқа да қатысушылармен бірге қылмысты орындауға тікелей қатысса, онда олар қылмыстың тікелей орындаушысы ретінде та-

нылып, іс-әрекетті квалификациялағанда тек қана Қ.К. Ерекше бөлімнің баптары ғана қолданылуы керек.

Ұйымдасқан қылмыстық топ, қылмыстық қауымдастық кінәні ауырлататын құрам ретінде де заңда бейнеленген. ҚР ҚК 235 бабында ұйымдасқан қылмыстық топты, қылмыстық қауымдастықты құрғаны, жетекшілік еткені және басқа адамдардың осындай топтардың қылмысты әрекеттеріне қатысқандығы үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл жерде қылмыстық кодекстің 31 бабында түсінігі қарастырыла отырып, Ерекше бөлімде неліктен жеке бап ретінде арнайы қарастырылады деген сұрақ туындайды? Жалпы бөлімде қарастырылған қылмысқа қатысушылық формаларының түсінігі Ерекше бөлім нормаларына толық тарала ала ма немесе толық тарала алмаса бірлесіп қылмыс жасау түріне оның маңызы қаншалықты деп мәселе қою керек.

Ғылымда, оны жетілдіруде шек жоқ. Әйтсе де қоғам дамуымен бірге ол қоғамның ғылымыда дамиды, оны тұрақты, тиімді, қисынды түрде шешу керек. В.Н.Кудрявцев “құқықтың жалпы мәселелері мен қағидаларын терең зерттеу әділсоттың заңға сәйкес жүргізілуіне жағдай жасайды. Осындай жалпы мәселелердің біріне қылмысты квалификациялау мәселесі жатады”, - деп қисынды айтады [112. 26].

Қылмыстық құқықта ғалымдардың арасында дау тудырған мәселенің бірі, бұрынғы қылмыстық заңның 17 бабындағы қылмысқа қатысушылықтың Ерекше бөлімге жалпы норма ретінде таралуы туралы болып табылады.

Алғашқы рет бұл мәселе, М.Д. Шаргородскийдің “қылмысты бірге орындаушылықтың да және қылмысты топ болып жасаушылықтың да қылмысқа қатысушылыққа қатысы жоқ. Қылмыстық кодекстің Жалпы және Ерекше бөлімінің баптарында, топ адамдардың қылмысты істері жөнінде әңгіме болғанда қылмысқа қатысушылық емес, тек бірнеше адамдардың кей жағдайларда ғана қылмыс жасауы айтылады” – деген көзқарасымен басталды [15. 84].

Мұнан кейін шыққан еңбектердің ішінде Ф.Г. Бурчак Қ.К. 176-бын, әр түрлі роль бөліп қылмысты жасауға ғана қолдануды ұсынған [19. 81]. Ол тағы бір еңбегінде “Жалпы бөлімдегі қарастырылған қылмысқа қатысушылық түсінігіне, жауапкершілігі Ерекше бөлімде тікелей көрсетілген, топ болып жасалатын қылмыстар құрамында қосуға болады. Бірақ бұл Жалпы бөлім нормаларының Ерекше бөлімге әмбебаптығына (универсальность) негіз бола алмайды” – дейді [35. 34-38].

Қ.К. 17 бабының Ерекше бөлімге таралуы жайында П.Ф. Тельнов “Қ.К. Ерекше бөлімінде көрсетілген бірлесіп жасалатын қылмысты әрекеттердің барлығына 17 бап жалпы сипаттағы норма болып табылады”, - дейді. Сөйтіп, осы көзқарасты жақтайтындарға қосылып, Қ.К. 2 бабының 3 бөліміне орай қылмыстық кодекстің Жалпы бөлім нормалары Ерекше бөлімде қарастырылған барлық қылмыстарға таралатынын келтіреді [17. 16-17].

Осы пікірді жақтаушылардың бірі Н.Г. Иванов Қ.К. 17 бап ережесі бірлесіп жасалатын қылмыстарға барлық жағдайда жалпы нормативтік ереже болып табылады-дейді [22. 44].

Сонымен 17 бап Ерекше бөлімге жалпы ортақ норма болып саналмайды деушілер қылмыстық заңдағы 8 баптың, яғни қасақаналық ұғымының жалпы бөлімде қаралғанымен Ерекше бөлімнің барлық баптарына, дәлірек айтқанда абайсызда жасалатын қылмыстарға қатысы жоқ екенін келтіріп дәлелдеген болады.

Зерттеушілердің көпшілігі Қ.К. Жалпы бөлім нормаларының Ерекше бөлім нормаларына таралуына күмән келтірмей, Жалпы бөлім нормаларының көпшілік жағдайларда Ерекше бөлімге ортақ болу себебінен бөлініп шығарылғанын айтады. Яғни, соның бірі қасақана жасалатын қылмыстар үшін ортақ норма – Жалпы бөлімде көрсетілген 27 бап.

XVIII ғасырға дейін қылмыстық заң Жалпы және Ерекше бөлімге бөлінбегені, тек нақты қылмыстарды анықтайтын жеке қылмыстық заңдардан құралғаны белгілі. Мұндай бөлу қылмыстық заңның дамуы нәтижесінде пайда болған. Бұл бөлу қажетті болды, себебі ол біріншіден заң актілері жиынтығындағы жалпыға ортақ жағдайларды жеке бөлетін еді де, екіншіден құқық қорғау қызметімен айналысатын заңгерлерге бұлай жұмыс істеу ыңғайлы еді. Соның нәтижесінде қылмысты жасау кезеңдері, қылмыстық жауаптылықты шектейтін жағдайлар, қылмыс жасаудан бас тарту тәрізді нормалар бөлініп шықты. Сондықтан да В.Н. Кудрявцев осы мәселе жайында “Жалпы бөлімде қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің, барлық құқықтық нормаларына немесе олардың көпшілік бөлігіне қолданылатын қағидалар мен негізгі ережелер қарастырылады” деп көңілге қонымды пікір келтірген [113. 38.]. Бізге бұл мәселе жайында пікір айту үшін, жүйеге бөлу қажеттілігінен пайда болған заң құрылысын түсіндіруге тура келеді.

Барлық құқықтық институттар жүйелік сипатта деп сенімді түрде айтуға болады, ал құқық бұл жоғарғы деңгейдегі жүйенің бір түрі. Бізге алдымен жүйе неден құралатынын анықтау керек.

Ең алдымен жүйе дегеніміз бір заттағы көптеген өзара қатысты элементтердің ерекшелігі және жиынтығы. Демек, жүйе бұл ең алдымен біртектес элементтердің көптігі. Осы жәйтті терең зерттеген А.Н. Аверьяновтың түсінігі бойынша “Егер жүйе дамуы кезінде элементтер айтарлықтай күрделі болса, онда оның ішінде жеке-жеке топтар құрылады. Топтың ішіндегі элементтердің өзара байланысы мен топтардаң бір-бірінің арасындағы байланыстардың айырмашылығы бар, яғни жүйенің ішінде тағыда кіші жүйелер құрылады” [114. 43-46].

Жүйенің ішінде жүйелердің құрылуы – бұл жүйенің бір бөлігі және осы жүйенің ішінде өзінше жеке элементтер болады. Бірақ бұл жүйе әр түрлі белгілерге қарай топтарға бөлінгенімен, кейінгі бөлінген кіші жүйелер бастапқы жүйеден мазмұны бойынша алшақ кетпейді. Себебі, түптеп келгенде бұл бір тектес заттардың немесе белгілердің жиынтығы болып есептеледі.

Осы тұрғыдағы таным түрімен зерттегенде, қылмысқа қатысушылық түрлері және қылмысқа қатысу формаларыда жаңағы жоғарыда келтіріп отырған негізі бар, бірақ ерекшелігіне қарай түзілген кіші жүйелерге ұқсайды. Сондықтан, Жалпы бөлімде қарастырылған қылмысқа қатысушылық түсінігі Ерекше бөлімде көрсетілген қасақана бірлесіп қылмыс жасаудың барлық түрлеріне ортақ, ереже болып есептеледі. Сол себептен де қылмысқа қатысу мәселесі Жалпы бөлімге енгізілген. Ал, енді осы мәселенің шешуі ретінде айта кететін негізгі жайт, біздің жоғарыдағы зерттеу бағытымыз бойынша, негізгі жүйе, 27 баптағы қылмысқа қатысушылық түсінігі болады да, одан жеке ерекшелігі бойынша бөлінетін кіші жүйелер немесе түрлер Ерекше бөлімнің жеке баптарында көрсетілген қылмысқа қатысушылық түрлерінің ортақ белгісі екі немесе одан көп адамның қасақана түрде бірлесіп әрекет етуі болады, оларды бір-бірінен ажырататын белгі әр қылмыс түрінің жасалу табиғаты немесе әр қайсысының өзіне тән объективтік жақ белгілері болып табылады. Жаппай тәртіпсіздік, қарулы бүлік, банды т.б. осы тәрізді қылмыс түрлері бұған мысал бола алады. Мұндай қылмыс түрлерінің Ерекше бөлімде көрсетілуі жоғарыда жүргізілген зерттеуіміздің дұрыстығын дәлелдейді. Онда жүйе одан әрі жүйелерге бөлінгенде, әр бөлінген жүйенің басқаларынан

ерекше қасиеттеріне, яғни ерекше элементтеріне қарай түзілетінін айттық. Қылмысқа қатысушылықта да осы. Банда немесе жаппай тәртіпсіздік неліктен Ерекше бөлімде жеке қылмыс ретінде көрсетілген? Себебі бандитизмнің де, жаппай тәртіпсіздіктің де т.б. бір-бірімен қылмысқа қатысушылық ұғымына келетін ұқсастықтары болғанымен, әр қайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол ұқсастықтар бұл қылмыстардың сандық белгісіне қарай болып табылады. Мысалы банда қылмысында екі немесе одан көп адам қатысуы міндетті белгі болса, ол белгі қылмысқа қатысушылықтың түсінігінде аталады. Бірақ осы белгі банда үшін шартты, міндетті белгі болғандықтан, Қ.К Ерекше бөлімінде көрсетпеске жол жоқ. Жаппай тәртіпсіздікте де, заңсыз әскери құрама құруда, бандитизмде де осы сандық белгі міндетті белгі болғандықтан жеке құрам ретінде көрсетіледі. Бұлардың басты ерекшелігі, ол Ерекше бөлімдегі қылмыстар бір адаммен де, көп адамның қатысуымен де жасала алады. Ал, бұл қылмыстарды, яғни бандитизмді, жаппай тәртіпсіздік тәрізді қылмыстарды бір адамның жасауы мүмкін емес. Сондықтан бірнеше адамның бірлескен әрекеттері бандитизм сияқты қылмыстарға міндетті белгі болғанда және ол қылмыстар қылмысқа қатысушылықтың жеке бір жағдайын білдіре отырып, қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде жеке бапта көрсетілу мүмкіндігіне ие. Бұл мәселе ертеде-ақ анықталған жәйт. С.В. Познышев бір еңбегінде, “кей қылмыстар өз табиғатынан бірнеше адамдардың қатысуын қажет етеді (мысалы бунт, дуэль)” деген дұрыс пікір келтіреді [115. 372].

27 баптағы қылмысқа қатысушылықтың түсінігі бұларға да ортақ және Ерекше бөлімде қарастырылған кез-келген қылмысқа қатысушылықпен жасалатын әрекеттер 31 баптағы бір формаға белгілері бойынша міндетті түрде сәйкес келуі керек. Жалпы бөлімнің институттары өзіміз білетіндей, Ерекше бөлімдегі қылмыстарға барлық жағдайларда таралмай, тек Жалпы бөлім институтының белгісі қылмысты әрекеттерде орын алғанда ғана таралады.

Бұл мәселені қорытындылай айтқанда, қылмысқа қатысушылық түсінігіне Ерекше бөлімдегі барлық бірлесіп қылмыс жасау түрлері енеді. Ал сандық белгі кей қылмыстар үшін міндетті белгі болған жағдайда және осы қылмыстар Жалпы бөлімдегі қылмысқа қатысушылық формасының біріне жатқанымен, Ерекше бөлімде жеке бап ретінде бөлінуі дұрыс. Мұндай жағдайда Жалпы бөлімнің 31 бабындағы қылмысқа қатысушылықтың формасы Ерекше бөлімге тарал-

майды. Өйткені, Ерекше бөлімдегі бірлескен түрде жасалған қылмыстар, қылмысқа қатысушылықтың түрлері болып саналады. Бұл қылмысқа қатысушылық түрлері қылмысқа қатысу формаларының біреуіне міндетті түрде сәйкес келуі керек. Бұл ҚР ҚК 31 бабына қойылатын негізгі талапты білдіреді.

Енді ҚР ҚК. 235 бабындағы ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру немесе оған жетекшілік ету және қылмыстық қауымдастыққа қатысу деген қылмыс түрін алайық. Мұндағы заң диспозициясы үш әрекетін: ұйымдастыру, жетекшілік ету, сонымен қатар қатысудан құралады. Бұл бапта жеке қылмысқа қатысушылық түрі жоқ тәрізді, себебі мұнда 31 баптың 3 және 4 бөлімдеріндегі қылмысқа қатысушылықтың формалары келтірілген. Қылмысқа қатысушылық түрі жоқ сияқты деу себебіміз, ұйымдасқан қылмыстық топтың және қылмыстық қауымдастықтың түсінігін ашатын белгілерде жеке қылмысты білдіретін ерекше белгілер кездеспейді. Ұйымдасқан қылмыстық топ және қылмыстық қауымдастық формасында Ерекше бөлімдегі қасақана қылмыс түрлері жасалады. Ұйымдастыру, қатысу тәрізді белгілер де кез-келген қасақана жасалатын қылмыстарда кездесе алады. Бұлай болғанда, қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде мұндай бап болмауы керек сияқты. Ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық құрылып, бірақ әлі ешқандай қылмыстар жасап үлгермесе, мұндай жағдайға бұрын заңда арнайы норма болмаған. Ұйымдасқан топты және қауымдастықты құру әрекетінің өзі қылмыс жасағандықты білдіре алады, себебі қылмыстық құқық қылмыстылықпен айналысу үшін мұндай тұрақты топтардың құрылуының өзін аяқталған қылмысты әрекет ретінде таныйды. Бірақ қылмыстық заңның Жалпы және Ерекше бөлімдерінің өзара байланысын ескере отырып айтсақ, онда ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық үшін ҚК Жалпы бөлімінің 31 бабында түсінік берілген. Сондықтан Жалпы бөлімнің жекелеген институттары Ерекше бөлімде көрсетілуге жатпайды. 235 бапта табиғатынан екі немесе одан көп адамның қатысуымен ғана жасалатын жеке қылмыстың белгілері болмағанымен, оның бүгінгі заңда өмір сүруінің себебі, біріншіден, ол ұйымдасқан қылмыстық топ және қылмыстық қауымдастық құрылып, бірақ ешқандай қылмыс жасап үлгермеген жағдайы үшін және екіншіден, Ерекше бөлімнің баптары ұйымдасқан топпен, қауымдастықпен қылмысты жасауды жауаптылықты ауырлататын құрам түрінде арнайы қарастырмағанда жауапкершілік қолдану бо-

лып табылады. Бұл турасында Қылмыстық кодекске берілген түсіндірмелерде де осындай бағыттағы түсіндірме берілген. Онда қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) ұйымдастыру үшін жауаптылықты қарастыратын бабты түсіндіре отырып, «Қылмыстық қауымдастықты құру және ұйымдастырушылардың, жетекшілердің немесе басқа да ұйымдасқан топтар өкілдерінің бірлестігін құрып, бірақ әлі ешқандай қылмыстар жасамаса да қылмыстық ұйымды нақты құрған кезеңінен бастап аяқталған қылмыс болып табылады».

Демек, қылмыстық қауымдастықты құру арқылы қылмыстар жасауға дайындық кезеңінің өзі Ерекше бөлімдегі тұрақтылық белгісімен сипатталатын және ұйымдасқан топ немесе қауымдастық арқылы қылмыстылықпен айналысу ауырлататын құрам түрінде қарастырылған қылмыстарда аяқталған қылмысты құрайды және іс-әрекет 24 бапқа сілтеме жасалынбай Ерекше бөлімнің баптарымен квалификацияланады. Егер ұйымдасқан топ, қауымдастық құру Ерекше бөлімнің баптарында ауырлататын құрам ретінде келтірілмесе, бірақ осы қылмыстарды жасау мақсатында тұрақты қылмыстық топтар құрылса, онда 31 баптың 6 бөліміне сәйкес, қылмыс жасауға дайындалу ретінде бағаланып, іс-әрекет 24 бапқа сілтеме жасау арқылы квалификацияланады. Бұл турасында Ресей федерациясының қылмыстық кодексінің түсіндірмесінде біздің осы шешімімізді құптарлық түсіндірме келтірілген. Онда қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) ұйымдастыру үшін жауаптылықты қарастыратын 210 бапты түсіндіре отырып, «Қылмыстық қауымдастықты құру және ұйымдастырушылардың, жетекшілердің немесе басқа да ұйымдасқан топтар өкілдерінің бірлестігін құрып, бірақ әлі ешқандай қылмыстар жасамаса да қылмыстық ұйымды нақты құрған кезеңінен бастап аяқталған қылмыс болып табылады», - дейді. Демек, қылмыстық қауымдастықтың қылмыстық заңның Ерекше бөліміндегі белгілі бір қылмыстарды жасауға дайындық кезеңінің өзі аяқталған, жасалған қылмысты құрайды. Әдетте, келте (усеченный) құрамдарда қылмыстың бастапқы кезеңдері үшін ҚК Жалпы бөлімінің 24-нші бабына сілтеме жасалынбайды. Себебі сол дайындық, оқталу әрекеттерінің өзі мұндай құрамдарда қылмыстың жасалынғандығын білдіреді. Ал жоғарыда аталған Ресей Федерациясының қылмыстық кодексінің түсіндірмесінде әрі қарай «қылмыстық ұйымдардың пайда болу кезеңін қылмысқа даярланғандық немесе оқталғандық ретінде қарастыру керек», - дейді [111. 364].

А.В. Наумовтың мұндай пікіріне келісу қиын. Өйткені нақты (факти-

ческий) қылмыс ойға алынған әрекеттерді жасағаннан, мақсатына жеткеннен кейін аяқталса, заң түрінде (юридический) қылмыскердің ойға алған мақсатына дейін аяқталып жатады. Мысалы келте немесе формальды құрамдарда. Біз әрине қылмысты квалификациялағанда, оның аяқталу кезеңін заң бекіткен, анықтаған кезеңмен аламыз. Қорыта айтқанда, бұл баптың заңда болуы біздің жоғарыдағы зерттеуіміздің дұрыстығын дәлелдейді. Яғни Ерекше бөлімде бірнеше адамдардың қатысуымен ғана жасала алатын жеке қылмыстар ғана емес, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық тәрізді екі немесе одан көп адамдардың қатысуы қажетті белгі болатын қылмысқа қатысушылық формалары жоғарыдағыдай жағдайлар негізінде қылмысқа қатысудың бір түрі ретінде жеке бап ретінде көрсетіле алады. Қазіргі заң қолдану жұмысы бойынша, егер қылмыстық қауымдастық және ұйымдасқан қылмыстық топ құрылғаннан кейін бірнеше қылмыстар жасаса, онда барлық жасаған қылмыстар үшін және 235 бабының тиісті бөлімдеріндегі әрекеттерді жасағандығы үшін жауапқа тартылады. Мысалы 1995 ж. 22 желтоқсандағы қорқытып алушылық туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы ҚР Жоғарғы сотының №11 қаулысының 8 тармақшасында, егер қорқытып алушылықты, ұйымдасқан топты немесе қылмыстық қауымдастықты құрған адам, сондай-ақ оларға басшылық еткен адам жасаса, онда олардың әрекеттерін ҚК 76-7бабының (қазіргі Қ.Р. ҚК 181-нші бабы) екінші бөлімнің 8 тармақшасымен және 63-2 (қазіргі ҚР ҚК 235-нші бабы) тиісті бөліктері бойынша квалификациялауды ұсынады [116]. Сол 2001 жылы 21 маусымда шыққан ҚР Жоғарғы Сотының “Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы” № 2 нормативтік қаулысының 15 тармақшасында осындай бағыт келтірілген. Онда “ҚК 31 бабының 5 бөлімінің талаптары негізінде, ұйымдасқан қылмыстық топты, банданы немесе қылмыстық сыбайластықты (қылмыстық ұйымды) құрған не оған басшылық жасаған адамдардың іс-әрекеттері тиісінше ҚК 235 бабының 1 бөлімімен не, 2 бөлімімен немесе ҚК 237 бабының 1 бөлімі бойынша және де сондай-ақ егер оның ниетімен қамтылса, ұйымдасқан қылмыстық топ, банда немесе қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс үшін жауапкершілік көздейтін ҚК Ерекше бөлімінің тиісті баптары бойынша да дәрежелуге жатады”, - делінген. [74]. Біз Қ.Р. Жоғарғы Соты қаулыларының мұндай түсіндірмесін қосым-

ша түсіндіруге мәжбүрміз. Біз ҚК 235 бабын ұйымдасқан топтың, қылмыстық қауымдастықтың құрылып әлі ешқандай нақты қылмыс жасамаған кезеңі үшін қолдануды ұсындық. Ал егер ұйымдасқан топ, қауымдастық құрылып қана қоймай бірнеше қылмыстар жасаған болса, 235 бапты пайдалануды ұсынушылар, яғни қылмыстардың жиынтығы бойынша саралауды жақтаушылар бірнеше қылмыстар жасалды, 235 бапта да жаза көрсетілген, сол жазаларды немесе қылмыстарды қосып жаза тағайындау керек дейді. 235 баптағы ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастықты тек келте құрам ретінде пайдалануды ұсынғаннан кейін, ол барлық ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық жасаған қылмыстарда қолданылуға негізді себеп болады. Демек қылмыстар жиынтығы ретінде саралауды қажет етеді. Біздің пікірімізше ұйымдасқан топ, қауымдастық Қ.К. Ерекше бөліміндегі қасақана қылмыстарды жасап бірақ, оған қатысушылардың әрекеттерін сол бапта ұйымдасқан топ немесе қауымдастық түрінде көрсетілмесе, онда 235 баппен және сол жасаған қылмысты қарастыратын баптың 1-бөлімімен саралау керек. Ал жаза тағайындау кезеңінде 235 баптың және жасаған қылмысты қарастыратын баптың жаза түрі мен көлемі қолданылады. 235 баптың бірінші, екінші және үшінші бөлімдеріндегі жаза мөлшері де кейбір ауыр қылмыстарға қарағанда аз көрсетілген. Ол жаза, тек қылмыстық қауымдастықты және ұйымдасқан қылмыстық топты құрғаны үшін ғана белгіленген.

4.2 Аяқталмаған қылмысқа қатысушылықты квалификациялау

Қылмыстық құқық қылмыстық әрекеттің алдыңғы кезеңіне қылмысқа дайындалу мен оқталуды жатқызады. Бұл мәселенің қылмысқа қатысушылықта қолдануының жалпы тәртібін анықтау қылмыстық құқықта ғана емес, сонымен бірге сот-тергеу жұмыстарында да маңызды болып есептеледі. Қылмысқа қатысушылық мәселесін арнайы зерттеуде бұл мәселе туралы әр түрлі ой-пікірлер кездеседі.

Бірнеше адам бірлесіп қылмыс жасауға күш біріктіріп, бірақ қылмыс аяғына дейін жасалмай, тек қылмыстың бастапқы кезеңдерінде тоқтатылса, олардың әрекеттерін квалификациялау қиындайды. Себебі, біріншіден, мұндай дайындық кезеңде қылмысқа қатысушылардың түрлері толық анықталмайды, өйткені олардың арасындағы бастапқы келісімде қылмыс уақиғасының толық мазмұны белгіленбеуі мүмкін.

Яғни, келісім болғанымен кім қандай рольдер орындау керек екендігі әлі белгілі болмайды. Екіншіден, мұндай кезде қылмысқа қатысушылық және қылмысты жасау кезеңдері институттары таңдауға ілігеді. Бұл мәселеге жауап беру алдында тағы да мынандай сұрақ туындайды. Қылмыстың барлық кезеңдерінде қылмысқа қатысушылық орын ала ала ма? П.Ф. Тельнов: «Қылмысқа қатысушылық дайындық әрекеттерінен басталады», - дейді [17.141].

Қылмысқа қатысушылықта екі немесе одан көп адамдардың бірлесіп қылмыс жасауы көрініс алуы керек. Ал, бірлесіп қылмыс жасау дегеніміз қылмысқа қатысушылардың әрекеттерінің және ой-ниетінің өзара түсіністікте, бірлестікте болып және бірінің әрекеті екіншісінің әрекетіне тікелей себепші болуын, осы себепті байланыстардың нәтижелерінде ортақ қылмыстық зардаптың туындауы болып табылады. Мұндай жағдай қылмыстың бастапқы сатыларында көрініс бермейді. Іске аспаған азғырушылықта, көмектесушілікте бірлесіп қылмыс жасау фактісі болмайды, ол ниет іске аспайды немесе қылмысқа дайындық кезінде жолы қиылады. Сондықтан іске аспаған іс-әрекет қылмысқа қатысушылық болып табылмайды. Бұл жағдайлардың дәлелі жекелеген қылмысқа қатысушылардың іске аспаған әрекеттерін келтіргенде көрінеді. Мысалы, көмектесушінің көмегінсіз орындаушы қылмысты жасап үлгерсе, мұнда қылмысқа қатысушылық жоқ, себебі көмектесушінің әрекеті орындаушының әрекетімен себепті байланыста болған жоқ. Мұндай жағдайда көмектесушінің әрекетін басқаша бағалау керек, яғни қылмысқа оқталу немесе дайындалу сатыларының қайсысына көмектесушінің әрекеті сай келсе сол сатымен бағаланғаны дұрыс. Бұл біріншіден, екіншіден қылмысқа қатысушылардың арасында келісім болғанымен, бірақ олардың орындайтын рольдерін анықтап үлгермеген жағдайы қылмысты квалификациялауды тіпті қиындатады. Себебі тұрақтылық белгісі жоқ қылмысқа қатысушылық формалары бойынша кей жағдайда ҚК 28 бабына сілтеме жасау туралы қажеттілік туындайды. Ал оларда роль әлі анықталмаған жағдайда олардың жауапкершілік көлемін анықтау мүмкін болмайды. Қылмыстың бастапқы кезеңдерінде қылмысқа қатысушылықтың болмауының тағы бір себебі мынандай. Мысалы, ұйымдастырушы қылмыс жасау мақсатымен ұйымдастыруға тырысқанымен басқа адамдар оның тілегін қайтарса немесе алдында келісіп, кейіннен қылмыс жасаудан бас тартса іске аспаған ұйымдастырушылық болады. Демек, бірлесіп қылмыс жасаудың бастапқы сатыларын-

да немесе іске аспаған әрекеттерде қылмысқа қатысушылық болмайды, себебі мұнда қылмысты әрекеттер арасындағы және әр қатысушының зардапқа деген себепті байланысы ғана емес, сондай-ақ қылмысты әрекеттердің бірлестігі, олардың арасында субъективтік байланыстар да болмауы мүмкін. Бірақ аяқталмаған қылмыстардың барлық элементтері болады.

Қылмысқа қатысушылықта ғана емес, жалпы қылмыстық құқықта қылмысты квалификациялау мәселесінде жауапкершілік көлемін анықтауда кінәлінің қылмысты әрекетінің бағыты, қылмысқа деген ой-ниет дәрежесі ескеріледі. Сол сияқты қылмысқа қатысушылықта да қатысушылардың түпкі қылмысты ойы орындаушымен ғана жүзеге асырылатындықтан, олардың кінәсі сол орындаушымен тізбекті байланыста болады. Егер осы орындаушы мен қалған қатысушылардың арасындағы субъективтік, объективтік байланыстар өзгерсе, немесе үзілсе, онда жауапкершілік әр қатысушыда жеке ерекшеліктерге ие болады. Бұл жерде мынандай мәселені анықтай кету керек.

Қылмыстың ұйымдастырушысы, айдап салушысы, көмектесушісі қылмыстың объективтік жағын тікелей орындамайды. Олардың іс-әрекетінде қылмыс құрамы бар ма?

Мұндай сұрақты барлық зерттеушілер қоя бермейді. Малахов: “Оларда қылмыс құрамы жоқ, бірақ орындаушының әрекетіне енгізіледі” десе, [117. 77] кейінгі қылмыстық құқық теориясында - оларда қылмыс құрамы бар - деген тұжырым кездеседі [32.86].

Қылмыстық заңның Жалпы бөлімінде өзінше жеке қылмысты құрай алмайтын, бірақ барлық белгілері бойынша қоғамға қауіпті әрекеттерді білдіретін жекелеген құқықтық институттар қарастырылған. Бұл құқықтық институттар ҚК Ерекше бөлімдегі қылмыстармен ұштастырыла жасалуымен кездесетіндіктен, бөлініп шығарылған. Олар қажетті қорғану, қылмысқа оқталу, даярлану, қылмысқа қатысу т.б. Мұндай құқықтық нормаларда жеке қылмыс болып табылмайтын қоғамға қауіпті әрекеттер немесе белгілер қарастырылған. Осы белгілер ҚК Ерекше бөлімдегі қылмыстармен міндетті түрде қосылып қана жасала алады. Сондықтан, ұйымдастырушы т.б. қылмысқа қатысушыларды анықтайтын белгілердің қоғамға қауіптілігімен және бұл белгілердің Ерекше бөлімдегі қылмыстарсыз жасала алмайтындығынан «оларда қылмыстың құрамы бар» деп сенімді түрде айтуға болады. Бірақ тек аяқталған қылмыстағы ұйымдастырушылық, айдап салушылық, көмектесушілік әрекеттерде қылмыстық құрам болады.

Өйткені, бұлардың түпкі қылмыстық ниеттері немесе қылмыстың құрамының болуы қылмыстың орындаушысына ғана байланысты. Егер орындаушы қылмысты орындай алмаса олардың жауапкершілігінде аяқталған қылмыстың құрамы болмайды. Оның басты себебі, ол қатысушылардың арасындағы себепті байланыстар бұзылады. Яғни, қылмысқа дайындық немесе оқталушылық болып квалификацияланады.

Осы әрекеттерді бағалау жөнінде қылмыстық құқық теориясында екі түрлі көзқарас көздеседі. Көпшілігі іске аспаған қылмысқа қатысушылықты қылмыстың жасалуына жағдай жасайтын дайындық әрекеттері деп бағалайды [118. 63], [32. 631], [28. 182].

Бұл әрекеттерді қылмысқа қатысушылыққа оқталу деп бағалайтын көзқарас та бар [19. 187-191].

Біздің ойымызша, бұл мәселені бір жақты қарауға болмайды. Қылмыстық құқықта қылмысқа даярлану мен оқталу әрекеттері уақыты және әрекетінің тәсілдері бойынша бір-бірінен ажыратылады. Қылмысқа қатысушылардың алдыңғы әрекеттерін квалификациялағанда осы ережеге сүйену керек. Егер Жалпы бөлімнің осы ережесіне сүйенсек, онда іске аспаған қылмысқа қатысушылықта қылмысқа оқталу бола алады. Бұл бір себебі, екінші себебі қазіргі ҚР ҚК 24 бабында кейбір қылмыс санаттары бойынша дайындық әрекеттеріне жауапкершілік міндеттелмейді. Егер қатысушылардың іс-әрекетін қылмыстық жауапкершілік жүктемейтін дайындық кезеңі деп саралайтын болсақ, онда кейбір қылмыскерлерді жазасыз қалдыруға тура келер еді.

Біздің зерттеуімізше, барлық қылмысқа қатысушылардың қылмысты іс-әрекеттері олардың дайындық жүргізу немесе әлі қылмысты орындауға бағыттала қоймаған кезінде жолдары қиылса, онда қылмысқа даярлану деп бағалануы керек.

Ал қылмыстың орындаушылары қылмыс жасауға бағытталған кезден бастап, немесе орындаушы өзінің еркінен тыс себептермен қылмысты орындай алмаса, олардың барлығының әрекеттері оқталу ретінде квалификацияланғаны дұрыс. Өйткені ҚР ҚК 24 бабы дайындық және оқталу кезеңдерін осылай ажыратады.

Көмектесушінің көмегінсіз орындаушы қылмысты жасап үлгерсе, көмектесушінің әрекетін оқталуға жатқызу көңіл бөлуді қажет етеді. Көмектесуші жайында ҚК 28 бабының 5 бөлімінде интеллектуалдық көмектесушілік ретінде ауызша кеңес, мәлімет берумен қатар қылмыскерді, қылмыстың құралдарын жасыруға алдын-ала сөз беруді

келтіреді. Бұлар қылмыстың уақиғасында бастапқы кезеңде ғана емес, кейінгі кезеңдерде де орын алады. Демек орындаушының әрекетімен себепті байланысқа қылмыс жасалғаннан кейін түседі. Егер көмектесуші көмектесуге сөз беріп, бірақ оның көмегінсіз-ақ қылмыс жасалынса, ондай жағдайды интеллектуалдық көмектесушіліктің бір көрінісі деп бағалау керек. Себебі мұндай жағдайда көмектесушімен орындаушы өзара субъективтік байланыста болады. ҚР ҚК 28 бабының көмектесушілікті қарастырған бөлімінде қылмыстың жасалуы туралы сөз беру қарастырылмаған, тек қылмыс жасалғаннан кейінгі жасыру әрекеттеріне сөз беруді ғана келтіреді. Көмектесуші көмектесуге сөз беріп, бірақ оның көмегінің кешігуі салдарынан немесе басқа себептермен қылмыс жасалынбаса, мұндай жағдайда көмектесушілікке оқталу орын алады.

Ұйымдастырушының, айдап салушының көмектесушінің әрекеттері жарамды болғанмен немесе орындаушымен себепті байланыста болғанмен қылмыс жасалынбаған жағдайда іске аспаған қатысушылық болу себебінің бір жағы, ол әрбір қатысушының көздеген қылмыстың жасалуына немесе зардаптың туындауына деген тікелей психикалық қатынасы болып табылады.

Қылмысқа айдап салушы мен ұйымдастырушының әрекеттерінде де осыған ұқсас көріністер болса, онда олардың да әрекеттерін оқталуға жатқызуға болады. Мысалы айдап салушының азғыруынсыз-ақ орындаушы қылмыс жасауға ой түйген болып шығады. Мұндай жағдайда азғырушылық жоқ, себебі қылмыстың жасалуына азғырушының әрекеті себепті байланыста болған жоқ. Мұны азғырушылыққа оқталу деп бағалау керек.

Қылмыстың болуының басты себепшісі ұйымдастырушы болуына байланысты, ұйымдастырушылық әрекет іске аспаса немесе басқа адамдар оның тілегін қайтарса, ұйымдастырушының көздеген қылмысы бойынша даярлану орын алады.

Іске аспаған қылмысқа қатысушылықты мынадай жағдайда байқауға болады: Ұйымдастырушының ұйымдастырушылық, айдап салушының азғырушылық әрекеттерін орындаушы т.б. қатысушылар тыңдамаса немесе оларсыз да қылмыс жасауға дайын болса іске аспаған азғырушылық, көмектесушілік, ұйымдастырушылық болады немесе ұйымдастыруға оқталу, айдап салуға оқталу деп бағалауға болады. Бұл әрекеттерді бұлай квалификациялауға болмайды. Себебі біріншіден, қылмыстық заңның Жалпы бөлімінің ғана баптарымен

қылмыс квалификацияланбайды, өйткені Жалпы бөлімде жекелеген қылмыстар қарастырылмаған. Екіншіден, ұйымдастырушы ұйымдастыруға, көмектесуші көмектесуге оқталғанда орындаушы арқылы сол қылмыстың жасалуына оқталады. Демек бізде ұйымдастырушылыққа оқталу айдап салушылыққа оқталу емес, бір ғана ұғым - іске аспаған қылмысқа қатысушылық немесе оқталу, даярлану ғана бар.

Біздің іске аспаған қылмысқа қатысушылықты оқталу сатысына жатқызуымыз сот-тергеу тәжірибесіне ыңғайлы. Себебі, келте құрамдар бойынша ұйымдасқан топ, қауымдастық (мысалы банда) құрылған кезден бастап аяқталған құрам болып табылады. Ал қылмыстық құқықта келте құрам болып есептелмейтін қылмыстарды жасауға топ құрылып, бірақ олардың әрекеттері оларға тәуелсіз себептермен іске аспаса, қылмысқа оқталу деп бағалау, оларды жауапкершіліксіз қалдырмауға себеп болады.

4.3 Қылмысқа қатысушылық формалары бойынша қатысушының шектен шыққан әрекеттерін және арнайы субъектілердің қатысушылығын квалификациялау

1997 жылғы 16 шілдеде қабылданған қылмыстық заңға дейін қылмыстық құқық теориясы қылмыс орындаушысына ғана қатысты шектен шығушылықты білетін. Ал қазіргі заңның 30 бабы тек орындаушыға ғана емес, сонымен қатар басқа да қатысушылардың шектен шығу әрекеттеріне, яғни көмектесушінің азғырушының, ұйымдастырушының шектен шығуының мүмкіндігіне заң жүзінде жол берген. Қылмыстық заңның бұл бабының мұндай бағыты заңгер ғалымдар мен практика қызметкерлері тарапынан күмәнданушылық тудырды.

Бұл жерде біздің негізгі мақсатымыз, ол орындаушыдан басқа да қатысушыларға байланысты шектен шығудың мүмкіндік көлемін анықтау болып табылады.

Сырттай қарағанда, Қылмыстық кодекстің 30 бабында “қылмысқа қатысушының шектен шығушылығы” деп көрсетуінің бір себебі, ол әдетте заң баптарын бейнелеуде кездесетін кеңірек ұғымды пайдаланып, заң теориясы мен практика қызметіне мол мүмкіншілік беру болуы мүмкін. Мысалы ҚК Ерекше бөліміндегі қасақаналықпен жасалатын қылмыстардың кейбіреулері тек тікелей қасақана-

лықпен жасалады. Айталық 134 бап (баланы қасақана ауыстыру), 262 бап (сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актілерін орындамау), 187 бап (бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру), т.б. Бірақ заң ҚК Ерекше бөлімінің ешбір бабында “тек тікелей қасақаналықпен жасалған...” деп қылмысты сипаттамайды. Яғни мұдай жағдайларды нақтылай қарауды заң өзіне міндет тұтпайды және теория мен практика жүзінде қасақаналықтың басқа түрінің де кездесуін шектемейді. Міне осындай қағида қылмысқа қатысушының шектен шығушылығын заңда бейнелегенде де сақталған болуы мүмкін. Бұл бір себебі, келесі бір себебі “қылмысқа қатысушының шектен шығуы қылмыстың орындаушысынан басқаларында да кездесе алады” деп заң тікелей мойындап тұруы мүмкін. Бұған теория жүзінде себеп бар. Қылмысқа қатысушылық мәселесін зерттеген ғалымдардың барлығы қылмысқа қатысушының шектен шығушылығына келгенде бәрі бір ауыздан “орындаушыдан басқа қатысушыларда шектен шығу болуы мүмкін емес” дейді. Қылмыстық құқық теориясында алғаш рет П.Ф.Тельнов орындаушыдан басқа да қатысушылардың шектен шығу әрекеттеріне мүмкіндік берді. Ол “бірлескен қылмысты әрекеттерде шектен шығушылық ретінде, кез келген қатысушының басқа қатысушылардың қасақаналығы шегінен шығатын қылмысты жасауы алынады” деген болатын [17. 152- 153].

Қазіргі қылмыстық заңда қылмысқа қатысушылардың шектен шығушылығы деп келтіргенмен қылмыстық заңның өзінде де, қылмыстық құқық туралы оқулықтарда да, қылмыстық заңға берілген түсіндірмелелерде де орындаушыдан басқа қатысушылардың шектен шығушылығын негіздеп көрсете алмайды. Олардың барлығында қатысушылықтың шектен шығушылығы туралы сөз қозғағанда, тек орындаушының шектен шығуын келтіреді. Қылмыстық заңның 30 бабында “Қылмысқа қатысушының басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасауы оның шектен шығушылығы деп танылады” деп жалпы түсінік берумен шектеледі.

П.Ф.Тельнов осы мәселені қарастыра отырып, қылмысқа қатысушылардың шектен шығушылығы ретінде кейбір қатысушының алдын -ала келісілген қылмысты ауыр немесе жеңіл тәсілдермен, құралдармен, ал кейбір жағдайларда қылмыскерлердің келісіміне кірмеген, заң бойынша басқа қылмыс болып табылатын әрекеттерді жасауын жатқызады. Мұнан әрі ол өзінің бағытын айдап салушының қылмыстың орындаушысын азғыру кезінде күш қолданып,

денсаулығына зардап келтіру мүмкіндігін немесе көмектесушінің шектен шығушылығына қатысты, көмектесуші қылмыстың орындалуы үшін қару тауып беруге уәде беріп, қару табу үшін 218 баптағы қылмысты жасауын (ҚР ҚК 255 бабы бойынша қаруды, оқ дәріні, жарылғыш заттар мен жару құралдарын ұрлау не қорқытып алу) мысал ретінде келтірген. Бұл жерде осы жоғарыда келтірген мысалдар көмектесушінің, азғырушының шектен шығушылығын білдіре ме деген сұрақ туындайды.

Әдетте қылмыс жасауға алдын-ала келісім болған кезде қатысушылар ортақ мақсатқа кіретін қылмыс түрін жасауға келіседі. Бірақ орындаушының ортақ келісімге кірмеген басқа қылмысты жасауы орын алса, онда мұндай жағдайда қылмысты бірлесіп жасау туралы ортақ қылмыстық жоспар бұзылады. Мұндай кезде орындаушының шектен шыға отырып жасаған басқа қылмысы өзге қатысушылардың кінәсіне кірмейді, себебі ол жасалған қылмыс түрі басқа қатысушылардың ойымен, қасақаналығымен қамтылған жоқ. Жауапкершілікті анықтауда, қылмысты квалификациялауда, сондай-ақ жаза белгілеуде адам өзі білген, жасаған немесе алдын ала хабардар болған қылмыстар бойынша ғана кінәлі деп танылады. Ал жасалуы мүмкін екендігін білмеген, ойда жоқ қылмыстар үшін адам кінәлі деп танылмайды. Бұл кінәсіз адамды жауапкершілікке тартқанмен бірдей. Сондықтан қылмысқа қатысушыларға жауаптылық белгіленгенде қылмыстық заң әр адамның жасаған қылмысының түрін, орындаған ролін, белсенділігін ескеруді талап етеді. Ал шектен шығушылық орын алғанда қылмысқа қатысушылардың арасындағы субъективтік байланыс, яғни бірлескен түрде жасалатын қылмыс жөнінде өзара хабардарлық, тілектестік, екі жақты байланыстар бұзылады. Ал объективтік байланыстар ішінара сақталуы мүмкін. Яғни қатысушы өз ролін орындады, мысалы орындаушыны азғырды, соның нәтижесінде қылмыстың жасалуына келісім пайда болды. Бірақ жоспарланған қылмыстың жасалуы кезінде іс-әрекет ауырырақ түрде немесе мүлдем басқа қылмыс жасалады, мұндай кезде объективтік байланыс сақталады. Бірақ қылмыстың түріне келгенде қатысушылардың жоспары бұзылады, демек, субъективтік байланыстар үзіледі. Мұнда егер орындаушыдан басқа қатысушылардың іс-әрекетіне көңіл аударсақ, онда олардың барлығының әрекеттері қылмысты болып табылғанымен, бірақ орындаушының әрекеті сияқты қылмыстың құрамын білдіре алмайды. Қылмысты бірлесіп

жасауда олардың әрқайсысының әрекеті орындаушының әрекетімен байланысты болып, нәтижесінде жоспарланған қылмыстың жасалауына әкеп соқтырады. Мұндай кезде бір қылмыстың жасалуы міндетті емес, негізгісі қанша қылмыс жасалса да олар орындаушының әрекетімен байланыста болса және ортақ қылмыстық нәтижеге немесе жоспарға кірсе жеткілікті болып саналады. Сондықтан барлық қатысушылар жасаған қылмысы үшін кінәлі деп саналап, орындаушы айыпталаған ҚК баптары бойынша жауаптылыққа тартылады.

Қылмысқа қатысушылықтың да басты ерекшелігі және квалификациялау ережесі бар. Яғни қылмысқа қатысушылардың әрекеттері ҚК бір бабы – орындаушы айыпталған бап бойынша квалификациялануы керек. Бірақ қылмыстың уақыты, орны, құралы т.б. жағдайлары жоспаланғандай болғанымен, қатысушылардың әрекеттері ҚК әртүрлі баптарымен сараланса, онда бұл жағдай қылмысқа қатысушылықтың ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Мұндай нәтиже қылмысқа қатысушылықтың түсінігі және қатысушылардың ортақ қылмысты ойы, ниеті деген ұғымдарды пайдаланып зерттегенде шығып отыр. Бұл нәтиже қатысушылардың келісіміне кірген “шартты” қылмыстың жасалуын ғана білдіреді. Егер мұндай бағытты ұсынсақ, онда азғырушының, көмектесушінің шектен шығушылығын мойындауға болады. Яғни қылмысқа қатысушылық ережесі бойынша келісімге, жоспарға кірген қылмыс жасалуы керек еді, бірақ олардың келісіміне кірмеген басқа қылмыс түрі жасалды. Бұл әрине шектен шығушылық. Мұндай жағдайда шектен шығып кеткен азғырушы мен көмектесушінің әрекеттеріне жауаптылық жеке белгіленеді, себебі олар ортақ қылмысты ниетке кірмеген басқа қылмысты жасады, ал егер қылмыстың санын ескерсек, онда олардың шектен шығып кеткен қылмыстары басқа қатысушылардың қасақанылығынан тыс жатыр.

Бұл мәселені басқаша бағытта да қарастыруға болады. Бұл бағыт орындаушыдан басқа қатысушыларда шектен шығудың болуы мүмкін емес деген көзқарасқа әкеледі.

Қылмысқа қатысушылықтың барлық формаларында бірлескен адамдардың іс-әрекеттері қойылған мақсатқа жетуге бағытталады және олардың саналы әрекеттері бір қылмысқа қосылады. Қылмыстық мақсатқа жету үшін кейбір жағдайларда, әсіресе қылмысқа қатысушылықтың қауіптілігі жоғары формалары болып саналатын ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық бойынша қылмыс жасалған-

да, қатысушылар өздерінің ортақ қылмыстық мақсатына жету үшін жолында тұрған кедергілердің бәрін құрбан етуі де мүмкін. Осы тәрізді жағдайларда қылмыстың жасалуын жеңілдету немесе басқа қатысушыларға мәлімет, құрал, қару беру үшін, көмектесуші басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмыс түрін де жасауы мүмкін. Мұндай жағдай қылмысты жасауға басқа адамды азғыра отырып, оның денсаулығына немесе өміріне зардап келтіргенде қылмыстың айдап салушысында да болады. Кейбір қатысушылардың мұндай ортақ қылмысты жоспардан ауытқыған әрекеттері қалған қатысушылардың ортақ жоспарына, олардың көңіл күйлеріне әсер етпеуі де мүмкін. Себебі азғырушының немесе айдап салушының осындай ауытқыған әрекеттерінде де барлық қатысушылардың жоспарланған қылмыс түрі сақаталып қала береді. Бұл әсіресе, ұйымдасқан топтың, қауымдастықтың мүшелерінде де болуы мүмкін. Мұдай формаларда да ортақ қылмыстық мақсат, яғни жоспарланған қылмыс сақаталады және ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық мүшелері олардың кейбір мүшелерінің өзге жасаған әрекеттері қылмысты ма немесе қылмысты емес пе, оған мән бермеуі мүмкін.

Бұл мәселені мұндай бағытпен талдағанда қылмыстың азғырушысы мен көмектесушісінде шектен шығушылық болуы мүмкін емес. Бұл бағытты мынадай мысалмен де негіздеуге болады. Мекеме басшысы өзі басқарып отырған кәсіпорында ұрлықтың жасалуын жоспарлап, оның жасалуын жеңілдету үшін мекеме күзетшісін алдымен жұмыстан шығарады. Ол әзірге жаңа күзетшіні тауып, жұмысқа қабылдағанша қалған сыбайластары ұрлықты жасап үлгеруі керек. Бұл мысалдағы мекеме басшысы қылмыстардың жиынтығы бойынша жауаптылыққа тартылуы керек, яғни еңбек туралы заңдарды бұзғандығы және ұрлық қылмысына көмектескендігі ескеріледі. Мұндай жағдайда өзге қатысушылар ұрлық қылмысы үшін жауаптылыққа тартылса, ал мекеме басшысы екі қылмыс бойынша айыпталады. Біз лауазымды адамның мұндай әрекетін көмектесушінің шектен шығушылығы деп бағаламаймыз, себебі оның әрекеттері басқа қатысушылардың әрекеттерімен объективтік ғана емес, сонымен қоса субъективтік тұрғыдан да байланысты болады. Бұл мысалға сүйенсек, онда қылмысқа қатысушылықта қатысушылардың кінәсіне тағылатын қылмыстардың саны көп болатынын көріп отырмыз. Сондықтан **қылмысқа қатысушылар түрлерінің шектен шектен шығушылық көлемін анықтағанда,**

біз қатысушылардың ортақ қасақаналығына барынша әсер ететін факторларды ескеруіміз керек. Бұл жоғарыда айтылғандармен қатар, қылмысқа қатысушылықтың ортақ мақсатын немесе жоспарланған қылмыстың орындалуын ескергенде ашылады. **Егер қылмысқа қатысушының бірінің жеке қылмыс болып табылатын белгілі бір әрекетті жасауы қалған қатысушылардың жоспарланған қылмыс түрін өзгертпесе, онда мұндай әрекеттер өзге қатысушылар жасауға тырысқан қылмыс түрін немесе ортақ мақсатты сақтайды, яғни шектен шығушылық мұндай кездерде болмайды.**

Қылмысқа қатысушылардың ортақ қасақаналығына, жоспарына мұндай кездерде әсер ететін келесі жағдай, ол қатысушылардың өз арасындағы субъективтік байланыстардың бұзылмағандығы болып табылады. Қатысушылар қылмыс жасау туралы келісімге келген кезде олардың арасында өзара субъективтік, сонымен қатар объективтік те байланыстар пайда болады. Осы субъективтік байланыстың болуы арқасында жоспарланған қылмыс жасалады. Біз бұл мәселені шешуде объективтік емес, негізінен субъективтік өзара байланыстарға сүйенуіміз керек, себебі қылмысқа қатысушылар шектен шыққанда субъективтік байланыстар бұзылады, яғни қатысушылар келісімге келген кездегі анықталған, жоспарланған қылмыс түрінде, және осы келісім, жоспар құру кезеңінде белгіленген қылмыстың жасалу жағдайларында өзгерістер болады. Мысалы орындаушы қылмыстың жасалу жоспарын өз еркі бойынша сақтамаса, онда әрине орындаушымен қалаған қатысушылардың арасында субъективтік байланыс бұзылады, яғни шектен шығу орын алады. Ал объективтік байланыстар сақталып қала алады деу себебіміз, ол әр қатысушының өз ролін тиісті түрде орындағандығына байланысты. Әр қатысушының өз ролін, міндетін орындауы ғана қылмыстың жасалуына әкеледі. Бұл объективтік байланыстарды білдіреді. Объективтік байланыстар қатысушылардың шектен шыққан әрекеттерінде сақталады. Қатысушылардың арасындағы субъективтік байланыстар бұзылғанда ғана, кім сол байланысты бұзса, сол қатысушының іс-әрекеті басқа қылмыс, яғни шектен шығып жасаған қылмыс түрі бойынша квалификацияланады.

Қылмысқа қатысушылықта шектен шығушылық тек орындаушыда ғана бола алады деуіміздің бір себебі, ол қатысушылар роль бөлген кезде тек қылмыстың маңызды мәселелерін ғана шешумен

шектелетініне байланысты, ал қылмыстың кейбір детальдарын, мысалы кім қандай тәсілмен, құралмен, әрекеттермен тапсырлған рольді орындауы керек, ол жағын нақтыламауы мүмкін. Қылмыстың мұндай детальдарын алдын- ала келісімнің мазмұнына жатқызуға болады, бұл детальдер келісім жасауда барлық кезде анықталып, нақтыланып жатпайды. Алдын-ала келісім жасау кезінде негізінен қылмыстың түрі, уақыты, орны, заты, зардаптың көлемі, сонымен қатар рольдер бөлу орын алады. Көмектесушіге, азғырушыға роль тапсырылғанда жоғарыда келтірілген детальдар айтылып, ал көмектесуші қандай жолмен қылмыстың құралын табу керек екендігі немесе азғырушы өзінің қалай азғыратынын нақтылап, айтпауы мүмкін. Нәтижесінде мұндай ролдерді орындайтын қатысушылар өзінің тиісті ролін қалай іске асыратынын өз бетінше шешуі мүмкін және жоғарыда айтқандай басқа бір қылмыстың түрін жасауы әбден ықтимал. Демек, жекелеген қылмысқа қатысушылар тиісті рольді орындау кезінде басқа қатысушылардың қасақаналығына кірмеген жеке қылмыс құрамы бар іс-әрекет жасаса, онда басқа қатысушылар өздері хабардар болмаған қылмыс бойынша жауап бермейді, олардың іс әрекеті бастапқы келісімде болған қылмысқа оқталу ретінде бағаланады. Ал егер қатысушылардың кейбіреуінің, мысалы көмектесушінің өз ролін ауырырақ түрде жасауы мүмкін екендігін білсе немесе олардың ойымен қамтылған болса, онда мұндай жағдайда көмектесушінің, азғырушының шектен шығушылығы деп бағалауға болмайды және өзге қылмысқа қатысушылармен ролін ауырырақ немесе жеңілірек түрде жасаған қатысушының әрекеті басқа қатысушылардың әрекетімен бірдей квалификациялануы керек. Мысалы көмектесуші қылмыстың құралын ұрлау арқылы табатынын басқаларға айтса немесе құралды таппаған жағдайда басқа біреулердің меншігінен ұрлау арқылы алатынын өзгерлерге хабардар етсе, онда көмектесушінің орындау кезінде жасаған қылмыс түрі басқа қатысушыларға іс-әрекетті бағалау кезінде қолданылады.

Бұл мәселелер туралы бізге тек өз пікірімізді келтіруге тура келіп отыр, себебі оқулықтар мен зерттеу әдебиеттерінде қылмысқа қатысушылардың шектен шығушылығы қылмыстың орындаушысында бола алады деген шешім қалыптасқан, сонымен бірге біздің ойымызша азғырушының немесе көмектесушінің рольдері туралы өзге қатысушылар толық хабардар болғанда (қылмыстың барлық детальдары белгіленгенде) көмектесуші мен азғырушыда да шектен шығу болады.

Шектен шығушылық қылмысқа қатысушылықтың барлық формаларында кездеседі деуге болады. Бұл жерде дәлелдей кетуге тұратын бір жайт, ол қылмысты топ түрінде жасауда шектен шығудың орын алу мүмкіндігін көрсету. Топ адамдардың қылмыстарында шектен шығу, қылмыстың түрі немесе зардаптың көлемі алдын-ала топ мүшелерінің арасында анықталғанда ғана болуы мүмкін дейміз. Мысалы топ мүшелері біреуді ұруға немесе денсаулығына қарсы бағытталған әрекеттерді жасауға алдын-ала уәделесіп, бірақ белгіленген қылмысты жасау кезінде топ мүшелерінің бірі адамның өліміне соқтыратын әрекет жасаса, онда топ мүшелерінің арасында шектен шығу орын алады. Мұндай жағдайда қылмысқа қатысушылықтың ережесі бұзылады. Іс-әрекет ҚК бір бабы бойынша квалификацияланбайды, яғни адамның өміріне қарсы бағытталған шектен шығу жасаған адамның әрекеті қасақана кісі өлтіру қылмысы бойынша бағаланса, ал басқа топ мүшелерінің әрекеттері адамның денсаулығына қарсы бағытталған қылмыс ретінде, ҚК 24 бабына сілтеме жасалмай квалификациялануы керек. 24 бапқа сілтеме жасамауды ұсыну себебіміз, мұндай жағдайда өзге топ мүшелері адамның денсаулығына қарсы бағытталған қылмыс құрамының объективтік белгілерін тікелей орындауға қатысты. Ал егер қылмыс топ түрінде емес, роль бөліп қатысу арқылы жасалса және орындаушының шектен шығушылығы орын алса, онда өзге қатысушылардың әрекеттері жоспарлаған қылмыс түріне және 24 бапқа сілтеме жасау арқылы қылмысқа оқталу ретінде квалификацияланады.

Қылмысты алдын-ала келісімсіз топ адамдар түрінде жасағанда шектен шығушылықтың орын алуын теория жүзінде келтіруге болады. Мұның да мысалдары адамның денсаулығына, жыныстық бостандығына қарсы қылмыстарда кездеседі. Мысалы кісі өлтіру қылмысын жасайтындай себеп жоқ жағдайда алдын - ала келісім болмаған төбелесте топ мүшесінің бірі кісі өлтіру қылмысын жасауы мүмкін. Немесе алдына ала келісімсіз түрдегі әйел зорлау қылмысында зорлаушының бірі басқаларға алдын-ала ескертпей жәбірленушіні өлтіруі мүмкін. Алдын-ала келісімсіз жасалған қылмыстардағы шектен шығушылық сот-тергеу практикасында кездеспейді. Мұндай ауыр зардап түріне өзге топ мүшелері келіспей, шектен шығушылық жасаған адамға наразылық білдіруі мүмкін. Бұл да шектен шығушылық, себебі алдын- ала келісіммен немесе алдын

ала келісімсіз түрде қылмысты топ адамдар болып жасап, олардың бірі шектен шығушылыққа барғанда өзге зардап туралы субъективтік байланыс болмайды. Ал объективтік байланыс – қылмыстың орны, уақыты, тәсілі бірдей болғандықтан ішінара сақаталады деген пікірдеміз. Мысалы Г., Н. және Я. үшеуі К.-ні Я.-ның пәтеріне алып келіп, қарызға алған ақшасын қайтарып беруді талап етеді. Я. қашып кетпес үшін К.-ні жылу батареясына байлап қоюды ұсынады және қалай қарыз ақшасын алудың жолын ойланады. Я. үйден шығып кеткен кезде Г. мен Н. ақшаны қайтаруды талап етіп, К.-ні ұра бастайды. Одан кейін олар К. байланған бөлмеге кезекпен кіріп ұру үстінде Н. К.-нің мойнына жіп байлап, қылқындырып өлтіреді. Я. қайтып келген кезде Г. мен Н. оның өліп қалғанын хабарлайды.

Ақтөбе облыстық сотының үкімімен Г. ҚР ҚК 327 бабының 3 бөлімімен, 28 баптың 5 бөлімімен және 96 баптың 2 бөлімінің “з” тармақшасымен айыпталған. Осы үкіммен Я. және Н. сотталған, бірақ олар үкімге арызданбаған.

Жоғары соттың қадағалау алқасы Г. арызын қарап шығып, кісі өлтіру қылмысын жасау туралы бөлімін алып тастай отырып, өзінің қайта квалификациялауын былай негіздейді.

Г. қарыз ақшаны қайтару үшін К.-ні байлап ұстағанда, өзінше билік ету қылмысы үшін заңды жауаптылыққа тартылған. Бірақ Н. жасаған кісі өлтіру қылмысы үшін жауаптылыққа Г.-ні де тарту қате. Г.-нің жауабы бойынша Н. жәбірленушіні өз бетінше, оған хабардар етпей, ол жоқ кезде өлтірген, яғни Г. өлтіру қылмысы жасалып жатқанын білмеген, артынан білген. Төменгі соттар кісі өлтіру туралы олардың арасында алдын-ала келісім болмағанына мән бермеген. Қылмыскерлердің қасақаналығы қарызды қайтару туралы болған, ал Н. келісімнің шегінен шығып, кісі өлтіру қылмысын жасаған, ол үшін Г. және Я. жауапты емес [56.19].

Бұл мысалда да қылмысқа қатысушылардың арасында өзінше билік ету қылмысы туралы субъективтік және объективтік байланыстар бар, бірақ кісі өлтіру қылмысы туралы өзара хабардарлық жоқ, яғни екі жақты субъективтік байланыс жоқ.

Ұйымдасқан топта, қылмыстық қауымдастықта шектен шығушылық тек жасалатын қылмыстың жоспары толық анықталып, жоспарда көрсетілген детальдар бұзылғанда және жеке қылмыс түрін білдіргенде ғана болады деп ойлаймыз. Егер ұйымдасқан топтың,

қылмыстық қауымдастықтың тұрақты түрде қылмыстық істермен айналысуына және көбінесе ауыр қылмыстар жасау мақсатын көздейтіндігіне байланысты, оның кейбір мүшелері жоспарланбаған қылмыс түрін жасап, бірақ оны өзге мүшелері келісіммен қабылдаса, онда мұндай қылмысты әрекеттер ұйымдасқан топ, қылмыстық қауымдастық жасаған қылмыс деп танылғаны дұрыс және шектен шығушылықты білдірмеуі керек.

Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығын анықтауда және іс әрекетін саралауда қарастыра кететін мәселенің бірі, ол арнайы субъектіледің қылмысқа қатысудағы ролі болып табылады. Біз қарастырған зерттеу әдебиеттерінің барлығы да арнайы субъектілер қылмысқа қатысушылықта тек орындаушы түрінде қатыса алады дейді. Арнайы субъектілердің қылмысқа қатысудағы ролі туралы ойды, тек әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық бойынша келтіре аламыз. Арнайы субъектілер демографиялық, әлеуметтік, құқықтық, т.б. белгілеріне қарай ерекшеліктерге иеленіп, белгілі бір іс-әрекетті орныдауда осы ерешеліктерді пайдаланатын жеке адамдар болып табылады. Сондықтан кейбір адамдар өзінің қызметтік немесе тағыда басқа ерекшеліктерін теріс пайдаланғанда ол сол салаға қатысты қылмысты орындайды. Қылмыстың арнайы субъектілерінің ерекшелігі де осында, себебі оның осы ерекшелігі бойынша орындай алатын әрекетін өзге адамдар жасау мүмкіндігін иеленбеген.

Біздің бір байқайтынымыз, арнайы субъектілер қылмысқа қатысушылықта тек орындаушы түрінде қатысып қана қоймай, сонымен бірге қылмысқа көмектесуші ретінде қатыса алатындығы. Жоғарыда келтірген бір мысалдағы мекеме басшысының өзі басқарып отырған мекемеде ұрлық қылмысын жасау мақсатында алдын-ала күзетшіні жұмыстан шығарғанда, ол арнайы субъекті ғана жасай алатын қылмыс ретінде еңбек туралы заңдарды бұзу қылмысын орындады. Ол осы қылмысты жасай отырып, келесі кезекте жасалатын, алдын-ала жоспарланған қылмысқа көмектесушілік роль атқарған болып саналады. Яғни қылмыстың жасалуына бөгет болуы мүмкін кедергіні жойды. Демек, арнайы субъектілер қылмысқа орындаушы емес, көмектесуші түрінде қатысқанда міндетті түрде қылмыс жиынтығы, оның ішінде идеалдық жиынтық орын алады деуге негіз бар. Біздің мысалымыз қазіргі нарықтық қоғамдағы өмірге онша сай келмейтіндей болуы мүмкін. Бірақ аудиторлық немесе өзге де

тексерістерден бұлтару мақсатында немесе сол мекеменің меншік иесі болып табылмайтын жағдайларда әлі де орын алуы мүмкін жағдай деп түсінеміз.

Ал қылмысты топ адамдар нысанында жасауда арнайы субъектілердің қылмыстың жалпы субъектілерімен бірлесіп қылмысты орындауы мүмкін емес. Яғни арнайы субъектілердің орындай алатын әрекеттерін өзге де адамдар жасай алмайды және бірлесіп, топ түрінде әрекеттер жасау болмайды. Тек арнайы субъект болып табылатын адамдардың ғана топ болып қылмысқа қатысушылығы болуы мүмкін. Бұған қылмыстық кодексте жауаптылығы бойынша тек арнайы субъектілер қарастырылған кез-келген қасақана қылмыс түрі мысал бола алады. Мысалы адамдар тобымен жасалған қашқындық (373 баптың 2 бөлімі), бұйрыққа бағынбау немесе оны өзге де орындамау (367 баптың 2 бөлімі), сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу (147 бап) және т.б.

Ұйымдасқан топпен қылмыстық қауымдастық формаларында арнайы субъектілердің қылмысқа қатысушылығы жиі кездесетін жағдай. Мұндай қылмысқа қатысу формаларында арнайы субъектілер басқалармен бірлесіп әрекет жасағандықтан және топтың немесе қауымдастықтың мүшесі болып табылатындықтан, олардың іс-әрекетін бірге орындаушылық ретінде бағалаймыз. Бірақ қылмысты квалификациялауда арнайы субъектілердің іс-әрекеті ҚК Ерекше бөлімінің қолданылып отырған бабының арнайы бөлімі бойынша бағалануы керек. Мысалы ұйымдасқан топ экономикалық контрабанда қылмысын жасаумен айналысса, онда арнайы субъектінің әрекеттері сол баптың арнайы субъект қарастырылған бөлімімен квалификациялануы қажет. Мысалы, 209 баптың 3 бөлімінің “а” және “б” тармақшалары.

Ал егер ұйымдасқан топ, қауымдастық айналысқан қылмыс түрі бойынша қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында арнайы субъектінің жауаптылығы қарастырылмаса, онда оның әрекеттерін ұйымдасқан топ, қауымдастық жасаған барлық қылмыстар бойынша және арнайы субъектінің жауаптылығы белгіленген қылмыс түрі бойынша квалификациялау керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз зерттеуімізде бұл мәселе қоғамның әр түрлі ғылымдарымен, мәселен психологиямен, философиямен, әлеуметтанумен, әлеуметтану салаларымен ұштастырыла қарастырылуы керек екендігін аңғардық. Жұмыстың кейбір даулы мәселелерін қарастыру барысында, аталған салаларға да барлау жасалынды. Біз бұл жұмыста, қылмысқа қатысушылықтың даулы тұсы оның формаларына және формалар бойынша қылмысты квалификациялау мәселелеріне ғана тоқталдық. Жалпы қылмысқа қатысушылық мәселесі оның ішінде қылмысқа қатысушылықтың формаларына зерттеу жасағанда, бірнеше тұстан келіп қарастыруды қажет ететіндігіне көзіміз жетті. Мәселен, қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін бағалау, оған талдау жасау бір бағыттан жүргізілсе, екінші бағытта қылмыстық құқықтың жалпы ережелеріне немесе барлық құқықтық институттарына ортақ талаптарды сақтауда ескерілуі керек. Қатысушылықпен, оның ішінде ұйымдасқан түрдегі қылмыстармен күресудің жолында зерттеушілер заңның көмектік тұстарын және оны практикада тиімді қолдану амалдарын ашуға тырысуда. Қылмысқа қатысушылық формалары объективтік категорияның бір түрі болып табылады және формалар объективтік белгілерге қарай анықталады немесе бір бірінен ажыратылады деген қорытынды жасалды. Субъективтік белгілер қылмысқа қатысудың және оның формаларының қарапайым белгісі болып саналады және субъективтік белгілерді пайдаланып формаларды анықтауға ұмтылу, зерттеуден нәтиже шығармайтындығы жұмыс мазмұнында дәлелденді, һәм анықталды. Заңда көрініс табуы қажетті қылмысқа қатысушылық формаларын анықтау үшін, бұрынғы зерттеушілердің ұсынған бағыттары топтастырылды және олардың көпшілігі өзара синонимді ұғымдар екендігі белгілі болды. Біз сол синонимдік ұғымдардың барынша анық және өмірде барларын ғана алуға ұмтылдық. Келесі жұмыстың зерттелу кезінде анықталған бір жәйт, ол қазіргі қылмыстық кодекстің 31 бабындағы қылмысқа қатысушылық формаларына қарай, даулы ой-пікірлер әлі де дамитын тәрізді. Оның кейбір себептері жұмыста келтірілді. Дәлірек айтқанда, қазіргі 31 баптағы қылмысқа қатысушылықтың формаларына кейбір сот-тергеу тәжірибесінен алынған материалдар сәйкес келмейтіндігі дәлелденді. Сондықтан 31 баптағы нысандар анықтамасы жетілдіруді әлі де қажет етеді.

Тақырыптың даулылығы қашанда сот тергеу жұмыстарына да әсер етеді. Сот-тергеу тәжірибесі материалдарына шолу жасау барысында, қылмысқа қатысушылық формаларының заң жүзінде үнемі өзгеріп отыруы, олардың жұмыстарына тиімсіз екендігі байқалды. Қылмысқа қатысушылық формалары, қылмыстық заңда әр кезеңде әр түрлі анықталды. Осының барлығы сот-тергеу жұмыстарында қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін квалификациялауда, олардың жауапкершіліктерінің көлемін анықтауда үнемі өзгеріске әкеліп отырады. Бізді бүгінгі қолданып отырған қылмыстық заңның көлемінен шығып жеке зерттеу жасауға итермелеген себептер бірнешеу болып табылады. Оның біріншісі жоғарыда айтқандай, кейбір сот-тергеу тәжірибиесі материалдарының ҚК 31бабындағы формалардың ешқайсысына сай келмеуі. 31баптағы формаларға қойылатын талап, ол барлық екі немесе одан көп адамдардың бірлескен қылмыстары осы формалардың біреуіне міндетті түрде сай келуі керек. Бұл практикалық талап болып табылады. Екінші теориялық тұрғыдан қойылған талаптардың да осы формаларда сақталмауы. Яғни қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыруда негізге алған бөлу критерийінің бір-тұтас болмауында. Осы талаптың күрделілігі бұл тақырыпты қызу дауға айналдырушы себептердің бірі болып табылады. Үшінші себебі, 31 бапта қылмысқа қатысушылықтың барлық формалары топ ретінде атаған. Мысалы алдын-ала келісімсіз түрде топ адамдардың қылмыс жасауы, алдын-ала келісіммен топ адамдардың қылмыс жасауы, ұйымдасқан топ, ұйымдасқан топтардың бірлестігі және олардың ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау мақсатында құрылуы – қылмыстық қауымдастық. Мұнан шығатын қорытынды, - ол “бізде қылмысқа қатысушылық емес, тек топ адамдардың қылмыс жасауы ғана бар” деген болып шығады. 27 бапта атауын, бастамасын “қылмысқа қатысушылық” деп алып, ал оның формаларын, “топ” ретінде ала беру де көкейге қонымсыз. Себебі “қылмысқа қатысу” деген ұғыммен “топ” деген ұғым бір-бірінен ажыратылады. Ал қылмысқа қатысушылықтың құрылысына келгенде топ адамдардың қылмыс жасауы қылмысқа қатысушылықтың бір формасы болып табылады.

Төртінші себебі, ол қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін квалификациялаумен байланысты. Егер жекелеген қылмыстарда көмектесуші, айдап салушы, ұйымдастырушы тәрізді рольдерді орындаушылар қатысса, онда біз 28 баптың тиісті бөлімдерінде көрсетілген осындай әрекеттерге қылмысты саралауда сілтеме жасай алмаймыз.

Себебі осы мәселені арнайы қарастырған ғалымдардың пікірі бойынша, егер қылмыс топ адамдармен жасалса, онда қылмысқа қатысушылар бірге орындаушылық деп бағаланып, әр түрлі рольдер көрсетілген бапқа сілтеме жасалынбайды.

Сонымен бірге осы мәселенің әлі жете зерттелмеген тұсы қылмысқа қатысу формасының түсінігі қарастырылып анықтама берілді. Анықтамада қылмысқа қатысу формаларын бөлу негізіне алған критерий қолданылды және оны қолдану қажеттілігі анықталды. Жұмыстың толықтығы, сапалылығы үшін қылмысқа қатысушылық формаларымен тікелей байланысты даулы мәселелер, яғни қылмысқа қатысушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі, Қ.К. Жалпы бөлімінде қарастырылуға жататын қылмысқа қатысушылық институтының Ерекше бөлімге таралуы, заң қолдану жұмысында пайдаланылуы ескерілді. Нәтижесінде, заңның осы саласын барынша сапалы нормамен қамтамасыз ету, сот-тергеу тәжірбиесіне ыңғайлы, әрі тиімді қолдануға жеңіл формалар ұсынылды.

Зерттеу барысында осы күнгі теория және практикада жиі дау туғызып жүрген мәселердің бірі, ол қылмыстық ұйым мен қылмыстық қауымдастық ұғымдарының арқатынасы қарастырылып, нәтижесінде бұл ұғымдардың да өзара зерттеу әдебиеттерінде бір ұғым, бір қылмысқа қатысушылық формасы ретінде қолданылғаны белгілі болды. Кейбер зерттеушілер, әсіресе қылмысқа қатысу мәселесін ертерек уақыттарда қарастырған ғалымдар ең қауіпті, күрделі форма ретінде қылмыстық ұйымды атаса, ал кейінгі уақыттарда осы мәселені зерттеген ғалымдар қылмыстық қауымдастықты келтіреді. Біз ұйымдасқан қылмыстылықтың қазіргі даму, таралу және құрамының ірілену ерекшеліктерін ескеріп, қылмыстық қауымдастық ұғымын қолдануды жөн көрдік.

Жұмыс қылмысқа қатысушылық нысандарының теориялық ғана емес практикалық та мәселелеріне арналғандықтан соңғы тарауда қылмысқа қатысушылардың іс-әрекеттерін қатысу формалары бойынша квалификациялау мәселесі туралы ой қозғалды.

Біз бұл жұмыста қылмыстық құқықтың күрделі, әрі даулы мәселелері көп болып саналатын қылмысқа қатысушылық формаларының әр жақты сұрақтарына көңіл аударып, зерттеу жасауға тырыстық және осы тақырып бойынша даулы мәселелердің бетін ашып, оларға нүкте қоюға ұмтылдық. Сонымен бірге бұрын айтылмаған жаңа ұсыныстыр, бағыттар келтіріп, оларды көпшіліктің талқылауына ұсынып отырмыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995.
2. Нурсултан Назарбаев: Законопослушание и правопорядок основа нашей стабильности. Казахстанская правда 30.03.2002 г.
3. Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан. (сравнительные комментарий к книге Дж.Флетчера и А.В.Наумова “Основные концепции уголовного права”)- Алматы: Жеті Жарғы, 2001.
4. Каиржанов Е.И. Как нам улучшить законодательство? //Вестник Министерства Юстиции. 1995, №8.
5. Туякбаев Ж.А. Актуальные проблемы борьбы с организованной преступностью и коррупцией. // Борьба с организованной преступностью и коррупцией. Часть 1 – Алматы: Ғалым, 1996.
6. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы. //Егемен Қазақстан. 1995. 18 наурыз.
7. Нургалиев Б.М. Организованная преступность и меры борьбы с ней // Борьба с преступностью в Казахстане. – Алматы: Ғылым, 1998.
8. Абдиров Н.М. Стратегия с наркотизмом и наркобизнесом // Борьба с преступностью в Казахстане. – Алматы: Ғылым, 1998.
9. Ұлттық қауіпсіздікті күшейту, ұйымдасқан қылмыстылықпен және жемқорлықпен күресті әрі қарай күшейту шаралары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жыл 5 қарашадағы Жарлығы // Егемен Қазақстан // 1997ж.
10. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. - Алма-Ата, 1955.
11. Трайнин А.Н. Учение о соучастии. –М., 1941.
12. Курс советского уголовного права. Часть общая. Т.2, -Москва. 1970.
13. Уголовный кодекс РСФСР 1922 года.
14. А.Я. Вышинский. Вопросы теорий государства и права. – Москва: Госюриздат, 1949.
15. М.Д. Шаргородский. Некоторые вопросы общего учения о соучастии /Правоведение № 1, 1960.
16. Советское уголовное право. /Под ред. Г.А. Кригера, Б.А. Куринова, Ю.М. Ткачевского. –М., изд. Моск. ун-та, 1981.

17. П.Ф. Тельнов. Ответственность за соучастие в преступлении. М., юр. лит., 1974.
18. Курс уголовного право. Общая часть. Т-1/Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, И.М. Тяжковой. –М., изд.Зерцало, 1999.
19. Бурчак Ф.Г. Учение о соучастии по советскому уголовному праву. –Киев.: Наукова Думка, 1969.
20. Галиакбаров Р.Р. Квалификация групповых преступлений. – М.: «юридическая литература», 1980.
21. Вербовая О.В. Проблемы борьбы с бандитизмом и другим проявлениями организованной преступности // Борьба с преступностью в Казахстане. – Алматы: Ғылым, 1998.
22. Иванов Н.Г. Понятие и формы соучастия в советском уголовном праве. – Саратов: Саратовского университета, 1991.
23. Учебник уголовного права. Ч. Общая /под ред. Академика В.Н.Кудрявцева и проф. А.В.Наумова – Москва: Спарк, 1997.
24. Герцензон А.А. Уголовное право. Общая часть. –М., 1948.
25. Баймурзин Г.И. Ответственность за прикосновенность к преступлению. - Алма-Ата.: Наука, 1968.
26. Спиркин А.Г. Основы философии. – Москва, 1988 Политиздат.
27. Кішібеков Д., Сыдыкбеков Б. Философия. – Алматы, 1994.
28. Ковалев М.И. Соучастие в преступлений. – Свердловск, 1962. Ч.2.
29. Дриль Д.А. Учение о преступности и мерах борьбы с нею. Сп. 1912.
30. Кригер Г.А., Гришаев П.И. Соучастие по советскому уголовному праву. –М, 1959.
31. Пионтковский А.А. Учение о преступлении по советскому уголовному праву. –М.: Госюриздат, 1961.
32. Курс советского уголовного права. Часть общая, Т.1. - Ленинград, 1968.
33. Лыхмус У.Э. Некоторые вопросы квалификации соучастия в преступлении.: //Учен. зап. Тартуского университета, -1985. –Вып. 696.
34. Красиков Ю.А. Соучастие в преступлении. Курс лекции. – М.:1996.
35. Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальное, криминологические и правовые проблемы. – Киев: Виша школа, 1986.

36. Советское уголовное право. Общая часть. - М.: МГУ, 1969.
37. Шнейдер М.А. Соучастие в преступлении по совестному уголовному праву. -М.: 1958.
38. Ковалев М.И. Соучастие в преступлении, ч1 – Свердловск, 1960.
39. Шутелова Т.В. О некоторых проблемах уголовно-правовой характеристики бандитизма // Следователь. 1999, №6.
40. Российское уголовное право. Общая часть – Москва: Спарк, 1997.
41. Комментарий к уголовному кодексу Российской Федерации. Под ред. Ю.И.Скуратова, В.М. Лебедева. – Москва: Инфра М. Норма, 1999.
42. Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Уголовная ответственность за организацию преступного сообщества (преступной организации). Юр Инфор, 1997.
43. Водько Н.П. Уголовно-правовая борьба с организованной преступностью. - Москва, 2000.
44. Гуров А.И. Профессиональная преступность. –М., Юр. лит, 1990.
45. Быков В. Признаки организованной преступной группы // Законность, 1998, №9,
46. Агыбаев А.Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. – Алматы: Жеті-Жарғы, 1997.
47. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003года №8 «О судебной практике по делам о хищениях» /Сборник постановлений Пленума Верховного Суда КазССР, Пленума Верховного Суда Республики Казахстан, Нормативные постановления Республики Казахстан (1961-2003годы).
48. Яблоков Н.П. Общетеодологические проблемы расследования преступлений, совершенных организованными преступными группами // Актуальные проблемы теории и практики борьбы с организованной преступностью в России: Материалы научно-практической конференции 17-18 мая 1994 г. – Москва, 1994 Вып 1.
49. Қазақ КСР Қылмыстық кодексі – Қазақстан, Концерн «Баспагер», 1994.
50. Уголовное право. Часть общая – Москва: Спарк, 1996.
51. Быков В. Виды преступных групп. //Российская юстиция. 1997. №12.

52. Основы уголовного законодательства Союза ССР и Союзных Республик. Практический комментарий. - Москва, 1960.
53. Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений. - М. МГУ., 1984.
54. Определение Верховного суда Республик Казахстан. №2 к-18/2-96.
55. Рахметов С.М. Борьба с организованной преступностью в сфере правосудия // Борьба с организованной преступностью. - Алматы, Ғылым, 1996.
56. Судебная практика по уголовным делам Верховного Суда Республик Казахстан. – 2000-2002 г. г. - Астана: ЗАО БИ-Логистикс.
57. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. - Алматы, 2000.
58. Андреева Г.М. Социальная психология. - М., 1980.
59. Галиакбаров Р.Р. Групповые преступления. – Свердловск, 1973.
60. Галиакбаров Р.Р. Актуальные проблемы борьбы с групповой преступности. –Омск: Высш. Шк. Милиции, 1983.
61. Лыхмус У.Э. Квалификация соучастия в преступлении: Автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук. -Л.: ЛГУ, 1985.
62. Вербовая О.В. Уголовно-правовая борьба с бандитизмом в Республике Казахстан: автор. дис. на соиск. учен. степени канд. юрид. наук – Алматы, 2000.
63. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының ұйғарымдары. №2 к. 234/96.
64. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының ұйғарымдары. №2 к. 281/96.
65. Определение коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республик Казахстан. №2 к. 234/96.
66. Определение коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республик Казахстан. №2 к – 128.
67. Нургалиев Б.М. Организованная преступная деятельность (уголовные-правовые, процессуальные и криминологические аспекты). - Караганда, 1997.
68. Криминология / Под ред. А.И. Долговой. - Москва, 1997.
69. Судакова Р.Н. Типология организованных преступных формирований; их уголовно-правовые значения // материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазГЗУ, 2002.

70. Тлеуханов Р.Т. Определение правового понятия организованной преступности и его юридические критерии // Борьба с организованной преступностью и коррупцией. Часть 1 – Алматы: Ғылым, 1996.
71. Елеськин М.В. Криминологические проблемы борьбы с организованной преступностью в исправительных учреждениях: Автореф. дис. на соиск. канд. юрид. нау. – Москва, 1998.
72. Организованная преступность – 2 /под ред. А.И.Долговой и С.В.Дьякова. - Москва, 1993.
73. Онгарбекова Ж.Б. К проблеме о понятии и признаках организованного преступного сообщества (преступной организации) // Материалы научно-практической конференции “Проблемы борьбы с преступностью в контексте национальной концепции права. – Алматы. КазГЗУ, 2002.
74. Бандитизм және басқа қылмысқа қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік туралы заңдарды, соттардың қолдануының кейбір мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 21 маусым 2001 жылғы нормативтік қаулысы.
75. Алматы қалалық соты архивінен.
76. Уголовный кодекс Российской Федерации. – Москва, Эксмо, 2002.
77. Криминология /под ред. Н.Ф.Кузнецова, Г.М.Миоковского. – Москва: Бек, 1998.
78. Российская криминологическая энциклопедия. - Москва, 2000.
79. Учебник уголовного права. Часть Общая. – Москва: юридическая литература, 1996.
80. Бабаев М.М. Индивидуализация наказания несовершеннолетних: -Москва: юр.лит. 1968.
81. Бимурзин С.Б. Региональные особенности борьбы с преступностью несовершеннолетних: дис. на соиск. к. ю. н. - Алматы, 1999.
82. Чокморова А.С. Вовлечение несовершеннолетних в преступную деятельность (уголовно-правовые и криминологические проблемы): автореф. дис. на соиск. к. ю. н. – Алматы, 1997.
83. Гагарин Н.С. Некоторые особенности проекта Уголовного кодекса Республики Казахстан // Проблемы формирования новой национальной правовой системы Республики Казахстан. – Алматы, 1993 .
84. Гальперин Н. Советская юстиция. - М., №7, 1987.
85. Зелинский А.Ф. Соучастие в преступлении. Лекция. – Волгоград, 1971.

86. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот архивінен. №2к-261.
87. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот архивінен. №2к-82-95.
88. Галиакбаров Р.Р. Квалификация групповых посягательств в составах с усложненной объективной стороной. // Проблемы групповой и рецидивной преступности: С. науч. тр. Ом ВШМ СССР. - Омск, 1981.
89. Жекебаев У.С., Ваисберг Л.М. Судакова Р.Н. Соучастие в преступлении. – Алма-Ата: Наука, 1981.
90. Алматы қалалық соты архивінен.
91. Алматы қалалық соты архивінен.
92. Ковалев М.Н., Фролов Е.А., Ефимов М.А. Основы уголовного законодательства. Союза ССР и союзных Республик (Практический комментарий) – Москва, 1960.
93. Уголовное право. Часть Общая. – Москва: юрлит, 1969.
94. Уголовный кодекс Украинской ССР. Научно-практический комментарий. – Киев: государство полит лит., 1969.
95. Судакова Р.Н. Правовые аспекты борьбы с организованной преступностью // Правовые формирования новой национальной правовой системы Республики Казахстан: Тез.докл. конф. – Алматы, 1993.
96. Попов В.М. Актуальные проблемы теории и практики борьбы с организованной преступностью в России.// Мат.науч.пр.конф.- Вып.1,- Москва, 1994.
97. Никифоров .С. Уголовно-правовая охрана личной собственности в ССР. – Москва: изд.АН СССР, 1954.
98. Тюлебеков Б.К. Правовые, организационно-технические аспекты оперативно-розыскной деятельности по выявлению и разоблачению организованных преступных групп // Борьба с организованной преступностью с коррупцией. – Алматы: Ғылым, 1997.
99. Пленум Верховного Суда СССР от 12 июля 1972 “О судебной практике по делам хищения государственных и общественных имуществ”.
100. Чернов В. Соучастие в делящихся и продолжаемых преступлениях // Советская юстиция. 1984.-№17.
101. Алматы қалалық соты архивінен.
102. Борчашвили И.Ш. Проблемы квалификации хищения чужого имущества // Проблемы совершенствования правоохранительной деятельности в Республике Казахстан в условиях перехода к рыночным отношениям: материалы науч.теорет-практ.конф. 9-10 декабря 1996. – Караганда, 1996.

103. Комментарий к Уголовному кодексу Казахской ССР // Под ред. Г.Ф.Поленова, В.Н.Маркелова. – Алма-Ата, 1980.
104. Шайбеков А.Р. “Политизация” организованной преступности и учет и особенности в предотвращении данного вида противоправных деяний. // Борьба с организованной преступностью и коррупцией (теория и практика). -Алматы: Ғылым, 1997.
105. Муздакбай М. Определение правового понятия организованной преступностью и коррупцией. - Алматы: Ғылым, 1996.
106. Нарикбаев М.С. Совершенствование правоохранительной деятельности судебных органов и предупреждение форм проявления организованной преступности // Борьба с организованной преступностью и коррупцией. -Алматы: Ғылым, 1996.
107. Андреева Л. Квалификация преступлений, совершенных в соучастии // Советская юстиция. №20, 1969.
108. Советское уголовное право. Часть общая /Под ред. П.И.Гришаева, Б.В.Здравомыслова – Москва: юр.лит, 1982.
109. Ушаков А.В. Ответственность за групповые преступления. – Калинин, 1975.
110. Алматы қалалық сотының архивінен.
111. Комментарий к уголовному кодексу Российской Федерации / Под ред. В.И. Радченко. – Москва: Спарк, 2000.
112. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. – Москва: Юрист, 2001.
113. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. – Москва, 1972.
114. Аверьянов А.Н. Системное познание мира. – Москва, 1985.
115. Познышев С.К. Основная начала науки уголовного права. – Москва, 1912.
116. Қорқытып алушылық туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1995-ші жылғы 22 желтоқсандағы № 11 қаулысы. //Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жиынтығы. –Алматы: Санат, 1997. –Т.1.
117. Малахов П. Некоторые вопросы учения о соучастии по советскому уголовному праву // Тр. военно-политической академии им. В.И. Ленина. – М, 1957.
118. Ребане И.А. О соучастии на стадии предварительной преступной деятельности // уч.записи Тартуского университета. 1984.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-тарау. Қылмысқа қатысушылықтың түсінігі	
1.1 Қылмысқа қатысушылықтың түсінігі.....	6
1.2 Қылмысқа қатысушылықтың объективтік және субъективтік белгілері.....	22
2- тарау. Қылмыстық құқық теориясындағы қылмысқа қатысушылық формалары түсінігінің дамуы	
2.1 Қылмысқа қатысушылық формасының түсінігі.....	29
2.2 Қылмысқа қатысушылық формалары жөніндегі теориялық негізгі ағымдар.....	35
2.3 Қылмысқа қатысушылық формаларын топтастыру.....	65
2.4 Қылмысқа қатысу формаларын топтастыру негіздері.....	101
3-тарау. Қылмысқа қатысушылық формаларын талдау	
3.1 Топ адамдардың қылмыс жасауы.....	106
3.2 Әр түрлі рольдер орындау арқылы қылмысқа қатысушылық.....	113
3.3 Ұйымдасқан топ.....	124
3.4 Қылмыстық қауымдастық.....	129
4-тарау. Қылмысқа қатысушылар жауаптылығының жалпы және арнайы мәселелері	
4.1 Қылмысқа қатысушылардың әрекеттерін қатысу формалары бойынша квалификациялау.....	136
4.2 Аяқталмаған қылмысқа қатысушылықты квалификациялау.....	146
4.3 Қылмысқа қатысушылық формалары бойынша қатысушының шектен шыққан әрекеттерін және арнайы субъектілердің қатысушы- лығын квалификациялау	151
Қорытынды	162
Пайдаланған деректер	165

Әпенов Серік Мейрамұлы

ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛЫҚ

теория және практика мәселелері

ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансейитов Н. Н.

Техникалық редакторлар: Омарқожаева Г.К., Төребаева Г.А.
Сарапшысы: Койлыбаева С.М.
Беттеуші: Төребаева Г.А.
Дизайн: Савельев А.О.
Оператор: Умурова Г.О.

Басуға 14.06.2006 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60x90¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 10,8.
Таралымы 500. Тапсырыс № 18.

«Нұр-пресс» баспасы
050057 Алматы қ.,
М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law-literature2006@rambler.ru

ЖШС “Заң әдебиеті” баспаханасында басылған